

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖОҒА  
МИНИСТРЛІГІ

ЖАНАТБЕКОВА Н.Ж.  
БОРИБЕКОВА Ф.

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Оқу құралы



**ЭВЕРО**  
Алматы, 2019

руы:  
дауы  
әрі  
перді  
ррлы  
арды  
3D-  
осету  
және  
ялар  
мын  
ғдар  
атын  
ақты  
втың  
білім  
іктер  
асты  
үшін  
оқу  
беру  
арлы  
алық  
іздеу  
білім  
оқу  
рбие  
ізіргі  
сінде  
қып-  
ның  
ушы



ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
Ж 26

*1. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік Кеңесі шешімімен ұсынылған (26.12.2018 ж. №3 хаттамасы)*

**Рецензенттер:**

**Байдильдинов Т.Ж.** – Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы, п.ғ.к.

**Жиенбаев Ж.Т.** – І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, информатика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., п.ғ.к.

**Жанатбекова Н.Ж., Борибекова Ф.**  
Ж 26 **Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:** Оқу құралы  
Н.Ж.Жанатбекова, Ф.Борибекова – Алматы: Эверо, 2019. – 248 б.

ISBN 978-601-342-110-0

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай пайдалану, білім алушылардың шығармашылық сапа қасиеттерін дамытып, интеллектуалдық пәрменділігін арттыру мақсатында пайдалануға негізделеді. Ұсынылып отырған оқу құралы ЖОО-ында педагогикалық мамандықтарда оқитын магистранттарға, білімгерлерге, орта мектеп мұғалімдеріне және ЖОО оқытушыларына арналады.

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-342-110-0

© Жанатбекова Н.Ж., Борибекова Ф., 2019

© Эверо, 2019

## КІРІСПЕ

Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы біздерге, ғылым адамдарына нағыз прагматикалық, нақты әрі түйінді, еліміздің болашағы үшін тағдыршешті мәселелерді көтерген атаулы құжат болды. Жолдауда Елбасы: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», - деп нақты бағдар берді.

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті екенін айқындап, Елбасымыз нақты жоспарларды баяндады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» тақырыбындағы дәрісінде білім берудегі кемшіліктер кеңінен талданып, білім берумен қатар ғылымды жетілдіру басты шарттың бірі деп көрсеткен. Бұл мақсаттарға жету үшін Президенттің Жолдауында атап көрсетілгендей, оқытушылар оқу үдерісіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізуі тиіс.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі білім алушы педагогика теориясы мен практикасындағы электронды оқу ресурстарының түрлерін біліп, оларды орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы электронды оқу ресурстарын мектеп, ЖОО тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді.

Кез келген оқытушы өз жұмысының нәтижесін білім алушының нәтижесімен көрінетінін біледі, сондықтан оқытушы, білім алушы



игеретін материалдардың түсінікті, анық, заманауи және білім алушы белсенділігін арттыру мақсатында материал қол жетімді, қызығушылығы жоғары болуын қарастырады.

Қазіргі кезде мұндай сабақтар өткізуге мол мүмкіндік бар. Атап айтқанда, бүгінгі білім беру жүйесінде әр түрлі интербелсенді әдістер мен электронды оқу ресурстарын тиімді пайдаланып, сындарлы оқытуды пайдалану қажеттілігі туындайды.

Бұл біздің оқу құралымыздың өзектілігін негіздейді. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында инновациялық технологиялардың жаңартылған оқу әдістерін енгізу бүгінгі күннің басты талабы.

Бүгінгі таңда біздің көптеген оқытушылар мәселелік оқыту және жобалық әдіс технологияларын оқу үдерісінде кеңінен пайдаланады.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры «тех» – «өнер, шеберлік, кәсіп» және «логос» – «ғылым, білім» деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік үдерістерді жүгізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы (металдардың технологиясы, химиялық технология, құрылыс жұмыстарының технологиясы және т.б.).

Осы термин өнімді өндіру үдерісі барысында жүзеге асырылып, шикізатты материалдарды немесе жартылай фабрикаттарды өңдеудің, жасаудың, жағдайларының қасиеттерін, формаларын қалыптырын өзгерту әдістерінің жиынтығы ретінде міндеті тәжірибеде өндіріс үдерістерінің ең тиімділерін анықтау мен қолдану мақсатында физикалық, химиялық, механикалық және тағы басқа заңдалақтарды анықтау болатын.

Бүгінгі таңда «негізгі құзіреттіліктер» (key skills) түсінігін алдын-ала анықтауда арнаулы, пәндік-бағытталған болып, басқалар үшін маңызды негіз болып табылады.

Бұдан басқа, адамға кез келген тәжірибелік сала қызметтерінде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін құзіреттіліктер қоғамдық, кәсіби болып, сонымен қатар жеке өмірде.

Қазіргі уақытта «негізгі құзіреттіліктер» түсіндірмесінде бірыңғай анықтама мүлдем жоқ. Дегенмен, келесі маңызды белгілерін тұжырымдауға болады:

- негізгі құзіреттіліктер адамның маңызды жетістіктерге жетуде көзделген мақсаты үшін (нәтижелер) құрал-жабдықтар (тәсілдер,

әдістер, қабылдаулар), амалдар, жан-жақты ақыл-ой парасатының әмбебап түрлерін ұсынады;

- негізгі құзіреттіліктер күрделі жағдайларда белгісіз нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін Ш.Т.Таубаева, Н.Н.Нұрахметов, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, З.У.Имжарова, М.М.Мұқаметқалиқызы және т.б. педагог-ғалымдар зерттеген. Ресейлік және шетелдік зерттеушілердің көзқарастарын (В.И.Байденко, Э.Ф.Зеера, А.И.Зимней, Д.А.Иванова, Г.И.Ибрагимова, А.М.Новикова, О.Н.Олейникова, Ю.Г.Татура, А.В.Хуторский, С.Е.Шишова, Дж.Равенна, С.Шо және т.б.) жинақтап, сонымен қатар TUNING еуропалық жоба мәліметтерін қорытындылай келе, негізгі құзіреттіліктер дегеніміз – басқа да білім аймақтарының өмірлік іс-әрекеттерінде, кәсіби қызметтерінде оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері мен базалық білімдерінің жиынтығы.

Интербелсенді («Inter» – бұл өзара, «act» – әрекет жасау) – әлде кіммен әңгімелесу, сұхбаттасу, өзара әрекет жасауды білдіреді. Интербелсенді және белсенді әдістердің жалпы ұқсастықтары көп. Интербелсенді әдістердің белсенді әдістерден ерекшелігі, оқыту үдерісінде белсенді білім алушылардың бір-бірімен басым болуы, оқытушылар ғана емес білім алушылардың өзара әрекеттесулеріне көбірек бағытталған.

Жалпы интербелсенді әдісті заманауи белсенді әдістердің бірі ретінде қарастыруға болады. Интербелсенді әдістерге келесі түрлерін жатқызуға болады: пікір талас, эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», рөлдік, «іскерлік» ойындар, тренингтер, кейс-әдісі, жобалар әдісі, топтық жұмыс, бейне фильмдерді талқылау және т.б. Жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту кезінде негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолдану әдістемесі біздің оқу құралымыздың өзектілігін айқындайды.

Электронды оқу ресурстары үш түрге бөлініп жіктеледі:

1 Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі оқулықтарға қосымша электрондық компонент. ЦБР-тар мұғалімдерді АКТ-ды ұдайы қолдануға дағдыландырады,



қазіргі озық білім беру технологияларын пайдалануға ынталандырады.

2 Күрделі құрылымдық ақпараттық көздер.

3 Инновациялық оқу-әдістемелік кешендер.

Көптеген оқытушылар сабақты «орташа қарқынмен» жүргізіп, орташа оқитын білім алушылардың «ыңғайына» қарап өткізеді, ал бұл өз кезегінде қабілеті жоғары білім алушылардың белсенділігін түсіреді, ынтасын төмендетеді. Мұндай қарқынмен сабақ өткізу барлық білім алушылар үшін ыңғайлы емес. Білім алушылардың барлық (жақсы, орташа, нашар оқитын) категориясына бірдей ыңғайлы болатын әмбебап әдістемені жасауға болмайтын болғандықтан, әрбір білім алушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге тура келеді. Ол жеке ерекшеліктер әрбір білім алушының оқу материалдарын жеке-дара мысалдан бастап түсіндіріп, содан кейін жалпы жағдайға көшсе жақсы түсініп, материалды жеңіл түсініп кетеді. Ал, мұндай әдіс-тәсілге бірден-бір көмекші құрал ол – *электронды оқу ресурстары*.

Электронды оқу ресурстарының жетістіктері төменде көрсетілген:

- кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті мәліметтерді тез табуға көмектеседі;
- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиялық технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);
- әрбір білім алушыға дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;
- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

## 1. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 1.1. Білім беру жүйесін инновациялау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» Республика халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар оқытудың өзіндік жаңа жолын, қазіргі заманғы педагогикалық технологиясын қалыптастыру – өмірдің талабы болып отыр.

Қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі, ЖОО түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ол үшін мектепке, ЖОО-на заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта және жоғары білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Демек бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын, қабілет-қасиеттерін дамытатын мектеп шаңырағы қажет.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.



Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» деп аталатын Назарбаев Университетінде оқыған дәрісінде білім сапасын арттыру жөнінде тұжырымды ой айта келіп, білім нәрімен сусындататын біздің асыл да ардақты ұстаздарымызға да үлкен міндеттерді жүктегені барлығымызға мәлім. Ендеше келешекте Қазақстанның ғарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі ұрпақ - ертеңгі азамат болғандықтан, оқу-тәрбие үдерісін жаңартып, білім сапасын арттыру оқытушылар құзырындағы өте үлкен жауапты іс.

XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау. Бұлардың білім алушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгерері сөзсіз. Болашақта әр білім алушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды почта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады.

Қоғамды алға апаратын күш - білім десек, болашақтың иегері-жас ұрпақты саналы да білімді етіп тәрбиелеу ұстаздардың қолында. Осы тұрғыда Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде елбасы Н.Назарбаевтың «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» оқыған дәрісінде: «Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін формацияның педагогы қажет,» - деген. Қазіргі мұғалім:

1. Педагогикалық үдерісте жүйелі жұмыс істей алатын;
2. Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
3. Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
4. Білім алушымен ортақ тіл табыса алатын;
5. Білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-эрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен

техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жанару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

«Инновация» туралы жалпы түсінік. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интербелсендік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация - нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация - арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» - дейді.

Ендеше «инновация» ұғымы - педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

«Инновация» деген сөз - латынның «novis» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды



кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны "Білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу" деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік.

"Инновация" ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни, бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді дедік. Яғни, С.Ожеговтың сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген.

Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Ал, Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда "Инновация" ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол "Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі" деген анықтаманы ұсынады.

Н.Нұрахметов "Инновация" білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке - дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке - дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

"Инновация" сөзі - қазігі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз "жаңа, өзгеру, жаңаша" деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да "жаңа, жаңаша өзгерудің" мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде білім алушының дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту

материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

#### **Инновацияны енгізудің алғы шарттары мен кезеңдері.**

Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық педагогикалық жаңалықтарды енгізудің **IV кезеңін бөліп көрсетуге болады:**

*I кезең: Жаңа идеяны іздеу.* Ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

*II кезең: Жаңалықтарды ұйымдастыру.* Оқу-тәрбие үдерісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу.

*III кезең: Жаңалықтарды енгізу.* Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

*IV кезең: Жаңалықтарды бекіту.* Оқу-тәрбие үдерісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатына қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үдеріс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, жастардың шығармашылық қабілетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегіндей *алғы шарттар* қажет:

- оқу үдерісін интенсификациялауды жаппай қолға алу;
- білім алушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру.

Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясы меңгеру арқылы білім алушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үдерісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу қажет.

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-



әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үдерісінің өзара сапалы нәтижесінде білім алушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

*Инновациялық үдерістің негізі* - жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай *тұжырым* жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

*Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты* - оқу орындарындағы білім беру үдерісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті.

Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты *міндеттері* мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

### Инновацияның негізгі қағидалары

*Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:* балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр білім алушының даму жүйелері жұмыс істеу; оқу үдерісін білім алушының сезінуі.

Білім беру саласындағы инновациялық бағыттың қажеттілігін анықтайтын себептер қазіргі таңда бүкіл халыққа белгілі болып отыр. Оларға төмендегілер кіреді.

- білім беру жүйесінің жаңаруы, яғни, жоғарғы оқу орындарының кредиттік оқу жүйесіне көшуі және орта білім беру жүйесінің 12 жылдыққа өтетіндігі;

- білім беру мазмұнының ізгілендірілуі;


- мұғалім мен білім алушыға қойылатын талаптың жаңа тұрғыдан қарастыруды, яғни, білім алушы тек тұтынушы ғана емес, ортақ іс-шара субъектісі де.

Қазіргі кезде технологияда білімді меңгерудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі пайдаланылады.

1 – кесте. Блум жүйесінің түсініктері


<i>Рет тәртібі</i>	<i>Білім алушы іс-әрекеті</i>
Білу	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, түсінеді, ойлайды.
Түсіну	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.
Қолдану	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, іздейді.
Талдау	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа мәселені шешеді.
Топтау	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.
Бағалау	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.





1 – сурет. Блум жүйесінің сызбасы

Көптеген мектептер жаңа оқыту және тәрбиелеу үдерісін енгізе бастады. Алайда, мектептердің жылдам даму қажеттілігі талабы мен педагогтердің оны іске асырудағы білімнің жетіспеушілігі арасында алшақтық байқалады. Ал білімді меңгеру деңгейіне қойылатын талапты төмендегі сызбадан көруге болады.



1 – сызба. Білімді меңгеру деңгейлері

Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес. Қазіргі технологияда «миға шабуыл», дебат, модем, жоба жасату, қорғату, оқу, жазу арқылы білім алушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылады.

### Білім берудің инновациялық әдістері мен түрлері.

*Инновациялық әдіс* - тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

*Инновациялық құбылыстар* білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р. мен Линчевская Т. "жаңару" (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: "Жаңару - белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Б.Тұрғанбаева мен А.Әлімовтың, Ш.Қалановтың, Ж. Қараевтің, Ш.Таубаеваның, Қ.Қабдықайыровтың, С.Лактикованың, М.Жанпейісованың, Ә.Жүніспек пен Қ.Нағымжанованың, С.Көшімбетованың, К.Ж.Бұзаубақованың т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары жан-жақты қарастырылады. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Инновациялық технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, еңбегін шәкірттерінің бағалауы, пәндік білім сапасының жоғары болуы ерекше орын алады.

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;



- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

*Модификациялық инновация* – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

*Комбинаторлық модификация* – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

*Радикалдық инновация* - білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, қазіргі заманғы инновациялық технологиялар бар. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

### Инновациялық әдістердің классификациясы.


Оқытудың инновациялық әдістерінің классификациясы мынадай топтарға бөлінеді:

1. Қатысушы саны бойынша;
2. Ұйымдастыру орны бойынша;
3. Оқу-танымдық қызметі бойынша;
4. Қатысушылардың іс-әрекеттерінің үлгісі бойынша;
5. Компьютерді қолдану принципі бойынша.

Енді осылардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық.

1. *Қатысушы саны бойынша*: жеке, топтық, ұжымдық, триада және диада болып бөлінеді.

2. *Ұйымдастырылған орны бойынша*



### Инновациялық технологиялар және олардың өлшемдері

*Педагогикалық инновациялар* мағынасына, мазмұнына, нәтижесіне қарай екі түрге бөлінеді:

- білім беру жүйесіндегі инновациялар;

- оқу тәрбиелеу жұмысының жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылысына жататын инновациялар.


Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

КІТАПХАНА


№ 66243



### 3. Оқу – тапымды қызметі бойынша




### 4. Қатысушылардың іс-әрекеттерінің үлгілері бойынша



2 – сызба. Қатысушылардың іс-әрекеттерінің үлгілері бойынша инновациялық әдістердің классификациясы






3 – сызба. Компьютерді қолдану принципі бойынша инновациялық әдістердің классификациясы

**Инновациялық технологиялар** – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделінген әдістер

Отандық дәстүрлі педагогика тәжірибесінде оқыту әдістері үш топқа бөлінеді:



4 – сызба. Оқыту әдістері

Олардың өздері төмендегідей топтамаларға бөлінеді:

Оқу – танымдық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері	Оқу-танымдық қызметтің тиімділігін бақылау әдістері	Оқу – танымдық қызметті ынталандыру әдістері
<ul style="list-style-type: none"> <li>• ауызша, көрнекі, тәжірибелік (оқу материалын баяндау көзі бойынша)</li> <li>• өсімпаздық түсіндірмелі-бейнелі, ізденістік, зерттеушілік, мәселелік және т.б. (оқу-танымдық қызметтің сипаты бойынша)</li> <li>• индукциялық және дедукциялық (оқу материалын баяндау және түйсіну қисыны бойынша)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеру нәтижелерін ауызша, жазбаша тексерулер және өзіндік тексерулер</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеруде ынтаның, жауапкершілік сезімінің, міндеттемелердің, мүдделердің қалыптасуын көтермелеу</li> </ul>

5 - сызба – Оқыту әдістерінің топтамалары

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан болашақ мұғалімдердің жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Болашақ мұғалімдердің жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастыру мына *өлшемдер* арқылы жүзеге асады:

*Мотивациялық өлшемдеріне* танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

*Мазмұндық өлшемдеріне* болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үдерістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі,



білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

*Бейімділік өлшемдерін* болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті атады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

*Танымдық өлшемдері* болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

*Іс-әрекеттік өлшемдері* болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үдерісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үдерісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

*Технологияның өлшемдері* оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үдерісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруімен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, білім алушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үдерісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

*Шығармашылық өлшемдеріне* шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілігін дамыту кіреді. Оған болашақ

маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізуімен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үдеріс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

## 1.2 Білім беру жүйесін инновациялауда қолданылатын оқыту әдістерінің жіктелуі

*Әдіс* – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, білім алушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – білім алушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

*Тәсіл* – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, білім алушылардың зейінін сабаққа аудару, білім алушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

*Оқыту тәсілдерінің түрлері:*

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- білім алушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.



Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі.

Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, станоктар, оқу кабинеттері, зертханалар, электр есептеуіш машина және теледидар, нақты объектілер, өндіріс, құрылыс.

Әдістер белгілі бір негіз бойынша топтарға бөлінеді.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Б.Е.Райков, К.П.Ягодовский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді. Білім алушылар сөзден, кітаптан, көрнекіліктен, тәжірибелік жұмыстардан білім алады. Осыны ескеріп, 20-30 жылдарда Н.М.Верзилин, Е.Я.Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынады. Қазір компьютерлік жүйелер арқылы білім алу мүмкіндігі бар.

М.А.Данилов, Б.П.Есипов дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді топтастырды. Олар: білім алу, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру, білімді қолдану, шығармашылық іс-әрекет, бекіту, білім, іскерлік, дағдыларды тексеру. Аталған авторлардың пікірлері бойынша оқыту әдісі - дидактикалық мақсатқа жету үшін білім алушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері. Бұл саралауда әдістер оқытудың алдында тұрған міндеттерімен сәйкестендірілген.

И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин оқыту әдістерін білім алушылардың танымдық жұмыстарының түріне қарай топтастырған. Авторлар білім алушыларға ақыл-ой жұмысының, өз бетімен білім алудың жолдарын көрсетеді.

Оқытушының басшылығымен жұмыс істейтін білім алушылардың танымдық белсенділігі әртүрлі.

*Репродуктивтік әдіс* арқылы білім алушы "дайын" білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады. Бұл әдіс арқылы мұғалім білім алушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын білім алушыларға қайталатады. Білім алушылар мұғалімнің есебіне ұқсас есептер шығарып, тіл сабақтарында үлгі

бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен станоктармен жұмыс істеп, химиядан, физикадан тәжірибе жасайды. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал білім алушылар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады.

Білім алушыларға берілетін нұсқаулар жетілдіріліп, жауаптары бар бағдарламаланған оқулықтар жасалуда. Оларға ауызша түсіндіру, қалай жұмыс істеуді айтумен қатар, жұмыс істеуге керек сызбалар, кинодан үзінділер көрсетіледі.

Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады.

Білім алушыларға алгоритм беріледі. Алгоритм - білім алушыға зат не құбылысты толық білуге көмектесетін бағыт беретін іс-әрекеттердің жүйесі. Білім алушыларға конспектілеудің, салыстырудың, есеп шығарудың алгоритмдері беріледі. Алгоритмдер бірнеше операциялары бар дағдыларды қалыптастыруға пайдалы, себебі күрделі іс-әрекеттен оның жеке операциялары бөлінеді.

Репродуктивтік әдіс бағдарламалық оқытумен тығыз байланысты. Ол арқылы тәжірибелік жұмыстар атқарылады. Білім алушылар өз бетімен меңгере алмайтынын, олар үшін мүлдем жаңа тақырыптарды репродуктивтік әдіспен беру керек.

Аталған әдісті шектен тыс қолдану жаттандылыққа әкеліп, білім алушының шығармашылығын, ақыл-ойын дамытпайды. Себебі репродуктивтік әдісті қолданғанда білім алушылар үлгі, нұсқау бойынша жұмыс істейді.

*Эвристикалық әдіс* арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді, білім алушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады. Бірақ сабақты тұрақты түрде мәселелік, эвристикалық, зерттеу әдістерімен өткізу мүмкін бола бермейді.

Ю.К.Бабанский оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін топтады. Ол іс-әрекет 3 бөліктен: ұйымдастыру, ынталандыру, бақылаудан тұратынын атап көрсетіп, әдістерді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау әдістері деп бөледі.

М.И.Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін іріктеген. Оқыту әдістері:



- а) ақпарат беру әдісі;
- ә) түсіндіру әдісі;
- б) ынталандыру әдісі;
- в) тәжірибелік әдіс.

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, білім алушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім білім алушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер тәсілдердің арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ фактілерді талдау, салыстыру, хабарлау, т.б басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады. Егер негізгі тәсіл - ақпараттарды, фактілерді ұсынумен шектелсе, (мысалы: мұғалім білім алушыларға ережелерді жаттауды ұсынады, бірақ ереженің мәнін түсіндірмей, оны жаттау тәсілін айтады), онда оқыту әдісі ақпараттық- хабарлау немесе оны жай ғана хабарлама әдісі деп атайды. Осыған сәйкес бірінші жағдайда білім алушылар заттарды бақылап, фактілерді есінде сақтайды, мұғалімнің түсіндіргенін тыңдайды және ой елегінен өткізеді, ақпараттық сұрақтарға жауап іздейді. Бұл жерде оқу әдісі репродуктивтік, дәлірек айтсақ, жаңа ережені білім алушылар дайын күйінде меңгереді (білім алушылар фактілерді талдап, ережелер шығармайды). Егер оқыту әдісі хабарлау әдісі болса, оқудың негізгі тәсілі жаттау, білім алушылардың үлгі бойынша жұмыс істеуі. Мұндай оқу әдісін шартты түрде орындаушылық деп атаймыз.

Сондықтан білім алушының кітаппен жұмысы оқу әрекетінің тәсілі болып табылады. Егерде білім алушы мәтінді талдаса, түсінгенін өз сөзімен айтса, онда кітаппен жұмыс оқу әдісі болып табылады. Егер монологтық баяндау әдісі қолданылса, онда мұғалім әңгімелейді, ғылымның дайын қорытындыларын, ережелерін, фактілерін хабарлап оқиғаларды суреттейді, іс-әрекеттің үлгілерін көрсетеді және білім алушыларға тапсырмалар береді. Эвристикалық әдісті қолданғанда мәселелік деңгей (білім алушылардың белсенділігі) едәуір көтеріледі, эвристикалық әңгімелерге танымдық (логикалық) есептер және проблемалық тапсырмалар қосылады. Білім алушылар мұғалімнің көмегімен "жаңалық" ашады, бірақ негізінен білім алушылар өз бетімен жұмыс

істейді. Зерттеу әдісін қолданғанда мұғалім білім алушыларға тәжірибелік сипаттағы тапсырмалар (тәжірибе жүргізу, қосымша ақпарат, фактілерді жинап оларды өз бетімен талдау және қорытындылау, өз ойын дәлелдеуге керекті материалдарды жинау т.б.) береді. Білім алушылар оларды өз бетімен орындайды, бірақ бұдан мұғалімнің басшылығы керек емес деген сөз тумайды.

Оқыту әдістерін таңдау әдетте сабаққа қажет оқу материалының мазмұнын таңдаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, білім алушылардың білім деңгейі мен мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты.

*Әңгіме* – оқу материалын ауызша баяндау. А.Байтұрсынов "Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас," - дейді. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату), әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады. Міржақып Дулатов оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Ол "баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек", - дейді. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынады. "Білім алушылар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету лайық,"-дейді. Сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады. Олар:

- әңгіменің білім алушылардың адамгершілігіне әсер етуі;
- әңгімеде дәлелді және ғылыми фактілердің болуы;
- ой пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын және нанымды мысалдардың, фактілердің жеткіліктілігі;
- әңгіменің жүйелілігі болуы керек;
- әңгіменің әсерлілігі;
- тілінің қарапайымдылығы және түсініктілігі;
- мұғалімнің фактілер мен оқиғаларға берген бағасының болуы.

*Түсіндіру* – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, физика сабақтарында қандай да бір жаңа физикалық құбылыс немесе физикалық термин өтер алдында білім алушыларға жаңа



терминдердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім білім алушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды білім алушыларға түсіндіреді.

Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде білім алушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады.

Химиялық, физикалық, математикалық есептерді шығарғанда, теоремаларды оқығанда, табиғат және қоғам құбылыстарының түбірлі себептерін және салдарын ашу кезінде түсіндіру әдісі жиі қолданылады.

Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар:

- сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау;
- себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру;
- салыстыру, қатар қою, ұқсату, жарқын мысалдар қолдану;
- жүйелілік.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыстарды жүргізуде кең қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, білім алушылардың ақыл-ой жұмысының мүмкіндіктері артқанда бұл әдіс көбірек қолданылады.

*Әңгімелесу* – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім білім алушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу - дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды.

Оқу материалының мазмұны, білім алушылардың шығармашылық, танымдық қызметіне қарай дидактикалық үдерістегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе немесе сабақты ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді қалыптастыру (сократ, эвристикалық), жинақтаушы, жүйелеуші және бекітуші әңгімелер арқылы білім алушылардың іс-әрекетінің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі ретінде анықталады.

*Әңгімелесу әдісі.* Білім алушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық әңгімелесу

барысында мұғалім білім алушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы білім алушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме білім алушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Білім алушы өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады.

Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір білім алушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық сынып білім алушыларына (жаппай) қояды. Әңгімелесудің бір түрі - білім алушымен әңгімелесу. Оны топпен, білім алушылардың жеке топтарымен өткізуге болады, әсіресе 1-3 курс білімгерлері өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойып, оқытушы ұсынған тақырыпты талқылайды. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты.

Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

- ес пен тілді дамыту;
- білім алушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді етуі;
- білім алушылардың білімінің белгілі болуы;
- жақсы диагностикалық құрал;
- үлкен тәрбиелік күші бар.

Әңгімелесу әдісінің кемшілігі:

- уақыттың көп кетуі;
- қауіп элементі бар (білім алушы дұрыс жауап бермеуі мүмкін, оны басқа білім алушылар естіп, есінде сақтап қалады).

Оқу пікірталастары оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту үдерісіндегі ең басты қызметі - танымдық қызығушылықты ынталандыру, білім алушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғаның және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау.

*Пікірсайыс* өткізу үшін білім алушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болуы керек. Білімсіз өткен пікірсайыс жүйесіз, мәселеден ауытқып, нәтижесіз өтеді. Оқу пікірсайыстары білім алушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің



дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Мұғалім сөз мәнерінің үлгісі болып, білім алушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін білім алушылардың естеріне салуы қажет.

Оқу пікірталасы негізгі мектептің жоғары сыныптарында, ЖОО-дағы тәжірибелік, семинарлық сабақтарында қолданылады.

Жақсы өткізілген пікірсайыс білім алушыларға білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді.

*Кітаппен және оқулықтармен жұмыс* – оқытудың маңызды әдісі. 5-6 сыныптарда кітаппен жұмыс мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі білім алушылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді. Баспа материалдарымен өз бетімен жұмысты ұйымдастырудың кейбір тәсілдері бар. Олар:

- конспектілеу - кітаптың мазмұнын қысқа баяндау;
- мәтіннің қарапайым және күрделі жоспарын жасау. Жоспар құру үшін мәтінді оқып болған соң оны бөліктерге бөліп, әр бөлікке атау беру керек;
- тезистеу - кітаптың негізгі ойларын қысқа баяндау;
- цитаталау - мәтінді сөзбе сөз көшіру. Міндетті түрде автор, кітап (жұмыс) аты, баспасы, шыққан жылы, беттері көрсетіледі;
- аннотация — мәнді, елеулі мағынасын жоғалтпай мазмұнды қысқа баяндау;
- рецензиялау - оқу материалы туралы өз ойын қысқа жазу;
- анықтама жазу – қандай да бір кітап, т.б. мағлұмат көзі туралы мәлімет. Анықтамалар статистикалық, библиографиялық (өмірбаяндық, терминологиялық, географиялық, т.б) түрде болады;
- формалдық-логикалық модель - мәтіннің сызбасы;
- тақырыптық тезаурус – бөлім, тақырып бойынша негізі ұғымдарды ретке келтіру.

Білім алушылар үшін білім көзі – бақылау, мұғалім сөзі, баспа материалдары. Оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен журналдардан білім алушылар түрлі ақпараттар алып, сабақта алған білімдерін бекітуге, кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік алады, өз бетімен білім алу әдістерімен қаруланады. Кітаппен жұмыс әдісін меңгеру үшін ең алдымен оның тәсілдері меңгеріледі.

Кітаппен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеруде статикалық оқу үлкен роль атқарады. Мұндай оқудың мақсаты мәтінді түсіндіру, білім алушыларға мәтінді толық меңгерту, оған мәтіннің негізгі идеясын ұқтыру. Жаңа ақпаратты түсінудің құнды әдісі – мәтінді талдау.

Мұғалім кітаптар мен журналдарды тақырыпқа сай қолданады. Осындай *өздік жұмыстың жиі қолданылатын тәсілдері:*

1. Белгілі бір ақпарат алу және оны бекіту мақсатымен кітапты оқып шығу. Осы мақсатқа жету үшін, мұғалім білім алушыларға қысқа мерзім ішінде мәтінді қалай түсінуге болатындығын айтады. Әдетте, білім алушылар мәтінді бір рет оқып шыққан соң, оны талдап, мәтіннің жоспарын жасайды.

2. Түсініксіз сөйлем және сөздердің мағынасын сөздік немесе энциклопедия арқылы ашып, қосымша әдебиеттерден ақпараттар алып, керекті мәліметтерді конспектілеп, оқығанын өз сөзімен айтып көреді. Мұғалім білім алушыларды мәтіндегі негізгі ойды бөлуге үйрету керек. Жоспар жасау үшін мәтіндер бір-бірімен өзара байланысты бөліктерге бөлінеді де, әр бөлікке атау беріледі.

3. Қосымша әдебиеттерді қолдану үшін білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеті болуы керек. Білім алушылардың кітаптар мен журналдарды сыни тұрғыдан оқуының да үлкен маңызы бар. Идеялардың матрицасы - әртүрлі авторлардың еңбектеріндегі біртекті ойлар мен құбылыстарға салыстырмалы сипаттама беру.

*Оқытуда қолданылатын көрнекілік әдістер.*

*Көрнекілік әдісі.* Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту үдерісінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен білім алушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, үдеріс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды.

Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады.



Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

*Иллюстрация әдісі* арқылы білім алушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.

*Демонстрацияның (көрсету) оқыту әдісі* арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе виртуалды техникалық құралдар арқылы кино-фильмдер, диафильмдер көрсетуге болады.

Оқу үдерісіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеоманитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, мектептерде электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу үдерісіне белгілі бір жағдаяттарды және үдерістерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті де қолға алынуда. Олар білім алушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген көптеген үдерістерді виртуалды қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Компьютерлер көрнекілік әдістерінің оқыту үдерісіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді.

Оқытудың көрнекілік әдісінің шарттарды:

- көрнекіліктің білім алушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабақтың керек сәтінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық білім алушылардың көруі;
- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
- құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
- демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;
- көрнекі құрал мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға білім алушыларды қатыстыру.

*Оқытудың тәжірибелік әдістері* арқылы білім алушылар тәжірибелік қызметпен айналысып, тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады. Тәжірибелік әдістер: жаттығулар, зертханалық және практикалық жұмыстар.

*Жаттығу* көмегімен ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекет меңгеріледі. Ол барлық пәндерді оқуда, оқу үдерісінің түрлі

кезеңдерінде қолданылады. Оның сипаты және әдістемесі оқу пәнінің ерекшелігіне, нақты оқу материалына, білім алушылардың жасына байланысты. Жаттығу сипатына қарай ауызша, жазбаша, графикалық және оқу - еңбек деп бөлінеді. Білім алушылардың өз бетімен жұмыс істей білу деңгейіне қарай жаттығулар бірнеше түрге бөлінеді:

- белгілі білімдерді еске түсіріп, оны бекіту мақсатындағы жаттығулар;
- білімді жаңа жағдайда қолданып жаттығу.

Егер білім алушы іс-қимылдарды ауызша айтса, онда оны түсіндіру арқылы жаттығу деп атайды. Мұғалім білім алушы іс-әрекетінен қателіктер тауып, білім алушылардың іс-әрекетіне түзетулер енгізеді.

Жаттығулардың ерекшеліктері: ауызша жаттығулар логикалық ойды, есті, тілді, білім алушылардың зейінін дамытуға көмектеседі.

Жазбаша жаттығулар білімді бекіту және оны қолдану іскерлігін жасауда қолданылады. Оларды қолдану логикалық ойды дамытуға, жазбаша тіл мәдениетін, өзіндікті дамытуға көмектеседі. Әрбір оқу пәнінің міндетті бөлігі - ана тілінен шет тіліне аудару, берілген тақырыпқа шығарма жазу, суретпен жұмыс, өз бетімен мысалдар және есептер, кесте құрастыру, диаграмма, баяндама, көрініс әзірлеу. Жаттығуды орындау алдында білім алушыларға теориялық материал түсіндіріліп, нұсқау беріледі. Жазбаша жаттығулар: қазақ тілі, шет тілі, математика, т.б. пәндерде орындалады.

Білім алушы оқуға үйренгенде, мәтінді мәнерлеп оқып, грамматикалық ережелерді қолданып, көптеген жаттығулар жазады.

Графикалық жаттығулар: кесте, сызба, технологиялық карта, альбом, стенд жасау, экскурсия кезінде салған суреттер.

Оқу-еңбек жаттығулары: оқу шеберханаларындағы қағазбен, картонмен, ағашпен, металмен жұмыс істеу, әр түрлі құралдар қолдану, станок, тетіктерді басқару, "конструктор" ойыншықтарымен жұмыс істеу.

Жаттығу әдісіне қойылатын талаптар:

- оны орындауға деген білім алушылардың саналы көзқарасы;
- жаттығуларды орындаудағы дидактикалық сабақтастық: алдымен оқу материалын түсінуге көмектесетін, содан кейін есте сақтауға, қолдануға, оқылғанды жаңа жағдаяттарда өздігінен,



шығармашылықпен қолдануға, жаңа материалды бұрын меңгерген білім, іскерлік және дағдылар жүйесіне қосуға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындау.

Білім алушылардың таным-белсенділігі деңгейіне қарай топтастырылған әдістер (И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин):

*Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс.* Бұл әдіс арқылы білім алушылар ақпараттарды меңгереді. Оны басқаша ақпараттық-рецепция (қабылдау) әдісі деп атайды. Осы әдіс арқылы мұғалім дайын ақпараттарды білім алушыларға түрлі құралдармен түсіндіреді, ал білім алушылар ақпараттарды түсініп, естерінде сақтайды.

Ақпараттар әңгіме, дәріс, түсіндіру, кітап, қосымша құралдар, көрнекі құралдар арқылы беріледі. Мұғалім – есептер шығарады, теоремаларды дәлелдейді, жоспар құруға үйретеді. Білім алушылар - мұғалімнің іс-әрекетін қайталайды, тыңдайды, көрнекіліктеріне қарайды, заттармен жұмыс істейді, оқиды, бақылайды, жаңа оқу материалдарын бұрынғы білімдеріне қосады. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс арқылы адамзат жинақтаған тәжірибені аз уақыт ішінде беруге болады. Оның пайдасы ғасырлар бойы тексерілген және көп елдерде қолданылады.

Көп ғасырлар бойы білім беру үшін мұғалімнің сөзі, оқу кітаптары, көрнекі құралдар қолданылады. Қазір ақпараттар техникалық құралдар арқылы да берілуде. Олар арқылы ғалымдармен, жазушылармен, суретшілермен, әртістермен, конструкторлармен, т.б. кездесу өткізуге болады.

*Мәселелік әдісті* қолданғанда білім алушылар орындайтын іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке көшеді. Бұл әдісті қолданғанда білім алушылар мәселелік міндеттерді өз бетімен шеше алмайды, сондықтан мұғалім оларға мәселені шешу жолдарын көрсетеді, мәселені толықтай өзі шешеді. Білім алушылар мәселені шешпесе де, танымдық қиындықтарды шешу жолдарын көреді. Мәселелік әдістің орта және жоғары сыныптарда пайдасы көп. Қиын жағдаят мәселені шешуге керекті білімдерді, ақыл-ой жұмысына қабілетті, үлкен белсенділікті талап етеді. Оны білім алушылар өз беттерімен немесе мұғалім көмегімен шешеді.

Мәселелік жағдаятты тудырудағы мақсат - оқуды қиындату арқылы оқу материалдарын меңгерту, баланың ақыл-ойын жұмыс істетуге. Мәселелік жағдаят сұрақтар қою, болжам айту,

дәлелденбеген пікірлерді талдату арқылы жасалады. Оқылып отырған құбылыстың сызбасы, диаграммасы жасалады. Білім алушылар шығармашылықпен жұмыс істеп, білімдерін емін-еркін естеріне түсіреді. Мәселелік әдіс білім алушыларды тапқырлыққа, қарама-қайшылықтарды түсінуге, болжамдар айтуға, дәлелдер келтіруге, шешім табуға үйретеді.

*Ішінара ізденіс немесе эвристикалық әдіс.* Білім алушыға мәселені өз бетімен шешуге үйрету үшін, оған шағын зерттеу жұмыстарын беру керек. Мұғалім картиналар, құжаттар көрсетіп, оларға сұрақ қоюды ұсынады, фактілерден қорытынды шығартады, ұсыныстар айтқызады. Эвристикалық әдіс арқылы сабақ өткізетін мұғалім алдын ала мәселені шешуге алып келетін, білім алушылардың білімдерін еске түсіретін сұрақтар әзірлейді. Эвристикалық әңгіме үшін құрастырылған сұрақтар мәселелік сипатта болады. Білім алушылар ізденеді, шығармашылықтарын көрсетеді. Білім алушылар жеке мәселелік сұрақтарды шешсе, онда ішінара – ізденіс әдісінің қолданылғаны. Мұғалім тапсырма әзірлеп, оның қай жерлерін білім алушылар зерттеу арқылы орындайтынын белгілейді.

*Зерттеу әдісі* шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу әдісі арқылы білім алушы білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

*Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру әдісі.* Дедуктивтік әдіс арқылы мұғалім ережелерді, формулаларды, заңдарды түсіндіріп, оны білім алушы меңгереді. Аталған әдіс оқу материалын тез меңгеруге көмектесіп, абстрактылы ойлауды дамытады. Оны теориялық материалдарды оқуға, есептер шығаруда қолданған дұрыс.

Эвклидтің элементарлық геометриясы дедуктивтік әдіспен оқытылады. Бірақ білім алушылардың дайындығын қатаң түрде ескеру керек. Егер олар кейбір ұғымдарды, теорияларды білсе, онда мұғалім оларды жеке зат және құбылыстарды меңгерту үшін қолданады.

Дедукция әдісі арқылы білім алушы өзі білетін қорытындыларды, ережелерді, ғылыми заңдарды бақылау жүргізгенде, тәжірибе жасағанда, жаттығу жазғанда қолданады. Мысалы, теңіз кемелерінің қанша тонна жүк көтеретінін білу үшін



Архимед заңы қолданылады. Жазбаша жаттығу жазғанда белгілі грамматикалық ережелер қолданылады.

*Индуктивтік әдіс.* Индукция - латын сөзі. Білім алушыларды белгілі бір қорытындыларға әкелу. Алдымен білім алушыларға жеке заттар, құбылыстар түсіндіріледі, фактілерден қорытындылар шығартады. Индукция әдісі дедукциямен бірге қолданылады.

Осы екі әдіс арқылы ой-тұжырымдарын жасау - оқытудың логикалық негізі болып табылады. Оқу пәнінің мазмұны, логикасы бағдарламасы индукция әдісін қолдануды талап етеді. Индукция әдісі бастауыш сыныптарда жиі қолданылады. Себебі Бұл жастағы білім алушылар нақты жеке құбылыстарға қызығады. Олардың кейбір белгілерін анықтап, талдап, қорытындылар жасайды. Осылайша жасалған ұғымдарын сөз арқылы айтады. Осы кезден бастап дедукция әдісі қолданыла бастайды.

*Импрессиивтік әдістер.* Импрессия (латын сөзі, әсер, толғаныс, сезім) әдісі арқылы білім алушылар мен жастар немесе ересектер шығарма және оның авторы туралы ақпарат алып, оны талдап, шығарманың негізгі идеясын айтады.

Білім алушы шығарманың негізгі идеяларын оның кейіпкерлерінің мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен салыстырады, өзінің сөзі мен ісіне ойлана қарай бастайды.

Осы әдісті әдеби шығармаларды, сахналық қойылымдарды, кинофильмдерді, сәулет өнері, саз өнері шығармаларын және адамның мінез-құлқын талдау үшін қолдануға болады. Бұл әдісін тиімділігі ең алдымен шығармаларды іріктеуге, мұғалімнің білім алушыларды әсерлендіре білуіне, білім алушылардың өз ойын басқалармен бөлісе алуына байланысты.

*Экспрессиивтік әдістер.* Экспрессия (латын сөзі, бейнелеу) әдісі арқылы жасалған жағдайда білім алушылар нақты құндылықтар жасап, өздерін танытады. Оның жақсы мысалы білім алушылардың сахналық қойылымдарда түрлі рөлдерде ойнауы, сценарий жазулары, режиссер, ұйымдастырушы болулары, қарапайым шығарманы сахнаға лайықтап қоюы.

Мұғалім экспрессиивтік әдіс арқылы топқа және жеке білім алушыларға сурет салдырып, мүсін жасатады, қысқа метражды фильм шығартады. Білім алушылар жұмысының көрмесі, тарихи оқиғаларды сахнаға лайықтап қою да экспрессиивтік әдіс арқылы жасалады.

Адамдардың қарым-қатынасын әнмен айтылатын қысқа комедиялы пьеса немесе психологиялық драма түрінде көрсету білім алушыны жақсы болуға тәрбиелейді. Білім алушы тебірене, толғана отырып рухани құндылықтарға баға береді. Бұл баға өзгермейді.

Экспрессиивтік әдіс білім алушылардың шығармашылық белсенділігін туғызады, фотоаппарат, ұнғаспа, радио, теледидар, ұлғайтқыш аппараттар, кинокамера, күйтабақ, бейнемагнитофондар адамдар жасап шығарған рухани мәдениетті көруге, үйренуге көмектеседі, білім алушылардың біліктілігін арттырады.

*Ынталандыру әдісі.* Қызығушылықтың үш түрі:

- іс-әрекетке деген оң көзқарастың болуы;
- танымның баланы жақсы сезімге бөлеуі;
- іс-әрекеттің баланы ынталандыруы.

Оқыту үдерісінде білім алушының оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын туғызу керек. Оқылып отырған материалдың білім алушыны тебірентуі, қуанышқа бөлеуі, таң қалдыруы, аяушылық сезімін тудыруы сабақтың мақсатына жетуді тездетеді.

Педагог ақын М.Жұмабаев ақыл көріністері әсерленуден пайда болады, әсерленудің күшті болуы, жалғасып дамуы ұғымның дұрыс болуының кепілі деп көрсетеді.

Жаңашыл мұғалім Е.Н.Ильин әдеби шығармалардың адамгершілік туралы жазған жерлерін білім алушыларға талдатады. Қызықты мысалдар, тәжірибе жүргізу, бір-біріне қарсы келетін айғақтар білім алушының түрлі сезімдерін туғызып, оны оқуға ынталандырады. "Тұрмыстағы информатика", "Ертегілердегі информатика" деген тақырыпқа мысалдар жинату да пайдалы жұмыс.

Атақты ғалымдардың және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметі туралы кештер, көркем әдебиеттен үзінділер оқу танымдық қызығушылықты арттырады.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті де білім алушы сезіміне әсер етеді. Оқулық тақырыптарының мазмұны - оқу іс-әрекетіне қызықтыратын негізгі құрал. Оқуға қызықтырудың өте жақсы әдісі - танымдық ойындар. Пікірсайыстар да білім алушыны оқуға қызықтырады. Үлгерімі төмен білім алушыларды жеткен жетістігіне қуанту да олардың оқуға ықыласын арттырады.



### *Жауапкершілікті қалыптастыру әдістері.*

**Тәсілдері:** білім алушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру;

- талап қою;
- талаптарды орындауға үйрету;
- өз міндеттерін жақсы атқаратындарды мадақтау;
- керек жағдайда жазалау әдісін қолдану;
- білім алушыға кемшіліктерін айтып, оларды түзетуге көмектесу.

Білім алушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру үшін мұғалім өндірістің дамуына ғылымның қалай әсер еткенін айтып, білімділік еңбек өнімділігін арттырып, жаңашылдыққа әкелетінін дәлелдейді.

Білім алушыға оқудың пайдасын түсіндіру. Жаратылыстану-математика бағытын таңдаған білім алушыларға қоғамдық ғылымдардың, қоғамдық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқитын білім алушыларға жаратылыс-математика бағытындағы пәндердің пайдасын түсіндіру үшін өндіріске экскурсияға, мәдени орталықтарға, кітапханаларға экскурсияға апарудың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің дарынды білім алушыларға жасап отырған қамқорлығын, түрлі олимпиадаларға қатысудың, мамандығын растайтын құжаттардың тіршілік үшін маңызын түсіндірудің пайдасы зор.

Оқуға байланысты талаптар қою әдісі арқылы білім алушыларға барлық пәндер бойынша бағалау өлшемдері, мектептің ішкі тәртібі, білім алушылардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Білім алушыларды оқу жұмысының алуан түрін орындауға үйрету, жаттықтыру борыш пен жауапкершілікті қалыптастырады. Үлгілі білім алушылар мен мұғалімдердің де бала оқуына ықпалы зор.

*Оқудағы мадақтау және жазалау әдістері.*

**Мадақтау түрлері:**

- баға қою;
- тапсырмалар арқылы білім алушыны табысқа жеткізу;
- білім алушыны тәжірибе және зертханалық жұмыстарды жүргізуге көмекші етіп алу;
- топтық тәжірибелік жұмыс кезінде білім алушыға бөлімшелерді басқарту;

- үлгерім және сабаққа қатынас көрсеткіштерін шығару;
- білімнің қоғамдық байқауының қорытындылары бойынша мадақтау;

• жақсы оқитын білім алушылардың үлгерімі төмен білім алушыларға көмектесуі, т.б.

**Жазалау түрлері:**

- сабақта білім алушыға ауызша ескерту жасау;
- күнделікке, дәптерге "қанағаттанырлықсыз" баға қою;
- қателерін айтып, қосымша жұмыс істеуді талап ету.

*Ойын - оқыту әдісі.* Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын - қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі білім алушылардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал білім алушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф.Врубель. Ол ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін демалу теориясын, Г.Спенсер ойын арқылы денедегі артық энергияны шығару, К.Крус тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теорияларын жасады. Ойын туралы қазіргі көзқарастар оның көптеген қызметін анықтап отыр. Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді (Д.Б.Эльконин), болмысты тануға көмектеседі. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Білім алушылар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды.

*Симулятивтік ойындар* кезінде білім алушылар өз бетімен күрделі мәселелерді шешеді. Бұл ойындар алғаш рет әскери училищелерде кескілескен шайқастарды бейнелеу үшін қолданылған. XX ғасырдың 60 жылдарының басында көптеген елдердің білім беру ұйымдарында іскерлік ойындар қолданыла бастады.

*Іскерлік ойындар* арқылы бала түрлі оқиғаларға қатысып, еңбек, отбасылық, қоғамдық қатынастарға енуге әзірленеді. Енді



отбасындағы өмірді түсінуге көмектесетін іскерлік ойыннан үзінділер келтірейік.

Бірінші кезең "Жас отбасының бюджеті" деген жағдаят. Жоғары сынып білім алушылары "отбасыларына" бөлінеді, әр отбасында жас жұбайлар мен олардың туысқандары тұрады. Эксперттер құрамына мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып білім алушылары енеді. Эксперттердің міндеті - ойыншыларға "тұрмысқа" керекті қаржы, құқықтық мәселелер жөнінде кеңес беру. Мысалы, бір жұп тамаққа күніне 200 теңге жұмсаймыз дейді. Ал эксперттер оған қандай тамақтың түрлерін сатып алатындығын айтуын сұрайды. Азық-түлікті сатып алған соң, ойынның екінші кезеңі басталады. Ойынға қатысушылар бір-бірімен пікір таластыра бастайды. Қалған ақшаға "әйелі" өзіне киім алғысы келеді, ал "ері" жинақтау қорына салғысы келеді.

"Ата-аналары" нені сатып алу жөнінде ақыл айтып, жас жұбайларға ақшалай көмек беретіндіктерін айтады. Эксперттер оларға өздерінің мүмкіндіктерінді ескердіңдер ме? Білім алушыларыңыз сендерге неге көмектеспейді? "Масылдарды тәрбиелеу жақсылыққа әкелмейді" деген пікірлер айтады.

Кейін жоғары сынып білім алушыларының келісімімен ойынға ата-аналар қатысады. Бұл ойын болғанмен, ондағы жағдаят өмірде болатын жағдайға жақын. Ойында білім алушылар түрлі шешімдерге келіп, әрекет жасайды. Олар үшін отбасылық экономика, отбасындағы психологиялық ахуал деген ұғымдар анық бола бастайды. Бұл мысалдан іскерлік ойында нақты жағдай көрсетілетінін білдік. Біз отбасылық өмірдің бір сәтінен үзінді келтірдік. Ойын барысында жасалған шартты үлгі өмірде болатын жағдайлар. Осылайша тарихи оқиғаларды білім алушыларға іскерлік ойындар арқылы меңгертуге болады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша іскерлік ойындардың білім алушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Іскерлік ойындар оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі. Олар білім алушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, білім алушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуге себепші болады. Мұғалімдер көптеген танымдық ойындар өткізеді. Ойын түрінде болатын саяхат, электрлендірілген викториналар арқылы белгілі бір ауданның жануарлар дүниесі, ұшақ, корабльдердің түрлері оқылады.

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және білім алушыларды ынталандырады. Математикада "Кім жылдам", "Ең үздік есепші", "Хоккей" ойындары тез санауға үйретеді. "Бағдаршам", "Дым білмес" ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанатын. Ал "Ғарышкерлер" ойыны ғылым жетістіктерімен, "Футбол", "Хоккей" ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. "Ағашты кім тез отырғызады" ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

*Идеялар банкі.* Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтың алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айтуы керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Ой майданы әдісін 1939 жылы А.Ф.Осборн бірінші рет қолданған. Ол білім алушыларға ұнаған, себебі олар өздеріне қызықты мәселелерді шешіп отырған. Ой майданының ұзақтығы 1-2 сағатқа созылған. Бұл әдіс арқылы өткен сабақтың нәтижелі болуы мұғалімнің біліктілігіне, топтың даму деңгейіне байланысты. Топта он адам болғаны жақсы, бірақ топ мүшелерінің санын көбейтуге болады.

Бұл әдіс арқылы педагогикалық мамандықтардың білім алушылары шағын топтарға бөлініп, мектеп оқулығынан бір тақырыпқа әзірленіп 5-20 минут сабақ береді, содан кейін сабақ талқыланады, бағаланады, оны келесіде жақсы өткізу жолдары белгіленеді. Сабақты түгел бейне жазбаға жазу оны талдауды жеңілдетеді. Бұл әдіс ұстаздық жұмысқа дағдыландырады. Оны шет тілін оқытуда пайдалануға болады.

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа нысандары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Алайда, оқыту әдісін таңдау - күрделі үдерістің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу



керек. Әр тақырып оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді қолдану қажет.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, білім алушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады.

*Оқыту әдісін таңдауға ықпал ететін шарттар:*

1. Оқыту әдістерін оның мақсат-міндеттеріне, білім алушылардың жас және таным әрекетінің ерекшеліктеріне сай қолдану;

2. Мектептің материалдық - техникалық негізін ескеру;

3. Мектептің орналасқан жерін ескеру. Мысалы, қала мектептерінде білім алушыларды өндіріс орындарына экскурсияға, ауыл мектептерінде мектеп жанындағы учаскелерге, табиғатқа, ауылшаруашылық өндірісіне апару;

4. Мұғалімнің шығармашылығы және шеберлігі. Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын сабақ мақсатының айқындығы. Себебі оқу материалын баяндауда негізгі идеясын немесе білім алушылардың іс-әрекетін анықтап алмай, оқыту мақсатына жету мүмкін емес.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. “Инновация” ұғымына түсінік беріп, инновацияның түрлерін сипаттаңыз.

2. Білім берудің инновациялық әдістері мен түрлеріне сипаттама беріңіз.

3. «Инновациялық технологиялар» ұғымына сипаттама беріп, инновациялық технологиялардың өлшемдерін саралаңыз

4. Инновацияның көлемділігі нені тудырады?

5. Хонерин инновацияны қандай түрлерге жіктейді?

6. Владимир Мужич, Зита Главашкин инновацияларды қалай бөледі?

7. 5 – 6 сұрақтар бойынша анықталған инновация түрлерін кестеге сипаттап жазыңыз

Инновация түрі	Сипаттамасы

8. Әдіс пен тәсілдің мағынасын ажыратыңыз

9. Оқыту әдістерін саралаңыз

10. Әңгімелесу әдісінің артықшылығын көрсетіңіз

11. Оқытуда қолданылатын көрнекілік әдістерді атаңыз

12. Импрессивтік әдістің өзгешелігі неде деп ойлайсыз



## 2. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 2.2. Сындарлы оқыту теориясы – білім алушыларды сыни ойлауға жетелейді

Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды. Оқытушы, ең алдымен, білім алушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысуы керек. Өйткені, бұл – тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын сара жол. Бүкіл дүниежүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін білім алушылар керек. Яғни, білім алушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет.

XXI ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашаққа лайықты өмір сүруге жақсылап дайындау – білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез келген маман үшін кезек күттірмейтін мәселе. Яғни, гуманизм мен демократия идеялары басты бағыт болып тұрған жаңа ғасырда білім беру жүйесіне де жаңа тәжірибелер енгізу керек. Сонда ғана болашақта нәтижелі жұмыс атқарамыз. Осы идеяны құптаушы ретінде әрбір оқытушы 40 минуттық әрбір сабақта білім алушылардың бойына аталған дағдыларды қалыптастыру қажет. Сонымен қатар әрбір оқытушы білім беруде сын тұрғысынан ойлауға үйретудің әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білім сапасын арттыруды мақсат етуі керек. Сондықтан сабақтар көрсетіп, өзгерісті өзімізден бастау басқа оқытушыларға бағыт-бағдар бергенде өзімізге тиімді болады. Іс – әрекеттегі зерттеудің Ферранс (2000) ұсынған жеке оқытушының іс-әрекеттегі зерттеуі, бірлескен іс-әрекеттегі зерттеуі, кеңейтілген аймақтық іс-әрекеттегі зерттеу секілді түрлері бар.

Сабақ барысын оқытушы хабарлап отырғаннан гөрі білім алушылар осы үдерісті оқытушының бағыттауымен өздері жүзеге асырса, қызығушылық жоғары болады. Қызығушылық бар жерде білім сапасының да нәтижелі болатыны анық.

Американ профессоры Дэвид Клустер «Сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік, жеке ойлау. Ал сабақ сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін, бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біреу үшін біреу сыни ойлай алмайды, әркім барлығын өзі үшін жасайды. Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып табылады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін білім алушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек» деген пікірін айтқан.

Жалпы білім алушыға сыни ойлау қажет пе? Әрине қажет, қазіргі заман талабына сай білім алушыда өзіндік көзқарасы, сенімі, ішкі уәжі қалыптасуы керек. Сондықтанда әрбір оқытушы сабақтарды жоспарлағанда білім алушыларда сыни ойлауын тудыратын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмалардың сабақта болуын қадағалауы керек.

Сындарлы оқыту теориясындағы жетістікке жетелеудің бір жолы «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету». Білім алушылар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді, яғни метатаным пайда болады, өздері үдеріс барысында ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Оқытушы білім алушыға қалай оқу керектігін үйретеді, ал бұрынғы дәстүрлі оқыту үдерісінде педагог білімді беруші болған болса, жаңа оқыту үдерісінде педагог бағыттаушы болып табылады. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – білім алушы. Білім алушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет екенін байқай отырып, жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ – жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады. Топтық жұмыс арқылы «білім алушы мен білім алушы» арасында, «білім алушы мен оқытушы» арасындағы диалогты тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізуге болады. Білім алушылар біз күткеннен де артық әсер алады. Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра алады. Жаңа сабақты өз беттерімен тез меңгере алады. Сабақта «үнсіз» білім алушылар да сөйлеп кетеді, олай дейтін себебіміз, мотивациясы төмен білім алушылардың өзі тым болмағанда



постермен жұмыс жасау барысында сөйлемесе де, сызбамен көмектескенін байқауға болады.

Сабақтардың барысында білім алушылардың сындарлылық тұрғыдан ойлау қабілеттерін, соның ішінде ұтқырлық, сыңаржақтылықтың болмауы, пайым, тәртіп, өзіндік сана-сезім секілді ерекшеліктерге мән бере отырып, сабақ барысында әрдайым білім алушыларды белсенді болуға, дәлелдерді талдай алуға, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолдана алуына мүмкіндіктер мен жағдай жасауды қамтамасыз етуді мақсат етіп қойған. Осында қарастырылған стратегиялар білім алушылардың бірін-бірі тыңдап, дәлелдерді талап етіп, тиынақты және нақты да жан-жақты болуға, ынымақтастықпен бір-бірін құрметтеуге үйретеді. Сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану білім алушыларды еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқараспен ойлауға мүмкіндік туғызады. Бұл қазіргі қоғам мен білім ордасының басты талабы. Осы талаптарды әрі қарай дамыту әр мұғалімнің парызы. Күнделікті сабақтан жаңа формацияда жүргізілетін сабақтардың айырмашылығы: білім алушылар топтық, жұптық және жеке жұмыстардың нәтижесінде өздігінен бағалау, өз ізденістерінің арқасында бұрын оқытушының түсіндіргенінен өз бетінше ізденуінің нәтижесінде өз білімдерінде көптеген өзгеріс болғандығын байқайды.

Топтық жұмысты орындау барысында білім алушылар топта бір-бірінің сұрақтарына жауап беріп, бірін-бірі оқыту мүмкіндігі туады. Бұдан білім алушылар мұғалім түсіндіргеннен гөрі өздері бірін-бірі оқытқан кезде ақпаратты тез қабылдайтынын көрсетуге болады. Білім беру үдерісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану нәтижесінде білім алушылар арасында бірте-бірте сенімсіздік пен үрей сейіліп, сабаққа деген ынта-жігері ояна бастайтындығы байқалады. Әрине топтық жұмыс болған кезде білім алушылардың барлығы қамтылып, біреуі сурет салса, біреуі тақырыпқа қатысты сөздерді тізбектесе, енді біреуі қорғауға дайындалып жатады. Бұл жерде білім алушылардың арасында ынтымақтастық орнап, көшбасшылар жанындағы білім алушыларды сөйлеуге тартып, бір-біріне жанашырлық пен көмектесе бастайды.

Осыдан шығатын қорытынды, сабақта нәтижеге жету үшін білім алушыларға жетелеу сұрақтарын қоя отырып, жауап алып,

білім алушылардың бір-біріне сұрақ қоя білуін және оған ұтымды жауап беруін қалыптастыру керек.

Білім беру жүйесінде білім алушыларға қосымша тапсырманы берген сайын білім алушылар әр қырынан көрініп, бір жағынан оларды ғылыми зерттеуге бағыттаудың бір сатысына көтерудің қадамы сияқты болып көрінеді. Осындай тапсырмаларды беру кезеңінде-ақ еріксіз білім алушылардың деңгейлері де анықталады.

Алдағы уақытта сындарлы оқыту бағдарламасы идеясы кеңінен енгізілуі қажет.

Сындарлы оқытуды жүйелі пайдалану білім алушыларды үлкен жетістіктерге әкелері анық. Мысалы, сыни тұрғыдан ойлауға үйретпесек, олар өз-өзін қалай бағалайды? Шультман айтқандай педагогтың үш көмекшісі бас, қол, жүрек демекші, егерде шын ниетімен оқытушы білім алушыны марапаттап, қолдап жатса білім алушы бәрін де сезеді. Ол да сізге солай қарым-қатынас жасайды екен. Қандай ұстаз болса да оның бастапқы мақсаты алдындағы білім алушыны алға жетелеу, ал сындарлы оқыту білім сапасын арттыруға жетелейтін дайын жол салып беріп отыр.

Оқытудың әр сатысында ұстаз бен білім алушының іс-әрекеті бір-бірімен үйлесімін табу керек.

Оқытушы оқыту үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастырып, шеберлікпен тиімді ұйымдастырса, алдына қойған мақсатына жетіп, нәтижесі де жоғары болмақ.

Қазіргі уақыттағы әлемдегі ақпараттық ағымның қарқынды жылдамдығы себепті ғылыми жаңалықтардың үнемі жаңартылуы және техника мен технологиялардың жылдам дамуы өндірістік-әлеуметтік жұмыс орындарына қажетті дағдыларды игерген мамандарды талап етуде.

Осыған орай Қазақстандық білім беру жүйесін жаңа мазмұнға атап айтсақ, орта білім беруді жүйелі жаңарту, оның мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері мен тәсілдерін, күтілетін нәтижелерін өзгерту қарастырылуда. ХХІ ғасырға қажетті дағдыларды дамытуды көздейтін жаңа мазмұнды мемлекеттік білім стандарты жасалуда. Тони Вагнердің (2010) анықтауы бойынша қазіргі мектеп бітіруші түлектер: ақпаратты қайдан, қалай алуды білетін, оны талдап, өңдей алатын, қажет жерінде жұмсай алатын білімді, сыни ойлай алатын, өз пікірін сауатты және айқын жеткізе алатын, кез келген ортада тез тіл табыса алатын, туындаған мәселелерін өзі шеше



алатын, функциональды сауатты, тәрбиелі, құзырлы азаматтар болуы шарт.

Бізге ғана емес әлемдегі кез келген мемлекетте білім беруді «өмірге жетерлік білімнен», «өмір бойы білім алу» парадигмасына, білімнің құндылығына мән беретін жүйеге көшіру үдерістері жүргізілуде. Мектеп бітірушілердің рухани - адамгершілік негіздерінде тәрбиеленуі мен оқу және өмірлік жағдаяттарды шешуге шығармашылық танытатын бәсекеге қабілетті болуы көзделеді. Бұл жаңалану бастауыш мектептен басталу керек, мектеп бітірушілердің білім деңгейі көп жағдайда бастауышта берілген білімнің сапасына байланысты (М.Барбер, М.Муршед, 2007). А.В.Петровскийдің пікірі бойынша, егер білім алушы толыққанды білім алып, оқу дағдыларын қалыптастыра алмаса, өзіне деген сенімділікті қалыптастыра алмаса, онда оның орнын толтыру үшін өте көп күш жұмсауға тура келеді.

Л.С.Выготский айтуы бойынша, білім алушы білімді «ойлау негізінде қабылдап, пайымдау арқылы есте сақтауы» қажет. Ал, біз білім алушыларды ойлата аламыз ба? Дәстүрлі оқытуды талдайтын болсақ, білім алушыларға берілетін тапсырмалар білу, түсіну деңгейінде болады. Сол себепті білім алушылардың алған білімі жаттанды, өмірде қолданылмаған соң, ұмытылатын білім немесе энциклопедиялық білім болды. Демек, оқыту үдерісіне өзгеріс қажет. Өзгеріс - қысқа мерзімді оқиға емес, ол уақытты талап етеді. Дегенмен оқытудағы өзгерісті жасайтын мұғалімдер.

Оларға жүктелетін міндеттер туралы С.Бичтің (2012) «Әлем өзгергендіктен, сіз өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, білім алушыларды сүйесіз және олар мына жылдам өзгертін әлемде бағыт беріп отыратын сізді қажет ететіндігін білесіз, оны істеу үшін сізге алдымен өз жолыңызды табу қажет. Сондықтан сіз де, олар да өзгеруі қажет» - деген пайымдауын келтіруге болады.

Қазіргі уақытта білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық түсінік – сындарлы тұрғыдан ойлау болып тұр. Сындарлы тұрғыдан ойлау дағдылары арқылы шын мәніндегі өзгерісті жүзеге асыруға болатындығы туралы көп айтылады. Сонда сындарлы ойлау дегеніміз не? Сындарлы ойлау туралы Дэвид Клустер (2004): кез келген оқиғаға, жағдаятқа немесе

пікірге байланысты әр адамның өз ойын білдіруі, оның сындарлы ойлауы десе, Ұстаздарға арналған нұсқаулықта «қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттерімізге жаңа немесе түрлендірген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сындарлы тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді» - деп беріледі. Олай болса мұғалімдер әдетте өз жұмысының жаңа жолдарын және жаңа идеяларды оқыту туралы ойланудың нәтижесінде алған тәжірибесі ол мұғалімнің жұмыс стилін дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, егер сіз өзіңіз дамытқыңыз келген оқыту саласын немесе байқап көргіңіз келетін жаңа тәсілдерді зерделесеңіз, сіз де сындарлы тұрғыдан ойлау жүріп жатқанын ұмытпаңыз. Сындарлы ойлаудың қажеттілігі сонда сындарлы ойлау кез келген салаға қажет, өз маманының шебері болу үшін, өз мәселенді өзің шешу үшін қажет.

Ал қоғамдағы, өмірдегі өзгерістерді жасау үшін білім алушыларды ойлануға, зерттеуге, өз ойын, пікірін айтуға дағдыландыру қажет. Сол себепті бүгінде білім беру стандарты да жаңа мазмұнға көшіріліп, білім алушыларды оқыту - тәрбиелеудің жаңа тәсілдерін игерту мақсатында біліктілік арттырудың жаңа тұжырымдамасы дайындалуда. Келешекте жұмыс істейтін мұғалімдерді де сындарлы оқыту идеяларымен дайындау, біліктіліктерін жетілдіру мәселесі қолға алынуда.

Дәл қазіргі уақытта сындарлы оқыту бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі – білім беретін оқу орындарындағы білім алушылармен бірге оларды сыни ойлауға үйрететін оқытушылардың сыни ойлауына мән беру қажет болып тұр. Оқытушылардың жай ғана сыни ойлауы емес, өз тәжірибесіне сыни рефлексия жасай ала ма? деген сұрақтар туындайды. Себебі, рефлексивті болу – оқыту мен оқу тәжірибесін жақсарту тәсілдерінің бірі. Рефлексия – метаойлау немесе «ойлау туралы ойлану» деген түсінік бар.

Оқытушылардың тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу арқылы сыни рефлексия жасап, оқу үдерісін одан әрі дамыту үшін нені өзгерту қажеттігі туралы пайымдаулары маңызды. Оқытушылардың рефлексивтік қызметіне мектеп тәжірибесінің негізінде жасалған пікірлері жатады. Сол себепті де оқытушылардың сыни рефлексия жасай алуы маңызды.



Сыни ойлаудың тәсілдеріне: бақылау, талдау, қорытынды, интерпретация жатады. Осы тәсілдердің негізінде сыни ойлаудың төмендегі дағдылары қалыптасады. Олар:

- суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалар сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыра алу;

- негізгі дерек көздерді бағалау мен олар туралы тиісті сұрақтарды қоя білу;

- негізгі дереккөздерді ситуациялық қорытындылар мен уақыттық жалпылаулармен салыстыру және талқылай алу;

- анағұрлым кең тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарай алу жатады.

Сонда сыни ойлау дағдылары – ойлардың қалыптасуы, анықтау, негіздеу үдерісі болып табылады.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін қажетті бірнеше ойлау іс-әрекеттері бар деп көрсетеді. Мысалы, есте сақтау – оқу үдерісі үшін маңызды, онсыз болмайтын ойлау іс-әрекеттерінің бірі, бірақ сыни ойлаудан түбірлі өзгеше нәрсе. Дегенмен көптеген білім мекемелеріндегі әріптестеріміз білім алушының есте сақтау қабілетін ерекше бағалайды, өздерінің бақылау және емтихан жұмыстарының сұрақтарын есте сақтауға құрады және оны тексереді.» – деген американдық оқытушы, профессор Дэвид Клустер (2004).

Тағы да аса маңызды ойлау операциясының бірі – *қиын идеяларды түсіну*. Түсіну – күрделі ойлау операцияларына жатады. Мысалы, білім алушы Шекспирдің сонетын немесе экстремум нүктелері туралы теореманы түсінуге бас қатырып жатыр. Әрине оның миында күрделі интеллектуалды үдеріс өтіп жатыр, бірақ бұл сыни ойлау емес. Сонда да түсінудің өзі сыни ойлау емес пе, себебі білім алушы оны өзінің түсіну деңгейінде пайымдайды, бірақ біз өзгенің ойластырған ойын түсінуге тырысып жатырмыз, өз ойымыздың белсенділігі төмен. Ал сыни ойлауда белгілі, түсінікті идеялар тексеріледі, бағаланады, дамытылады және қолданылады.

Солай десек те, фактілерді есте сақтау мен түсіну – сыни ойлаудың алғы шарттары, бірақ олардың өздері, тіптен біргелікте сыни ойлау болып саналмайды.

Келесі бір ойлау түрі – шығармашылық немесе интуициялық ойлау. Атақты спортсмендер, шебер суретшілер, талантты музыканттардың да миларында күрделі ойлау операциялары жүріп

жатады, бірақ оны өздері сезбейді, тіпті оны саналы ойлау деп қабылдамайды да. Ол көбіне интуитивті ойлау түрінде жүріп жатады.

Сонда сыни ойлау дегеніміз не? Оны қалай анықтауға болады? Дэвид Клустер (2004) ұсынысы бойынша оның анықтамасы бес бөлімнен тұрады. Біріншіден, сыни ойлау өзбетінше ойлау болып табылады, сыни ойлауда әр адамның жеке сипаты болады. Оның мәні – кез – келген оқиғаға, жағдаятқа немесе пікірге байланысты әр адамның өз ойын білдіруі, оның сыни ойлауын көрсетеді. Біз үшін ешкімде сыни ойлауы мүмкін емес, біз оны әрқайсымыз өзіміз үшін жасаймыз. Өзбетінше ойлау – сыни ойлаудың ең бірінші және аса маңызды сипаттамасы.

Екіншіден, сыни ойлауға ақпарат негіз болады, бірақ сыни ойлаудың соңғы өнімі емес. Білім сыни ойлауға себеп болады, сол себептіде ел арасында «бос баспен ойлау қиын» деген пікір айтылады. Күрделі ойлау үшін оған қажетті «тамыздық» болатын көптеген фактілерді, идеяларды, мәтіндерді, теорияларды, мәліметтерді, концепцияларды өңдеуге тура келеді. Сол себепті де сыни ойлаудың арқасында дәстүрлі таным индивидтік және санадан өткізілген, үздіксіз, өнімді үдеріс болады.

Үшіншіден, сыни ойлау сұрақтарды қоюдан және шешуді қажет ететін мәселені айқындаудан басталады. Адамның табиғаты жаратылысынан табиғатты және өзін қоршаған ортаны танып білуге құмар. Соның арқасында көптеген табиғат туралы, әлеуметтік орта жайлы заңдар мен заңдылықтар ашылды. Бразилиялық педагог Пауло Фрейре дәстүрлі қорға жинаушы білім беруді проблемалық оқытумен алмастыру қажет деген пікірді ұстанады. Білім алушылар өз тәжірибесіне сүйене отырып, мәселені өздері айқындап, оны шешетін болса оқу нәтижелі болар еді. Әсіресе Фрейре білім алушыны «басып тастау» мәселесіне көбірек көңіл бөлген. Оқытудың дұрыс ұйымдастырылуы «білім алушыны басып тастаудан құтқарады» дегенге сенімді болды. Сол себепті де оның білім концепциясы «бостандық педагогикасы» деп аталады.

Америкалық философ және педагог Джон Дьюи білім алушылардың сыни ойлауы белгілі бір проблеманы шешу барысында жүзеге асады деп түсіндіреді. «Оқытудың негізі сұрағын белгілі бір ситуация мен жағдаятқа байланысты өрбіту қажет» (Мейерс айтуымен). Сонда баланың табиғи қызығушылығын оятып,



сыни ойлауға итермелеуге болады. Сол себепті де мұғалімге сабаққа дайындалу кезінде білім алушыларға шешуді қажет ететін бірнеше мәселелерді анықтау қажет. Оларды шешуде білім алушылар мәліметтер жинайды, мәтінді талдайды, балама пікірлерді талқылайды, ұжымдаса отырып, жауабын табады.

Канадалық профессор Ральф Х.Джонсон сыни ойлауды «ұсынылған көзқарасқа немесе мінез-құлық моделі жайлы адамға саламатты ой толғанысын жасауға мүмкіндік беретін ойлау іс-әрекетінің ерекше түрі» -деп сипаттама береді. Осы анықтама сыни ойлаудың сұрақтар мен мәселелерді шешудегі маңызын көрсетеді.

Төртіншіден, сыни ойлау арқылы сенімді дәйектеуге ұмтылыс болады. Сыни ойлайтын адам әрдайым мәселені шешудің өз жолын табады және табылған шешу жолының өзгелерден тиімді екендігін дәлелдеу үшін дәлелдемелер келтіреді. Дәйектеу үш құрылымнан тұрады: алдымен дәлелдеуді қажет ететін түйінді ойды келтіреміз, оның мәнін дәлелдемелер арқылы қуаттаймыз. Дәлелдемелерге: статистикалық мәліметтер, мәтіннен үзінділер, жеке тәжірибесі, т.б. жатады. Соңынан өз пікірін негіздеу қажет. Сыни ойлайтын адамға еш уақытта үстемдік жасай алмайсың. Сыни ойлауды Роберт Эннис «неге сенуге болады және қандай іс-әрекет жасау керек туралы саналы шешім қабылдау» деп түсіндіреді.

Бесіншіден, сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Егер ойды өзгелермен бөлісетін болсақ, кез келген ой тексеріледі, ұшқырланады. Философ Ханна Арентс сөзімен айтатын болсақ «өзін-өзі дамытуға жету үшін, оны қандайда бір затпен салыстыру қажет». Біздер пікір таластырғанда оқимыз, талқылаймыз, өз пікірімізді білдіреміз және пікір алмасамыз, өзгелердікімен салыстыра отырып, өз позициямызды айқындаймыз және тереңдете түсеміз. Сол себепті де сыни тұрғыдан ойлаумен жұмыс істейтін мұғалімдер өз сабақтарында жұптық, топтық жұмыстарды дебат және пікір талас түрінде және әр түрлі публикациялық жұмыстарда беріп жатады.

Оқытушы жоғарыда келтірілген сыни ойлау туралы зерттеулердің тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, мектептегі іс-әрекетті зерттеу жұмыстары мен сабақтарды әзірлеу және оларды іске асыру жоспарларын дайындау керек.

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе (проблема) немесе

әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда. Ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады».

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтары мен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып, салғастырады, мәселенің байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Білгі да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып, оған жауап іздейді, жауап тапса, қайтадан сұрақ қойып, енді соның жауабын іздестіреді, оған да қанағаттанбай, әрі қарай «қаза береді», «қаза береді».

Ойлаудың осындай толассыз түрі сыни ойлау деп аталады. Мұнда ойлау тізбекті (сызықты) түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады. Мәселенің шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды: оны дәлелдеп беру керек, оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет, оған балама келтіру керек.

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы - төкпелі, күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстинктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептейді. Мұның себебі мынада: адам өз түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтар мен нанымдарын бірден қалыптастырмай (мысалы, сезімдер жетегімен немесе басқа біреудің айтқаны бойынша), олар туралы терең ойланып, оның бәрін күмәнмен қабылдап, «тұла бойыннан» өткізуі қажет. Ричард Польдің пайымдауы бойынша, адамдар «өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек».



Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрін де ақиқат деп түсінбеуі қажет. Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін жалған деп ойламауы керек». Демек, олар өмірдің барлық жәйттері мен көріністерін ойлегінен өткізіп, олардың өміршендігі, құндылығы мен қажеттілігі туралы өзіндік пікір қалыптастыруы керек. Сол себепті сыни ойлауды көп жағдайда «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Кезінде Сократ «Таным негізінде күмән жатыр» деп бекер айтпаған. Біз әр нәрсеге байыппен қарап, оны екшеп-текшегеннен кейін, күмәндану негізінде туындаған сұрақтарымызға жауап іздестіріп, тапқанда ғана сол зат туралы түсінік пен пікір қалыптастырамыз. Мәселе сол затты жоққа шығаруда емес, мұнда негізгі әрекет – сол затты жан-жақты қарастыру: оған күмәнмен терең үнілу, оны күмәнмен өз тәжірибемізбен салғастыру (ол туралы не білетіндігімізді, оның қажеттілігі мен тиімділігін саралау). Мұнда үнді ақыны Рабиндранат Тагордың «Таным нұры жарқырай түскен сайын, күмән қараңғылығы қоюлана түседі» деген сөздерін де келтіруге болады. Адам көп білген сайын оның күмәні де көбейе түсетіндігі хақ.

Сыни ойлау білім алушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау білім алушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақты тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Білім алушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден

ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

*Сонымен, сыни ойлау мынандай жағдайларда болады:*

- кез келген мәселені не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
  - кез келген мәселені не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
  - кез келген мәселе не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
  - өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
  - кез келген мәселе не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда;
  - бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
  - өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.
- Ал сыни ойлаушының ерекшеліктері мынандай болады деп тұжырымдауға боларлық:
- кез келген мәселе не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
  - ең маңызды жәйттерді бөліп шығарады;
  - проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
  - критерийлер мен стандарттарды қолданады;
  - критерийлер мен стандарттарға негізделінген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
  - өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
  - ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалдыға немесе керісінше);
  - қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
  - балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
  - икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
  - себеп-салдарды анықтайды;
  - талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
  - мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек



қомақты жәйттерді бөліп қарастырады;

- шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;

- ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
- әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын, бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;

- өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;

- басқалармен тіл табысып, ортақ мәмілеге келуге тырысады.

*Білім алушыда сыни ойлаудың қалыптасу деңгейлері*

*Бастапқы деңгей*

- өз көзқарасы мен ұстанымын жан - жақты тұрғыдан қалыптастыра алмайды;

- өз ұстанымын толық дәлелдей алмайды, оның артықшылықтарын толық көрсетпейді;

- жан - жақты салыстырмайды;

- ұтымды мысалдар келтірмейді;

- себеп - салдарын дәлелді түрде келтіре алмайды;

- талдау мен синтездеуді толық жасамайды;

- жан - жақты баға бере алмайды.

*Орта деңгей*

- ойлау қадамдарын ретімен қолданады;

- өз көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырғанымен оларды ұтымды түрде дәлелдей алмайды;

- өз ұстанымдарын өзгелермен салыстырады, оның артықшылығы мен кемшіліктерін ажыратады;

- өзіне айтылған сынды сабырмен қабылдай алмайды;

- өзге ұстанымдарды жан - жақты талдамайды, олардың олқылықтарын ажырата алмайды;

- өзге ұстанымдарды өз мақсатында пайдалана алмайды;

- өз ұстанымын икемді түрде өзгерте алмайды.

*Жоғары деңгей*

- негізгі ойлау қадамдарын ретімен, логикалы түрде және тереңінен қолданады;

- өз көзқарасы мен ұстанымдарын ұтымды түрде дәлелдей алады;

- өзіне өзі нақты баға бере алады;

- өзге пікірлерді бағалай біледі;

- ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі;
- айтылған сынға байыппен қарайды: өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады;

- өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді.

*Сыни ойлауды сабақта қалай қолдануға болады?* Ең алдымен сабақ тақырыбын немесе шешуді қажет ететін проблеманы (мәселені, сұрақты) айқындап алайық. Мәселен, тақырып не проблема «Біздің ауыл тұрғындарының денсаулығы», «Суды қалай үнемдеуге болады» немесе «Қазақстан екінші дүниежүзілік соғыста» болсын. Осы мәселені шешу үшін мұғалім білім алушыларға үнемі сұрақтар қойып, олардың сыни ойлауын белсенділендіріп отыруы керек.

Алдымен білім алушыларға «Бұл тақырып туралы не білесіңдер?» деп сұрау қойып, олардың алдымен жеке ойланып, содан кейін шағын топ (немесе жұп) ішінде өз ойларын ортаға салуды тапсыруға болады. Осыдан соң туындаған ойлар мен пікірлерді сынып болып талқылаған жөн. Мұғалім білім алушылардың талқылауын «Бұл мәліметтердің қайсысы сіздер үшін пайдалы болады деп ойлайсыздар? Неліктен олай деп шештіңіз? Бұл тұжырымға сіздер қалайша келдіңіздер?» секілді сұрақтармен қолдап отырады.

Білім алушыларға қойылатын келесі сұрақ «Бұл туралы не білгілеріңіз келеді?» болсын. Қайтадан шәкірттер алдымен жеке ойланып, сонан соң жұп не топ құрамында пікірлерімен алмасады. Бұл мәселені тағы да сынып болып талқылап (мұнда «Неліктен олай ойлайсыз? Ал егерде олай болмаса ше? Мұның астары (немесе себеп-салдары) қандай деп ойлайсыздар?» секілді сұрақтарды қойған орынды), тақтаға білім алушылардың не білгісі келетіндерін тізім түрінде жазып қоюға болады.

Келесі мәселе: тақырыпты/ мәселені шешу.

Ол үшін білім алушыларға мынандай сұрақ қоюға болады: «Бұл мәселені қалай шешесіңдер? Ол үшін сіздерде қандай деректер мен ресурстар бар? Мәселені қандай уақыт ауқымында шешуге болады деп ойлайсыздар?»

Оқушылар дерек көздерімен жұмыс жасау барысында оларға тағы да мынандай сұрақтар қойып, ойлау мен талқылаудың шоғын үрлей түсу керек: «Деректер сенімді ме? Олардың қайсысын дәлел ретінде таңдауға болады? Неліктен? Дерек авторының пікірі



сыңаржақ емес пе? Оның ұстанымымен келісесіз бе? Оның қай көзқарасына қарсысыздар? Деректерді қалай орналастыруға болады? Олардың ішкі байланыстары бар ма? Олар қандай?» Әрине, бұл сұрақтар ойлауды дамытудың мысалдары ретінде келтіріліп отыр, олардың барлығын бір мезгілде қоюдың қажеті де жоқ шығар: 2 - 3 сұрақ қойса да жеткілікті. Өйтпеген жаңдайда білім алушылар көп сұрақтың астында «көміліп» қалуы ықтимал: онда негізгі проблеманы шешу мәселесі жайына қалуы мүмкін.

Әрі қарай білім алушыларға тағы да мынандай сұрақтарды қойған орынды:

- өз ойларыңызды бүкіл сыныпқа қалай жеткізесіздер? (Сыныпты ойларыңызбен қалайша таныстырасыздар?)
- сіздердің ұстанымдарыңызды немен салыстыруға болады?
- осы тақырып бойынша біліміңізді қалай қолданасыздар?
- өз ұстанымдарыңызды қандай дәлелдермен қуаттайсыздар?
- ұстанымдарының ішкі бөлімдерін бір-бірімен қалай салыстыраңдар?
- өз ұстанымдарыңыздың ұтымды жерлері қандай?
- ұстанымдарыңыздың осал жерлері бар деп ойлайсыздар ма?
- өз ұстанымдарыңызға қандай баға берер едіңіз?

Түйіндеу немесе қорытындалауда мынандай тапсырмалар ұсынуға болады:

- мәселені шешудің ұсыныстарын келтіріңіздер.
- өз ұстанымдарыңызды дәлелеңіздер.
- бұл мәселенің практикалық қорытындысын келтіріңіздер.
- «Не білдім?» деген сұрақты талқылаңыздар.
- жаңа білімді қалай қолдануға болатындығын талқылаңыздар.
- топ ішіндегі жұмыстарыңызды бағалаңыздар.

Осылайша, яғни жоғары деңгейдегі (немесе «жуан», «қиын») сұрақтар қою арқылы, оқушыларды өзіндік ойлауға, ақпарат пен дереккөздермен өздігімен жұмыс жасауға, дербес тұжырым жасап, оны дәлелдермен қуаттауға, проблема шешуге ынталандыру қажет.

Сыни ойлау қайталауды ғана қажет ететін сұрақтар арқылы өрбімейді (немесе оларды «қарапайым», «жіңішке», «оңай» сұрақтар деп те атайды): мұндайда білім алушы тек еске түсіреді. Мәселен, «Екі жердегі екі қанша болады?» деген сұрақ дәп осындай репродуктивтік сипатта, демек, білім алушы бұл сұраққа жауап

бергенде сыни ойламайды, ол тек білгенін есіне түсіреді. Сократ кезінде «Ақылсыз адам жауап береді, ал ақылды адам ақиқатты іздейді» деген екен. Сондықтан да оқушыларды ойлануға итермелейтін сұрақтар қою қажет. Мәселен, оқушының сыни ойлауы үшін осы сұрақты былайша өзгертуге болады: «Неліктен екі жердегі екі төрт болады? Өз ойыңызды қалайша дәлелдеп бере аласыз?» Бұл сұрақтарға жауап беру үшін білім алушы тек еске түсіріп қана қоймай, сонымен бірге мәселені жан - жақты қарастырып бағады, өзіндік пікір қалыптастыруға ұмтылады, оны дәлелдеуге тырысады.

Егер оқушылардан «Газды сусындарды ішуді ұнатасыздар ма?» деп сұрасаңыз, олар бұл сұраққа не «Иә», не «Жоқ» деп жауап береді. Алайда мұндай жұмыс оларда сыни ойлауды туғызуы екіталай. Ол үшін дұрыс жауап берумен шектелмей, сұрақтар қою арқылы ойлауды дамытып, мәселені жан - жақты қарастыру керек. Мұндай сұрақтарды білім алушылармен бірлесе құрап, оларға жауап іздеу қажет: «Газ сусынға не үшін қосылады? Қандай газдар қосылады? Басқа газдарды қосуға бола ма? Неліктен газды сусын адам үшін дәмді болады? Газ қалайша сусынды дәмді жасайды? Жануарлар газды суды іше ме? Газды сусындармен үй өсімдіктерін суғарса не болады? Газды сусындар денсаулыққа нұқсан келтіре ме? Газды суды көп ішсе не болады? Кішкене балалардың ағзасына газды сусындар қандай әсер жасайды? Газды сусындардың құтысында көрсеткен құрамдас бөліктер сусын құрамында шынымен сақтала ма?», т.б.

## 2.2. Білім беру жүйесінде сындарлы оқытуды пайдаланудың педагогикалық негіздері

Сындарлы оқыту теориясы: білім алушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру.

Жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы ең алдымен мұғалімге байланысты. «Егер мен сабақ беруші ғана болсам педагогтық деңгейге көтеріле алмас едім, шәкірттерімнің жүрегі мен үшін қақпасын мәңгі ашпас тас қамалдай болып қала берер еді» - көрнекті педагог В.П.Сухомлинскийдің осы тұжырымдамасы педагогикалық қызметтің мәнін аша түседі.



«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау» - деп атап Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілгендігі белгілі. Ал білім беру ошақтарында білім мен тәрбиені қатар жүргізетін тұлға – ұстаз. Заманына лайықты шәкірт тәрбиелеуі үшін ұстаз - ізденімпаз, сыни олай алатын болуы, қандай істі болсын бар ынта-жігерімен атқара білетін болуы керек. Міне, сонда ғана бойында сыни көзқарасы дұрыс қалыптасқан, білімге құштар, өз ойын жетік айтып, өз-өзіне оң баға беретін дәрежедегі білім алушы қалыптасады. ХХІ ғасыр ғылым мен ақпараттық технологияның дамыған ғасыры, ал осындай қарқынды дамуға физика пәнінің қосар үлесі зор. Сондықтан мектептерде физика пәнін оқытуда жаңаша бағалауды қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Ұстаз – келешек ұрпақты білім нәрімен сусындатып, білім мазмұнын жақсарту, оны заман талабына сай игеру, оларды ел азаматы болуға, ақыл-ойын жан - жақты дамытуға тәрбиелеп, шығармашыл тұлға, әрі ХХІ ғасырдың белсенді жалғастырушысы ретінде қалыптастыруды көздейтін білім беруші. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» - деп Стронг (2011) атап көрсеткендей, егеменді еліміздің алғышарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуді міндет етсе, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіруде ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. «Мүмкін білім беру ешқашанда қажетті деңгейде жақсы деп танылмайтын шығар, бірақ соңғы 20 немесе 30 жыл ішінде білім беруде төмендеу байқалады», - деп, американдық философ, психолог, радикалды сындарлылықтың (конструктивизмнің) негізін қалаушылардың бірі Эрнст фон Глазерсфельд өз еңбегінде атап өткендей, қазіргі жоғары технологиялар мен жылдам өзгермелі қоғам ортасында білім беру саласының тұрақты және қарқынды алға жылжуы өте маңызды болып отыр. Сондықтан, орта білім жүйесінде әлемдік жоғары

деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. «Неліктен қалыптасқан оқыту жүйесін сындарлы оқыту теориясы бағытында ауыстыру қажет?» - деген сұрақтардың туындауы әрине орынды. Өз бастауын ХІХ ғасыр соңында италян философы Джамбатиста Вико мен швейцариялық психолог және философ Жан Пиаже еңбектерінен алған сындарлы оқыту теориясы дәстүрлі оқытуда механикалық есте сақтауды, үнемі қайталаулар мен бекіту материалдары арқылы қазіргі қоғамда алған білімді толыққанды жүзеге асыра алмай жүргендігімізді байқатады. Көп жағдайда осы жолда негізгі кедергілердің бірі, ол - қалыптасып қалған біздің ұстанымымыз. Өйткені, мұғалімнің ұстанымы – оның көзқарасы, қабылдаған шешімінің және іс – әрекетінің негізі.

Қазіргі кезде оқу орындарында білім беруде маңызды мәселелердің бірі – білім алушылардың қарым - қатынастық күзінділігін арттыру болып табылады. Өзін - өзі көрсете білудің құралы - өз ойын жарыққа шығару екені бәрімізге мәлім. Өкінішке орай, мектеп бітіруші түлектеріміз қажетті білімді ала отырып, тілдесу тәжірибесінде алған білімдерін дұрыс қолдана алмайды. Сондықтан мұғалім үшін білім алушылардың қарым - қатынастық күзінділігін арттыру - ең маңызды міндеттердің бірі екені даусыз.

Білім нәрін сусындауға келген білім алушылардың өздігінен жаңа материалды игерулері, нәтижеге өз жолдары арқылы қол жеткізулері барысында сыныпта қатып қалған тәртіптің сақтала бермеуі, жылдам жауап таба алмаулары ұстаздарды өз сабағының күтілген нәтижеге жетпегені сияқты, білім алушылардың қажетті білімді меңгере алмай отырғандай болып көрінеді. Білім алушыларға өздігінен шешім табуға еркіндік беру қажеттігі, механикалық есте сақталған білімнің қолданыста өз нәтижесін көрсетпеуі, жиі өткізілетін тестілеу мен бақылаулардың білім алушының сыни, шығармашылық ойлауларын шектейтіндігі көп айтылуда.

Оның үстіне жылдар бойы қалыптасып қалған ұстанымдарды қысқа мерзім ішінде өзгерту өте қиын. Осы тұста Шульманнның «мұғалімнің үш көмекшісін» басшылыққа алу қажет. Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің білім алушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады.



Осы тұста ұстаздың кәсіби түсінігі, тәжірибесі және этикалық және моральдік құндылығының қазіргі заман талабына сай болуы өте маңызды. Осы талаптардың болуы сындарлы оқыту теориясын күнделікті білім беру жүйесіне берік кіріктіруге жағдай жасайды деп ойлаймын. Кембридждік оқыту тәсіліне негізделіп құрастырылған «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» сындарлы оқытудың мақсаттары – білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, – деп көрсетілген.

Сындарлы оқыту теориясы аясында білім алушылармен диалогтік қатынас, диалогтік оқыту тәсілінің маңызы зор. Көптеген ұстаздар, диалогты бұрыннан келе жатқан тәсіл деп қарастырады, әрине, бұл – тәсіл жаңа емес, тек Кембридждік оқыту тәсілдерінде диалог тек екі адамның өзара сөйлесуі ғана емес, сонымен бірге диалогтік тәсілде сұрақ қою техникасы, мәселені шешу жолдары барысындағы әңгімелесу де қарастырылады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта білім алушылардың қызығушылығымен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді.

Білім алушылардың диалогтік қарым-қатынасы «мұғалім - білім алушы», «білім алушы - білім алушы» арасында өрбиді. Түрткі сұрақтар, сыни ойлауға бағытталған сұрақтар, мәселені шешуге бағытталған сұрақтар сабақ барысында көп кездесетін сипаттау мен баяндаудың үлесін азайтады. Диалогтік оқытудың ажырамас бөлігі сұрақ қою болып табылады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де білім алушылардың оқуына қолдау көрсетіп оны жақсарта және кеңейте алады. Сыныпта сұрақ қоюдың үлгісі «бастама - жауап - кейінгі әрекет» нысаны бойынша қойылған сұрақ ретінде анықталады.

Сабақ барысында білім алушыларға түрлі тақырыптағы, әр түрлі дәрежедегі сұрақтар қойылады. Білім алушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданылады.

Төмен дәрежелі сұрақтарды білім алушылардан нақты, белгілі бір тұрақты жауаптар алу үшін қолданамыз. Жоғары дәрежелі сұрақтар білім алушылардың ақпаратты белгілі бір жолдармен

қолдануына, қайта құруына, кеңейтуіне, бағалауына, талқылауына бағытталған.

Білім алушылардың тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында түрткі сұрақ қою тәсілі арқылы жаңа тақырыпты анықтауға болды. Түрткі болу техникасы арқылы сұрақтар бірінші жауап алу үшін және білім алушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеуге мүмкіндік береді. Яғни, білім алушылардың сабақ тақырыбына қызығушылық оятып қоймай, олардың өздігінен ақпарат алуларына, бар білімдерін бекітуге жағдай жасайды. Сұрақ арқылы білім алушылардың ассоциативті еске сақтаулары қалыптасты.

Сындарлы оқыту теориясының аясында диалогтік оқыту тәсілдері, топта проблемалық жағдаяттарды шешу жолдары, сыни ойлау білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға үлес қоса алады. Сындарлы оқыту теориясының басты мақсаттарының бірі – білім алушыны оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Яғни, мұндағы бала - өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім - бағыт беруші, нұсқаушы. Мұғалім тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, әрқашан ізденісте болып өзіне және білім алушыға тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс.

Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де, өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты. «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», - деп өз еңбегінде, XX ғасырда жазып кеткен ақын, педагог Мағжан Жұмабаев сөздерін басшылыққа ала отырып, болашақта әлемдік білім беру саласында қазақстандық білім беру жоғары жетістіктерге жетеді деп сенеміз.

Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын өмірге көзқарасы тың, ақыл-ой және шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, рухани адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл мұғалім керек. Ал шығармашыл мұғалім – үздіксіз ізденісте болады. Әрбір



маманның қызметіне қажетті кәсіби біліктіліктер болуы тиіс. Осыған орай оқытуда мұғалім мына қызметтерді бөліп қарағаны жөн:

- оқыту – физикалық білім, білік, және дағды жүйесін қалыптастыру;
- тәрбиелеу - қызығуды, танымдық дербестікті, жеке құзыреттілікті қалыптастыру;
- дамыту – физикалық ойлауды және шығармашылық құзыреттілікті дамыту;
- бақылау – есептер мен нақты білім білік дағдыны бақылау мен бағалаудың құралы.

Сындарлы оқытудың мақсаты - білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

*Конструктивтік білім* іздену, тану және ой-толғау секілді білім алушылардың өзіндік белсенді әрекеттері негізінде игеріледі. Білім игеруде олар дайын күйде берілген ақпаратты есте сақтау үшін қабылдамай, оларды «игеру» сөзінің шын мағынасы бойынша жан-жақты қарастырады, оларды әрекеттер арқылы зерттейді.

Конструктивтік білімнің басты қағидасы білімнің білім алушыға дайын күйде берілуі мүмкін еместігімен және әр адамның қоршаған әлем туралы өмір бойы өзіндік түсінік құрастыруымен байланысты, яғни білім білім алушының жеке басында пайда болған ойлары, идеялары, түсініктері, көзқарасы, дүниетанымы, пікірі, сұрақтары мен жауаптары, дәлелдері, ұстанымдары, уәждері мен ұстанған құндылықтары деп түсіндіріледі. Ал мұның бәрін де білім алушылардың өздері әрекеттер мен ойлану арқылы құрастырады, «жасайды». Мұндай жағдайда ұстаз үйретпейді, ол тек шәкірт тарапынан білімді игерудің жағдайларын жасайды.

Конструктивтік білімде басты назар «пән» немесе «бағдарламаға» емес, білім алушы тұлғасына аударылады, ал ұсынылған білім тұлғаны өзгерістерге ынталандырады: алған білімді (ақпаратты, мәліметті, ұғымды, т.с.с.) өзіндік тұрғыдан өзгертсе, оның үйренген білімі білім алушы тұлғасын да өзгертеді (дамытады, өсіреді).

Сол себепті де конструктивтік білімді кейде түрлендіруші білім деп те атайды.

Неліктен «конструктивтік» деп аталады?

білім алушы өздігімен ақпарат, фактілер, ережелер мен қағидалардан дербес (өздігінен) мағына, түсінік, ой, идея, тұжырым құрастырады;

- конструктивтік білім білім алушыны рефлексия (ой-толғаныс) арқылы өзін-өзі «түрлендіруге», өзінің тұлғасын өзгертуге ынталандырады;

- конструктивтік білім тұлғаға өзін-өзі түрлендірудің (өзгертудің) айқын да анық мақсаттары мен құралдарын беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тұлғаның тұлға бойына сіңіріп, оны өзін-өзі жетілдіру ісіне жұмылдырады.

Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек қана есте сақтау дәрежесінде болса, ал конструктивтік білім білім алушыдан түсіну, қолдану, талдау ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау сынды белсенді әрекеттерді талап етеді.

Жаңашыл білім беру жүйесінде педагогтардың іс-әрекеттері төмендегідей талаптарды қамтиды:

- диагностикалық іс - әрекет. Білім алушыларды зерттеу, деңгейін анықтау;

- бағдарлы алдын - ала болжай білу. Жағдайды анықтау, дамыту. Өзара көмек пен белсенділікті ұйымдастыру.

- конструктивтік жобалай білу іс-әрекеті. Ұйымдастырушылық әрекеттер, тапсырмаларды бөлу.

- ақпараттық - түсіндірушілік іс-әрекеті. Білім алушыларды дүниетанымдық адамгершілік - эстетикалық идеяларды меңгерту.

- коммуникативтік - ынталандырушылық іс-әрекет. Мұғалімнің ерекше ықпалы, жағымды қарым - қатынасы, іскерлігі.

- талдау - бағалаушылық іс-әрекеті. Үдерістің жағымды жақтары мен кемшіліктерін анықтай алуы.

Оқу - білім беру үдерісінің негізін құрайтын жалпы міндеттің бірі – жан-жақты білім алған және бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Жан-жақты білім алған адам немесе құзыретті тұлға дегеніміз –өзіне ең жоғары адами қасиеттерді, моральдық құндылықтарды жинақтаған адам; ол әрқашан барлық жерде шындық пен әділеттілік жағында; ол адамгершілік, адамдықтың эталоны ретінде әрі өз қызметі барысында барлық осы сапаларды көрсетеді.

Көрсетілген қасиеттерге ие адамдарды тәрбиелеу жастарды неге, не үшін және қалай оқыту керектігін анықтауды талап етеді,



әрі ол механикалық түрде емес, сыни ойлауға, зияткерлік белсенділікті арттыруға негізделеді.

Оқыту теорияларының ішінде сындарлы оқыту өмірлік маңызы бар ең пайдалы теория болып табылады. Сындарлы оқыту өз маңызы бойынша білімді құру жаңа идеяларды бар біліммен синтездеуге негізделетін, білім алушылардың белсенді өмірлік тәжірибесі негізінде пайда болатын теориялар тобына кіреді.

Сындарлылық «білім құрылымдалады, ашылады, құрылады» ұғымдарына негізделеді; ол өзінің негізі ретінде білім мен оқып білу табиғаты туралы философиялық ойлардың жүйесін – эпистемологияны санайды.

Сындарлылық алдыңғы жоспарға білім пассивті әдіспен алынбайды, білім алушылар оқыту үдерісінде белсенді болулары тиіс деген өзінің негізгі принципін шығарады. Сондықтан білім алушыларға, өз жастарына сәйкес, олар оқыту үдерісіне белсенді қатысулары үшін, дербестік берілуі керек. Оқып білу, жігерлі акт ретінде, келесі үдерістен тұрады: иелену (ассимиляция), бейімделу (аккомодация), реттелу (эквilibация) және тиісті даму кезеңдерінен өтеді. Бұл жағдайда оқып білудің қандай да бір формасына (ассимиляция, аккомодация, эквilibация) дайын болу білім алушылардың интеллектуальды дамуының кезеңіне байланысты.

XXI ғасыр зияткерлік, жасампаздық және толеранттылық ғасыры ретінде сипатталады. Тұлғаның жасампаздық зияткерлігін, ынтымақтастығын, дербестігін дамыту қоғамның демократиялануына, тұлғаның дамуына және оның азамат ретінде қалыптасу деңгейіне байланысты.

Когнитивті сындарлы оқыту барысында интеллектуальды операциялар көмегімен білім алушылар бұрын алған білімдеріне сүйене отырып, еркін қозғалады, тұтастылық желісінде «жаңа білімдер» жүйесін құрады. Осылайша, сындарлы оқыту операциялық - шығармашылық сипатқа ие.

Білім алушылар оқулықтан, өзге де білім алушылардан және басқа дерек көздерінен алынған ақпараттармен логикалық әрекеттер жасай отырып, өзіндік ішкі түйсік, ұғыну мен игеру қабілеттілігі есебінен жекеден жалпыға немесе жалпыдан жекеге қарай бағытталған жаңа білімді қалыптастырады.

Яғни, басты идеясы білім алушыға білімді дайын түрінде беру болып табылмайтын сындарлылық педагогикалық философияның негізінде болады.

Сондықтан білім беру үдерісі барысында білім алушылардың өз білімдерін жобалауын және өзіндік дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жағдай жасалуы тиіс. Сонымен қатар, жалпы көзқарастар тұрғысынан, сындарлылықты өз түсінігімізде қоршаған ортаны өміріміздің барысында құрылымдау ретінде түсінуіміз керек. Міне, сондықтан да, әрбір білім алушының әлемді ұғынуы өзіндік көзқарас, идеялар мен сенімдеріне байланысты өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді.

Сындарлы оқыту ақиқаттың өзін емес, сол ақиқатқа барар бағыттағы қозғалысты көрсетеді. Ж.Пиаже «Жаңа ғылыми білімге ие болу статистикалық сипаттағы жағдай емес, бұл үздіксіз құрылымдау және қайтадан өзін - өзі жетілдіру (қайта құру)» деп жазды.

Білім беру тұжырымдамасына жиі өзгертін және ақпараттық қоғамда жаһандастыруға ұшырайтын оқу үдерісін ұйымдастыру ретінде, динамикалық қозғалыстағы жаңа стратегиялар мен оқыту технологияларын сындарлы іздестіру ретінде қарау керек. Зерттеулер, осы себептер бойынша оқыту үдерісінде сындарлы тәсілді пайдалануға қызығушылықтың қазіргі таңда ерекше артқанын көрсетеді:

Бірінші кезекте сындарлы оқыту жүйесі алдыңғы қатарлы жүйе. Мысалы, егер қандай да бір образ туралы алғашқы мәліметтерден алшақ кетушілік орын алса, онда әрекет ету схемасы, ойлау образы әрі пікірдің өзі де өзгереді. Жаңа ойлау образын қалыптастыруда қоғам жеке тұлғадан жоғары еркіндікті, жауаптылықты және креативтілікті талап етеді.

Сындарлы оқыту өзінің ықпал ету сферасында өзін-өзі реттеу (өзіндік таным) үдерісін қамтиды. Оқу үдерісі түрлі педагогикалық мәселелерді шешуде өзара байланыста болғандықтан, оны алдын-ала анықтау, оқыту және әлдеқашан кездескен тапсырмалармен салыстыру оқыту үдерісінің өзі үшін үлкен маңызға ие.

Білім алушылар мен оқытушылар арасында жаңа сындарлы өзара қатынастарды (интербелсенді формада) қалыптастыру, жалпы әрекет үдерісінде шешуші маңызға ие болады.



2 – кесте. Сындарлы оқыту мен дәстүрлі оқытудың ерекшеліктері

р/с	Дәстүрлі оқыту	Сындарлы оқыту
1	Оқу жоспарлары «жекеден жалпыға қарай» принципі бойынша базалық білімдер мен дағдыларға сүйеніп құрастырылған.	Оқу жоспарлары «жалпыдан жекеге қарай» принципі бойынша жинақталған ұғымдар мен қабілеттерге сүйеніп құрастырылған.
2	Оқытушы жаңа оқу материалын әдістемелер, дидактикалық материалдар көмегімен жеткізеді	Оқытушы, бірінші кезекте, оқу - танымдық және зерттеу қызметін ұйымдастырушы ретінде, өз білімі мен сенімдерін білім алушыларға мүлде мәжбүрлемей береді.
3	Оқу бағдарламасы мен оқу үдерісі өмірге тек оқулықтармен және оқу құралдарымен ұсынылған ұсыныстарға сүйеніп ендіріледі.	Оқулық оқытуға арналған ақпарат көздері арасында басты жағдайға ие құрал ретінде қарастырылмайды. Артықшылық шынайы шындықты көрсететін өзге дерек көздеріне, оқиғаларға беріледі.
4	Білім алушылар оқытушылардан дайын білімді алады.	Білім алушылар, қоршаған ортаға деген өзіндік түсініктері мен көзқарастары бар оқу - білім алу үдерісінің тең құқықты қатысушылары болып табылады.
5	Мұғалім білім алушылардың оқу - интеллектуальдық қызметінің тиімділігін белгілі оқиғаларға берілген дұрыс жауаптар саны бойынша бағалайды.	Оқытушы білім алушылардың еркіндігін, кейде дұрыс емес, бірақ батыл пікірлерін, саналы әңгіме құруға бағытталған «ақылды» сұрақтарын бөліп көрсетеді және бағалайды.
6	Бақылау жұмыстары мен тест нәтижелері білім алушылардың білім деңгейі мен қабілеттерін анықтау үшін жалғыз ақпарат көзі ретінде қабылданады.	Бағалауға білім алушылардың жаңа білімді құрылымдауда айқындалған, оқу үдерісіндегі табыстылығы, барлық жетістіктері, тырысулары жатады.
7	Білім алушылардың жетістіктерін бақылау және оны бағалау оқу үдерісінен бөлек жүргізіледі.	Білім алушылардың жетістіктерін бақылау және оны бағалау оқу үдерісінің шынайы барысы жағдайында жүргізіледі.
8	Сыныпта негізінен жалпы жұмыстар жүргізіледі, ал үйде білім алушы жеке жұмыс жасайды.	Сыныпта үй жұмысын орындау барысында білім алушылар шағын топ болып, командада немесе жұпта жұмыс жасайды.

Бұл жағдайда сындарлы ойлаумен кәсіби сындарлы қабілеттер білім алушылар мен оқытушылардың қарама – қарсы қатынастарын (өзара қатынастарын) реттеу құралына айналады.

Сындарлы оқытуды қолдану оқу әрекетін және үдерісті құрылымдауды терең түсіну үшін шешуші маңызға ие. Бұның барлығы өз кезегінде мұғалімге оқу материалын іріктеуде, оқу үдерісін ұйымдастыруда, білім алушыларды басқаруды түзетуде және т.с.с. үлкен көмек көрсетеді. Сонымен бірге оқытушыға жоспарланған материалдарды оқып, үйренуге, алдына қойған мақсаттарына жету үшін әрекет алгоритмін құрылымдауға көмектеседі.

Сындарлы оқыту, сондай-ақ, шығармашылық ортаны қалыптастыруда ерекше рөл атақарады. Заманауи әлемде әр адамның алдында шығармашылық үдеріске енуі үшін үлкен мүмкіндіктер ашылған. Шығармашылықпен байланысты сындарлылық ғылыми мәліметтердің жиынтығы, өнертапқыштыққа деген белсенділік, жаңа технологиялық міндеттерді шешу ретінде түсіндіріледі. Кәсіби сындарлы шығармашылық әрқайсымыздан жаңа сапаларды талап етеді: жаңа бастамаларға деген қажеттілік; басқалар көріп, біле алмайтын мәселелерді ұғыну, түсіну; баламаларды іріктеу және түсіну қабілеті; алғашқы қадамнан анықтау қиын өндірістің жаңа қырларын айқындау; қиындықтарды тез жеңе білу қабілеті; жалпы қабылданған ақиқатқа (ережелерге) және жаңа бастамаларға сыни қарау қабілеті; интербелсенді сындарлы технологиялармен, компьютерлік құралдармен және т.с.с. жұмыс жасауға мүмкіндік беретін сапалар жиынтығы.

Осылайша, сындарлы оқыту тұлғаның дамуы мен өзін - өзі жетілдірілуіне бағытталған ең қысқа әрі ізгілікті жол. Заманауи білім беру жүйесінің негізгі стратегиялық мақсаты жоғары ғылыми қабілетті тұлғаны дайындау болып табылатындықтан, адамдардың өз қызметін құрылымдау қабілеті басты назарда болуы тиіс.

Сындарлы оқытудың дәстүрлі оқытулардан артықшылығын салыстырып көру үшін, төмендегі кестені қарастырайық.

Кестеден көрініп тұрғандай, сындарлы оқыту білім алушылардың интеллектуальдық қызметінің нәтижесінде жеткен, қазіргі кезде қол жеткізіп жатқан және болашақта жететін жаңа білімдерінің тұтастығын қамтамсыз етеді.



Білім алушылар мұндай үдерісте өз қажеттіліктері мен интеллектуальдылық деңгейіне қарай, логикалық операциялар жүргізе отырып, шығармашылық әрекеттер арқылы жаңа білімді алады.

Сындарлы оқытуда жеке тұлға өзі алған білімдерін қоғамның белгілі білімдерімен байланыстырады және оны негіздей отырып, өзінің адамгершілігін байытады, өзі дами отырып, жаңа білімді алады. Мұндай білімге жол мәнін түсіну арқылы өтіп, жаңа білімді құрумен, құрылымдаумен аяқталады.

Өмірде сындарлы оқыту ортасын құру сындарлы оқыту жүйесі аясында жүргізіледі. Сындарлы оқыту жүйесі екі жүйе бөлігінен тұрады: сындарлы өздігінен білім алу (немесе дәстүрлі) және инновациялық формалар аясындағы бірігуді қамтамасыз ететін оқыту.

Сындарлы оқыту — бұл арнайы ерекше дәрежедегі тұлғаны дамыту мен қалыптастыруға бағытталған оқытудағы түрлі тәсілдерді кіріктіруші. Сындарлы тұлға — бұл сындарлы дағдыларға, сындарлы ойлауға ие шығармашылық тұлға.

Сындарлы ойлау — бұл нақты мәселені, оның тұрақтылығымен байланысты параметрлерді анықтау жолымен шешуге бағытталған ойлау. Ол шығармашылық пен түйсіктен (шындықты, болмысты тәжірибенің немесе логикалық қорытындылардың көмегімен емес, нақты бақылау арқылы түсіну) бөлінбейді, бұл жерде құраушы, практикалық және көркем - технологиялық ойлау бөлінбейтін өзара байланыста. Сындарлылықтың дамуы көптеген мәселелермен түйісіп қалатынын атап өту керек. Оларды келесі әдіспен топтастыруға болады: заңдарды оқып үйрену деңгейі; түрлі материалдарды қолдану қасиеттерімен және салаларымен таныстық; түрлі технологиялық міндеттерді шешу қабілеттілігі; нақты проблеманы шешу үшін түрлі құралдарды қолдану; түрлі сипаттағы модельдерді құру қабілеті мен оны тиімді пайдалану мүмкіндіктері; түрлі процестердің параметрлерін заңдар мен заңдылықтарды айқындау жолымен анықтау.

Сындарлы ойлауға ие адам, туындаған проблеманы шешуге, жағдайды талап етілген деңгейге сай өзгертуге немесе нақты әрекет жасай отырып, нақты жағдайда туындаған проблеманы бейтараптандыру үшін дұрыс шешім қабылдауға қабілетті.

Неміс философы Б.Бассен, сындарлылықты жан-жақты зерттей

келе, сындарлы ұстанымды төмендегідей тұжырымдады: «Адам — бұл ақиқатты мақсатты бағытталған түрде құрылымдайтын тіршілік иесі (тірі тіршілік иесі)». Сондықтан:

*құрастыру* - мақсатты түрде мәселенің барлық егжей-тегжейін білу, оларды ажырату және анықтауды білдіреді. Сингулярлы, байланыссыз және оқшауланған үдерістерді құрылымдауға болмайды;

*құрылымдау* — когерентті (байланысты) және салыстырмалы әлемді тануға мүмкіндік береді. Сындарлы ақиқат оқшауланған формада өмір сүрмейді және сүре алмайды, өйткені ол когерентті. Біз, ішкі құрылымы күрделі және сырттай шексіз өзгертін (метаморфоза — түр өзгеріс, белгілі заңдылықпен бір түрден екінші түрге ауысу) әлемде өмір сүрудеміз. Сындарлы оқыту әдіснамасын пайдалану күрделі ішкі құрылымға ие проблеманы, оның ішінде оқу-тәрбие үдерісінде туындайтын проблемаларды тиімді шешуде үлкен мүмкіндіктер береді.

*құрылымдау* — шексіз және рекурсивті (рекурсия - зерттеліп отырған нысан, жеке элементтер туралы бұрыннан белгілі арнайы білімдер негізінде, нысанның өзі туралы білімдердің қорытынды жүйесін анықтайтын жалпы ережелер жүйесі) үдеріс, ол өзіне уақыттың үш өлшемін: өткен, осы, келер шақты (өткен шақ — тәжірибеге сүйену, ол құрылымдалып, осы шаққа жақындайды және болашаққа жобаланады) біріктіреді.

Құрылымдаушы үдеріс және осы құрылымдаушы үдеріске тұтастық пен үздіксіздік беруші адам бір бүтінді құрайды. Құрылымдау, ақиқатты кез - келген процеске қатысты тудыру және алдын - ала түрлі элементтер жайлы белгіленген білімді талдау арқылы, оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Құрылымдау үздіксіз және мерзімді үдерістің себебін тудырады. Басқаша айтсақ, құрылымдау ақиқатқа үздіксіздік пен когерентті тұтастықты әкелетін процесс.

Құрылымдау — бұл болашақта түйсіну, түсіну нәтижелерін ұғыну мақсатында өмірде іске асырылатын, тұлғаның жеке және заңдастырылған үдерісі.

Зерттеулер, қоғамда азаматтық қарым - қатынастарды орнықтыру және қоғамды демократияландыру тұлғаның даму деңгейіне, қоғамда болып жатқан жағдайларды түсіну деңгейіне байланысты екендігін көрсетті. Тек, ақылмен, яғни белсенді және



енжар есте сақтаумен ғана барлық талап етілетін ақпаратпен жұмысты орындау мүмкін емес. Сондықтан ойлау қызметіне кеңірек мүмкіндіктер беру керек. Тәжірибе, дәстүрлі білім беру жүйесі аясында жүргізілетін оқу - білім беру үдерісі барысында ойлау ресурстарының тек 2 - 3 % ғана пайдаланылатынын көрсетті.

Естің әрекетін оқу - білім беру үдерісінде алдыңғы қатарға шығару, оның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану, оқытуды сапалы өзгертіп, оны бәріне қолжетімді етеді.

Сындарлы оқытудың негізгі принциптерін келесі түрде топтастыруға болады:

зияткерлік қабілеттерін мақсатты бағытталған дамыту, өздігінен білім алу, ізгіліктендіру, кіріктіру және білімді өмірмен байланыстыру жолымен ойлауды дамыту;

- оқыту тәрбиелеуші және дамытушы сипатқа ие;
- кооперативтік және жеке әрекетті үйлестіру;
- мақсатқа бағытталған оқытудың әдіс, формалары және тәсілдері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету;

Оқу - білім беру үдерісінде ынтымақтастықтың, шығармашылықтың дамуына ықпал ететін, авторитарлық қарым - қатынастарды және тұлғаға себепсіз талап қоюшылықты болғызбайтын ортаны құру.

Сындарлы оқытудың педагогикалық мәні мен маңызы білім алушының пассивті тындаушыдан өзінің білім әлемін қалыптастырушы ұстанымына ауысуымен анықталады. Бұл ауысу білім алушының шынайы мүмкіндіктерін ескере отырып мұғалімнің көмегімен жүзеге асады. Бұның барлығы білім алушының, сондай - ақ оқытушының дамуын қамтамасыз ететін, оқу үдерісінде және тиімді тәртіптегі жұмыста жетістікке жету үшін мол мүмкіндіктер береді.

Сонымен, сындарлы оқытуда білімді қалыптастыру үш кезеңмен жүреді:

- интуициялық (ішкі түйсікпен сезіну);
- нақты (ашық, айқын);
- формальды (формальды - логикалық).

Сындарлы оқытуда сабақтар білімді, қабілеттерді және дағдыларды бірлестіру жағдайында екі бағытта жобаланады: әлеуметтік және ойлағыштық. Ойлағыштық және

кооперативтік құрылымдар изоморфты формадағы білім алушының интеллектісінің даму деңгейін ескере отырып құрылады. Бұндай құрылым әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескереді және білім алушының интеллектуальдық қабілеттерін ескере отырып іске асырылады; әлеуметтік және ойлағыштық жоспардағы оқытушының рөлі ұйымдастырушылық және жобалаушылық жұмыс, әрі оқытушы медиатордың (медиатор бейтарап, тәуелсіз адам болып табылады және дау, жанжал туғанда тараптарға көмек көрсетеді) функциясын орындайды.

Сондықтан, сындарлы оқыту жүйесін қолдану жетекші орында болуы тиіс, өйткені ол сапа көрсеткіштерін арттырып, білім беру ұйымдарын ойлау мен зияткерлік мектептеріне айналдырады.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Сындарлы оқытудың негізгі мәні деп нені ойлайсыз
2. Қиын идеяларды түсіну дегенді қалай түсінесіз
3. Сындарлы ойлаудың қалыптасу деңгейлерін атаңыз
4. Конструктивтік білімнің ерекшелігін көрсетіңіз



### 3. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

#### 3.1. Білім беру жүйесінде қолданылатын электрондық ресурстардың түрлері

Орта білім беру мекемелерінде физиканы оқытуда түрлі компьютерлік құралдарды объект және оқу құралы ретінде қолдану қажеттілігі туындап отыр. Ақпараттандыру құралдарының сапасынан физиканы оқытудың тиімділігі тәуелді болады.

Білім берудің электрондық ресурстарды қолданып жүзеге асырылуы оқыту әдістемесінде ерекше рөл атқарады. Ақпараттық материалдардың, оларды жүзеге асыруда қажетті техникалық құралдармен байланысты екендігін түсіну керек. Магнитофон мен кассета, проектор мен слайдтар жиыны білім беруде бұрыннан қолданылып келе жатыр.

Өткен ғасырдың соңында әрбір оқытушы техникалық оқыту құралдары жайлы кішкене болса да, хабардар болатын. Бірақ, бұл құралдар оқушыларға физика пәнін оқытуда толық қолданылмағандығы байқалып отыр.

Сондықтан бүгінгі күні білім беру үрдісінде компьютерді қажет ететін электрондық ресурстар қолданылады. *Электрондық ресурстар немесе басылымдар* деп материалдық тасымалдағыштарда: дискетада, оптикалық компакт-дискілерде (CD-ROM, DVD) орналасқан өнімді айтады. Оларды кітаптар сияқты қолда ұстауға да болады, ол өнімдерді тарату үшін физикалық тираждау керек.

Жазудың магнитті әдісі ретінде қолданылатын дискеталар бірте-бірте қолданыстан кетіп қалды. Оларда сақталатын жаңа ақпараттардың көлеміне дискетаның сақтау қасиеті (1,4 Мбайт) аз. Оларды оптикалық компакт-дискілерде CD-ROM (Compact Disk-Read Only Memory – 700 Мбайт) және DVD (Digital Versatile Disk – 3 – 9 Гбайт) тасымалдайды.

Республиканың орта білім беру мекемелерінде бүгінгі күні оқу материалдарының үш тобы қолданылады – баспа, аудиовизуалды (техникалық оқыту құралдары тобы) және компьютерде жүргізілетін электрондық ресурстар. Осымен байланысты, кітаптың қолданылып келе жатқанына 500 жыл, техникалық оқыту

құралдарына шамамен 50 жыл, ал электрондық ресурстарға – 7-8 жыл (Қазақстанда).

Кітап барлық ұрпақтарға белгілі, жұмыста, білім алуға қолдануға ыңғайлы. Оның қасиеті қолдану қарапайымдылығында болып отыр. Компьютерлік оқыту құралдары білім алушыға аудиовизуалды ақпаратты ұсынады. Электрондық оқу ресурстары да ақпараттық қолдауды, яғни компьютерді қажет етеде. XX ғасырдың 80-жылдары компьютер тек символдық (әріптер, сандар) ақпаратты ғана емес, аудиовизуалды ақпаратпен жұмыс істеуді үйретті және сонымен қатар видеокатар мен дыбыстық қатарларды сандық түрде кодтауды үйретті. Осының нәтижесінде, бүгінгі күні белгілі кез-келген ақпаратты бірыңғай сандық кодта сақтау мүмкін болды.

Ақпаратты көрсетудің барлық түрлері қосылған, бір тасымалдағышта ақпараттық өнімнің болуын білдіретін, «мультимедия» деген термин пайда болды. Бұл ресурс барлығына бірдей құрылғы ретінде компьютерде көрсетілді.

Электрондық ресурстарды қолданып оқыту жаңа педагогикалық технологияның бір түрі болып табылады, ол педагогиканың негізгі заңдарына бағынады және білім берудің дәстүрлі дидактикалық ерекшеліктерін ұстанады.

Білім алушыларға сапалы білім беріп, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі құралы электрондық ресурстар болып табылады. Мұндай құралдар бірден бірнеше ақпараттық технологияларды қолдану негізінде іске асады. Соңғы уақытта Интернет әлемдік желілік құрылымына қолданушылардың белсенді қосылуы жүріп жатыр. Әлемдік инфрақұрылымды өзгерткен техникалық жаңалық гипермәтіннің жасалуы болды. Гипермәтін немесе гипермәтіндік құжат басқа құжаттарға сілтеме бола алады, таңдалған жүйелілік ізімен мәтін элементін қолдана отырып, басқа құжатқа өте алады. Гипермәтіннің әрі қарай дамуы *гипермедия* болып табылады, яғни гипермәтін мен мультимедияның қосылысы, мәтінге график, дыбыстық қосылыс, бейнефрагменттер қосылған орта. Осы орталарда беттер арасында бір-біріне өту мәтіндер арқылы емес, бейнелер арқылы жүргізіледі.

Гипермәтін мен гипермедияның мүмкіндіктері электрондық ресурстар жасауда тиімді қолданылып келеді. Гипермәтіндік басылымдардың көптеген түрлері бар. Олардың бір бөлігі – білім



беру мақсатында қолданылатын қағаз басылымдардың дубликаты болып табылады. World Wide Web (WWW) –Интернет желісі арқылы ақпаратты қабылдауды жеңілдететін мәтін, графикалық иллюстрация, дыбыстық фрагменттер және анимациялар біріктірілген құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін технологиялар. Жалпы алғанда, WWW Интернет желісі қызмет ететін коммуникациялық негіз, ауқымды гипермәтіндік орта деп айтуға болады.

Жаңа компьютерлік коммуникацияларды орта білім беру саласында нақты қолдануды қамтамасыз етуге арналған сипаттамалары бар. Олардың көмегімен, барынша үлкен қашықтыққа ақпараттың кез-келген көлемін жедел беруге, үлкен көлемді ақпараттарды компьютердің жадында оларды кез-келген уақытта қағазға шығарып алу мүмкіндігімен, ұзақ уақытқа сақтауға, интерактивтік байланыс көмегімен жедел кері байланыс орнатуға, Интернет желісінде түрлі ақпарат көздеріне еркін түрде қол жеткізуге болады. Білім беруде Интернет желісінде электрондық пошта, телеконференция, электрондық оқулықтар, электрондық кітапханалар, WWW де ақпарат іздеу сияқты мүмкіндіктері кең қолданылып жүр.

*Электрондық пошта* жаңа телекоммуникациялық құралдардың негізгі компоненті болып табылады. Электрондық пошта көмегімен берілген кез-келген қашықтықтағы мекен-жайға ақпараттың барлық түрлерін жіберуге болады. Оны жүзеге асыру үшін локальды компьютерлік желілерді немесе дәстүрлі телефон желісін қолдануға болады.

Білім беру саласында электрондық пошта көмегімен бір мақсатта білім алатын түрлі топтардың өзара байланысы жүзеге асырылу үстінде. Олар Қазақстанның әртүрлі аймағында немесе әлемнің түрлі елдерінде отырып, оқу, іздеу немесе зерттеу сипаатындағы өзіндік жұмыстарын жүргізе алады.

Телекоммуникациялық қатынастың тағы бір түрі *телеконференция* болып табылады. Телеконференциялар екі түрлі әдіспен ұйымдастырылуы мүмкін. Бірінші әдісі электрондық поштаға негізделген және offline режимінде жұмыс істейді. Екінші әдіс Web серверге негізделген және online режимінде жұмыс істейді. Web серверде хабарландырудың электронды тақтасы деп аталатын арнайы орын болады. Бұл тақтаға қатысушылардың ойын

тындайтын және мәселені талқылауға өздері де қатысатын қосылушылардың кез-келген саны бір мезгілде қосыла алады.

Әлемдік гипермәтіндік орта (WWW) көмегімен білім беру мекемелері өз қызметтері жайлы ақпараттарды жариялай алатын, WEB-беттер құру арқылы практикалық, ғылыми, әлеуметтік потенциалдарын жариялау мүмкіндіктеріне ие бола алады. WEB-беттер көмегімен қажетті ақпаратты іздестіруді жүргізуге болады. WEB-технологиялар Интернет желісінің кез-келген ресурстарына жеңіл қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сірә қазір, интернет ауқымды желісінде табу мүмкін емес ақпарат жоқ шығар. Интернет өзінің көлемдері мен мүмкіндіктері жөнінен бірегей мәліметтер қоймасы болып табылады. Мұнда әлемдегі бар нәрсе туралы ақпараттың өте көп түрі сақталады. Сол сияқты, желіде білім беруде пайдалануға болатын интернет ресурстардың үлкен көлемі бар. Бұл сайттар интернетте үлкен сұранысқа ие. Білім беруде интернет ресурстары өте жиі қолданылады. Тіпті интернетті ақпарат көзі ретінде білім алушылар мен білім алушылар де қолданады. Интернет ресурстардың көп бөлігі тек қана мектеп бағдарламасына арналған.

Алайда білім берудегі интернет ресурстары – не туралы болмасын ақпаратты сақтайтын немесе дайын жұмыстарға арналған сайттар ғана емес. Жыл санап интернетте әртүрлі орта білім беру мекемелерінің білім беру ресурстарының көптеген саны шыға бастады. Бұл дегеніміз әртүрлі оқу пәндері бойынша кеңейтілген ақпаратты сақтайтын білім беру сайттары болуы мүмкін. Бірақ, сондай-ақ интернетте қашықтан білім беру жүйелері де берілген. Олар басқа қалаларда, тіпті басқа мемлекетте өмір сүрсе де осындай интернет ресурстар көмегімен білім ала алады, өйткені ауқымды компьютерлік желінің мүмкіндіктері шексіз. Бертінге дейін біздің елімізде интернет шын мәнінде қол жеткізу қиын байлық қатарында болды, оны кез-келген адам өзіне қолдана алмайтын еді. Және бұл жерде мәселе қаржы жағында ғана емес, әрине қаржының да маңызы жоқ деуге болмайды, бірақ таза техникалық жағынан алғанда адамдар интернетке барлық жерде қосыла алмайтын. Ауқымды желі жұмысы тек қана ірі қалаларда ғана іске татырлық болатын. Алайда соңғы кездерде жағдай түп-тамырымен өзгерді. Сөйтіп, қазір интернет әрбір үйде бар деуге болады және өте көптеген адамдар интернет ресурстарды өздерінің білім алуына пайдалана алады.



Интернет мектептегі білім беру мен жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін бірегей мүмкіндіктерді ұсынады. Ол білім беру ақпаратының таусылмайтын массиві ғана емес, сонымен бірге оны іздеу, өңдеу, қою құралы қызметін де атқарады. Интернет білім алушының шығармашылық жағынан өзін-өзі шыңдауын, оның екпінді интеллектуалды және коммуникативті еңбегінің керемет көзі болып табылады, соның нәтижесінде білім алушыда қажетті білімдер, біліктілікпен дағдыға ие болу мүмкіндігі пайда болады. Қазіргі уақытта Интернетте мектептегі білім беру мақсаттарындағы ресурстарды жасау және бір жүйеге келтіру үдерісі қызу жүріп жатыр. Білім беру веб-сайттары жаңа білім беру ақпараттық технологияларының маңызды элементі бола бастағандықтан, пән мұғалімдері мен әдіскерлерді Желінің дидактикалық потенциалымен, мұндай сайттардың білім алушыларды тәрбиелеу мен білім беру мақсаттарында бере алатын мүмкіндіктерімен таныстыру маңызды. Білім беру ресурстарының әртүрлі классификациясы бар.

Электронды білім беру ресурстарын олардың білім беру үдерісінде қолданылу белгілері бойынша классификациялау (әрине, бұл классификация интернет-ресурстарына да тиесілі) неғұрлым ұтымды.

*Білім алушылардың өздік жұмыстары ресурсы.* Бұл категория ресурстарына қойылатын талаптар: континенттің жас ерекшеліктерін есепке алатын мазмұндау қарапайымдылығы, жоғары көрнекілік, оқыту бағдарламасына сәйкестік, білім алушыға оқыту нәтижесін дұрыс бағалауға және ары қарайғы сабақтарды ұйымдастыру жөнінде ұсыныс алуға мүмкіндік беретін, білімін бақылау жүйесінің болуы.

*Мұғалімнің сабаққа дайындалуына арналған ресурстар.* Бұл категорияны тағы да екі категорияға бөлуге болады: көрнекі материалдарды іріктеуге арналған және әдістемелік ресурстар. Ресурстардың бұл түріне қойылатын негізгі талаптар ондағы бар ақпараттың шынайы және мол болуы болып табылады.

*Мұғалімнің өз білімін көтеру ресурсы.* Ресурстардың бұл категориясына әртүрлі қашықтан оқыту сайттарын, сондай-ақ институттар мен қоғамдар т.б. сайттарын жатқызуға болады. Сабақта практикалық жұмысты ұйымдастыруға арналған ресурс. Мұнда виртуалды эксперименттерді, лабораториялық жұмыстарды

т.с.с. өткізу үшін мультимедиялық технологиялар мен интернетті қолдануға мүмкіндік беретін ресурстар жатады.

*Пән бойынша сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру ресурсы.* Бұл әртүрлі интербелсенді викториналар, конкурстары бар, сондай-ақ қызықты тәжірибелерді ұйымдастыру бойынша материалдар т.б. орналастырылған сайттар.

Қазіргі уақытта интернет-ресурстарды оқу үдерісінде пайдаланудың әдістері мен формалары жасалу үстінде. Әртүрлі пәндер бойынша оқу үдерісінде интернет ресурстарды қолдану бойынша «Интернет-білім беру сұрақтары (<http://center.fio.ru/vio>)» электронды журналынан табуға болады.

Электронды журналдар мен қашықтан оқыту курстарында интернет-ресурстарды қолдану арқылы өткізілетін презентация-сабақтар, зерттеу сабақтары, виртуалды эксперимент, лабораториялық сабақ, тақырыптық жоба, электронды викторина, білім бақылау, факультатив, желілік жоба, жекелеп оқыту, қосымша сабақ сияқты сабақтар түрлері ұсынылады.

Әрине басқа да формалар болуы мүмкін, мысалы, «виртуалды экскурсия», желілік ойын, пресс-конференция, шығармашылық есеп-сабақ, қашықтық олимпиадалар, телекоммуникациялық жобалар және басқалар.

Интернет ресурстары мұғалімдер үшін өзінің квалификациясын көтеру мақсатында қолданылуы мүмкін (желілік әдістемелік бірлестіктер, виртуалды педагогикалық кеңестер, қашықтан оқыту, желілік жобаларға қатысу т.б.) Қашықтан оқыту курстарында білім беру интернет-ресурстарын келесі түрде пайдалануға кеңес береді:

- сабақтарға дайындық жүргізуде, яғни, қажетті дидактикалық материалдарды ары қарай offline режиміндегі сабақтарда пайдалана алатындай жинақтау;
- желіден компьютерлік оқыту және модельдеуші бағдарламаларды ары қарай сабақта қолдану үшін көшіріп алу;
- желі ресурстарын пайдалану арқылы online режимінде сабақ өткізу, мысалға анимациялар, апплеттер немесе интербелсенді виртуалды лабораториялар пайдалану арқылы сабақ өткізу;
- оқыту мен білім деңгейін тексеруді қашықтан оқыту сабақтары мен тесттері арқылы ұйымдастыру;
- білім алушыларды үй тапсырмасын орындау үшін желінің білім беру ресурстарына бағыттау;



- білім алушылармен сыныптан тыс жұмыстарда интернет-ресурстарды пайдалану, мысалы, жоба құруда; білім алушылардың қашықтық олимпиадалар мен викториналарға қатысуын ұйымдастыру;

- ауқымды желінің ресурстарын әртүрлі телеконференциялар мен виртуалды педагогикалық кеңестерге қатысу арқылы немесе чаттарда және электрондық почта арқылы әріптестермен пікір алмасып, сондай-ақ әдістемелік бірлестіктер сайттарында орналасқан көптеген материалды оқып-үйрену арқылы өзіндік кәсіптік деңгейді көтеру үшін пайдалану.

*Жалпы ақпараттық білім беру мен интернет-ресурстарды оқу үдерісінде қолданудан күтілетін нәтижелер:*

- білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі;

- түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі аймақ өкілдеріне білім алу мүмкіндігінің тең дәрежеде болуы;

- үздіксіз білім беру жүйесін қолдау;

- білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру;

- мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі үшін компьютерлік технологияны қолдану арқылы ақпаратты сақтау және өңдеу жұмысының тиімділігінің артуы;

- оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық үдерісті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;

- педагогтар мен білім алушылардың ХХІ ғасырдың ақпараттық технологиясына инновациялық және базалық дайын болуы;

- білім алушылардың оқу материалын көрнекі мультимедиялық құралдарды қолдану арқылы жақсы меңгеруі;

- ақпарат ресурстарына локальді желі немесе Интернет арқылы шығуы ХХІ ғасырдың медиасауаттылық, сын және жүйелі ойлау, шығармашылық міндеттерді шешуге қабілеттілігі, командада жұмыс жасай білу, дербестік, терең ойлай білу, азаматтық сананың болуы сияқты қасиеттерден тұратын сапасы мен білігінің даму деңгейі;

- әлемдік білім беру кеңістігінде кіріктірілу;

- халықтың оқу мекемелері ұсынған білім беру қызметінің кешенімен қамтамасыз етілуі;

- педагогтер мен білім алушылардың оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының, оқу әдістемелік кешенмен және т.б. еркін таңдауының қамтамасыз етілуі;

- оқытушылар мен білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекет мотивациясының, қарым-қатынас мотивациясының, қол жеткізу мотивациясының жоғары деңгейі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша барлық орта білім беретін мекемелерде Bilimland электрондық сайты пайдалану қажеттілігі көрсетілген.

*Bilimland.kz жобасы* технологиялық даму ұлттық агенттігінің қаржылай қолдауы негізінде дайындалып, алғашқы сатылымдары 2013 жылы басталды. Білім беру платформаларының алғашқы тұтынушысы Назарбаев Зияткерлік мектептері болды. 2015 жылы қосылған мектептер саны 300-ден астам болса, ал 2016 жылдан бастап Қазақстанның барлық орта білім беретін мекемелері (мектептер) пайдалануда (2-сурет).



2-сурет Bilimland.kz білім платформасы

Мектеп бағдарламасының негізінде жасалған ресурстар мұғалімдерге таптырмас көмекші және білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін қызықты оқыту құралы болып табылады. Мұғалім іздеу жүйесін немесе құрылымдық картаны пайдалана отырып, мектеп бағдарламасы бойынша өздерін қызықтырған кез келген тақырыпты таба алады. Bilimland.kz ресурстарын сыныпта қолдану әдісі мен тәжірибесі мұғалімнің шығармашылық қабілетіне байланысты.

Bilimland сабақтары жаңа тақырыпты түсіндіру барысында презентациялық материал ретінде, тақырыпты қорытындылау



барысында тәжірибелік тапсырма ретінде немесе өткен тақырыптарды қайталау барысында қызықты көрнекті материал ретінде қолданыла алады. Білім алушылар Bilimland.kz ресурстарының көмегімен сыныпқа келмей тұрып жаңа тақырыппен өз беттерінше танысады, ал мұғалім сыныпта уақытының көп бөлігін жаңа тақырыпты түсіндіруге емес, оны талқылауға бөледі.

Bilimland.kz ресурстары мазмұны жағынан мектеп оқулықтарына қарағанда едәуір кең, дегенмен қағаз түріндегі оқу құралдары мен оқулықтарға балама болып саналмайды. Bilimland ресурстары – дәстүрлі оқыту тәжірибесін толықтыруға және кеңейтуге арналған дербес оқу кешені. Электронды оқыту ресурстарының артықшылығы – олар әрдайым жаңарып отырады. Әдіскер және пән мұғалімдерінен құралған топ – оқыту ресурстарын мазмұны жағынан қызықты әрі бірегей етіп жасау үшін әрдайым шығармашылық ізденіс үстінде болады.


Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен типтік оқу жоспарлары жиі өзгеріп отырғандықтан, ресурстарды жасау барысында аталған стандарт, жоспарларға сүйеніп отыр. Білім алу-сан қилы әрекет түрін қамтитын аса күрделі әрі үздіксіз үдеріс. Оған қатысатын әр адамның өз қабілеті, өз ырғағы мен талғамы бар. Сондықтан да білім алу әр адам үшін ерекше үдеріс болып табылады.

Технологиялардың қарқынды дамуы, жаңа ұғымдар, бағыттар, техникалық құралдар қазіргі заман талабына сай біртіндеп еніп жатыр. Оған ілесу, барлығын түсініп игеру тіпті кәсіби мамандарға да оңай емес. Бірақ біз осы технологиялардың керемет мүмкіндіктер туғызып отырғанын байқаймыз. Бұл жаңалықтар баршаға қолжетімді сапалы білімге жол ашады.

Мектеп түлектерін ҰБТ дайындау үшін iTest электрондық ресурсын пайдалану, білім алушылардың тестті нәтижелі деңгейде тапсыруына мүмкіндік береді (3-сурет).

iTest электронды ресурсының басты мақсаты – Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сынағына дайындықты қызықты әрі жеңілдету болып табылады.

iTest электронды ресурсына тест тапсырмаларын дайындауға ҰБТ-ға жауапты ресми мекеменің іріктеуінен өткен кеңесші-әдіскерлер мен оқытушылар қатысты.




3-сурет iTest электронды ресурсының негізгі беті

iTest әр пәнге арналған ондаған нұсқасы бар, көп деңгейлі тест тапсырмаларынан тұрады. Оған қоса, қатемен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін түсініктеме (комментарийлер) және тақырыптарға шолу жасайтын конспектілер мен дәрістер топтамасы бар. Электронды кешен жекелеген пәндер бойынша сынақтар тапсырып, дайындалуға жол ашады.

Сонымен қатар, бұл оқыту кешені ҰБТ талаптарына мейлінше жақын жағдайда толық ҰБТ үлгілерін тапсыруға машықтанып, дайындықты ұштауға мүмкіндік береді. iTest – мектеп түлектеріне пайдалы көмекші оқу құралы.

Физика пәнін таңдаған білім алушылар жалпы физика курсы бойынша түрлі тест тапсырмаларын пайдаланып, өз білімдерін тексеруге мүмкіндік алады. Білім алушылар физиканың әр бөлімінің тақырыптары бойынша теориялық материалмен, яғни конспектпен танысып, сол тақырыпқа сәйкес тест тапсырмаларын орындай алады (4-сурет).



4-сурет iTest электронды ресурсы арқылы физика пәнінен дайындық



### 3.2 Білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды қолданудың маңызы

Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек»-деп көрсетті. Олай болса, осыған қарап ХХІ ғасырда мұғалімге қойылатын талаптардың зор екенін көреміз. «Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» білімді өз бетімен ала алатын және оны өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңарған технологияларына көшу талабын қойып отыр. Олай болса, электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.

*Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты:* оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту болып табылады.

*Электрондық оқулық* дегеніміз – ақпаратты бейнелеудің әртүрлі формалары арқылы компьютерлік дискіден оқылатын және дискіде сақталатын, білім беретін электронды тасымалдығыштағы дидактикалық, әдістемелік және интербелсендік бағдарламалық жабдықтау деп айтуға болады.

Электрондық оқулық компьютерлік оқыту жүйесінің бір түрі бола отырып, қойылған мүмкіндіктерге сәйкес әр түрлі үлгіде беріле алады. Электрондық оқулықты автоматтандырылған оқыту жүйелерінің қатарына жатқызуға болады. Электрондық оқыту, негізінен, үш бөліктен құрастырылады: негізгі ақпараттық курс бөлімінен тұратын презентациялық бөлім, алған білімдері бойынша бекітілген жаттығулар, білім алушының білімін көлемді түрде бағалау үшін тесттер. Компьютерлік оқыту негізгі оқулықты, анықтаманы, зертханалық жұмыстарды бір-бірімен байланыстырады.

*Электрондық оқулықтың тиімді жақтары:*

1 Білім алушының уақытын үнемдейді, оқу материалын іздеп отырмайды;

2 Білім алушы оқулықты қажет етпей-ақ информатика негіздерінен кез келген мәліметті алып, оқып үйренуіне болады ;

3 Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, аудиохабарларды пайдаланады;

4 Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтармен қамтамасыз етілген;

5 Көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азайтады;

6 Мұғалімнің әр білім алушымен дербес жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады, дүниетанымын кеңейтуге, тану үдерісіне ықпал етеді;

7 Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптасады.

Электрондық оқулықтағы сан алуан қызықты материалдар, тест түрлері, диалогтық оқу түрлері, кестелер, сәйкестендіру тапсырмалары, мәтін түрлері және құрылымына байланысты тапсырмалар білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі, шығармашылыққа жетелейді, өз бетінше ізденіп, көш озық болуына итермелейтіні анық.

Мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде білім алушылар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Жаңа сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды ұсынуға, көлемді қиын тақырыптарды тірек-сызбалар арқылы жеткізуге, өзінің жаңа идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсетуге болады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізеді. Алдын-ала дайындалған презентациялар, графикалық сызбалар, мәтіндік ақпараттар, бейне және аудио материалдар, алдын ала үйлестірілген жаңа сабақты меңгертуге арналған ойындар, гиперсілтемелер арқылы сабақтың білім алушы үшін қызықты да, тартымды өтуіне көмегін тигізеді.

Ақпараттың қажетін сезіну, тиімді қолдану ең бастысы шығармашылыққа жетелеуде электронды оқулықтардың орны ерекше. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркеніет өріне жетуі әр білім алушының дұрыс ой түйюіне, өнегеге жол сілтеуі, ғылым жетістіктерін терең меңгертіп оқыту, білімге деген мәңгілік құштарлық та ұстаз парыздылығының кемел көрінісі болмақ. Мұғалімнің өз жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, білім алушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу үдерісін ұйымдастырудағы бір бағыты электронды оқулықтар үнемі жаңадан жаңа дүние жасауға мүмкіндік береді. Ақпараттандырылған қоғамның талабына сай мұғалім де, білім алушы да жаңаша көзқарасты, терең ойлы болуы керек. Сондықтан заман талабына сай жас ұрпақты көкірегі ояу,



ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын дәрежеге жеткізу жолында бірқатар жұмыстар өз нәтижесін береріне сенімім мол.

Электрондық оқулықтың тиімділігі зор. Электрондық оқулық білім алушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған бағдарламалық құрал. Электрондық оқу құралы- бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы.

Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электрондық оқулықтарды пайдалану барысында білім алушы екі жақты білім алады:

- біріншісі - пәндік білім;
- екіншісі - компьютерлік білім.

Электронды оқулықтарды пайдалану білім алушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдалану – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады. Электрондық оқытудың жаңа мүмкіндіктері арқылы қосымша білімдерімен қаруланған қызметкерлер маңызды бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Виртуальдық ұйымдардың жаңа үлгілері оқытудың қажеттігін арттыруда, оқытудың дәстүрлі бағдарламаларын қашықтан оқыту бағдарламалары барған сайын ығыстырып келеді және өз білімін басқарудың дамып келе жатқан жүйелері жинақталған тәжірибеден пайда табуға көмектеседі.

Білім беру – оған компьютерлендірілген оқыту, электрондық оқыту көзбе-көз оқыту сабақтары, семинарлар мен пікірталастар жатады. Қазіргі заман талабы бойынша болашақ мұғалімдер электрондық оқулықтар қолдану тиімді болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиялармен педагогикалық үдерістің бірі. Сондықтан қазіргі кезде орта білім мекемелерінің педагогикалық үдерісіне электрондық оқулықтардың енуі – мұғалімдердің электрондық оқулықтарды пайдалануға міндеттейді. Сол себепті біз зерттеп жатқан мәселе бойынша ең алдымен электрондық оқулықтың мәні неде дегенге жауап іздеп отырмыз. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісіне электрондық оқулықтарды жасау және оны қолдану. Осы уақытқа дейін білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды.

Сондықтан білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Оны әрбір мұғалім өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық оқулықтардың атқаратын ролі зор. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырылып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үдерістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үдерісі ұтымды болады. Электрондық оқулықтың құндылығы әрине, оның тақырыптық мазмұнында. Кейін сынақ не емтихан тапсырылуы тиіс пәннен болса, онда бір материалды үш түрлі құрылымда беруге болады:

1 Мазмұндау мәтін, сурет, кескін, схема, кесте, график т.с.с. түрінде беріледі. Сонымен қатар мұнда анимация, видео, дыбыстық эффектілер сияқты компьютерге тән элементтер болуы мүмкін.



2 Кескінді – оқулықтың мазмұнын қысқартылған мәтін, график түрінде бейнелеу. Бұл оқу материалының құрылымын, ондағы негізгі идеяларды түсінуге септігін тигізеді.

3 Өзін – өзі бақылаудың тесттік жүйесі – оқу материалының мазмұны арнайы интербелсенді жүйені пайдалану арқылы сұрақтар мен жауаптар түрінде беріледі.

Тесттік жүйе көбіне алынған білім деңгейін тексеруге арналғандықтан, білім алушы үшін оқулықтың ең қызықты бөлігі болып табылуы мүмкін. Бұл тесттер қорын сынақ және емтихан қабылдау кезінде де пайдалануға болады. Барлық білім алушылар үшін кез келген пәнді оқытуда “Word редакторын оқыту” электрондық оқулығын құруға Microsot Power Point қолданбалы программасын қолдануға болады, Microsot Power Point қолданбалы программасы арқылы презентация жасауға болады. Презентация ұғымының екі түрлі мағынасы бар. Жалпы жағдайда презентация – баяндама жасау, шығып сөйлеу, ғылыми ұсыныс жасау, реферат, үлкен жобаларды қорғау, жоспарларды немесе техникалық ұсынысты талқыға салу, қандай да бір қызмет түрін ұсыну, идеяларды, қызмет түрлерін ұсыну – осының бәрі презентация болып табылады. Бүгінде интернетте автоматты режимде жұмыс істейтін көптеген презентацияларды көруге болады. Екінші жағынан алғанда презентация деп айрықша тексті электрондық құжатты айтады. Ол өзінің мультимедиялық мазмұны мен құжатты экранға шығаруды басқарудың айрықша мүмкіншіліктерімен ерекшеленеді. Құжатты экранға шығару автоматтандырылған, интербелсенді түрде өтеді, осы тектес құжаттарды арнаулы программалық құралдардың көмегімен дайындайды.

Қорыта келе, электрондық оқулықтың құрамында:

- Титул беті;
- Мазмұны;
- Аннотация;
- Оқу материалының толық мазмұны (кескіндер, графиктер, иллюстрациялар, кестелер);
- Тапсырмалар жүйесі;
- Бақылау тесттік жүйесі;
- Мәтін бөлігін іздеу жүйесі;
- Авторлар жөнінде мәлімет;

- Программамен жұмыс істеу тәсілдері жөнінде нұсқаулар жүйесі болуы тиіс;

- Оқытудың компьютерлік құралдарды дидактика мен әдістеменің жаңа қырынан дамуына ықпал ететіні оқу үдерісінде пайдалану негізінде оқытудың сапасы артады;

- Оқыту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге келетін шығындар азаяды;

- Мұғалімдердің оқыту барысында сабақ түсіндіру, бақылау, тапсырманың орындалуын қадағалау, бағалау, білім мен іскерлікті игеру деңгейлерін анықтау сияқты басқару жұмыстарының шығармашылық іс – әрекетке көшуіне алып келеді;

- Оқытудың мазмұны мен құрылымдарының өзгерістеріне қарай оқу үдерісін оқу – әдістемелік құралдармен қамтамасыздандыруды жеңілдетеді.

Сонымен, мұғалімдердің электрондық оқулықтарды қолдану шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес электрондық оқыту деп аталатын оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Электрондық оқытудың жүйе құраушы факторлары мен негізі педагогикалық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылады. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр.

Әдістемелік жүйенің бөліктері төмендегідей көрсетіледі:

- оқыту мақсаты;
- оқыту мазмұнының құрамы; ақпараттық теориялық бөлік, тәжірибелік бөлік, меңгерген білім деңгейін анықтау;
- оқыту құралдары;
- оқыту әдістері;
- оқыту түрлері.



Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Қазіргі уақытта электрондық оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Дегенмен, біздіңше электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылысы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулықтың мазмұны білім алушының зерделі ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы өте қажет: қисынды ойлау жүйесінің қалыптасуы, жинақтылығы, жүйелілігі, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы, т.б. Білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру білім алушының білім сапасын арттыру мен жаңа оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі мынадай артықшылықтармен сипатталады:

1 Олар білім алушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Ол оқыту үдерісіндегі жаңа оқыту технологиясының үш нұсқасы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- «Тереңдетілген» технология ретінде (компьютерлік оқытуды жекелеген тақырып немесе тарау бойынша қолдау);
- негізгі технология ретінде (белгілі бір бөлімді оқығанда қолданылатын технологиялық қоры);
- монотехнология ретінде (барлық оқыту, оқытуды басқару үдерісі, яғни диагностика, мониторинг компьютерді қолдануға негізделген).

2 Білімге бір-бірімен арақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында (дистанционды формада) отырып қол жеткізуге болады. Бұдан концептуалды ұстанымдарды қалыптастыру мүмкіндігі төмендегі формада жүзеге асады:

- оқыту – бұл баланың компьютермен қарым-қатынасы;
- баланың компьютерлік икемделе алуы;

- оқытудың диалог түрінде болуы;
- мұғалімнің кез келген уақытта оқу үдерісіне өзгерістер енгізе алуы;
- білім алушы мен компьютердің өзара байланысы барлық түрде болуы: субъект– субъект, объект- субъект;
- жеке және компьютермен байланыс кезіндегі психологиялық ахуалына демеу.

Компьютерлік құралды оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктеріне қатысты мынандай қорытынды жасауға болады:

1 Компьютерлік оқыту құралдарының мүмкіндіктері физика пәні бойынша өтетін сабақтарды едәуір түрлендіруге жол ашады, білім алушылардың танымдық белсенділігіне қосымша ынталандырушылық ықпал етеді, соның нәтижесінде пән бойынша білім мен білік-дағды деңгейі көтеріле түседі.

2 Білім алушылардың білімін қалыптастыру пәнді оқытудың мақсатты әдістемесін әзірлеуге жағдай жасайды. Бір ескере кететін жағдай – физика пәнінде сабақ беру барысында электрондық оқу құралын әзірлегенде білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескерген жөн.

Қазіргі заманауи мектептің даму болашағы қоғамның даму үдерісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі деңгейінде анықталады. Білім алушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу үдерісінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Білім алушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде білім алушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір білім алушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар және кескіндермен жұмыс жасауға дағдыланады.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен білім



алушылар-а түсіндірсе, жаңа тақырыпқа деген баланың қызығушылығы оянады.

Физика пәнінен Білім беруді ақпараттандырудың педагогикалық технологиялар орталығы ұсынған 7-11 сыныптарға арналған электрондық оқулықтарды қолдануға мүмкіндіктер бар. Іс-тәжірибе кезінде біз 7,9 сыныптарға арналған электрондық оқулықтарды сабақтарда кеңінен пайдаландық (4-сурет).



5-сурет Электрондық оқулықтар

### 3.3 Білім беру жүйесінде “Kahoot” бағдарламасын пайдалану жолдары

Тест дегеніміз не? Тест арқылы сынауда қандай жаңалық бар? Оның сұрақтары қалай дайындалады, оны қалай өткізеді, тест арқылы сұраққа қалай дайындалу керек?

Тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде қазіргі білімнің ажырамас бөлігіне айналған жастардың дайындық деңгейін және жалпы білім сапасын болжаудың тиімді құралы ретінде пайдаланылады. Соңғы жылдары тесттік әдіс оқу — білімге қатысты барлық ұйымдарда кеңінен қолданып жүр. Тест деп сапалық және сандық дара ерекшеліктеріне сай түрде негізделген стандартталған, қысқа, уақыт жағынан шектеулі сынақтарды атайды. Осындай іс-әрекетті құрған және жүргізген кезде АКТ сан алуан нұсқаларды ұсынады. Олардың ішінде ең күшті құралдардың бірі ретінде, әрине, Kahoot (getkahoot.com) онлайн-сервисін айтуға болады.

*Kahoot* – мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін ресурс. Ол компьютерлер, планшеттер, ұялы телефондар және басқа құрылғылар арқылы орындауға болатын тестілерді, сұрақ-жауаптарды жасауға мүмкіндік береді. Тапсырмаларды орындағаннан кейін сервис тестіге әрбір қатысушы бойынша есепті көрсетеді, білім алушылардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтауға және олармен кейінгі жұмысты жоспарлау үшін осы есепті пайдалануға болады.

Ресурсты пайдалану алгоритмі:

- фото және видео қосу мүмкіндігіне ие сауалнама (тест) құру;
- виртуалды кабинеттің номерін (жүйе генерациялайды) беру;
- проектор арқылы тапсырманы экранға көрсету;
- білім алушылар мобильді құрылғылар арқылы виртуалды кабинетке кіреді;
- мобильді құрылғыларда тапсырмалар көрінеді және білім алушылар орындайды;
- жалпы экранда білім алушылардың жауаптарын көрсету. Тез әрі дұрыс жауап берген білім алушы жеңімпаз;
- білім алушылар дұрыс жауапқа сәйкесінше балл алады.

Викторинаны жүргізу барысында білім алушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады. Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін білім алушы қатыса алады. Веб-сервис білім алушының әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады.

Сабақтардың бірінде осы ресурстың көмегімен өтілген бөлімді тексеру үшін білім алушылардың білімдерін тексеру жүргізілген. Көріп отырғандай, барлық білім алушы іске қосылған және өз атымен қуаттаудан өткен. Сұрақтар мен тапсырмалар тек мәтін түрінде ғана болған жоқ, сонымен бірге толық ақпаратты және сұрау салған нысанның суретін алу үшін графикалық суреттерден құралған. Сұрақ экранында тапсырмаларды орындау таймері және білім алушылардың жауаптарының саны көрсетілген.

Kahoot сервисінің көмегімен тапсырмаларды орындау уақытында барлық білім алушылардың аса мұқият және тез жауап



бергендігін байқауға болады, өйткені ұпайларды алған кезде сонымен бірге тапсырмаларды орындаған уақыты да есепке алынады. Орындалған тапсырмалардың қорытындысы бойынша сервис электрондық кесте түрінде әрбір қатысушы бойынша толық есепті ұсынады, онда дұрыс және теріс жауаптар саны, қорытынды ұпай және әрбір сұрақ бойынша білім алушылардың жауаптары көрсетіледі. Осы деректерді пайдалана отырып, мұғалім білім алушылардың қателіктері бойынша жұмысты жеңіл жоспарлай алады.

Тестілеуді жүргізу үшін электрондық пошта арқылы, әлеуметтік желілердің хабарламалары арқылы немесе өзінің веб-сайтында орналастыру арқылы тапсырмаларға (тестілер, сұрақтар, сұрақ-жауаптар, викториналар және т.б.) сілтемені жіберу қажет. Қорытындыларды электрондық кесте түрінде алуға болады, онда тек сандық статистика емес, сонымен бірге диаграммалар болады. Жұмысты автоматтандыру үшін Flubaroo плагинін пайдалануға болады (<http://www.flubaroo.com/>), ол білім алушылардың жауаптарын тез тексереді және берілген критерийлер бойынша баға қояды.

Білім алушылардың білімін тексеру және бекіту кезінде Learningapps.org онлайн сервис жақсы көмекші болып табылады. Кейбір жоғарыда аталған сервистер тек онлайн тестілерді құрастыру мүмкіндігін ғана ұсынбайды, сонымен бірге офлайн режимде (интернет желісіне кірмей) тестілерді өткізуге мүмкіндік береді. Ол үшін пайдаланушы компьютеріне тестілеу файлын көшіріп және білім алушыларға тапсыру қажет.

Сұрақтарға толық жауаптарды жазып, тапсырмаларды тексеру үшін, үдерісті, эссені түсіндіру үшін білім алушыларға электрондық түрде өз шешімдері мен жауаптарын алдын ала көрсету ұсынылады. Олар орындалған тапсырмаларды электрондық пошта бойынша мұғалімге жібереді. Яғни, білім алушылардың білім алушылармен немесе оқытушымен бірлескен жұмысы барысында бірдей файлмен жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі.

Мұғалім білім алушыға арнап тест құрастыру үшін:

Kahoot- білімді тексеруге ыңғайлы қызықты ресурс болып саналады (5-сурет).



6-сурет Kahoot бағдарламасының басты беті

Тіркелгеннен кейін пайдаланушының жеке акаунтына жібереді. Пайдаланушы акаунт парақшасында білім алушыларға қандай тапсырма құратынын таңдау керек (6-сурет).


Create new Kahoot!



7-сурет Пайдаланушы тест түрін таңдау беті


Мысалы қолданушы “Quiz” дегенді, таңдайды да атау береді және ары қарай жылжытады. Одан әрі сұрақтарды құрастыруды бастайды. Сұрақ құрастыру мен бірге әр сұраққа қанша уақытта жауап беру керек екендігін енгізеді. Сұрақта иллюстрация (сурет) және видео қосып жасауға болады. Сұрақта дұрыс жауапты (қызылды басады “Incorrect”) ары қарай (save&continue) батырмасын қолданады (7-сурет).





8-сурет Тест жасау беті

Енді ары қарай публикацияны баптау керек (8-сурет).



9-сурет Kahoot бағдарламасына қосылу беті

Пайдаланушының тапсырмаларын ойынға қосып, экрандағы ПИН кодты теріп ойынға қосыла бастауға болады (9-сурет).



10-сурет Экрандағы ПИН кодты жазып, тапсырмаға қосылу беті


Пайдаланушының мониториынан ПИН код шығады. Бұл ПИН кодты білім алушылар тапсырмаларға кіру үшін қолданады.

Білім алушыда интернетке ноутбук, смартфон немесе басқа гаджет болу керек. Тегін маркеттерде андроид пен айос үшін арнайы (kahoot) деген тегін қосымшаларды жүктеп алуға болады. Смартфонда қосымшаны қосады ПИН кодты енгізуді сұрайды (10-сурет).



11-сурет Экранда көрсетілген ПИН кодты енгізу беті


Қолданушыларға аты-жөндерін енгізуді талап етеді (ник) (11-сурет).



12-сурет Аты-жөн енгізетін бет




Nickname деген жерге аты-жөндерін толық жазып Ok, go! деген батырманы басады (12-сурет).



13-сурет Қолданушының аты-жөні жабылатын бет

Мысалы осылай!



14-сурет Бағдарламаны қолдануға арналған мысал

Сайт берген пин кодты енгізіп nickname (аты-жөндерін енгізгеннен кейін) осындай парақта сұрақтар тұрады. Сұрақ жауаптары әр түрлі түстегі тік төртбұрыштар үстінде орналасқан (14-сурет).



15-сурет Тест жауаптары 4 түрлі түсте беріледі

Білім алушы смартфонда, планшетте, нетбукта, ноутбукта, дербес компьютермен жауап бере алады.

9 сыныпта физика пәнін оқытуда Kahoot бағдарламасы арқылы білім алушылардың білімін тексеру мақсатында төмендегідей тест тапсырмаларын қарастыруға болады (15-сурет).



16-сурет Физика пәнінен тест тапсырмалары

### Бақылау сұрақтары

1. Гипермәтін мен гипермедияның мүмкіндіктерін атаңыз
2. Интернет ресурстарын пайдалану мүмкіндіктерін қарастырыңыз
3. Электронды оқулықтарды пайдалану мүмкіндіктерін көрсетіңіз
4. Kahoot Kahoot бағдарламасы туралы не айтасыз



## 4. ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 4.1 Интербелсенді оқытудың мәні

Елде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзгерістер білім беру жүйесіне де әсер етуде. Бұл өзгерістер оқыту әдістемесінде жаңартулар ғана емес, мектептерде жаңа пәндер, ендіруге қажеттілік тудырды.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды білім алушының жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, білім алушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық "жаңалық" ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде білім алушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Бүгінгі Әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл идея бүкіл білім беру жүйесіне реформа жүргізіп, оны модернизациялауды қажеттейді.

Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз...Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз...Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс».

Егер де Қазақстанды 2020 жылы білімді ел, ақылды экономика және жоғары білікті жұмыс күші бар мемлекет деп көргіміз келсе, онда білім жүйесін дамытуымыз қажет екендігі дау туғыздырмайтын мәселе екендігі анық. Ал бұл бағытта, әрине, жоғары мектептің алатын орны ерекше, өйткені құзыретті маман қалыптастыру мәселесі мемлекет саясатының негізгі нысанына арналғандығы Мемлекеттік бағдарламада мықтап көрсетілген.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге батыл қадамдар жасалынауда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаты – үйрете жүріп, үйрену.

Мұндай мақсатта жоғары оқу орындары бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде интербелсенді әдістемені таңдауы қажет.

Орта мектептерде оқытудың интербелсенді түрлерін қолданудың төрт дәлелі бар:

- 1) белсенді түрде оқу мен сыни ойлау өмірде қолданыс табатын білім береді;
- 2) жүйелі ойлау тек қана белсенді түрде ғана сіңіріледі;
- 3) белсенді оқыту/оқу өздігімен білім алуды дамытады;
- 4) білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасы оқыту/оқуды белсенді тәсілдерін қолданғанда анағұрлым жоғары болады.

Елбасы Н.Назарбаев аталмыш Жолдауда «Өмір бойы білім алу – әрбір қазақстандықтардың жеке кредосына айналуы тиіс» деп бекер айтпаған да болар. Нәтижеге бағытталған білім оқу үдерісінде білім алушыны бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға білім алушыларды белсендіретін оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу үдерісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды сыртқы ықпалды білдіретін етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады.

Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта білім алушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Интерактив – ағылшынның "өзара әрекет" деген сөзі. Демек, интербелсенді оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, "жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын" қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы



білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үдерісінде білім алушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интербелсенді оқыту қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және білім алушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруда тәжірибесі аз мұғалімдерге көптеген қиындықтар туғызады.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, диалог арқылы үйрету.

Интербелсенді оқыту білім игеру үдерісін мынадай ұйымдастыруға ынталы:

1. Барлық білім алушыларға бірлескен таным үдерісіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.
2. Өрбір білім алушының өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.
3. Білім алушылар білімді өздігімен құрастыратын орта құру.

*Интербелсенді оқыту* – әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!».

Сол себепті де интербелсенді оқыту білім алушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интербелсенді оқыту оқу үдерісінің тиімділігі мен нәтижелігін білім алушылардың есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Интербелсенді оқуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек: жағымды психологиялық орта орнату; білім алушыларда білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру; білім игеруде білім алушыларды сәттілікке бағыштау; білім игеру үдерісін коммуникативтік үдеріс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану.

Интербелсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

1. Аудиторияны жұмысқа дайындау.
2. Топқа бөлу.
3. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
4. Жұмыс ережелерін қабылдау.
5. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
6. Барлық білім алушылар жұмысқа қатысуы керек.
7. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.
8. Жазбаша жұмыстар.
9. Кері байланыс.

Интербелсенді оқудың әдістері: интербелсенді дәрістер мен семинарлар; пікірталастар; ойындар (оқу, рөлдік, іскерлік, өндірістік, имитациялық және т.б.); кейс-стади; тренингтер; оқытудың компьютерлік технологиялары.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді дәріс, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум, Эссе және тағы басқалар.

Ұстаз мұнда «білім көзі» емес, ол – білімге апаратын жолды нұсқаушы, ол тек қажет кезде ғана шәкіртіне жәрдемдеседі, сұрақ қояды, тапсырма береді, ақпарат ұсынады.

*Дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқудың айырмашылықтары:*

✓ Дәстүрлі білім беру - білімді жинақтауға негізделеді. Оқыту, үйрету, білім беру.



✓ Интербелсенді оқу – білімді өздігімен игеруге негізделеді. Оқу, үйрену, білім алу.

Білім алушылардың білім-білік дағдыларын жетілдіру үшін интербелсенді оқыту технологиясының элементтерін өз тәжірибемізге енгізудеміз. Қазіргі кезеңдегі кез-келген педагогикалық технология білім алушылардың белсенді ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Интербелсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды. Бұл технологияның сабақта атқарылатын жұмыстардың құрылымы:

1. Мотивация және жаңа тақырыпты хабарлау – сабақтың барлық уақытының 10%-ы;

2. Өткен тақырыпты қайталау, бекіту - сабақтың барлық уақытының 20%-ы;

3. Негізгі материалды оқу - сабақтың барлық уақытының 50%-ы;

4. Бағалау - сабақтың барлық уақытының 10%-ы;

5. Сабақ қорытындысы (дебрифинг, рефлексия) - сабақтың барлық уақытының 10%-ы;

Сабақ уақытын әр мұғалім сабақ ерекшелігіне байланысты өзгертуіне болады, алайда сабақ құрылымы сақталуы тиіс.

Пәнді оқытуда қолданылатын интербелсендік әдістер: сабақ-презентация, практикум, семинар сабақтар, проблемалық дәрістер, сынақ сабақ, зерттеу, жоба құру сабақтары.

Білім алушылардың белсенділіктерін арттыратын жиі қолданылатын интербелсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жұппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер ақуционы, Аяқталмаған сөйлем т.б.

Мұғалім мен білім алушының интербелсенді шығармашылығы шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттау білудің

маңызы зор. Бүгінгі шығып жатқан әдістемелік инновациялар оқытудың интербелсенді әдісімен байланыстырылған.

Интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен білім алушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады.

«Интербелсендінің» негізгі сипаттамалары қандай? Интербелсенді оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі білім алушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интербелсенді оқытудың мәнісі сыныптағы барлық білім алушы таным үдерісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным үдерісінде, оқу материалын игеруде білім алушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр білім алушы өзіне тән ерекше еңбегін сіндіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл үдеріс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық үдерістің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді.

Сабақтағы интербелсенді әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұқбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интербелсенділік бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеуішінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұқбаттасып оқыту барасында білім алушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.



Интербелсенді оқыту формаларына нені жатқызуға болады? Бүгінгі күні әдіскерлер мен шығармашыл-ұстаздар топтық жұмыстың көптеген түрін жасап шығарды. Олардың ішіндегі кең таралғандары - «үлкен шеңбер», «аквариум», «мыйға шабуыл» (мозговой штурм), «дебаттар». Алдыңғы сабақтардағы білімдері немесе өмірде алған тәжірибелері негізінде аздаған хабары бар қандай да бір мәселе толығымен талқыланатын болса ғана, интербелсенді оқыту формасының тиімділігі жоғары болады. Одан басқа, қарастырылатын тақырып жабық немесе тар мағыналы болмау керек. Талқыланатын мәселенің деңгейі тар экономикалық (құқықтық, саяси, тарихи т.б.) сұрақтардан мәселені кеңінен қоюға көшуге мүмкіндік жасайтындай болу керек.

Интербелсенді оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқада жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, мұғалім мен білім алушының іс әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Оқу үдерісін басқару және білім алушыларға дидактикалық материалдарды жеткізіп беру үшін көліктік және ақпараттық коммуникациялар, сондай-ақ автоматтандырылған құжат айналымы жүйесі кіретін мамандандырылған бағдарламалармен қамтамасыз ету, білімнің электрондық банкілері және оқытудың интербелсендік мультимедиялық құралдары қолданылады.

ИОТ-сын пайдалану әр білім алушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: мұғалім – білім алушы, мұғалім – сынып, білім алушылар – сынып, білім алушылар-білім алушылар, топ – топ, топ- білім алушы), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді.

Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

- *пассивті* – білім алушы оқытудың «объектісі» ролін атқарады (тыңдау және көру);
- *активті* (белсенді) білім алушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

• *интербелсенді* – *inter* (өзара), *akt* (әрекеттесу). Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр білім алушының жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесуі барысында жүзеге асады.

Интербелсенді оқыту моделін пайдалану – өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рольдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу үдерісінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқытындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшелеуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

Интербелсенді оқыту – бұл танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол әбден нақты әрі болжамды мақсаттарды білдіреді. Мұндай мақсаттардың бірі – тыңдаушы өзінің ақыл-парасатының толымдылығын сезінетіндей қолайлы жағдай жасау, бұл оқу үдерісінің өзін өнімді етеді.

Интербелсенді әдістер оқу қарым-қатынастары ортасын құрайды, ол:

- ашықтықпен;
- қатысушылардың өзара әрекеттестігімен;
- қатысушылардың дәлелдерінің теңдігімен;
- бірлесе білім жинаумен;
- өзара бағалау мен бақылау мүмкіншілігімен сипатталады.

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің диалогтық формасына негізделген таным тәсілі. Оның барысында білім алушылардың бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады.

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісінің соңғы мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтайды.

Интербелсенді оқыту бірқатар міндеттерді шешеді:

- коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады, білім алушылар арасында эмоционалдық дағдыларды дамытады, олардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі;
- ақпараттық міндеттерді шешеді, себебі білім алушылар бірлескен әрекетті онсыз жүзеге асыруға болмайтын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;



- жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни білім беру міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді;

- командада жұмыс істеуге, басқаның пікіріне құлақ түруге үйрететін болғандықтан, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді.

Интербелсенді оқыту тағы бір маңызды міндетті орындайды. Ол жүйке жүйесінің жүктемесін азайтуға, зейінді басқа нәрсеге аударуға, әрекет формаларын ауыстыруға және т.б. мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқыту технологиялары мыналар:

- жұппен жұмыс;
- ауыспалы үштіктер;
- эткеншек;
- шағын топтардағы жұмыс;
- аквариум;
- аяқталмаған сөйлем;
- миға шабуыл;
- шешімдер ағашы;
- рольдік (іскерлік) ойындар;
- пікірталас;
- дебаттар т.б.

Оқытудың интербелсенді әдістерін 4 топқа бөлуге болады:

- топтық оқыту;
- фронтальдық оқыту;
- ойын барысында оқыту;
- пікірталас барысында оқыту.

*Топтық оқу әрекеті* - оқытуды шағын топтарда ұйымдастыру формасы. Мұндай оқыту білім алушылар үшін өз құрбыларымен ынтымақтастық жасауға, әр адамның қарым-қатынасқа табиғи ұмтылысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Топтық оқытуға жұппен жұмыс, шағын топтағы жұмыс, аквариум жатады.

*Фронтальдық интербелсенді әдістерге* бүкіл сыныптың бір мезгілдегі бірлескен жұмысын қамтитын әдістерді жатқызуға болады: «Микрофон», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Миға шабуыл», «Оқи отырып, үйренемін» т.б.

Ойын барысында оқыту әдістеріне рольдік ойындар, драматизациялау жатады. Пікірталасқа оқыту әдісі оқыту үдерісінде білім алушылардың танымдық әрекетінің маңызды тәсілі, өйткені

пікірталас – даулы мәселені көпшілік алдында кеңінен талқылау. Бұндай әдістерге «Ток-шоу», «Пресс» әдісі, «Бағытыңды таңда» т.б. әдістер жатады.

*Интербелсенді оқытудың ерекшеліктері:*

*Біріншіден*, интербелсенді педагогикалық өзара әрекет ету оған қатысушылардың қарым-қатынастарының қарқындылығы мен олардың коммуникациясы, іс-әрекеттерінің алмасуы мен олардың әртүрлілігі, нысандары мен тәсілдерінің жоғары деңгейлігімен сипатталады.

*Екіншіден*, интербелсенді оқыту білім алушылар өзінің және өз құрбыларының тәжірибелерімен тікелей өзара әрекет етуіне негізделген, себебі көптеген интербелсенді жаттығулар білім алушының өзінің тәжірибесіне жүгінеді. Жаңа білім, қабілет мұндай тәжірибелерге байланысты және соның негізінде қалыптасады.

*Үшіншіден*, тапсырманың тек бір дұрыс жауап болуын қарастырмайды, бір басым пікірдің үстем етуіне жол берілмейді. Білім алушы тәжірибесіне негізделетін шешімді табу үдерісі маңызды.

*Төртіншіден*, интербелсенді оқыту үшін қатысушылардың өздерінің іс-әрекеттері арқылы өзара әрекет етудің мақсатты рефлексиясы тән.

*Бесіншіден*, интербелсенді оқыту білім беру үдерісіне қатысушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекет үлгілерін өзгертуге, жетілдіруге бағытталған.

*Алтыншыдан*, интербелсенді оқыту барысында білім алушылар өз пікірлерін қалыптастыруға, өз ойын дұрыс айтуға, өз көзқарасын дәлелді құруға, пікірталас жүргізуге, басқа адамды тындауға, балама пікірді құрметтеуге үйретеді.

*Жетіншіден*, қатысушылардың диалогтық қарым-қатынас барысында сыни ойлауға, талқылауға, естіген ақпараттар мен жағдайларды талдау негізінде қарама-қайшы проблемаларды шешу қабілеті қалыптасады, олар балама пікірді өлшеуге, ойластырылған шешім қабылдауға үйренеді. Жұмысты мұндай ұйымдастыру кезінде білім алушы өзінің пікірін, көзқарасын білдіруді, баға беруді ғана емес, «әріптестерінің» сенімді дәлелдерін естігіннен кейін өз көзқарасынан бас тарта алады немесе оны едәуір өзгерте алады.



## 4.2 Интербелсенді оқытудың әдіс – тәсілдері

Оқытудың әдеттегі әдістері (мысалы: дәріс, оқу, рефераттар жазу) білім алушылардың мінез-құлқындағы қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырмайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, оқытудың тиімді әдістерінің бірі **тренинг** (ағылш. «to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интербелсенді жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

*Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар:*

- білім алушылар бір-біріне бетпе-бет отыратындай етіп айналдыра орындықтар қоюға мүмкіндігі бар кең бөлме (бұл жағдайда еркін пікір алмасуға, жаттығулар мен серігу кезеңдерін жүргізуге ыңғайлы болады. Бір-біріне сенімділік артып, қызығушылық танытады, ынталы болады);
- тренингке қатысушылар саны 20-25 адамнан аспауы керек (бұл сенім атмосферасын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны);
- бүкіл тренинг бойында достық көзқарастағы сенімді атмосфераны жасау және қолдау;
- тренингке қатысушыларды марапаттап отыру және барлығының оған қатысуын қадағалау;
- оқытушы-жаттықтырушы өз пікірін ұсынбай-ақ қатысушыларды сабақтың мақсатын орындауға жетелеуі тиіс;
- оқытушы-жаттықтырушы әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтауы керек;
- тренингтің бірінші сабағында «танысу» жаттығуы өткізіледі және «келісім» (топтық жұмыс ережесі) қабылданады;
- теориялық жадығат пен интербелсенді жаттығулардың, серігудің арасында сабақтастық болуы керек;
- кез келген тренинг сабақ басталарда сол сабақтың мақсаты мен міндеттері айтылады, ал соңында қортындыланады;
- кез келген тренинг қандай мақсат қойылса да, әрдайым танысу мен жұмыс ережесін жасаудан басталады.

*Танысу.* Танысу кез келген тренингтің бірінші сабағының қажетті бөлімі болып табылады. Қатысушылар бір-бірін танытын болса да танысу сәті жүргізіледі. Танысу топты жинақтауға,

қатысушыларды оқыту үдерісіне тартуға, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Егер қатысушылар оқыту үдерісінің ары қарай жалғасуына қызығушылық танытса, онда танысу сәтінің мақсаты орындалған деп есептеуге болады.

Танысу ойындары:

*«Кесек қар» ойыны.* Барлық қатысушылар өз кезегімен есімдерін атап шығады. Әрбір келесі отырған адам өз есімінен бұрын алдыңғы қатысушының есімін қайталайды.

*«Екі шындық, бір өтірік» ойыны.* Білім алушыларға өзі туралы екі ақиқат және бір шындыққа жанаспайтын пайымдаулар айту ұсынылады. Мысалы: Мен Алматыда туып-өстім, «Ару» фильмінде басты рөлде ойнадым, балмұздақты жақсы көремін.

*«Тренинг шеңбері» бойынша көршісін таныстыру.* Бұл жаттығу жұптасып өткізіледі. Бір минут өзара әңгімелескеннен кейін әрқайсысы көршісінің аты-жөнімен, шұғылданатын сүйікті ісімен таныстырады.

*«Келісім» (топтық жұмыс ережесін) қабылдау.* Білім алушылар сабақтың басынан бастап өзінің оқуына жауапкершілігін сезіну үшін және жадығатты меңгеру тиімділігін арттыру үшін келісім, яғни тренинг сабағындағы мінез-құлық ережесін қабылдау ұсынылады. Келісім мәтіні алдын ала тақтаға немесе қағазға жазылады. Қағазда болса көрінетін орынға ілінеді. Келісімнің әрбір тармағы оқылады және бірлесіп талқылағаннан кейін қабылданады. Білім алушылар ұсынған жаңа тармақтар қабылдануы да мүмкін. Дауыс бергеннен кейін барлық қатысушылар келісімнің тармақтарының орындалуына жауапкершілікте болатынын топқа түсіндіру қажет. Келісімнің қабылдануы әрбір қатысушы өз сезімдері мен көзқарастарын білдіруге, сын мен мысқыл нысаны болудан қаймықпауға, әрбір артық әрекеті сабақта талқыланып, топтан тысқары шықпайтынына сенімді болуына ықпал етеді. Келісім тренинг толық аяқталғанша ілулі тұрады. Келісім үлгісі:

- бәріміз де өз оқуымызға жауаптымыз;
- бір-бірімізді тыңдаймыз, сөз бөлмейміз;
- «көтерілген қол» ережесімен кезекпен сөйлейміз;
- тек істің мәні бойынша айтамыз;
- өз пікірімізбен бөлісеміз;
- мағынасыз сұрақтар қойылмайды;



- басқалардың сезімін бағалаймыз;
- құпиялылықты сақтаймыз;
- уақыт шектеуін сақтаймыз;

*Оқыту.* Әрбір сабақ өтілетін тақырыпты, оның мақсаты мен міндеттерін белгілеуден басталады. Сабақ басталғанға дейін білім алушылардың ақпараттану деңгейін алдын ала білу үшін сауалнама жүргізуге болады. Сауалнамалар тренинг толық аяқталғанға дейін сақталады, соңында білім алушылардың білім деңгейі қайта бағаланады. Нәтижесін салыстыра отырып, білім алушылардың білімі мен дағдыларында қандай өзгерістер болғанын білуге, тренинг тиімділігіне баға беруге болады. Осы кезеңде ақпарат беру мен тәжірибелік дағдыларды, дұрыс шешім қабылдау шеберліктерін қалыптастыру жаттығуларын ұштастырудың маңызы зор. Мінез-құлықтың өзгеруіне себептерді нақтылау үшін АҚТҚ/ЖҚТБ мәселесіне білім алушылардың назарын аударып, бұның әрқайсысының алдында кездесетін көкейкесті мәселе екеніне көзін жеткізу керек.

Бұл әдістемелік ұсыныстардағы жаттығуларды оқытушы өз қалауынша пайдалана алады. Оқытушы алдындағы дәрісхананың дайындық деңгейіне сәйкес жаттығуларды алмастыруына болады.

*Сабақты қорытындылау.* Тренингтің кез-келген сабағының соңында қорытынды жасалады. Әдетте, бұл процедура білім алушылар өздерінің әсерлерімен, сезімдерімен бөлісуіне, талап-тілектерін ортаға салуына арналған. Сабақты қорытындылау кезеңінде сауалнама, «сыр ашу» парақтарын толтыру түрінде де өткізуге болады.

Жаттықтырушы-оқытушы семинарға қатысушылардан қандай жаңалықты білгендерін, оларға пайдалы, қызықты болған жағдаяттарды сұрай алады. Өтілген жадығатты бекіту үшін олардың қандай жаттығу жасағанын есіне түсіруін өтінуіне болады.

Оқытудың интербелсенді әдістері еш уақытта дәрістік жадығатты алмастыра алмайды, бірақ оның толық меңгерілуіне көмектеседі, өзіндік пікір, арақатынас, мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

«*Ойға шабуыл*». Бұл әдісте білім алушының қойылған сұраққа қайтарған кез келген жауабы есепке алынады. Айтылған пікірге бірден баға бермей, оны қағазға немесе тақтаға жазып түсірудің маңызы бар. Олардан берген жауаптарының негізделуі, түсіндірмесі

сұралмайтынын білім алушылар білуі тиіс. «Ойға шабуыл» әдісін өткізуге 4-5 минуттан артық уақыттан аспауы керек, уақыт аяқталғаннан кейін жауаптардың барлық нұсқаларын талқылап, бастылары тандап алынады да, қосалқылары қалдырылады, яғни жауаптың тиімді нұсқасын топ талқысы тандайды. Бұл әдіс мынадай қажеттіліктерде тиімді болады:

- күрделі және даулы мәселелерді талқылағанда;
- өзіне сенімсіз білім алушыларды талқылау ісіне ынталандыруға;
- қысқа мерзімде көп ұсыныс-пікір жинақтау қажет болғанда;
- дәрісхананың ақпараттануын немесе дайындығын анықтауға.

*Шағын топтардағы жұмыс.* Білім алушылар 4-5 адамнан шағын топтарға бөлінеді. Оларды бөлуге әртүрлі әдіс қолданылады. Мысалы, мұғалім білім алушыларға бір, екі, үш, төрт деп санауды ұсынады. Санақ саны қанша топ құру қажетіне сәйкес алынады. Біріншілер бір топқа, екіншілер екінші топқа т.с.с. топтасады. Шағын топтардағы жұмыс барлық қатысушыларды белсенді іс-әрекетке, ашық пікір алмасуға, пікірсайысқа тартуға мүмкіндік береді. Тапсырма орындалғаннан кейін әр топ орталарынан жұмыс қорытындысын хабарлайтын жетекші тандайды.

*Бақылау парағы немесе тест.* Бұл әдіс білім алушылардың тақырыпқа сәйкес мағлұматтарды білу деңгейін немесе олардың тақырыпқа көзқарасын анықтауға көмектеседі. Қатысушылар жауаптарының нұсқасын тиісті бағаналарға («дұрыс», «дұрыс емес», «келісемін», «келіспеймін», «білмеймін») белгілейді.

Сонан кейін жауаптарын бір-бірімен салыстырып талқылайды. Қорытындысы мұғалімнің қатысуымен талқылаудан соң шығарылады.

*Рольдік ойын.* Шағын топтарда (3-4 білім алушы) жүргізіледі. Қатысушылар кескіндегі (тақтадағы, парақтағы) тапсырмаларды алған соң рольдерді бөліседі, жағдаятты рөлде ойнап, бүкіл топқа көрсетеді. Мұғалім рольдерді білім алушылардың мінез-құлқына сәйкес өзі бөліп бере алады. Бұл әдістің артықшылығы, қатысушылар нақты ұсынылған жағдайда өзін көрсете алады, шын мәнінде жағдаятты ұғынады, қайсыбір әрекет болғанда да оның салдары қандай болатынын сезініп, дұрыс шешім қабылдауға жаттығады. Ойын аяқталған соң осындай жағдайларда тиімді әрекет



жасау жолдарын бірлесіп талқылайды. Рольді орындағандарды талқылаудан бұрын рақмет айтып босатқан дұрыс.

*Құндылықты, пікірді, көзқарасты анықтауға арналған жаттығулар.* Жұмыстың бұл түрі талқыланған мәселе бойынша қатысушылардың түсінігін, көзқарасын, өмірдегі ұстанымын анықтауға мүмкіндік береді.

**1-нұсқа.** Парақтағы («келісемін», «келіспеймін», «білмеймін») бағаналарда өзінің көзқарасын белгілейді.

Одан әрі шешімдерін жұптарда, топтарда талқылап, өз көзқарасын қорғайды. Топта пікірталас ұйымдастыруға болады. Соңынан мұғалім білім алушыдан осы мәселеге деген пікірінің өзгерген, өзгермегенін сұрайды.

**2-нұсқа.** Егер бөлме мүмкіндігінше үлкен болса, онда бүкіл бөлме бойымен ойша сызық жүргізіп, оның бір басына «келісемін», екінші басына «келіспеймін», ортасына «күмәнім бар» деп жазылған парақтар ілінеді. Білім алушылар тұжырымды тыңдағаннан кейін, өз пікіріне сәйкес орынға барып тұрады. әрбір құрылған топ сыбайлас пікірлерін ортаға салып, өз ұстанымдарын түсіндіреді. Бұл әдіс тек пікір алмасуға ғана емес, сондай-ақ өзіне сенімі берік болуына көмектеседі. Қатысушыларға әрқайсысының өз пікірін айтуға құқылы екенін түсіндіру қажет.

*Бейнефильмдер.* Бейнефильмдерді тақырыпты меңгертуге қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Фильмді көрсетер алдында білім алушылардың назарын негізгі 4-5 мәселеге аударуын ескерту қажет. Ол фильмнің мазмұнын талқылауға негіз болады. Алдын ала таңдап қойған көріністерге келгенде фильмді тоқтатып, пікірталас жүргізіледі.

*Серігу.* Тренинг-сабақ барысындағы психологиялық және физикалық жүктемелесін азайту мақсатында серігу жаттығулары жасалады. Серігу кезеңі де өзара қатынас дағдыларының дамуына септігін тигізеді. Назар аудару қажеттігі бар жаттығу жұмыстары алдында қозғалысы көп серігу ойындарын жүргізудің қажеті жоқ.

**Серігу үлгілері:**

*«Салат» ойыны:* Білім алушылар шеңбер құрып тұрады да, жемістердің атын кезекпен атап шығады: алма, алмұрт, шабдалы, өрік. Алдымен алмалардың, сонан кейін алмұрттардың, тағы басқаларының орын ауыстыруларын сұрап, қозғалысқа келтіреді.

*Назар аударуға және байқампаздыққа жаттықтыратын ойын.* Стол үстіне кез-келген бірнеше зат қойылады. Білім алушылардың біреуі өз қалауымен заттарды мұқият қарап шығады да, сыртқа шығып кетеді. Мұғалім заттың бірін алып тастайды. Сырттағы білім алушыны шақырып, жоқ заттың атын атауды сұрайды.

*«Мен сияқты жаса».* Білім алушылар шеңбер жасап орналасады. Ортасына жүргізуші шығып бір жаттығу жасайды, оны басқалары қайталайды. Келесі білім алушы ортаға шығып жүргізуші ретінде басқа бір жаттығу көрсетеді. Осылайша 3-4 минут жалғасады.

*«Сын есімді қос».* Білім алушылар шеңбер жасап орналасады. Ортасындағы жүргізуші допты кез келген біреуіне лақтырады да, өз есімінің бірінші әрпінен басталатын сын есімді қосып айтады. (Мысалы: Асқар-алғындай, Берік-болаттай, Ескендір-есті, т.б.) допты қағып алғаны өз кезегімен есімін сын есім қосып атайды да, келесіге тастайды. Ойын 3-4 минут жалғасады.

Тренингте оқыту міндеттері:

- ақпарат беру;
- жасөспірімдер мінез-құлқының қауіптен қорғану бағытына өзгеруіне ықпал ету;
- мінез-құлқында жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру.

*Жобалар әдісі.* Қазіргі заманауи педагогикалық технологиялар арасында білім алушылардың жобалық іс-әрекеттері негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыруда ең маңызды адекватты мақсат болып табылады. Жобалар әдісі жеке дамып келе жатқан дамушы технологиялар ретінде, әсіресе жеке іс-әрекеттердің нәтижелерін бағалау және жобалай алу, мәселелерді табу және шешу, өз бетінше ойлай білуге, шығармашылық бастамалары, білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту негізін жатқызуға болады. Жобалар әдісі білім алушылардың өз бетінше іс-әрекеттеріне, әсіресе белгілі уақыт аралығында жеке, жұптық, топтық орындайтын іс-әрекеттеріне үнемі бағытталған.

*Кейс-әдіс.* Кейс-әдіс (Case study) – экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық немесе басқа да күрделі жағдайлардың сипаттамаларында қолданылатын білім беру технологиясы. Білім алушылар кейспен жұмыс жасау кезінде болашақ мамандықтарына байланысты іздеу, әртүрлі білім салаларында қосымша ақпараттарды талдау жұмыстарын жүзеге асырады. Кейс әдісті



басқа әдістерге қарағанда құрамына өзге күрделі емес таным әдістері кіретінін көрсетуге болады. Оған кіретіндер: модельдеу, жүйелік талдау, күрделі әдіс, ой тәжірибесі, сипаттау әдістері, классификациялары, пікірталас, ойын әдістері және т.б.

*Зерттеу әдістері.* Зерттеу әдісі кезінде білім алушылардан ең жоғарғы толық дербестікті талап етеді. Дегенмен, пәнді оқытудың алғашқы кезінде, оқытушының белсенді қатысуымен эвристикалық әдістерді топтағы әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға қолданатынын ескеру қажет. Эвристикалық әдістерге білім алушылардың жаңа білімді өз бетінше іздеу мақсатында жүргізілетін әңгімелер, зертханалық жұмыс тапсырмалары жатады. Іс-әрекеттің бұл түрі ұжымдық талқылау жоспарынан кейінгі білім алушылардың оқытушының нұсқауынсыз өз бетімен тәжірибелік тапсырмаларды орындайтынын болжайды.

*Пікір таластар.* Оқу пікір таластары білім алушылардың тәртіп бойынша немесе өз пікірлерін, ойларын, оқу мәселесі бойынша жорамалдарын өзара алмастыратынын көрсетеді. Пікір таластар субъектілердің өзара әрекеттесу формасы ретінде мамандандырылған білім мекемелерінде оқытушылардың тәжірибелік қызметінде соңғы уақытта қолданысқа көп ие.

*Ойын әдістері.* Ойын - әсіресе ересектер мен білім алушыларға тән іс-әрекет түрі, сондықтан білім үдерісінде бұл іс-әрекет түрін пайдалану ертеректен белгілі, дегенмен жаратылыстану ғылымдарының негізін тануда еріксіз қызығушылығын арттыруы мүмкін, әсіресе іс-әрекеттің бұл түрін қолдану маңызды болып отыр. Ойынның іскерлік, еліктеушілік, рольдік әртүрлі түрлерін оқу үдерісінде, пәндік ағымында, әртүрлілікті енгізуде, оқу мәселесін шешуде, берілген пәнді оқытуда жағымды мотивацияларын қалыптастырады. Ойын оқу үдерісінде білім алушылардың белсенділігін жігерлендіреді және тіпті ең пассивтілерді тартады.

*«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи») әдісі.* Берілген әдіс, күрделі мәселелерді шешу бойынша ой туындауға бағытталған, күрделі тапсырмаларға пікірталастар ұйымдастыру барысында қойылған тапсырмаларды бірігіп шешу үдерісіне негізделген. Тапсырмада пәнаралық сұрақ немесе кәсіби маңызы бар тапсырма болуы мүмкін. «Миға шабуыл» әдісі білім алушылардың сабаққа белсенді тартылып қатысуына мүмкін береді. Берілген әдісті

сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға жаңа білімді енгізуде білімдерін аралық бақылауда сапалы меңгеруге, алған білімдерін шыңдауға мүмкіндік береді. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа білім алушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдындағы мақсаттың ауыр-жеңіліне, білім алушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан білім алушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздену бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

*Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng – тиімді ойлау мен оқуға арналған белгілеудің интербелсенді жүйесі)* – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі. Білім алушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға білім алушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерін келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға білім алушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың білім алушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін білім алушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.



v	+	-	мен
«Бұрынан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағаным қайшы, кереғар»	«Қайда қолдана аламын»

*Ойлан, жұптас, пікірлес* – білім алушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл.

Тақтада сұрақ /тапсырма/ есеп жазылғаннан кейін әрбір білім алушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін білім алушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл аудиторияға жариялауын ұсынуына болады. Бұл тәсілді физикадан коллоквиум жүргізгенде қолданған тиімді.

*Шағын дәрістер.* Шағын дәрістер теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында өтілетін тақырыпқа байланысты «ми штурмын» немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, бұл қатысушылар үшін тақырыптың маңызын арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін түсінікті тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек.

*Кері байланыс.* Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

Оқытушы білім алушылардың әрқайсысының сезімдері мен қобалжуларына назар аударып отыруы маңызды.

Барлық айтылған пікірлер тренерлер тарапынан да, басқа қатысушылар тарапынан да үнсіз, даусыз, түсініктемесіз және сұрақсыз тыңдалуы тиіс. Әрбір сөйлеушіге айтқандары үшін алғыс

айтқан дұрыс. Басқалармен тең дәрежеде тренерге де кері байланыс ұсынған дұрыс.

*Кластерлер* (ағл. Cluster - «жүзімнің шоқтары» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды білім алушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер білім алушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда білім алушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

*Синквейн* (ағыл. *cinquain*) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда студентке оқу материалын қысқаша түйіндемеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әрекетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциациясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім).

*Пазл* (ағыл. *puzzle*) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын білім алушылар ойыны.

Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесі іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Бұл әдісті физика сабақтарында есептер шешуде, формулалармен жұмыс жасағанда, физикалық терминдер мен анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады.

*«Маршрут» ойыны.* Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі. Ойын ережесі бойынша ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырылады. Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.



**«Екі әрпі» ойыны.** Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөз ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы білім алушылар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

**«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған білім алушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын білім алушылардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Білім алушылардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

**«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

**«Қара жәшік» ойыны.** Білім алушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ олардың жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарай табуы керек.

**«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір білім алушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: «Ы.Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген

орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

**«Жолға шығу» ойыны.** Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

**«Кемпіркосақ» ойыны.** Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма беріледі. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

**«Ыстық орындық» әдісі.** Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

**«Автор орындығы»** білім алушының өзі жазған шығарма, эссесін оқығанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

**«3 таяқша» әдісі**

Берілген тақырыпқа байланысты

1 сұрақ

1 жауап

1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады.

**«Бинго» ойыны.** Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру.

**«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі.** Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба?

Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде білім алушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

**«Он сұрақ!» әдісі.** Оқытушы бір білім алушыны тандап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

**«Серпілген сауал» әдісі.** Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы білім алушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

**«Сұрақтар жаңбыры».** Бұл әдісті топпен жұмысты ұйымдастыруда қолдануға болады. Ойын мақсаты: білім



алушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту. Ойын ережесі бойынша білім алушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

**«Детектив» әдісі.** Ойын мақсаты: білім алушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту. Ойын ережесі бойынша білім алушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

**«Коллаж әңгіме» әдісі.** Ойын мақсаты: білім алушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту. Ойын ережесі бойынша білім алушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

**«Менің сөзім» әдісі.** Ойын мақсаты: білім алушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау. Ойын ережесі бойынша сыныптан бір білім алушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір білім алушының атын атайды. Сөзді сол білім алушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық білім алушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

**«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі.** Ойын мақсаты: білім алушылардың сыни ойлау, талдау дағдыларын дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру. Ойын ережесі бойынша білім алушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын (идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады.

**«Суретті әңгімеле» әдісі.** Ойынның мақсаты: бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелеу, суреттегі оқиғаның басын және

соңын болжату арқылы тапқызу. Ойын ережесі бойынша білім алушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Білім алушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Білім алушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі. Білім алушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Білім алушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

**«Here? Here? Here?» әдісі.** Ойын мақсаты: орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және білім алушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту. Ойын ережесі бойынша білім алушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі білім алушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы әріптесіне «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында білім алушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

**«Әңгімеге негізделген жазу» әдісі.** Ойын мақсаты: әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу. Ойын ережесі бойынша берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашықхат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін білім алушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Білім алушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін тандайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, білім алушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Білім алушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

1. *Шақыру қағазы.* Білім алушылар мазмұны кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.

2. *Хат.* Білім алушылар әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазады.



3. *Ашықхат*. Білім алушылар әңгіменің кейіпкерінің атынан кейіпкердің ата-анасына хат жазады.

4. *e-mail*. Білім алушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазады.

**«Қол белгісі».** *ақсаты*: білім алушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту

*Сипаттамасы*: Мұғалім білім алушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы арқылы көрсетуді сұрайды. «*Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын*» дегендер қолдың бас бармағын жоғары бағыттайды. «*Мен әлі түсінбей отырмын*» дегендер қолдың бас бармағын жанына қарай жантайтады. «*Мен түсінгеніме сенімді емеспін*» дегендер қолды бұлғайды. Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.

**«Бағдаршам».** Сабақтың мақсаты: білім алушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту. Ойын ережесі бойынша әрбір білім алушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады. Мұғалім олардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес карточкаларды көтеруін сұрайды. Жасыл карточка көтерген білім алушылар барлығын түсінген боп есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағы қосымша қойылады. Сары және қызыл карточка көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып тәңірегінде қосымша жұмыстар жүргізіледі. Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу, физиканы қызығырақ, түсініктірек оқыту мүмкін емес. Инновациялық технологияларды меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсер тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Жаңа оқыту технологияларын пайдалану білім алушының білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал етеді.

Интербелсенді әдістер қазіргі білім беру үдерісінде кең қолданысқа ие болып отыр. Бұл әдістерді жан-жақты меңгеру кез келген маман, сонымен қатар әртүрлі болашақ маман иелері және қазіргі білім алушылар үшін өте маңызды. Интербелсенді әдістерді

меңгеру барысында білім алушылар негізгі құзіреттіліктерін шыңдап, дамытып қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті еліміздің дамуына үлес қосатын маман болып шығуына мүмкіндік береді.

#### 4.3 Интербелсенді оқуды ұйымдастыру ережелері

*Бірінші ереже. Аудиторияны жұмысқа дайындау.*

Тиімді жұмыс жасау үшін аудиторияда компьютер, LCD-проектор, тақта немесе интербелсенді тақта, қол астында бор, флип-чарттар (плакаттар), маркерлер, А-4 форматындағы қағаз болғаны дұрыс.





Аудитория білім алушылардың еркін түрде жұмыс жасауына қолайлы болуы керек. Мәселен, әр сабақта білім алушылар шағын топтар құрамын бірнеше рет өзгертуі ықтимал, сол себепті де парталар мен үстелдер олардың емін-еркін қозғалуына кедергі болмауы қажет.

Әдетте аудиторияда білім алушылар партаға екеуден отырып, жүздерін оқытушы жаққа беріп отырады. Бұлай отыру олардың бір-бірімен қоян-қолтық араласып, тиімді қарым-қатынас жүргізуіне жәрдемдеспейді: алда немесе арт жақта отырғанмен қалайша әңгімелесуге болады? Отырғанда білім алушылар бір-бірінің жүздерін көргені дұрыс, өйткені олардың әңгімелесетін, қандай да болмасын мәселені талқылайтын серіктері өз жолдастары болады.

Парталарды қоюдың да көптеген тәсілдері бар. Ең бастысы білім алушылардың бәрі де бір мезгілде сабақ жүргізушіні көре отырып, топ ішіндегі жұмысқа белсене араласуға мүмкіндік алуы керек (*Кесте №2*).



3-кесте. Сабақта парталарды қою үлгілері

<p>1. Бетпе-бет отырыс</p>	<p>2. Қарама-қарсы отырыс</p>
	
<p>3. Үш жақты отырыс</p>	<p>4. Дөңгелек үстел</p>
	

**Екінші ереже. Топқа бөлу.**

Әр сабақта (әсіресе семинар және практикалық сабақтарда) білім алушыларды шағын топтарға бөліп, сол арқылы олардың бірлесе жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау керек. Білім алушыларды шағын топтарға 4-6 адамнан бөлген тиімді, олар партаны жағалай бір-біріне бет қаратып отырады.

Топқа бөлу әдетте кездейсоқ түрде жасалынады. Алайда семестр бойы бір білім алушы жолдастарының әрқайсысымен семестр бойы топ құрамында жұмыс жасап шығуы керек. Мұндағы

басты мақсат - білім алушылардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынас құрып, ортақ тіл таба білуіне ықпал жасау.

Топқа бөлуді әрекетке негіздеп, қызықты қылып өткізген жөн (топқа бөлу тәсілдері төменде беріледі).

**Үшінші ереже. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.**

Әр сабақтың басында бүгін қарастырылатын тақырып бойынша ұстаз өз тұрғысынан сабақтың мақсаттарын айқындап, білім алушылардан қандай білім, білік, дағды, әрекеттер күтетіндігін жеткізеді. Сонан соң білім алушылардың өздерінен сабақтан қандай нәтиже күтетіндерін құрастыруды талап еткен орынды. Бұл әрекет әр білім алушыда өзінің сабаққа тікелей қатысы бар екендігі туралы ойды нақтылап, оларды «Сабақта мен қандай білім ала аламын? Ол үшін мен қандай жұмыс пен әрекеттер атқаруым керек? Бұл білім маған қандай пайда бермек?» деген сұрақтар төңірегінде ой-толғаныс жасауға шақырады.

**Төртінші ереже. Жұмыс ережелерін қабылдау.**

Сабақ басында жұмыс ережелерін қабылдап, оларды әрі қарай қатаң ұстану білім алушыларды тәртіпке шақырып, тиімді әрі үнемді түрде жұмыс жасауға қолайлы. Ол үшін әрбір шағын топ бұл мәселені 1-2 минут талқылап алғаннан кейін, олардың ұсыныстарын көлемді параққа (флип-чарт, плакат) түрлі-түсті маркерлермен жазып, аудиторияның көрнекті жеріне іліп қоюға болады. Ұстаз тарапынан емес, өздері құрастырып қабылдаған ережелерді білім алушылар мейлінше қадағалауға тырысады.

Ережелер сан-алуан болуы мүмкін, мәселен, жұмыс регламенты, реті мен тәртібін анықтайтын, алайда олардың бәрі бірлескен жұмыста сыйласымды қарым-қатынас құруға бағытталғаны жөн. Мәселен:

- Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлмейік!
- Тұлғаның жеке басын сынамай, көзқарас пен пікірді сынамайық!
- Сабаққа кешікпейік!
- Қысқа да нұсқа сөйлейік!
- Уақытты үнемді әрі тиімді пайдаланайық!
- Берілген тақырыптан ауытқымайық!
- Біз үшін әрбір пікір құнды!
- Жекелей жұмыс жасағанда, бір-бірімізге бөгет жасамайық!
- Тыңдай білейік!



*- Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайық!*  
*Бесінші ереже. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.*

Білім алушыларды психологиялық тұрғыдан интербелсенді оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің бәрі дерлік оқуға белсене араласып кетуге дайын емес, өйткені олардың өздерін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Мұның себептері де баршылық:

- өзіне көтеріңкі жауапкершілік жүктеуі және содан қаймығу, жүрексіну;

- оң нәтиженің шығуына күмәндану;

- жазалаудан немесе күлкі/мазаққа жығылудан қаймығу;

- еріншектік пен шаршағандық (мәселен, бірінші сабақта ұйқысын аша алмау немесе соңғы сабақта шаршау);

- назарын жинақтай алмау (мәселен, үзіліс кезіндегі оқиғалардың немесе алдыңғы сабақтың әсерінде болу).

Білім алушылардың сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау аппаратын белсенділендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін бірінші мезетте ойсергектер арқылы жүзеге асыруға болады. Ойсергектер арқылы аудиториядағы білім алушылар өздерін жеңіл сезінеді, ашылады, әрқайсысы біртұтас ұжымның өкілі ретінде алда күтіп тұрған бірлескен күрделі жұмысты атқаруға дайындалады (Ойсергектердің үлгілері төменде беріледі).

*Алтыншы ереже. Барлық білім алушылар жұмысқа қатынасады.*

Интербелсенді әдіс аумағында өтетін сабақ мақсаттарының бірі бірлесе жұмыс жасау болғандықтан, әр қатысушының жұмысқа белсене қатысқандығы абзал. Білім алушылардың білім игеру жұмысының, оның ішінде әсіресе бірлескен жұмыс әрекеттерінің қызықты әрі тартымды екендігіне көздерін жеткізгені дұрыс. Сол себепті де сабақтың басты тәсілі ретінде топтық жұмыстарды тану керек.

*Жетінші ереже. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалады.*

Суырылып алға шығып сөйлегеннен гөрі, тыңдай білген қиын шығар. Топтық талқылау кезінде барлық білім алушылардың өз пікірін келтіріп, басқалардың оны мұқият тыңдап, оның пікірін сыйлап, санасатын жағдай жасап отыру қажет. Мұндайда барлық қатысушылардың пікірі тыңдалуы керек.

Топтық бірлескен жұмыстан соң (талқылау, пікірлесу, ой қозғау, тапсырманы бірлесе орындау т.б.) әр топқа өз пікірі мен көзқарасын жариялау мүмкіндігін беру керек. Ол үшін топ атынан бір білім алушы (оны «сөйлеуші», «шешен», «спикер», «капитан» деп атауға болады) берілген уақыт ішінде өз ойлары мен ұйғарымдарын ортаға салады.

*Сегізінші ереже. Жазбаша жұмыстар.*

Үйренудің басты мақсаты – тұлғаның дамуы, оның ішінде, әсіресе, ойлау қабілеті мен шығармашылық дағдылардың өркендеуі. Ал жазу (жазба жұмыстары) – ойлаудың шырқау биігі. Жазуда білім алушы сонымен қатар «Мен» тұрғысынан өзінің ішкі жан дүниесін ашып, оны асқақтата түседі. Сол себепті де әр сабақта жазу жұмыстарын жиі қолданып отырған орынды. Ал білім алушының бүгінгі сабақта нендей және қандай дәрежеде білім алғанын, оның өсуі мен дамуын, яғни оның білімін бағалауды тек жазбаша жұмыстарды орындауынан ғана объективті түрде білуге болады. Жазу жұмыстары – білім алушы білімін бағалаудың дәлелді нысаны.

*Тоғызыншы ереже. Кері байланыс.*

Кері байланыс дегеніміз сабақтың мазмұны немесе әдіс-тәсілдері, оның тиімділігі мен қандай дәрежеде өткендігі туралы білім алушылардың ой-пікірлері мен эмоциялары, олардың болашақтағы (келесі сабақтардағы) өз мұқтаждарын келтіруі. Бұл пікірлер оқытушыға өткізген сабағына баға беріп, оның ұтымды жақтары мен кем-кетіктерін анықтап, өз жұмысына өзгерістер енгізу мүмкіндігін береді.

Білім алушылар «Сабақ қалай өтті: қызық болды ма?», «Сіз үшін сабақтың құнды жәйттері қандай болды?», «Бүгін не нәрсеге үйрендіңіз (білдіңіз)?», «Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?», «Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді (қандай ақпарат көздерін оқисыз)?», «Қандай сұрақтарыңыз бар?», «Сабақтың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз/ұсыныстарыңыз бар?», «Келесі сабақта қандай мәселелерге назар аудару керек деп ойлайсыз?» деген сұрақтарды ауызша талқылағаннан кейін, оларға жазбаша жауап берумен жалғастыруы мүмкін. Жауаптарды, мәселен, «Шығу парақтары» тәсілі бойынша беруге болады. Әдетте жауаптар анонимді түрде беріледі.



«Шығу парақтарында» білім алушылардың сабақ бойынша келесідей сауалдарға жауап бергені орынды:

- Білдім (Білдім және түсіндім)

- Білгім келеді

- Ұнады

- Ұнамады

- Сұрақтарым

- өзіме

- оқытушыға

- басқа білім алушыларға

- Пікірім

- Тілектерім

- өзіме

- басқа білім алушыларға

- оқытушыға

- Өз жұмысыма деген көзқарас

- Мен қалайша жұмыс жасадым?

- Өз жұмысыма көңілім тола ма?

Бұл жерде әр «Шығу парақтарында» үш сұрақ/сауалдан аспағандығы орынды екендігін естен шығармау керек.

Білім алушылардың пікірлері мен қойған сұрақтары оқытушы тарапынан ескеріліп, келесі сабақты соларға жауап берумен бастау мүмкіншілігін береді.

Кері байланыс ұстаз бен білім алушылардың арасында сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Сонымен қатар ол өткен сабақты бағалау мен талдаудың, келесі сабақты жоспарлаудың тиімді түрі болып табылады.

### Танысу ойсергектері

Интербелсенді оқу/оқыту оқытушы мен білім алушылар арасында сенімге толы, терезелері тең тұлғалардың қоян-қолтық араласуын үйрену үдерісінің басты қағидаларының бірі ретінде танып, білім алушылармен тез тіл табысып кетуді қажет етеді. Осы бағытта оқытушыға әрбір білім алушының есімін жадында сақтап қалуда танысу ойсергектері жәрдемдеседі.

Білім алушылардың жаңа ұжымымен жұмыс ұйымдастыру алдында немесе семестр басында келесідей ойсергектерді ұйымдастырған тиімді.

### Биографиялық поэма (Биопоэма)

Тақтаға немесе әрбір білім алушыға параққа жазылып, өзі туралы келесідей сауалдарға жауап беру тапсырылады:

1. Есім (Өз есіміңізді келтіріңіз).

2. Мен қандаймын? (Өзіңізді сипаттайтын үш сын есім келтіріңіз).

3. Сүйікті іс-әрекеттерім (Қол боста айналысуды құмартатын үш әрекетіңіз, хобби).

4. Неден қорқамын, сескенемін? (Өмірдегі қорқыныш пен қауіптеріңіз).

5. Өмірлік қағидам (кредо). (Өмірде ұстанатын басты қағидаңыз, ұраныңыз).

6. Сүйікті есімдер (Қандай есімдерді ұнатасыз?).

7. Сүйікті тағамдар (Қандай тағамдарды ұнатасыз?).

8. Фамилия.

Бұл тапсырманы орындауға білім алушыларға 2-3 минуттай уақыт берілген соң, олар жазғандарын шағын топ ішінде немесе бүкіл аудиторияға (егерде білім алушылар саны аз болып немесе уақыт жеткілікті болса) оқып береді. Биопоэмаларды оқығаннан кейін, білім алушылардың бір-біріне сұрақтар қойып, таныстығын тереңдете түскені дұрыс.

Бұл тәсілді бастары жаңадан қосылған білім алушылармен ғана қолданбай, бұрыннан бір-бірін білетін топ ішінде де қолдануға тиімді, өйткені көп жағдайда келтірілген сұрақтар білім алушыларды бұрын ескерілмеген жаңа бір қырынан ашады.

Биопоэма сұрақтарын түрлендіріп әрі толықтырып жіберуге де болады. Мәселен, олардың қатарына П.Мақдермот «Мен қандай туыспын?» деген сұрақты қосады, білім алушылар мұнда өздерін туыс ретінде атайды («Мен әке-шешемнің ұлымын/қызымын, немере, аға/әпке, іні/қарындас не сіңлі, бауырмын» деген секілді). Мұнымен қатар автор сүйікті заттарды, басынан кешкен сезімдерді, қол жеткізген табыстарды, көргісі келген немесе құмартатын нәрселерді (заттарды), туған жерін (немесе тұрғылықты жерін) атауды ұсынады.

Мұнда биопоэмада «Сүйікті гүлдеріңізді (пәндер, түстер, спорт түрлері, ақындар, жазушылар, актерлер, әншілер) атаңыз» секілді тапсырма да беруге болады.



**Қар көшкіні.** Қатысушылар орындарынан тұрып, шеңбер құрайды. Оқытушы да білім алушылар арасынан орын алады. Әрбір қатысушы өз есімін атап, оған бастапқы әріптен басталатын бір сын есімін (эпитет) қосады. Мәселен, «Айгүл» есімі «А» әрпінен басталады, яғни Айнаш өз есіміне «алғыр» (немесе «алғыр», «айбынды», «асқақ», «айлалды», «арынды», т.б.) сияқты сын есімді қосады. Келесі білім алушы те дәл осылай өз есімін атайды, оған сын есім қосады да, алдында тұрған барлық білім алушылардың есімдері мен эпитеттерін қайталап шығуы керек: «Алғыр Айнаш, думанды Дәмеш, сабырлы Сейітжан, әділ Әбілғазы, асқар Асан, реңді Рызуангүл, жалынды Жомарт! Ал мен - берекелі Бақытпын!».

Бұл тәсілді қолданғанда білім алушыларға мұқият тыңдау мен зейін қою қасиеттерін іске қосу қажет. Оқытушының танысуды өзінен бастауына болады, ал егерде ол білім алушыларға өзінің жады мен есте сақтау қабілетін көрсеткісі келсе, онда ең соңында жауап береді.

**Есім-акроним.** Әр білім алушы өз есімінің бастапқы әріптерінен өзін сипаттайтын (немесе өзіне тән) сын есімдер (эпитеттер) келтіруі керек. Мысалы, Айгүлдің былай деп жазуына болады:

- А – алғыр
- И – инабатты
- Г – гүлденген
- Ү – үлбіреген
- Л – лапылдаған.


Тапсырма орындалғаннан кейін, әр білім алушы өз жазғандарын жариялайды.

**Есім әріптерінен басталатын сөйлем.** Білім алушылар өз есімдерінің бастапқы әріптерінен сөйлем құрайды. Мысалы, Айгүлдің мынандай сөйлем келтіруіне болады: «*Айшықтай иілген гүл үзіле лүпілдейді*». Тапсырма орындалғаннан кейін, әр білім алушы өз жазғандарын жариялап, басқалар олардың есімдерін атайды.

Бұл тапсырманың алдыңғы тәсілге қарағанда анағұрлым қиын екендігін ескеру керек, сол себепті де мұнда білім алушылар келтірген сөйлемдердің құрылымы мен мағынасына аса сын көзбен қараудың қисыны жоқ. Бұл жұмыстың басты мақсат – танысу, көңіл-күйді көтеру деп түсінген абзал.

**Өзі туралы кластер.** Білім алушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таратылатын шеңберлерге өздерінің өмірде «ойнайтын» бес негізгі рөлін жазады. Мысалы, жанұяда: біреудің баласы, әкесі, бауыры, ағасы; оқуда: білім алушы, шәкірт, курстас жолдас; сабақтан тыс уақытта: дос, жолдас.

Әр рөлден туындайтын шеңберлерге өзінің осы рөлдегі ахуалын сипаттайтын сын есімдерді жазады.



17-сурет. Өзі туралы кластер рөлдері

Жұмыс аяқталғаннан кейін білім алушылар өз жазғандарын жариялайды: топ ішінде талқылайды немесе қабырғаға іліп қояды, басқалардың сұрақтарына жауап береді.

#### Кесте толтыру

Танысу алдында әрбір білім алушы келесідей кесте толтырады (4-кесте):



Менің өмірім	Маңызды мезеттері
Туған жерім, мекен-жайым	- Туған жерім: Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылы. - Мен қазір Талдықорған қаласы, Отенай ауылы, Рысқұлов көшесі, 8 үйде тұрамын
Менің жанұям	- Біздің жанұяда 8 жан бар: атам, әжем, әкем, анам, мен, үлкен ағам мен 2 інім бар
Менің ермегім (хобби)	- Қолым боста мен шым-шытырық оқиғаларды оқығанды ұнатамын. Маған әсіресе детективті романдар ұнайды.
Менің достарым	- Ауылда менің Әлихан мен Мирас деген достарым бар, ал Талдықорғандағы достарымның есімдері – Мұрат, Жандос және Санжар.
Өмірімнің қызықты мезеттері	- Бала кезде бірінші рет Шарын коньонына барып, аспалы жолдың ортасына келгенде қатты шошыдым

Бұл жұмыс аяқталғаннан кейін білім алушылар шағын топ ішінде өз кестелерін бір-біріне оқып, оларды талқылайды. Әр топтан бір-екі білім алушының кестесі бүкіл аудиторияға жарияланады.

**Қарама-қарсы.** Білім алушылар екі сапқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады, екі минут ішінде олар қарсы тұрғанмен әңгімелеседі, бір-біріне сұрақ қояды. Берілген уақыт аяқталған соң, оқытушы бір саптың оң жаққа, ал екінші саптың сол жаққа бір қадам жылжуын сұрайды. Білім алушылардың жұптары өзгеріп, олар басқалармен сұхбаттасады (шетте тұрғандар саптың басына оралады).

Осылайша білім алушылар бір-бірімен танысып шыққанша жылжи беруге болады.

**Қос шеңбер ішінде танысу.** Білім алушылар екі шеңберге (ішкі және сыртқы) бөлініп, бір-біріне жүзін қаратып тұрады. Ішкі және сыртқы шеңберде бір-біріне қарап тұрған білім алушылар бір-бірімен әңгімелесіп, танысады. Берілген уақыт өте білім алушылар жұптарымен алмасады: ол үшін бір шеңбердің оңға немесе солға бір қадам жасауы керек.

**Өзіңнің таңбанды (герб) жаса.** Білім алушылар бір парақ қағазда келесідей фигураны сызып, оның ішіндегі бөліктерге өздері туралы келесідей деректерді жазады:

- Өз қолыңызбен жақсы жасай білетін екі заттың суретін салыңыз (жиһаз, тағам түрі, тоқыма түрлері).


- Өзіңізді жақсы сезінетін бір жердің суретін салыңыз (үй, бөлме, табиғат аясы).

- Өміріңіздегі ең үлкен жетістіктердің суретін салыңыз.

- Өміріңізге ең елеулі ықпал жасаған үш адамның суретін салыңыз.

- Өмірде қандай жетістіктерге қол жеткізгіңіз келеді? Бір сөз жазыңыз.

- Өзіңіз туралы естігіңіз келетін үш жағымды сөз жазыңыз.



18 – сурет. Таңба нұсқасы

Білім алушылар өз таңбаларын жасап бітіргеннен кейін олар шағын топ ішінде суреттерін талқылап, сұхбаттасады.



### Жағымды психологиялық сезім қалыптастыратын және көңіл көтеретін ойын түріндегі ойсергектер

**«Өзіңе тілегенді - басқаларға тіле!».** Әр білім алушыға 10-15 секунд уақыт аралығында ішінен өзіне бір немесе бірнеше ізгі тілек тілеу тапсырылады. Содан кейін қатысушылар жұпқа бөлініп, бір-бірінің қолынан алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптасына айту керек. Оқытушының да бұл іске қатынасқаны дұрыс.

**Көңіл-күйді анықтау.** Сабақ басында білім алушылар бір параққа өзінің көңіл-күйін келтіретін сурет салады: суретте олар адамның бет-әлпетін келтіруі керек (мәселен, күліп немесе езу тартып тұрған, қабағын түйіп тұрған, бейтарап, т.б.). Олар суреттерін бір-біріне көрсетеді. Оларға сабақтың аяғына дейін көңіл-күйлерін көтеріңкі деңгейге жеткізу жұмысы тапсырылады.

Немесе көңіл-күй табиғат құбылыстары арқылы көрсетуге болады: жарқырап күн шығып тұр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр, т.с.с.

**Аудиториядағы заттар.** Білім алушылар аудиториядан қандай да болмасын бір затты таңдап, бір минут ішінде оны өзіне немесе өзінің көңіл-күйіне ұқсастығын ойластырып, топ ішінде бір-біріне айтып беруі керек. Мысалы, *«Мына төбедегі шам маған ұқсас екен: менің де көңілім қазір жарқырап тұр!»*. Қалауы бойынша кейбір білім алушылардың әңгімесін (немесе әр топтан бір білім алушының) бүкіл аудиторияға да жариялауды сұрау керек.

**Өзгертулерді тап!** Білім алушылар жұптарға бөлінгеннен кейін оларға келесідей тапсырмалар беріледі:

- Жұбыңызға қарама-қарсы тұрып, бір-біріңізге 10-15 секундтай қарап алыңыздар.

- Енді сырт айналып, бір-біріңізге арқа беріп тұрыңыздар. Сыртқы пішініңізге (киіміңізге, шашыңызға) қандай да болмасын 3 өзгерту (немесе 5 те болады) енгізіңіз.

Бұл жерде білім алушылар шаштарының жатуын өзгертіп, сыртқы киімін, сағат, сырға немесе көзілдірігін шешіп немесе киіп, сыртқы пішіндерін өзгертулері керек. Екі жақ та өзгертулерді аяқтағанда, бір-біріңізге қараңыздар да, сол өзгертулерді табыңыздар.

**Сөздерден әңгіме құрастыру.** Білім алушылардың әрқайсына қандай да болмасын бір-бір сөз ойлауды тапсырып, бірнеше

секундтан кейін ол сөздерді (жалпы саны 15-20 сөздей) тақтаға жазып, білім алушылардың шағын топтарына осы сөздерді қолданып, 2 минут ішінде білім алушылар өмірін суреттейтін ауызша әңгіме құрастыруды ұсыну керек. Әңгімеде топ білім алушыларының және оқытушылардың есімдері міндетті түрде аталуы керек.

**Көршінің суреті.** Білім алушылар дәптерін төбесіне (басына) қойып, өзінің жұптасына қарап отырып, берілген қысқа уақыт ішінде (1-1,5 минут) оның суретін салуға тырысады. Суретті салып бітіргенше, дәптерге қарауға болмайды. Әрине, салған суреттердің қисық-қыңыр болатындығы сөзсіз, алайда олардың білім алушыларға қызық болып көрінуі сөзсіз. Білім алушылар сурет салынған парақтарға өз қолдарын қойып, бір-біріне тарту етеді.

**Қозғалыстағы сурет.** Бұл ойсергек алдыңғыға ұқсас. Алайда суретті енді қозғалыста салу керек. Ол үшін білім алушылар қолдарына дәптер мен қаламсаптарын алып, шеңберлене тұрады, сол жаққа бұрылып, аудитория ішінде шеңберді бұзбай жүре бастайды. Олар алдында тұрғанның арқасына дәптерін қойып, арттағы білім алушының суретін салуға тырысуы керек. Бұл жерде келесідей ережелерді сақтаған орынды:

- Тоқтауға болмайды!

- Шеңбер жүруін тоқтатқанша суретті сала беру керек.

- Суретке ренжуге болмайды!

Білім алушылар сурет салған парақтарға өз қолдарын қойып, суреті салынғандарға тарту етеді.

**Атомдар мен молекулалар.** Молекулалар атомдардың жиынтығы екендігі баршаға да мәлім.

Білім алушылар аудиторияның бос жеріне жиналады. Ойынды жүргізуші «Атомдар!» деп дауыстағанда, олар бір-бірімен араласып, әрілі-берілі жүруі керек, өйткені олар қазір броундық қозғалыстағы атомдар іспетті. Ал жүргізуші «Молекулар!» деп айтып, бір санды атаса (мәселен, үш немесе төрт, бес, алты), білім алушылар сол аталған сан құрамында топтарға жедел түрде бірігуі керек. Қалыс қалған білім алушылар (топ құрамын аталған саннан кем құрғандар) айып ретінде бір тапсырма орындайды: өлең оқиды, ән айтады, т.с.с.

Ойынның нәтижесінде құралған топтар сол құрамда парталарға да отыруына болады: олар сабақты осы құрамда жалғастырады.



**Комплименттердің бұрқасыны.** Білім алушылар берілген уақыт ішінде (1-1,5 минут) бір парақ қағазға өздерінің сүйікті адамдарынан естігісі келген комплиментті жазады. Комплименттердің жеке сөздер (эпитеттер) түрінде болмай, толық сөйлемдер түрінде болғаны дұрыс. Жазып болған соң білім алушылар бұл парақтарды умалақтап, домалақ қармен атқыласқандай оларды бір-біріне лақтыруы керек. Содан кейін оқытушы білім алушыларға бір-бірден «қар домалағын» ашып, оларды оқуды тапсырады.

Комплименттерді барлық білім алушылардың кезектесіп оқуына да болады.

**Қос шеңбердегі комплименттер.** Білім алушылар екі шеңберге (ішкі және сыртқы) бөлініп, бір-біріне жүзін қаратып тұрады. Ішкі және сыртқы шеңберде бір-біріне бет қаратып тұрған білім алушылар кезектесіп бір-біріне комплимент айтуы керек. Содан кейін ішкі шеңбердегілер оң жаққа бір адым жасап, алдында алмасып тұрған басқа білім алушымен комплименттермен алмасады.

**Екі қолды жұмысқа жұмылдыру.** Білім алушылар екі қолына да қаламсап алып, бір мезгілде екі қолымен келесідей әрекеттерді атқарады:

1. Оң қолымен бес үшбұрыш, ал сол қолымен бес төрт бұрыш салады.

2. Оң қолымен бес шеңбер, ал сол қолымен бес үш бұрыш салады.

3. Оң қолымен өзінің есімін, ал сол қолымен тегін (фамилия) жазады. Бұл жерде жазуды оңайлату үшін есімі мен тегіндегі (фамилия) әріптер санын теңдестірген дұрыс: егер фамилия ұзын болса, ондағы «-ов/-ев», «-ова/-ева» жұрнақтарын алып тастап, есімге «жан» түбірін қосса болады.

Білім алушыларға салғандары мен жазғандарының олқы шыққандығына назар аудармауларын ескерту керек. Мұнда ең бастысы - жазудың өзі, сол себепті де тоқтамай, әрекеттене беру керек.

Бұл ойсергектің мақсаты келесідей:

Әдетте оңқайлардың (оң қолымен жұмыс жасайтындардың) миының сол жақ жарты шары жұмысқа жұмылдырылады да, ал оң жағы жұмысқа белсене араласпайды. Екі қолмен бір мезгілде

әртүрлі әрекеттер жасағанда, мидың екі жағы да іске жұмылады екен.

**Ән шырқау.** Білім алушы топтарына ел арасында көп тараған, кеңінен таныс әндердің бір шумағы мен қайырмасы жазылған карточкалар таратылып беріледі. Білім алушылардың әр тобы тез арада дайындалып, кезекпен карточкаларда келтірілген әндерді бірлесе орындауы керек.

Білім алушыларға Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғиса Тілендиев секілді танымал композиторлардың әндерін ұсынған орынды («Ақ бантик», «Армандастар», «Атамекен», «Өз елім», т.б.).

**Мадақтау.** Білім алушылар екі топқа бөлінеді де, әр топ бір минут ішінде қарсы топ пен оның мүшелеріне мақтау мен алғыс айтуға дайындалуы керек. Олар басқа топтағы әрбір білім алушының сыртқы пішінінен, адами қасиеттерінен, сабақ үлгерімінен тек жағымды жақтарын атауы қажет.

Уақыт өткен соң екі топ кезектесіп бірін-бірі мақтайды.

#### Логикалық ойлауға негізделген ойсергектер (жұмбақтар, есептер, мәселелер)

**Орны ауыстырылған әріптер.** Тақтаға әріптерінің орны ауысып кеткен білім алушылардың бірнеше есімі (немесе географиялық атаулар, белгілі адамдардың есімдері, т.б.) жазылады:

ЙТНЖСІЕА (СЕЙТЖАН)

ААЫНҚТБЖ (БАҚЫТЖАН)

РАЛМУИГ (ГҮЛМИРА)

МАОТРЖ (ЖОМАРТ).

Білім алушылар жасырылған есімдерді табу керек.

**Тақырыпты жасыру.** Бұл ойсергек алдыңғыға ұқсас. Сабақ тақырыбы тақтаға әріптерінің орны ауыстырылып жазылады, мәселен:

«Эертлк гыот» - «Электр тогы».

Білім алушылар жасырылған тақырыпты табу керек.

**Жұмбақтарды шешу.** Білім алушылардың ойлау қабілеттерін сабақ тақырыбына жұмылдыру үшін оларға қысқа уақыт ішінде (1-2 минут) қызықты жұмбақтарды шешу жұмысын тапсырған орынды.



**Халық жұмбағы.** Бір қырдың басында тұрған қойшы екінші қырдың басындағы басқа қойшыға айқайлайды:

- Ей, Дүйсенбай! Егерде сен маған бір қойынды берсең, онда менің қойым сенікінен екі есе көп болады!

Дүйсенбай болса былай деп тіл қатады:

- Жоқ, Сейсенбай! Оданша сен маған бір қойынды бер: сонда біздің қойымыз тең болады!

Сұрақ: *Екі қойшыда қой саны қаншадан болған?*

Білім алушылар жұп ішінде ойланып, аз уақыт ішінде жауап беруі керек.

Жауабы: *Біреуінде – бес қой, екіншісінде – жеті қой.*

**Хирург.** Автомобиль авариясында бір жігіт қатты жарақат алады, ал қасында отырған әкесі мерт болады. Жігітті жедел түрде ауруханаға жеткізеді. Алайда алдарынан шыққан хирург бұл жігітке операция жасаудан бас тартты:

- Мен өз балама операция жасай алмаймын! – деп.

Сұрақ: *Хирург жігітке кім боп келеді?*

Жауабы: *Хирург – жігіттің шешесі.*

**Сөзжұмбақ.** Тақтаға келесідей сөздер жазылады: «Бірлік, бекінген, күш, төрткүл, әбестік, қалтырау, жетіген, қонақ, келу, жүзім, жымыңдаған».

Сұрақ: *Бұл сөздерді қандай жәйт біріктіреді?*

Жауабы: *Келтірілген сөздердің барлығында сан есімдер жасатырылған: «Бірлік, бекінген, күш, төрткүл, әбестік, қалтырау, жетіген, қонақ, келу, жүзім, жымыңдаған».*

**Джон және Билл.** Джон және Билл бір бөлмеде болғанды. Кенет есік ашылды да, сынған әйнектің сынғыры естілді. Джон Билге қарап еді, Билл өліп жатыр екен.

Сұрақ: *Билл неліктен мерт болды?*

Білім алушыларға бұл жұмбақтың шешуін тек сұрақ қою арқылы шешуге болатындығын ескерту керек. Сол себепті де білім алушылар сұрақ қойып, ал оқытушы олардың барлығына да бүкпесіз түрде жауап беруі керек: ол тек дұрыс жауапты ғана айтпайды, өйткені оған білім алушылардың өздері жетуі керек.

Жауабы: *Есік желдің лебінен ашылып, үстелде тұрған аквариум еденге құлап, сынып қалды. Ал Билл – балық болатын.*

**Сандық жұмбақ.** Білім алушылар шағын топ құрамында екі минуттың ішінде келесі есептің шешімін табу керек: «Сұрау белгісінің орнына қажетті сан қойыңыз».

14	10	12	16
84	40	60	?

19-сурет. Сандық жұмбақ

Жауабы: 112.

*(Әрбір доминодағы төменгі сан жоғарғы санды квадратқа шығарып, содан кейін оны екіге бөліп, одан жоғарғы санды алып тастауынан құралады:  $16^2=256$ ;  $256:2=128$ ;  $128-16=112$ ).*

Осы секілді сандарға негізделген жұмбақтарды оқытушының өзі құрастыруына болады.

**Сөздік жұмбақ.** Білім алушылар шағын топ құрамында бір минуттың ішінде келесі сөздік есептің шешімін табу керек:

- «Бірінші сөзді бастап, екінші сөзді аяқтайтын сөзді табыңыздар»:

**О (... ) ЫҚ**

Жауабы: БАЛ.

*(Бірінші сөз – «обал», екінші сөз – «балық». Жақша ішіндегі нүктелер қажетті сөздегі әріп сандарын білдіреді).*

Мұндай жұмбақтарды әрбір оқытушының өзі көптеп келтіруіне болады.

**Сөзді тап.** Білім алушылар шағын топ құрамында бір минуттың ішінде келесі сөздік есептің шешімін табу керек: «Жақша ішінде тасталып кеткен сөзді табыңыздар».

**ақпан (қала) алқоры**

**рақымшыл (.....) қамқорлық**

Жауабы: Қармақ.

*(Мысал ретінде берілген жоғарғы қатарда ортадағы сөз бірінші және екінші сөздердің екі әрпін кері оқудан құралады: ақпан – «қа», алқоры – «ла». Ал төменгі қатардағы сөз екі сөздің үш әрпін керісінше оқығаннан құралады: рақымшыл – «қар», қамқорлық – «мақ». Жақша ішіндегі нүктелер қажетті сөздегі әріп сандарын білдіреді).*



Мұндай жұмбақтарды әрбір оқытушының өзі көптеп келтіруіне болады.

**Буриме.** Буриме деп берілген ұйқастарға өлең жолдарын (тармақтарын) құрастыруды атайды. Мысалы, оқытушы тақтаға өзара ұйқасқан бірнеше сөзді тігінінен жазады:

*кезімнен  
көзіңнен  
ұмыттың  
үміттің.*

Осы ұйқастарды қолданып, білім алушылардың әрқайсысы бір шумақ өлең жазуы керек. Берілген уақыттан кейін (1-1,5 минут) өлеңдер топ іштерінде оқылып, ең сәтті шыққандары бүкіл аудиторияға оқылады. Аяғында оқытушы Тұманбай Молдағалиевтің «Әнім сен едің» атты өлеңінің осы ұйқастар алынған шумағын оқып беруіне болады:

*Құрбым, жан құрбым, бала кезімнен,  
Бақыт көріп ем қара көзіңнен...  
Кеттің ұмытып, мәңгі ұмыттың...  
Жібін үздің зой нәзік үміттің.*

#### **«Өзіңді таны» тақырыбында психологиялық тест түріндегі ойсергектер**

**Мен қандаймын?** Білім алушылар 1-ден 10-ға дейінгі сандарды бір мезгілде екі қолымен жазуы керек: мәселен, оң қолымен де, сол қолымен де «1» санын, одан кейін «2» санын және әрі қарай жалғастырып. Жазу барысында қалай жазылғандығына (әдемі, нашар) назар аудармау керек. Содан кейін олар жазғандарының ішінен жазылуы бір-біріне ұқсас бір жұп санды таңдауы керек.

Оқытушы енді білім алушыларға олардың жеке бастарының қасиеттерін сипаттайтын келесідей тізімді оқып береді:

- егер «1» сандары ұқсас келсе, онда бұл адамдар – **эгоистер** дегенді білдіреді;

- «2» сандарының ұқсастығы бұл білім алушылардың іскер адамдар, болашақ басшылар екендігін меңзейді;

- егер «3» сандары ұқсас келсе, онда бұлар - бейбіт өмірді жақтайтын, әрқашан да бітімге келе білетін адамдар;

- егер «4» сандары ұқсас келсе, онда бұл адамдар - өздері өз басына қиыншылық туғызып, оларды өздері жеңе білетін адамдар;

- «5» сандарының ұқсастығы бұл білім алушылардың ақылды екендігін көрсетеді;

- егер «6» сандары ұқсас келсе, онда бұлар өз жынысының озық өкілдері: нағыз еркек немесе нағыз әйел;

- егер «7» сандары ұқсас келсе, онда бұл адамдар жан-жақты дамыған;

- егер «8» сандары ұқсас келсе, онда бұл адамдар қауіпті дегенді білдіреді;

- «9» сандарының ұқсастығы бұл адамдарға сенім артуға болады дегенді білдіреді.

Әрине, бұл жерде мұндай тестердің барлығы да әзілге негізделетіндігін ұмытпау керек.

**Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал.** Білім алушыларға келесідей ережелерді қадағалап отырып, сурет салатындығы ескертіледі:

- Бұл жұмыста Сіздер өз бейсаналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.

- Сурет салу тапсырылғанда, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек?» деп сұрауға болмайды: өз қалауларыңыз бен шешімдеріңіз бойынша салу керек.

- Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға уақыт өте аз беріледі.

- Суреттерді салғанда, басқалардың суреттеріне қарауға болмайды.

Осыдан кейін білім алушыларға үй, жол, жылан, шарап ішетін бокал, шалбар мен әйелдердің басына тағатын орамалды кезекпен салуға тапсыру керек: әр затты салуға мейлінше аз уақыт беріп (5-10 секундтай ғана), білім алушыларды асықтырып, жұмыстарын жеделдетіп отырған жөн.

Білім алушылар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың келесідей мағына білдіретіндігін айтады:

Үй – адамның өзін-өзі бағалау деңгейін көрсетеді.

- Егер үйдің суреті кең әрі биік болса, онда бұл білім алушының өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары деп есептеуге тұрарлық.



- Егерде үйдің есік-терезелері бар болса, онда бұл білім алушы - қарым-қатынасқа ашық адам.

- Егерде үйдің есігі ашық болып немесе оның тұтқасы бар болатын болса, бұл жәйт білім алушының қонақжай екендігін білдіреді.

Жол – адамның қарым-қатынасқа қандай деңгейде араласатындығының айғағы.

- Егер жол кең, әрі үйдің есігінен басталатын болса, бұл адамның қарым-қатынасқа бейім және қонақжай екендігін көрсетеді.

- Ал егерде жол тар немесе үйдің қасынан (үйге бұрылмай) өтіп жатса, онда бұл жәйт адамның қарым-қатынасқа оңай кірісіп кетпейтіндігін білдіреді.

Жылан – «Басқа адамдардың мен туралы пікірі қандай?» деген сұраққа өзіңіздің қалайша жауап беретініңіздің айғағы.

- Егер жылан үй жаққа қарап тұрса, әрі оның айрық тілі аузынан көрініп тұрса, онда Сіз «Басқалардың мен туралы пікірі жақсы емес: олар күні бойы мені жамандаудан басқа іспен айналыспайды екен» деген ойдасыз.

- Ал егер жылан үй жаққа қарап тұрмаса, онда Сіз «Басқалардың мен туралы ойы жаман емес» деген ұстанымдасыз.

Бокал – адамның ішімдікке деген көзқарасын білдіреді.

- Егер салынған бокал үлкен әрі толтырылған болса, бұл суретшінің ішімдікке деген көтеріңкі ықыласын көрсетеді.

- Керісінше, бокалдың суреті кішкене болып, оның іші бос болса, онда мұны салған адамның ішімдікке немғұрайды болғаны.

Шалбар мен орамал – білім алушының түсінігіндегі ер адамдар мен әйелдердің дәрежесін көрсетеді.

- Егер шалбардың суреті орамалдан биік тұрса, онда білім алушы өмірде ер адамды әйелдерден жоғары санайды деген сөз.

*Мұндай тестер әзілге негізделетіндігін ұмытпау керек.*

**Адамның суреті.** Білім алушыларға адамның бет-әлпетінің суретін салу тапсырылады. Салынып біткен суреттерді білім алушылар бір-біріне көрсетуі керек. Осыдан кейін оқытушы бұл суреттердің қандай мағына білдіретіндігін айтып береді:

- Салған адамның көздері үлкен болса, онда бұл суретті салған білім алушы өте сезімтал адам (эмоционалды).

- Ал егер адамның аузы үлкен болса, онда бұл білім алушының қарым-қатынасқа өте жеңіл кіре алатын адам болғаны.

- Құлағы үлкен болса, бұл жәйт білім алушының басқаларды тыңдай білетіндігін меңзейді.

- Шашының қалың болғандығы білім алушының ойшыл екендігін көрсетеді.

- Егерде суретте адамның денесі де келтірілетін болса, онда білім алушының шығармашыл болғаны.

- Егер суреттегі адамның қолында гүл бар екендігі салынса, онда бұл білім алушының ашылмаған құпия сыры бар деген сөз.

*Мұндай тестер әзілге негізделетіндігін ұмытпау керек.*

**Үйдің суреті.** Бұл ойсергекте білім алушыларға үйдің суретін салу тапсырылады. Әдеттегідей білім алушылар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың қандай мағына білдіретіндігін айтады:

- Егер сурет қатты шимайланбай салынса, онда суретшінің өзіне сенімді екендігін білуге болады.

- Егер үйдің терезелері кең, үлкен болса, ол білім алушының мазасыздығын көрсетеді.

- Есіктегі тұтқа суретшінің қонақжай екендігін білдіреді.

- Үйдің баспалдақтары болса немесе үй алдына жол салынса, ол білім алушының қыдырымпаз адам екендігін білдіреді.

*Мұндай тестер әзілге негізделетіндігін ұмытпау керек.*

**Дельфин.** Білім алушыларға келесідей тапсырма беріледі:

- Сіз өзіңіздің ашық теңізде дельфинмен бірге жүзіп жүргендігіңізді көз алдыңызға елестетіңіз. Өзіңіздің осы жағдайдағы үш сезіміңізді дәптерге жазып қойыңыз да, жазғандарыңызды басқаларға көрсетіңіз.

Осыдан кейін білім алушыларға «дельфин» бейнесі адамның өмірлік серігінің (күйеуінің, жұбайының) символы екендігін хабарлаңыз, яғни білім алушылардың келтірген сезімдері олардың болашақта отбасы құрғанда өздерін қалайша сезінуі мүмкін екендігін көрсетеді.

*Мұндай тестер әзілге негізделетіндігін ұмытпау керек.*



## Топтарға бөліну

Сабақта білімгерлерді топқа бөлу әдістері:

**Қағаз қиындылары.** Бірнеше құттықтау қағаздардың әрқайсысын (немесе ақ парақтарды) топ құрамындағы білім алушылар саны бойынша жыртып (төртке, беске), оларды араластырып, білім алушыларға таратып беру керек. Білім алушылар қиықтардан бүгін құрастырып, сол бойынша топ құрайды.

**Ұқсас ерекшеліктер.** Оқытушы білім алушыларға қандай да болмасын бір ерекшелікті айтып (мысалы, туған айы, жұлдызнамалық белгісі, киген киімдері, шашының түсі, т.б.), сол бойынша төрт (немесе үш, бес) адамдық топтарды құруды тапсырады немесе топтарды құру жұмысына өзі кіріседі:

- Мына партаға аталары мен әжелері барлар отырады.

- Мында үйдің үшінші қабатында тұратындар отырады.

- Мына жерге үйдің кенже білім алушылары отырады.

- Мында «Samsung» ұялы телефондары барлар отырады.

- Мына партаға бас киім киіп келгендер отырады.

**Ән бойынша бөліну.** Білім алушылар топтарына ел арасында көп тараған, кеңінен таныс әндердің бір шумағы мен қайырмасы жазылған карточкалар таратылып беріледі. Білім алушылар сол әндерге байланысты топтарға бөлініп, карточкаларда келтірілген әндерді бірлесіп орындайды.

**Сап түзеу.** Білім алушылар туған айлары мен күндері бойынша сапқа тұрады: алдымен қаңтарда туғандар, ал ең соңында желтоқсан айында дүниеге келгендер. Топ құрамдары бір айда туған білім алушылардан құралады (немесе алдыңғы білім алушыдан бастап төрт адамнан тұратын топтар құрауға болады).

Сапты білім алушылардың бойлары бойынша да түзеуге болады. Онда топтар бойлар (бойы биіктер, орташалар, аласалар) бойынша құралып немесе білім алушылардың бірден төртке дейін санауы бойынша араласып құралады.

Сапты әліпби (алфавит) бойынша да құрауға болады: алдымен есімдері (немесе фамилиялары) «А»-дан басталатындар тұрып, қалғандары олардың артынан тізіледі.

Сапты киген киімдердің түсіне қарай түзеуге болады: алдымен қара киімділер, әрі қарай киімдер ақшылдана түсіп, сап аяғында ақ киімділер тұрады.

Немесе бір партаға киімінде қара түс барлар (тіпті киімінде қара түсті бір фрагмент болса да жеткілікті), екіншіге қызыл түс, үшінші партаға ақ түстілер, төртіншіге киімінде жасыл түс барлар, т.с.с.

**Жағымды сөздер.** Оқытушы білім алушылардан «Бүгін қандай жағымды, жылы сөздер естідіңіздер?» деп сұрап, олардың жауаптарын тақтаға жазып қояды. Жауаптардың саны топ сандарымен байланысты болады. Егерде, мәселен, 20 білім алушыдан тұратын аудиторияда топтар саны бесеу (әр топта төрт білім алушыдан) болатындығы жоспарланса, онда тақтаға да бес жағымды сөздер немесе тіркестер жазылады:

- *Жаным!*

- *Сәлеметсіз бе?!*

- *Бүгін әдемі болып кетіңізсіз ғой!*

- *Жұлдызың жансын, құлыным!*

- *Сені асыға күтемін!*

Бұл сөздерді білім алушылар кезектесіп бір-бірден атайды. Топ құрамдары әр білім алушының қандай сөздерді айтқанына байланысты болады. Топтарды осы тіркестермен атауға болады, мысалы: «*Жұлдызың жансын, құлыным!*» тобы, «*Бүгін әдемі болып кетіңізсіз ғой!*» тобы.

**Санамақ.** Білім алушылардың бірі бала кезден есінде қалған санамақты айтып, білім алушыларды рет бойынша қолымен көрсетіп, меңзеп отырады:

*Қуыр-қуыр қуырмай,*

*Білім алушыларға бидай шаш!*

*Тауықтарға тары шаш!*

*Бас бармақ,*

*Балалы үйрек,*

*Ортан терек,*

*Шүлдір шүмек,*

*Кішкене бөбек!*

Бұл санамақты бірнеше рет (білім алушылардың бәрін көрсетіп шықпайынша) қайталайды.

Білім алушылар бес топқа бөлініп, топтар саусақтар бойынша аталады: «*Бас бармақ*» тобы, «*Балалы үйрек*» тобы, «*Ортан терек*» тобы, «*Шүлдір шүмек*» тобы, «*Кішкене бөбек*» тобы.

Санамақтардың басқа да түрлерін қолдануға тұрарлық.



**Команда таңдау.** Тақтаға команда аттарын белгілейтін бес сөз тізбектеліп жазылады:

- «Жетісу»
- «Қайрат»
- «Қайсар»
- «Астана»
- «Шахтер».

Білім алушылар орындарынан тұрып әр команданың астына өз есімін жазуы керек. Оларға әр команда құрамы төрт адамнан аспауы туралы ескертіледі.

Командаларға гүл аттары бойынша, континент (Азия, Еуропа, Америка, Африка, Австралия, Антарктида) немесе қала атаулары (Астана, Алматы, Ақтау, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Атырау, Семей, т.б.) бойынша бөлінуге болады.

**Картамен топқа бөлу.** Егер әр топта төрт білім алушының жұмыс жасауы қажет болса, онда оларды топтарға ойын карталары арқылы бөлуге болады. Ол үшін топтардың санына қарай карталардың жиынтығын алып, карталарды сапырып, білім алушыларға таратып беру керек. Топтарды атаулары да карта жиынтықтары бойынша болады: «Тұздар» тобы, «Королдер» тобы, «Дамалар» тобы, «Балталар» тобы, «Ондықтар» тобы, т.б.

**Жануарлар.** Оқытушы білім алушыларға жан-жануарлардың аттары жазылған карточкаларды таратып беріп, олардың карточкада жазылған жануардың қылықтарын қайталап отырып, бірін-бірі тауып, шағын топтарға бөлінуін тапсырады. Бұл жерде дыбыс шығаруға болмайтындығы білім алушыларға ескертіледі.

**Заттар бойынша бөліну.** Әр білім алушы өзінің бір ұсақ затын оқытушыға немесе жүргізушіге тапсырады, мәселен, қаламсабын, дәптерін, помадасын, кілтін, көзілдірігін, т.б. Бұл заттар сөмкеге салынып, әр партаға төрт-төрттен ретсіз түрде қойылады. Білім алушылар өзінің заты қойылған парталарға отыруы керек.

**Өлең жолдары.** Әр білім алушыға бір өлең жолы (тармағы) жазылған карточка беріледі. Білім алушылар аудиторияны аралап, тармақтардан шумақ құрап, сол құрамда топқа бөлінуі керек. Берілген шумақтар саны топтардың санымен бірдей болуы керек.

Мәселен, 20 білім алушыны төрт адамдық бес топқа бөлу қажет болса, Төлеген Айбергеновтың бес шумақты келесі өлеңін әр білім алушыға бір тармақтан (жолдан) таратып беруге болады:

**1. Сеземін: сүйген жүрекке сағыныш соқпас оңайға...**

*Дегенмен, қалқам, қалайда қалт еткен шақта мені ойла.*

**2. Таңертең тұр да, шықты көр: оянған шақта мені ойла!**

*Шұғылаға шығыс түп-түгел боялған шақта мені ойла!*

**3. Дүниені нұрлы кірпігің қамастырғанда мені ойла!**

*Талдарға көктем бүртігін жаңа аштырғанда мені ойла!*

**4. Тағатсыз аңсар ынтық үн – жаралы хал зой гашық хал!**

*Рояль көрсең, бір тілін Мені ойла да басып қал!..*

**5. Тек қана көзге жас алма!.. Ойлай бер мені күнге! –**

*Махаббаттардың қашанда ойламау жеткен түбіне...*

Егер білім алушылар топ құруды ұзартып жіберсе, онда өлеңнің алдын-ала жазылған толық нұсқасын тақтада немесе мониторда көрсетуге болады.

### Бақылау сұрақтары:

1. Интербелсенді оқытуды ұйымдастырудың негізгі ережелерін атаңыз
2. Дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқытудың айырмашылығын саралаңыз
3. Интербелсенді оқыту түрлерін атаңыз
4. Интербелсенді оқыту тәсілдерін мсаралаңыз



## 5 ЖОО БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

### 5.1 ЖОО білім берудегі Интербелсенді дәріс

Дәріс - өзекті проблемаларды игеру мен меңгерудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі. Ол болашақ мамандық тұрғысынан білім алушыларды өміршенді, күнделікті өмірден алынған теориялық проблемалар мен мәселелерді шешуге бағыттайды.

Дәрісте көлемді мәліметтерді жүйелеп беру қолайлы, мұнда тақырыптың басты мәселелері нақтыланып, материалдың өзіндік тұрғыдан игерудің әдістемелік нұсқаулары беріледі.

Алайда білімді игеру үдерісін белсендіруде, білім алушылардың қызығушылығы мен көтеріңкі мотивациясын туындруда, кері байланысты қолдануда, эмоционалды қарым-қатынас құруда монологқа негізделген дәстүрлі дәрістің (бір жақты пікір, көзқарас, позиция, шешім келтіретін) мүмкіншіліктері шектеулі.

Интербелсенді әдістер мен тәсілдерді қолдану дәстүрлі дәрісті білім алушылардың белсенді әрекеттерінен құралған қызықты әрі тартымды танымдық үдеріске айналдырады.

#### Интербелсенді дәрістің негізгі қағидалары

- *Интербелсенді дәрісте ақпарат дайын күйінде берілмейді.*

Интербелсенді дәріс білім алушының қандай да бір тақырып немесе мәлімет бойынша бірлескен әрекеттер негізінде (топтық пікір алмасу, талқылау, пікірталас, ой қозғау, т.б.) білім алушыларда өзіндік пікір мен көзқарас қалыптастыруға бағытталады. Интербелсенді дәрісте негізгі қағида «беру», «үйрету» емей - «ұсыну» болады. Ұсынылған мәлімет бойынша білім алушылар бірлескен белсенді әрекеттер арқылы өздігімен жаңа білім құрастырады.

- *Интербелсенді дәріс тақырыпты дамытуға, тереңдетуге бағытталады.*

Дәстүрлі монолог түріндегі дәріс «білім алушылардың қарастырылатын тақырып бойынша білімі мен деректері жоқ немесе жоқтың қасы» деген қағиданы ұстанады. Сол себепті де дәстүрлі дәріс ақпараттың көп мөлшерін «беруге» мүдделі. Білім алушылар

мұнда әдетте бөлсенді (пассив) әрекеттер атқарады: тындайды, көшіреді.

Интербелсенді дәрістің негізгі ұстанымы келесідей болады: «Білім алушылар қарастырылатын тақырып бойынша сабаққа дайындалып келген, олардың белгілі бір білімдері бар болғандықтан, дәрісте сол білімдерді дамыту және тереңдету керек». Білім алушылар силлабуста берілген ақпарат бойынша бүгінгі дәріс тақырыбы мен негізгі мәселелерінің қандай екендігін, оған қандай әдебиет көздері арқылы дайындалуға болатындығын, ол бойынша қандай тапсырмалар берілгендігін жақсы біледі. Сол себепті де олар дәрісқа шама-шарқынша дайындалып келеді. Ал дәріс олардың білгеніне негізделіп, сол білімдерін өрбітуді мақсат тұтады.

- *Интербелсенді дәрісте материал басылған мәтін түрінде беріледі.*

Дәстүрлі дәрісте оқытушы ақпараттың негізгі көзі болғандықтан білім алушылар көбіне-көп оның айтқанын көшірумен айналысады. Мұндай бөлсенді (пассив) әрекеттер білім алушылардың дәріс материалын терең меңгеруге жол бермейді: білім алушылар көп жағдайда өздерінің үйренуін дәріс мәліметтерін есте сақтау, қайталау мен жаттау әрекеттерімен ғана шектейді.

Интербелсенді дәрістің мәтіні ауызша оқылмай, жазбаша үлестірмелі материал түрінде таратылып беріледі. Оқытушы дәрісті ауызша түрде білім алушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап бергенде, дәріс тақырыбын толықтырғанда ғана келтіруі мүмкін. Сол арқылы уақыт та үнемделіп, білім алушылар де оқу материалын өздік тұрғыдан игеру әрекеттеріне белсене араласады.

- *Интербелсенді дәріс диалог түрінде өтеді.*

Қарым-қатынас келесі форматтарда өтуі мүмкін: *оқытушы – білім алушы/білім алушылар, білім алушы – білім алушы, білім алушы – тақырып, білім алушы – басқа пікір (зерттеуші, оқулық, т.б.)*. Интербелсенді дәрісте ой қозғау мен өмірден алынған нақты ситуацияларды талқылау және шешу тәсілдерін қолданған тиімді.

- *Интербелсенді дәрісте материал тұтастай емес, бөлшектеліп беріледі.*

Дәстүрлі дәрісте оқытушы дәрісті ауызша оқып, білім алушылардан тындау немесе конспект жасау (көшіру) сияқты бөлсенді (пассив) әрекеттерді атқаруды талап етеді.



Интербелсенді дәрісте әдетте мәтін бірнеше бөлімге (тиімді мөлшері 3-4 бөлік) бөлінеді. Қағазға басылып, үлестермелі материал түрінде таратылып берілген бөлімдерді оқу мен зерттеу барысында білім алушылар белсенді әрекеттер атқарады: олардың қатарына туындаған қиын мәселелер мен сұрақтарды келтіру, берілген мәлімет бойынша өз түсінігі мен пікірін қалыптастыру, дәрістің тұжырымдарын өзара талқылау, кесте толтыру, жоспар жасау, графиктер сызу, т.б. әрекеттер кіреді. Бұл белсенді әрекеттер жеке және бірлесе жұмыс жасау форматтарында өтеді.

- *Интербелсенді дәрісте білім алушылардың бірлескен жұмысы қолданылады.*

Білім алушылардың белсенді әрекеттері бірлескен жағдайда өтуі керек: берілген тапсырмалар шағын топ немесе жұп қатарында орындалады. Білім алушылар дәрістің бір бөлімін оқып болған соң, жекелей жұмыс жасап, сонан кейін жұптасып (немесе шағын топ құрамында) өз түсініктері мен туындаған ойларымен бөліседі: олардың жаңа білімі мен өзіндік пікірлері осындай ой талқы нәтижесінде пайда болады.

- *Интербелсенді дәрісте жаңа білім білім алушылардың ой-толғанысы арқылы құралады.*

Дәрісте білім алушылар қарастырылған материал бойынша «Мен сабақта не үйрендім?», «Бұл білім маған қандай пайда келтіреді?», «Бұл білімді қалайша қолдануға болады?», «Бұл білім маған не үшін керек?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?» деген сұрақтар ауқымында ойланып, өз жауаптарымен бір-бірімен бөліскені орынды. Осындай ой-толғаныс нәтижесінде білім алушы дәріс материалы бойынша жаңа білім құрастырады.

- *Интербелсенді дәрісте бағалау жазба жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.*

Білім алушылардың сабақта қалайша жұмыс жасағандығын, оның материалды қандай деңгейде игергендігін білу мақсатында дәріс аяғында жазба жұмыстарын (ауызша ой-толғаныс әрекеттерінен кейін) орындау керек.

- *Интербелсенді дәріс кері байланыспен аяқталады.*

Кері байланыс дегеніміз сабақтың соңында білім алушыларға бірнеше сұрақ қойып, олардың ойларын, қандай сұрақтары мен мұқтаждары бар екендігін, бүгінгі сабақ туралы пікірлері қандай

екендігін анықтау. Бұл жауаптар алдағы сабақтарды жоспарлауда қолданып, келесі сабақты білім алушылардың пікірлері негізінде құрастыруға бағыттайды.

### **Интербелсенді дәрістің түрлері**

**Проблемалық дәріс.** Проблемалық дәрістерде қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар келтіріледі. Бұл жерде басты мақсат білім алушыны үйреншікті қалыптан шығарып, білім игеру үдерісін өзіндік тұрғыдан ұйымдастыру болып табылады: білім алушы келтірілген пікірлерді таңдау мен дәлел келтіру арқылы өзіндік түсінік қалыптастырады.

Проблемалық дәрісте басты назар күрделі теориялық мәселелерге аударылып, пікірталас тудыратын сұрақтар қойылады, олардың ішінен біреуін таңдауды талап етіліп, білім алушылардың өзіндік пікір қалыптастырылуына жол беріледі. Бұл әдіс білім алушыларды проблемалық сұраққа жауап іздеуге ынталандырып, зерттеу жұмысына баулиды. Мұндай ізденіс барысында білім алушылардың өздері де проблемалық (екіұшты, дәлелдеуді қажет ететін, пікірталас туғызатын, түсінікке қиын, т.б.) сұрақтарды қойып, оларға өздігімен жауап беру тұрғысынан ізденеді. Сол себепті де проблемалық дәріс диалогқа және зерттеу үдерісіне ұқсас.

**Пікірталас дәрісі.** Дәрістің бұл түрінде күрделі немесе жан-жақты қарастырылмаған, әрі сан алуан шешімдері бар, білім алушы тарапынан көптеген сұрақтар туғыздыратын өзекті теориялық және практикалық проблемалар талқыланады. Пікірталас дәрісінде оқу материалы жан-жақты талқыланып, түрлі позициялар тұрғысынан қарастырылады және бағаланады.

Мұндай пікірталасқа білім алушылардың барлығы дерлік араласады. Пікірталас дәрісінде білім алушылар түрлі көзқарастар мен позицияларды салыстыру және талдау, оларды таңдау мен баға беру дағдыларын қалыптастырады. Олар ғылыми дискуссия жүргізу әдістемесімен танысып, өз ұстанымдарын қорғау және де қарсы жақтың пікірін сынау мақсатында дәлелдер келтіруді әрі оларды қолдануды үйренеді.

Дәрісте оқытушы күрделі әрі екіұшты мәселелер бойынша білім алушылардың пікірлері мен оларды айғақтайтын дәлелдерді



келтіруді сұрайды. Бұл жерде оқытушы бір білім алушының жауабын тыңдағаннан кейін аудиторияға «Бұл ұстанымға қарсы/келіспейтін пікірлеріңіз бар ма?» деген сұрақ қойып, қарама-қарсы позицияларды анықтап алуы керек, өйткені бұлай жасамаған жағдайда пікірталастың әрі қарай болуы екіталай.

Білім алушылар орындарынан қысқа түрде өз көзқарастарын жақтайтын пікірлер келтіреді, қарсы жаққа сұрақтар қояды. Дәріс мазмұны осы дәлелдерді өрбіту, дамыту, тереңдету бағытында өрбиді. Қысқа (2-3 минуттық) дискуссияның өзі оқу үдерісін жандандыра түседі, білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың сабақ тақырыбын терең игеруіне мол септігін тигізеді. Әрине, оқытушы бұл жерде білім алушылардың сұрақтарын дәріс мақсатына сәйкес бағыттап отыруы керек, өйтпегенде пікірталастың жүйесіз, ретсіз сипат алуы да мүмкін.

Пікірталас дәрісіне дайындық барысында оқытушы келесі мәселелерге жіті назар аударуы керек:

- пікірталас тудыратын негізгі мәселелер мен проблемаларды анықтау;
- пікірталас туғызатын сұрақтарды алдын-ала дайындау;
- білім алушылардың ой-толғанысын тудыратын проблемаларды анықтау;
- пікірталасты жандандыратын мысалдар мен дәлелдерді дайындау.

Пікірталас дәрісінің соңында оқытушы негізгі позициялардың артықшылықтары мен жіңішке жерлеріне қысқаша тоқталып, пікірталасқа қорытынды жасайды. Әрине, мұнда мәселе «Кім жеңді?» сұрағы төңірегінде емес, тек «Өз позицияңызды, ұстанымыңызды айқындай алдыңыз ба?» жайында болуы керек.

**Дәріс-консультация.** Дәрістің бұл түрі конференция түрінде ұйымдастырылған дәрісқа ұқсас. Консультацияның *талқылау, кеңесу, жәрдемдесу, кеңес беру* деген ұғымдарды білдіретіндігін ескерсек, дәріс-консультация да осы мағына аумағында болады.

Дәріс-консультация білім алушыларға тек жаңа ақпарат пен проблема шешудің жолдарын ұсынып қана қоймай, сонымен бірге оларды игеруде туындаған мәселелер мен қиыншылықтар төңірегінде білім алушылардың жеке танымдық тәжірибесі тұрғысынан ұйымдастырылады. Дәріс-консультацияда басты назар теориялық және практикалық тұрғыдан күрделі мәселелерге

аударылады. Сол себепті мұндай сабақтарда тақырып жан-жақты және ауқымды түрде қарастырылмай, оның тек негізгі бөлімдері ғана талқыланады.

Білім алушы тарапынан қиын сұрақ туындағанда, оқытушының дұрыс жауап беруге асықпай, оны шешуге басқа да білім алушыларды қатыстырып, басқалардың тәжірибесімен танысқандығы жөн. Мәселе мұнда дұрыс жауапты дайын күйде бермей, білім алушыларды ізденіске ынталандырып, игі нәтижеге апаратын бағдарды меңзеп, жол сілтеуде. Сонымен қатар проблеманы шешудің жолдарын тақылағаннан кейін оқытушы білім алушыларды өздік жұмыс пен ізденіске бағыттап, оларға ақпарат көздерін (әдебиет, Интернет, мақалалар, басылымдар, т.б.) ұсынады.

Дәріс-консультация пікірталас ұйымдастырғанға да қолайлы. Білім алушылардың сан қилы идеялары мен мүдделерінің қарама-қайшылықтарын қақтығысқа келген соң, олардың жақындауы мен тоғысуы нәтижесінде жаңа көзқарастың пайда болуы ықтимал.

**Дәріс-конференция.** Конференцияны бір жақтың сұрақтар қойып, екінші тараптың жауап беруі деп түсінген жөн. Мұндай дәрістер білім алушыларда сұрақ қою білігін қалыптастыруға бағытталады. Әдетте семинар және практикалық сабақтарда білім алушылар оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берумен шектеледі. Алайда сұрақ қою - таным үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі, ол білім алушылардың оқу материалын игеру және оны практикалық тұрғыдан қолдана білу деңгейін көрсетеді.

Дәрістің бірінші бөлімінен кейін білім алушылар өздерінде пайда болған сұрақтарды жазып алып, кейінірек оларды оқытушыға қояды. Дәрістің келесі бөлімдері білім алушылардың сұрақтарына жауап беру форматында өтеді.

**Сұрақ-жауап-пікірталас.** Оқытушы дәріс алдында (мысалы, бір күн бұрын) алдын-ала берілген тапсырмаға сәйкес білім алушылардың дәріс тақырыбы бойынша жазбаша сұрақтарын жинап алып, дәрістің бастапқы бөлімдерін осы сұрақтарға жауап беру форматында жүргізеді. Дәрістің кейінгі бөлімдерінде оқытушы даулы мәселелер төңірегінде білім алушылардың пікірлерін сұрап, шағын пікірталастар ұйымдастырады. Дәрістің келесі бөлімінде оқытушы пікірталас кезінде туындаған сұрақтарға жауап береді. Дәріс соңында оқытушы пікірталастың қорытындысын келтіреді.



**Дәріс – пресс-конференция.** Пресс-конференцияны өткізгенде сабаққа бір немесе бірнеше оқытушылар, не болмаса мамандар шақырылып, олар дәріс тақырыбы бойынша білім алушылардың сұрақтарына жауап береді. Оқытушы мұндай дәрісте білім алушылар мен мамандардың арасында делдал болып, талқылау үдерісін ұйымдастырушы рөлдерін орындайды. Дәріс соңында оқытушы қатысушылардың көзқарастары мен пікірлерін қорытындылайды.

Пресс-конференцияны өткізгенде рөлдік ойын элементтерін қолданған тиімді. Мәселен, мұнда білім алушылар сұрақ қойғанда белгілі баспасөз агенттіктері (Қазақпарат, Франс Пресс, CNN) немесе газеттердің («Егемен Қазақстан», «Жетісу», «Таймс») тілшілері рөлдерін орындауы мүмкін.

**Сұрақ-жауап-талдау дәрісі.** Мұндай дәрісте оқытушы алдымен білім алушыларға тақырып бойынша өз сұрақтарын қояды: сұрақтар білім алушылардың қызығушылығын тудыру үшін проблемалы немесе даулы болуы керек. Аз уақыт талқылаудан кейін білім алушылар берілген сұрақтарға өз жауаптарын келтіреді. Осыдан кейін оқытушы білім алушылар жауаптарын талдап, туындаған қиын мәселелердің шешімін ұсынып, қателерді түзету жолдарына тоқталады.

**Қатені түзету дәрісі.** Мұндай дәрістер білім алушыларды шұғыл түрде (уақыттың тапшылығы мен оқытушы тарапынан тікелей көмектің жоқтығын ескере отырып) талдау жасап, шешім қабылдауға және ақпаратты бағалауға бағыттайды. Оқытушы білім алушыларға сабақ тақырыбында әдейілеп қате жіберетіндігін ескертеді.

Білім алушылардың міндеті – қатені тауып, оны түзетудің мүмкін жолдарын ұсыну.

**Екі оқытушының дәрісі.** Бір тақырып бойынша дәрісті екі оқытушы оқиды/жүргізеді. Мұндай дәріс екі оқытушының бір-бірімен және білім алушылармен жасалған диалог түрінде өтеді немесе пікірталас сипатын қабылдайды.

### **Интербелсенді дәріс құрылымының үлгісі**

#### **I. Мотивация (немесе Қызығушылықты ояту) кезеңі**

Оқытушы дәрістің мақсаттарын, негізгі идеяларын, сұрақтары мен түсініктерін нақты айқындап, оларды білім алушыларға

ұсынады, сабақ соңында білім алушылардың дәрісті өз мақсаттарына жету тұрғысынан талдап, оны бағалайтындығын ескертеді.

- **Білім алушыларға тапсырма.** Дәріс басында қарастырылатын тақырып (сұрақ, ақпарат) бойынша білім алушыларға қандай білімдері, ойлары мен пікірлері, игеруге қиындық туғызатын қандай проблемалары бар екендігін сұрақ қою немесе тапсырма беру арқылы анықтайды.

- **Жеке жұмыс.** Әр білім алушы «*Менде осы тақырып бойынша қандай білім, ойлар мен ұстанымдар бар? қандай мәселелерді игеру мен үшін қиын болды?*» деген сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (2 минуттан 6-ға дейін) жекелей ой қозғайды, ойларын дәптерлеріне жазып қояды.

Бұл жазбаларын білім алушы сабақ бойы толықтырады; сабақ соңында бастапқы жазғандарына қайта оралып, оларды қорытынды жазбасымен салыстырады, сол арқылы өз білімін қандай деңгейде жетілдіргендігін анықтайды, ой толғайды.

- **Топтық (немесе жұптық) жұмыс.** Шағын топ ішінде немесе жұптасып білім алушылар жазғандарымен бөліседі, білгендерін толықтырады, проблемаларды анықтайды (сабақ мақсатына қарай 3-тен 10-минутқа дейін уақытта).

Бұл жерде басты мәселе білім алушының талқыланатын тақырып бойынша алдын-ала (сабаққа дейін) өздігімен дайындалу, силлабуста көрсетілген тапсырмаларды орындау, ұсынылған әдебиетпен танысу жұмыстары қандай деңгейде болатындығы жөнінде. Топтық жұмыста білім алушылар талқылау мен ой бөлісу арқылы білімдерін өрбітіп қана қоймай, қиындық туғызған проблемалардың тізімін анықтап, жазып қояды.

- **Жариялау.** Оқытушы әрбір топтан бір білім алушының ауызша жауап беруін сұрайды. Жариялауда барлық топтардың жауаптары тыңдалғаны дұрыс, алайда уақыт тапшы жағдайда оқытушы бір топтың жауабымен шектеліп, басқалардан жауапты қысқаша толықтыруды немесе онымен келісетін/келіспейтіндігін ғана сұрауы мүмкін.

- **Қорытындылау.** Оқытушы тақтаны (немесе плакатты) екі бағанға бөліп, сол жағын «*Не білеміз?*», ал оң жағын «*Қандай проблемалар бар?*» деп атап, білім алушылардың жауаптарын жазады.



Әрі қарай сабақта білім алушылар айқындаған проблемалар мен сұрақтар қарастырылады. Бұл жерде басты назарды маңызды және күрделі мәселелерге аударып, жекелеген проблемаларды білім алушылардың өздік жұмыстарында шешуге тапсыруға тұрарлық.

### II. Білім құрастыру (немесе Мағынаны ажырату) кезеңі

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушылардың топтарына өздері айқындаған және таңдап алған проблемалар бойынша дәріс ұсынады. Қағазға басылған дәріс мәтіні білім алушыларға таратылып беріліп, оның бөлімдер бойынша оқылатындығы ескертіледі.

- **Жеке жұмыс.** Дәрістің әр бөлімін оқығанда білім алушыларға белсенді амалдарды орындау тапсырылады. Бұл әрекеттер дәрісті көшіру немесе конспектілеу сияқты жұптың емей, ойлану арқылы мәтінге өз қатысын айқындап (бұрыннан білетін, жаңадан білген, маңызды немесе түсінуде қиындық туғызатын жерлерін анықтау), өзінде туындаған сұрақтарды жазу, өз түсінігі мен комментарийлерін келтіру секілді күрделі мазмұнда болуы керек.

- **Топтық жұмыс.** Білім алушылар дәрістің әр бөлімін оқығаннан кейін, шағын топ ішінде (2-4 минут) өз ойларымен бөлісіп, білгендерін толықтыру жұмысымен айналысады.

### III. Түсінікті дамыту (немесе Ой-толғанис) кезеңі

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушылардың өздерінің қандай білім алғандарын айқындап, өздерінің жаңа біліміне баға беру үдерісін ұйымдастырады, сабақтан кейін жаңа білімді өздігімен толықтыру мен жетілдіру ісімен қалайша айналысатындығы туралы ойларымен бөлісуге шақырады.

- **Топтық (немесе жұптық) талқылау.** Білім алушылар топ ішінде немесе жұп болып білгені мен үйренгенін тұжырымдайды, өзара пікір алмасады, олардың практикада қолданысын талқылайды (3-5 минут).

- **Жеке пікірлер.** Оқытушы талқылаудан кейін 1-2 білім алушыдан өз ойларын ауызша келтіруді сұрайды.

- **Бағалау.** Білім алушылардың сабақта қалайша жұмыс жасағандығын білу және олардың алған білімдерін анықтау мақсатында оқытушы оларға жекелей жазу жұмысын орындауды тапсырады. Оқытушы жазба жұмыстарын тексеру үшін жинап алады немесе олардың портфолиода көрініс табу керектігін ескертеді.

- **Үй жұмысы/Өздік жұмыс.** Сабақта меңгерген жаңа білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы білім алушыларға силлабуста келтірілген өздік жұмыс тапсырмаларын орындауды ескертіп, жұмыс нәтижелерін жазбаша түрде (мәселен, 3-5 беттік эссе немесе кесте, схема, график, жоспар, т.б. түрінде) келесі сабақта өткізуді тапсырады.

### 5.2 ЖОО білім берудегі Интербелсенді семинар сабағы

Семинар сабағы тақырып бойынша оқу материалдарын игерудің қорытынды кезеңі болып табылады. Сол себепті де мұндай сабақта білім алушылардың өздік жұмысы қорытылып, бағаланады.

Дәріс сабағымен салыстырғанда семинарда салмақ толығымен білім алушы жағына ауысады, білім алушы бұл сабақтарда негізгі рөл атқарады. Семинар сабағында білім алушылар теориялық мәселелерді тереңінен қарастырып, оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар талқыланатын проблеманы *түсіндіру, талқылау, талдау және бағалау* әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіреді: семинар сабағын топтық талқылау мен пікірталас арқылы ұйымдастырған тиімді.

Семинар сабағының тағы да бір ерекшелігі келесідей: әр білім алушы қарастырылатын мәселелерді талқылауға тең құқылы және белсенді түрде қатыса алады. Ал оқытушы мұнда білім алушылардың пікірлерін қорытындылаушы, күрделі мәселелерді айқындаушы, кеңес-консультация беруші рөлдерін атқарады.

Семинар сабақтарында теориялық мәселелер практикалық тұрғыдан қолдану аясында қарастырылып, меңгеріледі. Ғылыми проблеманы талқылау практикада кездескен ситуацияларды мысал ретінде келтіру немесе кемшіліктерді сынау түрінде ғана өтпейді, мұндай жұмыстар талдау (анализ) әрекеттерін қолдануды талап етеді. Сабақта білім алушылар жүйелі түрде ойлау, негізгі мәселелердің аясында нақты баяндау, логикалық тұжырымдау, басқалардың пікірін сыни тұрғыдан бағалау сияқты біліктерін көрсете білуі керек.

Семинар сабақтарында теориялық оқу материалын меңгерудің келесі тиімді нысандарын қолдануға болады: *проблемалардың шешімін табу, ақпаратты (статистикалық көрсеткіштер,*



ғылыми көзқарас, тұжырым, заңнамалық ережелер, т.б.) талдау мен бағалау, практикалық ситуацияларды жан-жақты талқылау мен оларды шешу жолдарын қарастыру.

Семинарға дайындалу барысында білім алушылар силлабустарда келтірілген өздік жұмыс тапсырмаларын орындап, қосымша әдебиетпен (ғылыми журналдардағы мақалалар, Интернеттегі мәліметтер, жаңа ресми құжаттар, ғылыми басылымдар, т.б.) танысуы керек.

Семинар сабақтары белгілі бір ғылыми проблеманы немесе пәннің бір бөлімін тереңінен және жан-жақты қарастыру мен талқылауға арналып, білім алушыларда келесі тәжірибе, білік, дағды, машықтарды қалыптастыруға бағытталады:

- абстрактылық, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру;

- танымның методологиялық және әдістемелік тәсілдерін практикада қолдану мен оларды жетілдіру;

- бірлесе жұмыс жасау (топ ішінде, команда құрамында) дағдыларын жетілдіру;

- кез келген ақпаратты талдау қабілеттерін, таңдау жасау, қорытындылау мен шешім жасау біліктерін қалыптастыру мен жетілдіру;

- теориялық білімді практикада, өндірістік ситуацияларда қолдану біліктерін жетілдіру;

- қарастырылатын проблемалар бойынша өз ойы мен пікірін қысқа, айқын, дәлелді түрде жеткізу;

- кез келген білімді өздігімен игеріп, оның негізінде шығармашылық арқылы жаңа түсінік пен білім құрастыру.

### Семинар сабағы құрылымының үлгісі

#### I. Мотивация (немесе Қызығушылықты ояту) кезеңі

Сабақ басында оқытушы білім алушыларға талқыланатын проблеманы (проблемаларды) ұсынып, сол мәселе бойынша білімдерін, пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында оларға келесі тәртіппен төмендегідей тапсырмаларды орындауды ұсынады:

- **Жеке жұмыс.** Әр білім алушы «Мен осы тақырып бойынша не білемін? Бұл мәселе бойынша ойларым мен ұстанымдарым қандай?» деген сынды сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (1-3 минут) жекелей ойланып, өз идеяларын қағазға түсіреді.

- **Топтық жұмыс.** Шағын топ ішінде білім алушылар жазғандарымен бөлісіп, талқылау ұйымдастырады, өз ойларын толықтырады, оларға өзгерту енгізеді. Топтық талқылау нәтижесінде білім алушылар бәріне де ортақ, жалпылама бір шешімге тоқталуы керек. Бұл жұмысқа уақыт көбірек беріледі (шамамен 5-7 минуттай).

- **Жариялау.** Кезекпен әрбір топтан бір білім алушы (шешен, спикер) топ тұжырымдарын ауызша жария қылады.

- **Қорытындылау.** Оқытушы немесе оқытушының сұрауы бойынша бір білім алушы талқыланатын проблема бойынша бүкіл аудитория келтірген негізгі деректер мен проблемалардың қысқаша тізімін тақтаға (плакатқа) жазады.

- **Негізгі проблеманы айқындау.** Тақтаға жазылған тізім ішінен білім алушылар оқытушының ұйымдастыруымен ең өзекті проблеманы тандайды (проблемалардың бірнешеу болуы да мүмкін; мұндай жағдайда әр топ сабақтың келесі кезеңінде жеке проблеманы қарастыру ісімен шұғылданады).

#### II. Білім құрастыру (немесе Мағынаны ажырату) кезеңі

Сабақтың бұл кезеңінде білім алушы топтары өздері айқындаған және таңдап алған проблеманы шешу жұмысымен айналысады. Оқытушы шешімнің теориялық мағлұматты практикалық кеңістікке аудару тұрғысынан орындалуы керектігін баса ескертеді (мақсат теорияны еске түсіруде емес, ол білімді қажетке жаратуда болып табылады).

- **Топтық жұмыс.** Білім алушылар шағын топ ішінде (10-20 минут) проблеманы шешу ісімен шұғылданады. Оқытушы оларға мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруге тиімді белсенді тәсілдерді ұсынады (мәселен, *Ой қозғау, Рөлдік ойын, т.б.*). Жұмыс нәтижесі графикалық түрде көлемді қағазға (плакат, А3 форматындағы қағаз) түрлі-түсті маркерлермен түсіріліп, қабырғаға ілінеді.

#### III. Түсінікті дамыту (немесе Ой-толғаныс) кезеңі

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушылардың өздерінің жаңа біліміне баға беру үдерісін ұйымдастырып, болашақта (сабақтан кейін, ертеңгі күні) жаңа білімді қалайша өздігімен толықтыру және жетілдіру ісімен айналысатындығы туралы ойларымен бөлісуге шақырады.



- **Презентация.** Кезекпен әрбір топтың атынан бір білім алушы (шешен, спикер) ортаға шығып, берілген уақыт ауқымында (1,5-2 минут) плакатта келтірілген өз тұжырымдарын жария қылады, оларды қорғайды, оқытушы мен басқа топтардың сұрақтарына жауап береді.

- **Қорытындылау.** Оқытушы әр топ келтірген шешімдердің тиімді жақтарына тоқталып, қысқаша комментарий береді. Өз тарапынан проблема шешудің басқа да жолдарын ұсынады, сол тұрғыдан білім алушыларды өз тұжырымдарына толықтыру мен өзгертулерді енгізуді сұрайды.

- **Толықтыру.** Білім алушылар топ ішінде (2-3 минут) өз ұсыныстарын тағы да бір рет сараптап шығып, жасаған өзгертулері жайында аудиторияны хабардар етеді.

- **Бағалау.** Білім алушылардың алған білімдерін анықтау мақсатында оқытушы оларға жекелей жазу жұмысын орындауды тапсырады (6-10 минут). Жазу жұмысының *Эссе, Еркін жазу, Дөңгелек үстел, т.б.* тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы орынды.

- **Жариялау.** Егерде уақыт жеткілікті болса, білім алушылар топ ішінде өздерінің жазғандарын әріптестеріне оқып береді. Әр топтан бір жұмыс (білім алушының қалауы немесе басқа білім алушылардың тілектері бойынша) бүкіл аудиторияға оқылады. Оқытушы барлық білім алушылардан жазба жұмыстарын жинап алуына болады немесе тек өзіне тексеру үшін керекті жұмыстарды жинап алып (мәселен, оншақты жұмыс), қалған жұмыстарды қабырғаға іліп қойып, үзілісте білім алушылардың олармен танысуды және бағалауды (мәселен, ұнаған жұмысқа жағымды комментарий жазылған постер іліп қоюға болады) сұрайды.

Оқытушы тексеру үшін жиналып алынбаған жұмыстар білім алушылардың портфолиосында болуы керектігі туралы ескертеді.

- **Үй жұмысы.** Сабақта менгерген жаңа білімдерін тереңдету мақсатында оқытушы білім алушыларға тапсырмалар беріп, олардың орындалуын жазбаша түрде (мәселен, 3-4 беттік эссе немесе кесте, схема, график, жоспар, т.б. түрінде) келесі сабақта өткізуді тапсырады.

- **Қорыту.** Оқытушы сабақта қарастырылып, өз шешімін тапқан проблемаларға қысқаша тоқталып, бір-екі білім алушыдан сабақтың қалайша өткендігі («*Ұнады-ұнамады, Пайдасы бар — пайдасы шамалы*» тұрғысында) туралы пікірін сұрайды.

### 5.3 ЖОО білім берудегі Интербелсенді практикалық сабақ

Практикалық сабақ - пәннің теориялық мазмұнын толықтыратын оқу үдерісінің белсенді түрі. Практикалық сабақ білім алушыларға теориялық мәлімет бойынша нақты әрекеттер арқылы машықтанып, сол амалдар негізінде мәліметті игеру, меңгеру, тереңдету, дамыту мүмкіншілігін береді. Білім алушылар практикалық сабақта өз әрекеттерін жалқыдан (нақты мәліметтер) - жалпыға (теориялық тұжырымдар) бағыттайды.

Практикалық сабақта әдетте білім алушылар талдау және іздену жұмыстарымен (семинар сабақтарындағыдай) айналыспайды. *Практикалық сабақтың мақсаты* - білім алушыларды дәрісте келтірілген теориялық мәліметтерді өздерінің белсенді әрекеттерімен «тануға», «дәлелдеуге», өз қолымен «жасауға» жұмылдыру.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында оқытушы арнайы оқу материалдарын дайындайды. Сол материалдар бойынша (идея, проблема, тұжырым, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, ақпарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіштер, т.б.) білім алушылар өздерінің теориялық білімдерін қолданып, нақты әрекеттерді атқару дағдыларын игереді, өзіндік тұжырым жасайды. Сол себепті де мұндай оқу материалдарының нақты әрі ықшам болғаны дұрыс.

Білім алушылар дәрісте берілген теориялық мәліметті практикалық кеңістікке келесі әрекеттер арқылы аударады:

1. Теориялық мәліметті практикалық тұрғыдан жүзеге асыру немесе орындау (мәселен, статистикалық мәліметтерді санау, көрсеткіштерді есептеу, есептер шығару, мәселелерді шешу, ережелерді қолдану, кестелерді толтыру, т.б.).

2. Теориялық мәліметті дәлелдеу (практикалық қолданысын көрсету немесе беделді нұсқаларға сілтеме жасау).

3. Теориялық мәліметке өзіндік тұрғыдан баға беру (практикалық маңызын, тиімділігін, келтіретін пайдасын, артықшылықтарын /немесе керісінше/ айқындау, дәлелдеу; қолдау немесе қарсы шығу).

4. Теориялық мәліметті дамытатын, тереңдететін ұсыныстар жасау (идеялар ұсыну, оларды дәлелдеу және практикалық маңызын келтіру).



### **Практикалық сабақта компьютерді қолдану**

Практикалық сабақта компьютерлік техниканы қолданғанда оның тиімділігі күрт өсетіндігі мәлім. Компьютер білім алушыға ақпаратты игеру тұрғысында өз басының жеке біліктері мен дағдыларын дамыту мүмкіншілігін береді.

Компьютерді практикалық сабақта қолданғанда білім алушыларға келесі тапсырмалар берген орынды:

1. Қарастырылатын мәселе бойынша Интернеттен қосымша материалдар іздеу және оларды тандап, бір жүйеге келтіру (классификациялау): ол үшін білім алушы ақпаратты бөлімдер немесе тақырыптар бойынша жіктеуі керек.

Бұл тапсырманы ұсынғанда оқытушы білім алушыға сайттардың адресстерін немесе тізімін алдын-ала бергені дұрыс.

Білім алушы тапсырманы орындау барысында EXCEL бағдарламасын қолдана отырып, берілген ақпараттың базасын дайындап, оларды белгілі бір жүйе бойынша бөледі.

2. Компьютерлік оқу бағдарламалары немесе оқулықтарды қолдана отырып, берілген проблема бойынша қандай да бір тапсырма орындау.

Мәселен, білім алушы 1 С-Бухгалтерия бағдарламасын қолдана отырып, шағын кәсіпорын қызметкерлерінің айлық жалақысын есептеп шығады, немесе «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі» электрондық оқулығынан алынған кейбір әдістемелік идеяларды қазақ тіліне оқыту мәселелеріне орай қолданады.

3. Интернеттен алынған қосымша материалдарды дәрістің теориялық тұжырымдарымен салыстырады, оларға баға береді.

Мысалы, ақпараттың екі көзі (дәріс және Интернет) берген статистикалық мәліметтерді салыстырып, олардың әлеуметтік дамудағы (саясатта, экономикада, демографияда, мәдениетте, қоғамдық пікірде, т.б.) қандай тенденцияларды меңзейтіндігі жайлы талдау жұмысын орындайды.

### **Практикалық сабақ құрылымының үлгісі**

#### **I. Мотивация (немесе Қызығушылықты ояту) кезеңі**

Сабақ басында оқытушы білім алушыларға теориялық тұжырымды (идея, проблема, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, ақпарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіштер, т.б.) еске түсіруді ұсынады, сол мәселе

бойынша өз ойлары мен пікірлерін анықтау мақсатында оларға төмендегідей тапсырмаларды орындауды ұсынады:

- **Жеке жұмыс.** Әр білім алушы «Мен осы мәселені қалайша түсінемін? Ол бойынша ұстанымдарым қандай?» деген сынды сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде (1-2 минут) жекелей ойланады.

- **Топтық жұмыс.** Шағын топ ішінде білім алушылар өз ойларымен бөліседі, оларды талқылайды, өз ойларын толықтырады (4-6 минут).

- **Жариялау және қорытындылау.** Әрбір топтан бір білім алушы (шешен, спикер) топ тұжырымдарын ауызша жария қылады. Олардың жауаптары тақтаға (плакатқа) жазылады.

#### **II. Білімді құрастыру немесе Мағынаны ажырату кезеңі**

Оқытушы білім алушыларға теориялық мәселенің практикалық маңызын көрсететін (немесе дәлелдейтін) нақты бір жазбаша әрекет орындауды тапсырады.

Олардың қатарына, мәселен, *теориялық мәліметке баға беру, оның практикалық маңызын жазбаша сипаттау, статистикалық мәліметтерді санау және олардың көрсеткіштерін талдау және тұжырымдау, көрсеткіштерді есептеу, мәселелер мен есептерді шығару, ережелерді қолдану, кестелерді толтыру, схемалар мен жоспар жасау, ақпарат беру, тұлғалық немесе техникалық мінездеме жасау, т.б.* кіреді. Бұл тапсырмалардың әр білім алушыға жекелей берілгені дұрыс. Білім алушылар тобының қарастырып жатқан теориялық мәселесі бәріне ортақ бола тұра, олардың әрқайсысы бөлек жұмыс түрімен айналысады. Мысалы, бір білім алушы ақпаратқа жазбаша талдау жасаса, екіншісі теориялық мәліметті практикалық тұрғыдан жүзеге асыру жоспарын құрады.

Бұл жұмыс келесідей тәртіппен орындалады.

- **Топтық жұмыс.** Білім алушылар шағын топ ішінде (4-7 минут) өздеріне жеке-жеке берілген тапсырмаларды қалайша орындайтындығы туралы өз ойларымен бөліседі, бір-бірінен кеңес сұрап, жұмыс жасау жоспарларын талқылайды.

- **Жеке жұмыс.** Әрбір білім алушы өзіне берілген тапсырманы жекелей орындауға кіріседі. Бұл ретте оқытушы тарапынан олардың бір-бірімен ақылдаса алатын мүмкіншіліктері болатындығын және сол себепті де бір-біріне бөгет болмауы туралы ескертілгені орынды.



**Кеңесу.** Жеке жұмыстар 2-3 минутқа доғарылып, білім алушыларға бір-бірімен және оқытушымен жұмыс барысы туралы кеңесуге мұрсат беріп тұрған орынды. Мұнда білім алушылар бір-бірімен ақылдасып, атқарылып жатқан жұмыс жайында бір-біріне жәрдем көрсетуі ықтимал.

### III. Түсінікті дамыту немесе Ой-толғанис кезеңі

Білім алушылар өздеріне тапсырылған жұмысты қалайша орындағандығы, теориялық мәліметті қалайша меңгергені және дамытқандығы туралы бір-біріне айтып беріп, атқарылған жұмыс жөнінде өз пікірлерін келтіреді.

- **Жариялау және топтық талқылау.** Білім алушылар шағын топ ішінде өз жұмысы жайлы әңгімелеп немесе жұмыстарын бір-біріне оқып беріп, білгені мен үйренгенін ортаға салады, өзара пікір алмасады (6-10 минут).

- **Бағалау.** Білім алушылардың орындаған жұмыстарын оқытушы жинап алып, келесі сабақта оларды рецензиялап, баға қойып келетіндігін ескертеді. Бағалау жұмысын (баға қою емес, бір-бірінің жұмыстарын рецензиялау мен пікір жазуды) білім алушылардың өздеріне де тапсырған орынды.

Оқытушы бұл жұмыстардың келешекте білім алушылардың портфолиосында болуы керектігі туралы ескертеді.

- **Үй жұмысы.** Оқытушы білім алушыларға қосымша дерек көздерімен (әдебиет, БАҚ, Интернет, ТВ, басқа мамандар) жұмыс жасап, сабақта атқарылған жұмысты дамытып, тереңдететін жазба жұмысын (мәселен, 3-5 беттік эссе немесе кесте, схема, график, жоспар, т.б. түрінде) келесі сабақта өткізуді тапсырады.

- **Кері байланыс.** Оқытушы бірнеше білім алушыдан сабақтың қалайша өткендігі («Ұнады - ұнамады, Пайдасы бар - пайдасы шамалы, Үйрендім - Үйренбедім» тұрғысында) туралы пікірлерін сұрайды.

### 5.4 ЖОО білім берудегі Интербелсенді өздік жұмыс

Кредиттік оқу жүйесінде өздік жұмыс білім алушының білім алудағы негізгі әрекетіне жатады. Динамика мен өзгерістерге толы, ақпараттың шектен тыс өрбіген заманда тұлғаның негізгі қасиеті *өздігімен үйрену мен білім игеру* болып табылатындықтан, өздік жұмыстың маңызы барған сайын арта түсуде.

Кредиттік оқу жүйесі бойынша кез келген теориялық тақырып бойынша білім алушылардың талдау жұмысы келесідей тәртіппен өтуі ұтымды:

1. Білім алушылардың өздігімен танысқан теориялық материалды дәрісте тереңдету және талдау. Білім алушылар оқытушының көмегімен ақпаратты талдаудың негізгі бағыттарын толықтырады.

2. Теориялық материалды семинар сабағында проблема шешу тұрғысынан талқылау. Білім алушылар оқытушының жетекшілігімен теориялық материал бойынша нақты проблемаларды айқындап, олардың шешу жолдарын қарастырады.

3. Білім алушылар оқытушы ұсынған теориялық материалды өздігімен шығармашылық тұрғыдан меңгереді, нәтижесін жазба жұмысында келтіреді.

4. Білім алушылар өз жұмыстарын аудиториядан тыс уақытта бірлесе талқылап, жұмыстарын тереңдетудің жолдарын қарастырады, бір-біріне кеңес береді, бір-бірінің жұмыстарына бағалайды.

5. Білім алушылардың өткізген шығармашылық жұмыстары оқытушы тұрғысынан бағаланады.

Бұл жерде соңғы үш жұмыс білім алушылардың өздік әрекеттеріне негізделеді.

Өздік жұмыс білім алушылардың пәнді жүйелі түрде меңгеру, игерілген білім, білік, дағды, түсінік пен құзырлылықтарды бекіту, дәріс және семинар сабақтарына жан-жақты дайындалуын қамтамасыз етіп, оларда өздігімен үйрену дағдыларын қалыптастырады.

Өздік жұмыс дегеніміз білім алушының оқытушының қатысуынсыз және сабақтан тыс уақытта оқу жоспарында (силлабуста) белгіленген тапсырмаларды орындап, атқарған жұмысы туралы жазбаша есеп немесе ақпарат беруі.

Өздік жұмыста білім алушылар алған теориялық білімдерін талдап, қорытынды мен тұжырымдар жасап, оларды практикада қолдануға үйренеді.

Өздік жұмыс білім алушының өз біліміне деген жауапкершілігін арттырып, өз білімінің мазмұндық траекториясын анықтауға және қолданатын әдіс-тәсілдерді таңдауға баулиды.



Бүгінгі күні мұндай біліктерді меңгеру білім алу үдерісінің басты мақсатына айналып отыр.

Оқытушы өздік жұмысқа тікелей қатыспай, оны ұйымдастырып, сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы білім алушы еңбегінің тиімділігіне сырттай ықпал жасайды.

Өздік жұмыстарды ұйымдастырғанда репродуктивтік (қайталау мен есте сақтауға негізделген) тапсырмалардан мүмкіндігінше бас тарту керек. Ондай жұмыстардың қатарына шығармашылықтың табы жоқ келесі әрекеттер жатады:

- ұсынылған әдебиетті конспектiлеу;
- анықтамаларды (формулаларды, түсініктерді, мәтіндерді) көшіру, жаттау;
- әртүрлі ақпарат деректерінен көшірген рефераттарды дайындау;
- дәрісте қарастырылған мәліметтерді еске түсіру, қайталау; олардың тізімін келтіру, т.б.

Бұл жерде әсіресе рефераттарға тоқтап кеткен абзал, өйткені біз осы атаудың бастапқы мәнін ұмытып, оны «бірнеше ақпарат көзінен көшірілген жазбаша жұмыс» деп түсінеміз. Сол себепті де білім алушы берілген тақырып (проблема, мәселе) бойынша екі-үш кітаптан өзі жасаған қисынды құрылымға сәйкестендіріп бірнеше абзац немесе бетті өзгертпестен көшіріп, еш сілтемесіз бүтін жұмыс түрінде оқытушының тексерісіне ұсынады.

Алайда «реферат» дегеніміз 1) «әдеби және басқа деректерге жасалған шолудан тұратын белгілі бір тақырып бойынша жасалған баяндама»; 2) «ғылыми жұмыстың, кітаптың, т.б. мазмұнын баяндау» (Словарь иностранных слов. – М., 1985 - С.433).

Реферат сонымен тек қана ойсыз көшіру емес, реферат - таңдалған тақырып бойынша ақпарат көздеріне талдау мен сараптау жасау, оларға баға беру. Рефераттан білім алушының «МЕН» тұжырымы көрінуі керек. Ол үшін білім алушы етістіктің бірінші «МЕН» жағын ұстанып, ақпарат көздеріндегі пікірлер мен ұйғарымдарды жақтап, не оларға қарсы шығып, оларға үнемі сілтеме жасап отыруы керек. Рефератта сілтеме тек төл сөз түрінде емес (яғни, цитата түрінде бұлжытпай алынған формада), төлеу сөз формасында болуы керек. Мәселен, «мына шығармада (немесе мына автор) былай дейді, ал анау шығармада олай дейді» деген сыңайда.

Білім алушылардың өздік жұмыстары зерттеу, ізденіс және шығармашылыққа негізделіп, жазбаша түрде орындалуы керек. Төмендегі кестеде сондай жұмыстардың кейбір түрлері келтіріледі.

5 – кесте. Зерттеу, ізденіс және шығармашылыққа негізделген өздік жұмыс түрлері

Тапсырмалар	Жазбаша бақылау нысандары
Ақпарат көздерімен (оқулықтар, ғылыми әдебиет, зерттеулер, Интернет, басқа оқытушылар, т.б.) өздігімен немесе білім алушылардың шағын тобы құрамында жұмыс жасау	Конспект Интервью Реферат Бақылау жұмысы Берілген сұрақтарға жауап Эссе Топ жұмысы туралы есеп (ақпарат) Баяндама Талдау (аналитикалық) шолуын жазу Глоссарий құрастыру Сұрақтар кестесін дайындау
Видео-, аудио-, CD-құралдарда (электрондық дәріс) берілген дәріс материалдарын өздігінше игеру	Конспект Реферат Эссе
Берілген тапсырма бойынша аудиторлық сабақта презентация дайындау	Сценарий
Семестрлік жоба дайындау	Апта сайын жоба дайындығы туралы есеп беру Қиын немесе проблемалық сұрақтар кестесін дайындау Жоба
Білім алушылардың бір-бірімен ұйымдастырған іскерлік ойын (рөлдік ойын) форматында өткізген консультациясы	Жазбаша есеп (ақпарат) Эссе
Білім алушылар бір-бірінің жазған шығармашылық жұмыстарына пікір жазады, оларды рецензиялайды.	Рецензия
Берілген тақырып бойынша топ білім алушылары ішінде пікірталас өткізу	Пікірталасқа дайындығының есебі Эссе



Белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинақтау	Ақпарат көздерінің тізімі Ақпарат тізімін презентациялау
Берілген тақырып бойынша өз тобында өткізу мақсатында сабақ жоспарын дайындау	Сабақ жоспары Сабақ жоспарын презентациялау Сабақ туралы эссе
Case-study -да берілген ситуацияларды талдап, оларға берілуі мүмкін жауаптарды бір топ (3-4 адам) білім алушылардың талқылауы	Case-study тапсырмаларын жазбаша орындау
Берілген тақырып бойынша статистикалық мәліметтерді талдау	Есеп беру
Берілген тақырып бойынша интервью алу	Интервью мәтінін келтіру және оны талдау
Қандай да бір пікір алуандығын туғызатын мәселе бойынша мамандар (білім алушылар, тұрғындар, тұтынушылар, т.б.) арасында сауалнама құрастыру және оны өткізу	Сауалнама құрастыру және өткізу Сауалнама нәтижелерін талдау Эссе
Берілген тақырып бойынша ситуацияларды (ситуативтік диалогтарды) дайындау	Сценарий
Білім алушының өзін-өзі бағалау мақсатында компьютер сыныбында өткізген тестілеу	Компьютерлік есеп беру

Оқытушы пән бойынша өздік жұмыстың тақырыптарын анықтап, тапсырмаларын дайындайды, олардың әрқайсысы үшін баға қою жүйесін, тапсыру мерзімі мен есеп беру формаларын белгілейді, білім алушыларды қажетті әдістемелік және ақпараттық материалдармен қамтамасыздандырады.

Өздік жұмыс бойынша білім алушылардың ақпараттары мен есептерін оқытушы жетекшілігімен өткізілетін өздік жұмыс сабақтарында (офис сағаттары) тыңдау тиімді. Оқытушы ол үшін білім алушылардың өздік жұмысты тапсыру графигін дайындайды. Білім алушылар өздік жұмыстарды ұйымдастыру, өткізу және орындау бойынша әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілуі керек.

## 5.5 Жоғарғы оқу орындарында әр сабақта қолдануға тиімді интербелсенді тәсілдер

### *Мотивация немесе Қызығушылықты ояту кезеңінде қолданатын тәсілдер*

Сабақтың бұл кезеңінде білім алушылар сабақ мазмұнын өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстырып, байланыстырады. Оқытушының бұл кезеңдегі басты мақсаты - білім алушыларды жаңа білім қабылдауға және игеруге белсенділендіру. Білім алушылар тақырып бойынша сұрақтар қалыптастырып, өз мақсаттарын айқындайды.

Сабақтың бұл кезеңінде білім алушылар «Не білемін?», «Не білгім келеді?», «Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ?» деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

**Ой қозғау (brainstorming)** – білім алушылар қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Ой қозғаудың ережелері келесідей:

- мұнда ең бастысы идеялардың көптігі, олардың еркін жағдайда айтылуы - сол себепті де білім алушылар өз ойындағыларын еш ойланбай (мәселен, олардың дұрыс-бұрыс, қажет-қажет еместігіне қарамай) келтіре беруі керек;

- идеялар ешқандай сынға ұшырамауы керек, өйтпеген жағдайда білім алушылар тосылып қалып, идеяларды келтіре алмауы мүмкін;
- барлық идеялар сарқылмайынша, олар қағазға түсіріле беріледі;

- идеяларды келтіру жұмысы аяқталғаннан кейін ғана оларды талқылау жұмысы басталады – олардың ішінен кейбіреулерін алып тастауға да болады.

Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт (2-4 минут) аяқталған соң, білім алушылар бірлесе (жұптасып, шағын топ ішінде, бүкіл аудитория болып) жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

**Синектика** – ой қозғаудың жетілдірілген түрі. Бұл тәсілді 1960 жылы Уильям Гордон (АҚШ) ұсынған. Егер ой қозғауда идеяларды топ құрамына кездейсоқ түрде жиналған білім алушылар келтіретін болса, синектикада идеяларды сарапшылар (бұл мәселе бойынша хабардар, осы бағытта жұмыс жасап жүрген білім алушылар) талқылап, қорытындылайды. Мұнда проблема қарастыру жұмысы



бірнеше кезеңдерден өтеді: идеялар туындаудан - сараптауға қарай, сараптаудан қайтадан идеяларды келтіруге қарай.

Синектиканың мақсаты: ой қозғаудағыдай жаңа идеяларды келтіріп, бірлесе талқылау барысында оларды проблема шешетіндей деңгейге жеткізу.

Шешімін талап ететін проблема синектикада күмән тұрғысынан қабылданып, аналогиялар әдісін қолдану арқылы шешіледі. У.Гордон синектика үшін аналогияның төрт түрін ұсынған:

- Тура аналогия.

Қарастырылатын мәселе басқа саладағы немесе табиғатта кезігетін ұқсас құбылыспен салыстырылады.

- Жеке (өзіндік) аналогия.

Жеке адамның сезімдерімен байланыстырылады (эмпатия әдісі): білім алушы қарастырылатын объектің бейнесіне «еніп», оны ішінен көріп, өзінде пайда болған сезімдерді анықтап, түсіндіруге тырысады.

- Символикалық аналогия.

Жалпылама түрде қорытындыланған абстрактілік салыстыру: қарастырылатын объект (құбылыс) өзінің ең басты қасиеті (ерекшелігі) тұрғысынан қарастырылады да, оның басқа қасиеттері ескерілмейді.


- Фантастикалық аналогия.

Өмірде кездеспейтін фантастикалық бейнелермен салыстыру: параллелді өмір, басқа ғаламшарлардан келген құбыжықтар, т.б.

Мұндай аналогияларды қолдану қарастырылатын құбылысты үйреншікті көзқарастан аластатып, оған жаңаша түрде қарап, оның күтпеген шешімін табуға жол бастайды.

**Кластерлер** («жүзімнің шоқтары» деген мағынада қолданылған) - идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер.

Негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, білім алушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді.



Сурет №20 – Кластерге мысал

Тақырыпшалардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап ізденген де тиімді. Әдетте кластерлер білім алушының жеке орындалуынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

**Кіріспе сұрақтар** – сабақ басында білім алушылардың белсенділігін арттыру үшін қойылатын сұрақтар. Бұл сұрақтар Блум таксономиясы бойынша ойлаудың жоғарғы деңгейлері тұрғысынан қойылады.

Олар келесідей мақсаттарға жету мүмкіншілігін береді:

1. Білім алушылар тақырып бойынша білгендерін есіне түсіреді.
2. Кіріспе сұрақтарының жауаптары оқулықтарда келтірілмейтіндіктен, оларға жауап беру білім алушыларды қабілеттер мен үлгерім тұрғысынан теңдестіреді.
3. Сұрақтарға жауап іздену арқылы білім алушы оқу үдерісіне араласып, белсенділенеді.
4. Білім алушылардың жауаптары оқытушы тұрғысынан жаңа сұрақтар қойып («Неліктен? Қалайша? Мұның салдары қандай болмақ?», білім алушылардың ойлау әрекеттерін дамыта түседі.

Кіріспе сұрақтарының келесідей болғандығы дұрыс:

1. Жаңа тақырыпты зерттеудің бастамасы болуы керек.
2. Сұрақты талқылау 5 минуттан аспауы керек.
3. Ой-толғанысты тудыруы керек.



4. Білім алушыларды дайын жауап беруге бағыттамай, жаңаша тұрғыдан ізденуге ынталандыруы керек.

5. Дайын жауабы болмауы қажет.

6. Жауаптардың варианттары көп болуы керек.

7. Жауаптар жазба түрінде келтірілуі керек.

8. Сабақ соңында жауаптарға қайта оралып, олардың дұрыс-бұрыстығы талқылануы керек.

Кіріспе сұрақтарының үш түрі ажыратылады:

- Аналогиялық сұрақтар.

- Өзіндік пікірді келтіруді талап ететін сұрақтар.

- Болжамдау, жорамалдауды (қиял, фантазия) қажет ететін сұрақтар.

Аналогиялық сұрақтар сабақ мазмұны бойынша бір атауды (терминді) басқалармен салыстыруды меңзейді, олар Блум таксономиясы бойынша *талдау* және *синтез* деңгейіне жатады.

Мысалы, биология сабағында «Судың ластануы» тақырыбы бойынша: «Қалдық су, пестицидтер мен шикі мұнайдың қандай байланысы бар?»

Өзіндік пікірді келтіруді талап ететін сұрақтар білім алушылардан ойлау дербестігін талап етеді. Мысалы, саясаттану пәні «Мемлекетті басқару» тақырыбы бойынша: «Сіздің ойыңызша, біздің елдің тарихында ең ұлы билеуші кім болған?»

Болжамдау мен жорамалдауды қажет ететін сұрақтарға жауап беру үшін білім алушылар қиял және фантазияға жүгінуі керек. Мысалы, тарих сабағында «Егер Сізге идеалды өкімет құрамын құру мүмкіндігі тисе, онда оның жұмысы негізіне қандай қағидаларды жатқызар едіңіз?»

**Т-кестесі** – бір-біріне қарама-қарсы («иә/жоқ», «келісемін/келіспеймін», «қарсымын/жақтаймын», «ішкі/сыртқы», «басы/аяғы», «маңызды/маңызды емес», «себебі/салдары» секілді) немесе салыстыруға болатын (мәселен, екі объект) ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі.

Білім алушылар алдымен берілген тапсырма бойынша өз ойларын кестеге түсіріп жеке жұмыс жасайды, содан соң олар жұптасып немесе шағын топ ішінде (4-6 адам) кестелерін салыстырып, пікірлеседі, жазғандарын толықтырады. Осыдан кейін тақтада оқытушы бүкіл аудиторияға ортақ кесте құрастыруына болады. Әр жұп/топ бұл кестеге екі-үш пікірін ұсынады.

Т-кестесі оқытушыға екі жақты тапсырмаларды шығармашылық тұрғысынан түрлендіруге жан-жақты мүмкіншілік береді.

Тапсырма: *Жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген кредиттік оқу жүйесінің тиімді («плюс») және тиімсіз («минус») жақтарын келтіріңіз (6-кесте).*

6 – кесте. Т-кестесі

+	-
<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзінділікке баулиды: масылдықтан арылтады</li> <li>- білім алушыны өз біліміне жауапты етеді</li> <li>- білім алушыны оқитудың басты тұлғасына айналдырады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- материалдық база жеткіліксіз</li> <li>- психологиялық тұрғыдан дайын емеспіз</li> <li>- бізде масылдық психологиясы басым: өзіміз емес, біреу жасап берсін</li> </ul>

Тапсырма: *Абай мен Шоқанды келесі кестеде салыстырыңыздар (7-кесте).*

7-кесте. Салыстыру кестесі

Абай	Шоқан
<ul style="list-style-type: none"> <li>-ақын</li> <li>-ағартушы</li> <li>-діни философ</li> <li>-болыс болған</li> <li>-орыстан үйренуге шақырған</li> <li>-медреседе оқыған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Омбы кадет корпусын бітірген</li> <li>-саяхатшы</li> <li>-ағартушы</li> <li>-орысша оқыған</li> <li>-отыз жасында өмірден озды</li> <li>- орысша жазған</li> </ul>

**Оңай және қиын сұрақтар кестесі** – Т-кестесінің модификациясы.

Бұл кестені білім алушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда (мәселен, дәріс мазмұны, мәтін) толтыра алады (алдымен жеке, содан кейін жұппен, шағын топ ішінде немесе бүкіл аудиториямен). Кестенің сол жағына олар өз түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді.



Бұл жерде оқытушының білім алушылармен бірге алдын-ала бұл сұрақтардың бір-бірінен айырмашылығын анықтап алғаны орынды.

Мәселен, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде (дәрісте) жауабы бар сауалдар; ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады: білім алушы мұнда өз ойын, пікірін келтіреді. Немесе оңай сұрақтарға бір жақты жауап беруге болады («иә»/ «жоқ»), ал қиын сұрақтарға жан-жақты жауап беруге керек.

*М. Әуезовтың «Көксерек» повесі бойынша (8-кесте)*

8 – кесте. Оңай және қиын сұрақтар кестесіне мысал

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар
- Шығарманың басты кейіпкерлері кімдер? - Шығарма қалай басталады?	- Құрмаштың орнында болсаң, не жасар едің? - Шығарманың басты идеясы қандай?

**Ойлан, Жұптас, Пікірлес** – білім алушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл.

Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір білім алушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін білім алушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушының екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл аудиторияға жариялауын сұрауына болады.

Бұл тәсілді тек шағын топтарда ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың саны көп дәріс жүргізгенде (60-100 және одан да көп адамдар) қолануға тиімді.

**Алдын-ала берілген атаулар.** Оқытушы сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), білім алушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты білім алушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша (соңғысы тиімдірек) орындауы

ықтимал. Содан кейін оқытушының бірнеше білім алушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Бұл тапсырманы күрделендіруге де болады. Ол үшін алдын-ала берілген атаулардың ішіне сабақ тақырыбына қатысы жоқ бейтарап сөзді қосуға болады. Мәселен, биология сабағында «Фотосинтез, хлорофилл, дәптер» сөздерін келтіруге болады. Бұл жерде соңғы сөз оқшаулау, сонда да білім алушылар жоғарыда келтіргендей олардың өзара қатынасы мен байланысы туралы өз ойларын келтіруі керек.

**Атаулар туралы үш сұрақ** – бұл тәсіл «Алдын-ала берілген атаулар» тәсіліне ұқсас.

Оқытушы сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, білім алушыларға осы атауларға қатысты келесідей сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Бұл терминдерді Сіз бұрын-ақ қайда және қандай мазынада кездестіріп едіңіз?

2. Өз тәжірибеңізден осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты білім алушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша не жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін оқытушы бірнеше білім алушының пікірін тыңдайды.

Оқытушының сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

**Еркін жазу** – білім алушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл.

Білім алушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек. Еркін жазудың ережелері:

- толассыз жаза беру керек;

- егер ой келмесе, «не жазарымды білмей отырмын» деген сыңайда жаза беру керек;

- қате туралы ойламау керек, өйткені мұнда білім алушылар өзінің ойлау үдерісінің хатшысы іспеттес болуы керек.

Жазу жұппен немесе шағын топ ішінде талқылау мен пікірлесумен жалғасады. Сабақтың соңында жазбаға қайтып оралып, оған түзетулер мен толықтырулар енгізу орынды. Білім алушылар осы әрекет арқылы сабақ басында және соңында өз білімдері мен ойларын салыстыру мүмкіндігіне ие болады.



**Болжау.** Тақырып атауы келтірілгеннен кейін білім алушыларға «Бүгінгі сабақта әңгіме не туралы болады (қандай тақырып маңайында өрбиді, қандай негізгі мәселелер көтеріледі, т.с.с.)?» деген сұрақ қойылады. Білім алушылар осы сауал төңірегінде ойланып, өз ойларын ортаға салады.

Кейінірек оларға «Сіздердің болжауларыңыз тура келді ме, жоқ па? Неліктен деп ойлайсыз?» деген сұрақ қойған орынды.

Болжауды дәріс бөлімдерінің арасында да қолдануға болады: «Дәрісте ары қарай қандай мәселе сөз болады деп ойлайсыздар?»

Бұл жерде, әрине, мәселе білім алушылар болжауының дөп тиіп, дұрыс болуында емес, ең бастысы олардың тақырып бойынша белсенді түрде ой қозғауы. Мұнда бұрыс жауаптардың өзі де ұтыс жағдайында болады: есесіне білім алушылар сабақ барысында өз қателерін өздері түзетеді.

**Білім құрастыру немесе Мағынаны ажырату кезеңінде қолданатын тәсілдер**

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы білім алушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігімен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Білім алушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Білім алушылар бұл кезеңде «Қалайша жаңа білімге үйренемін/түсінемін/ игеремін?», «Қандай тәсілдерді қолданған тиімді?», «Бұл мәлімет туралы менің ойым/түсінігім/қатысым қандай?» деген сұрақтарға жауап беруге ізденеді.

**Кең ауқымды дәріс** – дәрісті 6-15 минуттік бірнеше бөлімге бөліп, олардың арасындағы үзілістерді (2-5 минут) білім алушылардың жаңа ақпарат жайлы ойлану, пікірлесу, талқылау сияқты белсенді әрекеттерімен толықтыратын дәріс оқу тәсілі.

Зерттеулер адам зейіні 6 минуттен кейін сейіле бастап, 15 минуттен кейін екі есе азаятындығын дәлелдейді. Сол себепті дәрісті бөлімдермен оқу (әр дәрісті 3-4 бөлікке бөлген тиімді) білім алушылардың зейінін әлсіретпей, жаңа мағлұматқа деген қатынасы мен қызығушылығын жоғары деңгейде ұстап тұру мүмкіншілігін береді.

**Кең ауқымды дәрісті** келесі үлгі бойынша өткізуге болады.

1. Зерттеу жаңа мәлімет жөніндегі сұрақтарды онымен танысудан кейін емес (сабақ аяғында), сабақ басында қою білім

алушылардың жаңа тақырыпты игеру деңгейін арттыратындығын дәлелдеген.

Сабақ басында білім алушыларға жаңа тақырып туралы ойлану, пікір мен ойларын ауызша/жазбаша келтіру тапсырылады (әрекеттер жеке, жұппен, шағын топ ішінде – оқытушының және білім алушылардың қалауы бойынша – атқарылады). Мұнда жоғарыда «Сабақтың бастапқы кезеңінде қолдануға болатын тәсілдер» атты бөлімде келтірілген тәсілдерді қолдануға тұрарлық.

Осы әрекеттер арқылы білім алушылар жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып, оны қабылдауға және игеруге дайын болады.

2. Дәрістің әр бөлімі оқылғанда білім алушыларға оның мазмұны тұрғысында ойланып, өз түсінігі мен пайымын көрсететін тәсілдерді орындау тапсырылады. Бұл тәсілдер төменде келтіріледі. Басқаша айтқанда, дәріс кезінде білім алушы тек тыңдап не көшіріп қоймай, мазмұнды игерудің белсенді әрекеттерімен (ауызша немесе жазбаша) айналысады. Бұл арқылы олар жаңа тақырып мазмұнына деген өз қатынасы мен түсінігін айқындап, оны игеру мүмкіншілігін арттырады.

3. Дәріс аяқталған соң білім алушыларға оның мазмұны туралы алдымен ауызша (жұп, топ ішінде) содан кейін жазбаша ойлану тапсырылады. Білім алушы «Не білдім/үйрендім?», «Бүгінгі тақырыптың маған қандай пайдасы/тиімділігі бар?», «Бұл туралы не ойлаймын?» сынды сұрақтарға жауап береді. Әдетте оның жазғаны ағымдағы бақылау жасау үшін сабақ аяғында оқытушыға өткізіледі.

**Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою** – дәрістің әр бөлігінен кейін білім алушыларға жұп (немесе шағын топ) ішінде бір-біріне немесе өзге де білім алушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі.

Дәрістің бірінші бөлігі оқылып жатқанда жұптағы А білім алушы В-ға бірнеше сұрақты жазбаша дайындайды, дәрістің бөлімі оқылғаннан кейін А білім алушы В-ға дайындаған сұрақтарын қояды да, В оларға жауап береді. Екінші бөлімнен кейін, керісінше, енді В білім алушы А-ға сұрақтарын қояды. Үшінші бөлімнен кейін А мен В жұбы бірлесе көрші С және Д жұбына сұрақтар әзірлеп, үзілісте солармен сұрақтарымен алмасады, бірлесе жауап іздейді. Дәрістің төртінші бөлімі оқылу барысында А мен В бірлесе оқытушыға сұрақтар дайындайды. Оқытушы бірнеше жұптан сұрақтарын тыңдауына болады, оларға өзі жауап беріп, немесе ол



сұрақтарға басқа білім алушылардың жауап беруін талап етуі мүмкін.

Мұнда басты назарды жауаптарға емес, сұрақтарға аударған жөн. Білім алушылардың құрастырған сұрақтары олардың сабақта қандай дәрежеде жұмыс жасағандығының айғағы болады, сол себепті оқытушының сұрақтар жазылған парақтарды сабақ соңында жинап алғаны тиімді әрекет.

Тапсырмалардың мазмұны мен реті оқытушы тарапынан шығармашылық тұрғыдан дәрістің тақырыбына, бөліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

**Бірін бірі оқыту** – «Үйрете отырып, үйренемін» қағидасын жүзеге асыратын тәсіл. Әдетте біз біреуді үйрету арқылы өзіміз де үйренеміз, екіншіден көп жағдайда оқытушыдан гөрі білім алушылардың бір-біріне түсіндіргені тиімдірек: олар жолдастарының айтқанына тереңірек иланады, тезірек түсінеді.

Дәріс алдында оқытушы білім алушыларға олардың кішігірім топтарға (2-4 адамдық) бөлініп, кезекпен ұстаз рөлін орындайтындығы мен оның қандай әрекеттер атқаратындығы туралы айтып кетуі керек. Дәрістің әр бөлігінен кейін білім алушылар алдын-ала белгіленген кезекпен мұғалімнің рөлінде келесідей амалдарды орындайды:

1) Мұғалім рөліндегі білім алушы дәріс бөлігі аяқталғаннан кейін дәрісте айтылғанды қасындағыларға қорытындылап шығады;

2) Одан кейін мұғалім рөліндегі білім алушы қасындағы білім алушыларға дәріс мазмұны бойынша екі-үш сұрақ қояды, оның бұл жерде білім алушылар арасында кішігірім пікірталас тудыруы да ықтимал;

3) Мұғалім рөліндегі білім алушы өз тобындағы білім алушылардың туындаған сұрақтарына жауап беріп, дәрістің қиын жерлерін түсіндіреді;

4) Соңында мұғалім рөліндегі білім алушы дәрістің келесі бөлігі не туралы болатындығы туралы өз болжамын қасындағыларға келтіреді.

Дәрістің келесі бөлігінде мұғалім рөлін енді басқа білім алушы орындап, келтірілген әрекеттерді ретімен орындайды.

**Қос жазба күнделігі** – дәріс мазмұнына білім алушылардың зейінін аударып, өз қатысын, қабылдауы мен түсінігін келтіре алатын кесте.

Дәріс оқылғанда білім алушы қағазды екі бөлімге бөліп, сол жағын «Үзінділер» (немесе «Цитаталар») деп атап, оған дәрісте өзінің назарын тоқтатқан, немесе ерекше толғандырған (келісетін, келісе алмайтын, қызықтырған, т.б.) үзінділерді жазады. Үзінділер жеке сөздер, сөз тіркестері, фразалар немесе қысқаша сөйлемдер түрінде келтірілуі мүмкін. Бұл жерде дәріс мәтінін көлемді түрде көшірудің қажеті жоқ.

9 – кесте. Білім алушылардың жазған үзінділеріне мысал

Үзінділер	Түсіндірмелер/Комментарий
<p><i>Білім әрбір төрт жылда ескіріп отырады...</i></p> <p><i>Адам миының көлемі шектеулі...</i></p>	<p><i>Сонда біз жоғары оқу орнын аяқтағанда, көп біліміміз ескіріп кетеді екендей!.. Біз ақпаратты жаттамай, сол мәліметті игеретін тәсілдерді үйренуіміз керек деп ағайдың айтқаны расболып шықпай ма?</i></p> <p><i>Бұл жерде мен «Сонда адам өз миында не сақтауы керек?» деген сұрақ төңірегінде ойланып қалдым. Біздің миымыз кей жағдайда қоқыр-қоқыс салынған себетке ұқсамай ма: оның ішінде нендей нәрсе жоқ екен? Аннан-мыннан жиналған арасында еш байланысы мен біріктіретін жүйесі жоқ түрлі-түрлі ақпараттар мен ұғымдар. Ал олардың қайсысы өмірде нақты түрде қажетті болар екен? Кім білер екен?..</i></p>

Қағаздың оң жағы «Түсіндірме» (немесе (Комментарий)) деп аталады. Мұнда білім алушы сол жақта келтірген жазбаларының түсіндірмесін келтіреді: неліктен ол бұл үзінділерді жазы алды, оның себебі қандай? Осы арқылы ол дәріс хақында өз ойларын, түсінігін, пайымдыу мен уәждерін, дәлелдерін жария етеді. Бұл баған сол жақтағыға қарағанда маңыздырақ болғандықтан, көлемді түрде тұтас сөйлемдерден тұруы керек.



Дәріс бөліктері арасындағы үзілістерде білім алушылар жұптасып, жазғандарымен бөлісіп, талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы әр үзілісте бір-екі білім алушыны жазбаларын бүкіл аудиторияға оқып беруін сұрағаны дұрыс.

**Білемін, білгім келеді, білдім** – бұл тәсіл Жұптағы ой қозғауға ұқсас.

Бұл тәсілдің алғашқы екі тапсырмасы сабақтың бастапқы бөлімінде орындалады. Оқытушы сабақ басында білім алушылардың жаңа тақырып бойынша білгендерін жазбаша айқындауын сұрайды: білім алушылар алдымен жекеше, содан кейін жұптасып білгендерін келтіреді. Білім алушылардың жазбалары талқыланғаннан кейін, оларға «Осы тақырып бойынша не білгіңіз келетінді жазыңыздар!» деген келесі жазба тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырма да осының алдындағыдай орындалады.

Сабақ барысында білім алушылар жазғандарын дәріс мазмұнымен салыстырып, «Менің сабаққа дейін білгенім дұрыс/бұрыс па екен? Менің білейін дегенім сабақта қарастырылды ма?» деген сұраққа жауап беріп отырады.

Дәріс аяқталысымен білім алушылар «Мен не білдім?» деген сұраққа жазбаша жауап береді, жауаптарын жұптасып немесе топ ішінде талқылайды. Оқытушы бүкіл аудиторияның пікірін білгені дұрыс. Егерде білім алушылардың білейін деген сұрақтары сабақта қарастырылмаса, оқытушы оларды бұл мәселелерді өздігімен игеруін сұрауы мүмкін.

Білім алушылар сонымен сабақ барысында келесідей кестені толтырып шығуы қажет (оның оң жағына олар өз ойларын келтіреді):

10 – кесте. Білемін, білгім келеді, білдім тәсілінің кестесі

Білемін	
Білгім келеді	
Білдім	

Сабақ барысында оқытушы тақтада білім алушылардың кейбір жауаптарын келтіре, бүкіл аудиторияға ортақ кесте толтыруына болады.

Бұл кестені сабақ соңында «Тағы да не білгім келеді?» деген сауалмен толықтырған да тиімді. Білім алушылар тақырып бойынша өздігімен ізденетін білімнің тізімін келтіріп, өз мұқтаждарының ауқымын анықтайды.

11 – кесте. Білемін, білгім келеді, білдім тәсілінің кестесіне қосымша

Білемін	
Білгім келеді	
Білдім	
Тағы да білгім келеді	

**Белгі қойып оқу немесе INSERT** (*Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking – тиімді ойлау мен оқуға арналған белгілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі.

Білім алушылар дәрісті тыңдағанда немесе мәтінді оқығанда жекелей келесідей кестені толтырып отыруы керек:

12 – кесте. INSERT тәсілі

v	+	-	?
<b>«Бұрыннан білемін»</b>	<b>«Жаңа ақпарат»</b>	<b>«Менің ойлағанымға қайшы, кереғар»</b>	<b>«Келісе алмаймын. Білгім келеді»</b>
Мұнда білім алушылар дәрісте	Бұл жерде білім алушылар	Мұнда білім алушылар бұрынғы білімдеріне	Бұл бағанда білім алушылар



(мәтінде) кездескен бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді	осы дәрісте (мәтінде) жаңадан білгенін жазады	қарама-қайшы дәрісте (мәтінде) келтірілген мәліметтерді келтіреді («мен бұрын басқаша ойлайтынмын, сөйтсем олай болмай шықты...»)	өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін дәрістің (мәтіннің) тұстарын жазады
---	---	---	--

Бірінші («қанатша») бағанға білім алушылар дәрісте (мәтінде) кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға білім алушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші бағанда білім алушылар дәрісте келтірілген қандай мәліметпен келіспейтіндігін жазады, бұған қоса мұнда дәрістің түсініксіз жақтары да келтіріліп, тақырып бойынша білім алушының тағы да не білгісі келетіндігі айқындалады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін білім алушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды.

Кестені толтырғанда білім алушылар дәрістің басты мазмұны мен идеяларын жеке сөз, сөз тіркестері, тезистер, фразалар немесе қысқа сөйлемдер арқылы (оқытушының талабына сәйкес) келтірулеріне болады.

Оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуіне болады. Оның, мәселен, бағандардың (тапсырмалардың) санын қысқартып немесе басқа да тапсырмаларды енгізуіне болады: мысалы, «көп нүкте» (...) тапсырмасы білім алушыдан дәрісте ары қарай не туралы болатындығы туралы болжауын сұраса, «икс» (x) тапсырмасы келтірілген мәліметтердің жасырын астарын анықтауды талап етеді, «мен» тапсырмасы тақырып немесе мәтіннің білім алушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігі жайлы болмақ, т.с.с.

**Жигсо** — көлемді мәліметтер мен мағлұматтарды білім алушылардың өздігімен игеруге және бірін-бірі оқытуға бағытталған тиімді тәсіл.

«Жигсо» деп XX-ғасырдың елуінші жылдары білім алушыларға арналып шыққан құрастырмалы (конструкторлық) ойыншықты атаған: әр бөлігін өз орнына қойғанда ғана ойыншық бүтін болып шыққан. Бұл тәсілдің басқаша да атауларын кездестіру ықтимал. Мәселен Ресейде шығатын әдістемелік және дидактикалық әдебиетте оны «Зигзаг», «Ажурная пила», «Мозаика» деп те атайды.

**Бұл тәсілдің орындалу тәртібі (алгоритмі) келесідей.**

1) Білім алушылар көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке шағын топ («бастапқы топ») ішінде оқып шығуы керек.

2) Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, құрамында әр бастапқы топтан бір білім алушы бар жаңа топтар («сарапшылар тобы») құрылады.

Сарапшылар тобында білім алушылар мәтіннің белгілі бір бөлігін ғана жан-жақты талқылайды. Бұл жерде олар тақырыптың мазмұнын бірлесе игеру (қиын жерлерін талқылап, бір-біріне түсіндіру арқылы) жұмысымен ғана айналыспай, бастапқы топтарына оралғанда басқаларды мәтіннің өз бөліміне қалай үйретуге болатындығын ортаға салады. Осы кезде білім алушылардың өздерін ұстаз ролінде сезінуі керек.

Енді олардың осы бөлік бойынша білімі басқалармен салыстырғанда анағұрлым жоғары болғандықтан, олар аталмыш бөлімнің «сарапшысы» атанады.

3) Осыдан кейін сарапшылар бастапқы топтарына қайта оралып, өзге білім алушыларды кезекпен (алдымен №1-ден бастап, әрі қарай жалғастыра) өз бөлімдеріне үйретеді.

#### Бастапқы топтар

#### Сарапшылар топтары

#### Бастапқы топтар

(құрамында №1, → (құрамында тек №1 → (құрамында №1, №2, №3, №4 білім алушылар бар) №2, №3, №4 білім алушылар бар) білім алушылар бар)

**Түсінікті дамыту немесе Ой-толғаныс кезеңінде қолданатын тәсілдер**

Бұл кезеңде оқытушы білім алушылардың жаңа мағлұмат бойынша ойланып, ол жөнінде өзара пікір алмасу мен талқылауды ұйымдастырады. Білім алушылар осы сабақта білгендері мен



үйренгенін тұжырымдайды, олардың қолданысы туралы пікірлесіп, проблема шешуде қолданады.

Бұл кезеңде білім алушы «Не білдім/үйрендім?», «Бұл не үшін керек?», «Оның қолданысы қандай?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/ жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?» бағалау деген сұрақтарына жауап беруі керек.

**Эссе** – білім алушының сабақта қарастырылған тақырып жөнінде өз ойлары мен түсініктерін, идеялары мен пайымдауларын келтіретін бағалау тәсілі.

Әдетте сабақта эссе 5-10 минуттік уақыт аралығында жазылады. Бұл алайда эссенің шағын көлемді жұмыс екендігін аңғартпайды: бірнеше беттен тұратын көлемді эссе үй тапсырмасы немесе өздік жұмысының үлгісі ретінде берілуі де ықтимал.

Эсседе бірінші мезетте білім алушының өзіндік «Мені» көрініп тұруы керек. Эссе арқылы оқытушы білім алушының ойлау деңгейі мен сабақта қалай жұмыс жасағандығын бағалайды.

Эссе – ағымдағы бақылаудың тиімді тәсілі. Ол білім алушылардың әр сабақта болған-болмағандығын тексерусіз айқындайтын құрал (сабақтың аяғында білім алушы эссені жазып, оқытушыға тапсырса ғана сабақта болды деп есептелінеді), білім алушылардың сабаққа белсенді түрде қатыстырудың тиімді құралы (басқа жағдайда білім алушының сабақта талқыланған тақырып пен проблема бойынша өз ойларын эсседе келтіруі екіталай).

Эссені төменде көрсетілгендей түрлендіруге де болады.

### Эссенің модификациялары

**1) Көршінің сұрағына жауап.** Сабақ аяғында білім алушылар параққа бір сұрақ жазып, парақты оң жағында отырған серігіне береді, бұл сұраққа жазбаша жауапты серігі береді. Жазып болған соң, білім алушылардың өз сұрақтары мен жауаптарын жұптасып талқылағаны тиімді.

**2) Сұрақтан басталып, сұрақпен аяқталатын эссе.** Эссе білім алушының тақырып бойынша бір сұрағымен басталып, басқа сұрағымен аяқталуы мүмкін. Бұл жерде сұрақтардың адресаттары сан-алуан болу мүмкіндігін ескертіп кеткен жөн: сұрақтарды өзіне, көршіне, бүкіл аудиторияға, жеке адамға, оқытушыға, авторға, т.б. қоюға болады. Сұрақтар тіпті ешкімге де бағышталмауы мүмкін (риторикалық сұрақтар).

**3) «Үшбу хат».** Эссенің сабақта қарастырылған шығарма (идея, теорема, формула, кітап, т.б.) авторына хат формасында жазылуы да орынды. Хатты бүгінгі сабақ тақырыбы төңірегінде оқытушыға немесе аудиториядағы басқа бір білім алушыға де жазуға болады.

**Дөңгелек үстел** – шағын топ ішінде (5-6 адам) білім алушылардың қарастырылып отырған тақырып (сұрақ, проблема, мәселе, идея, тұжырым, т.б.) бойынша белгіленген уақыт аумағында (3-4 минут) өз ойларын ортаға салу тәсілі (сөз сөйлеу кезекпен сағат тілі бойынша да атқарылуы мүмкін). Бұл әдіс тәжірибемен алмасу және практикалық әрекеттердің жетістіктері мен қателерін талқылау отырысы (кеңесі) іспеттес.

Әдетте дөңгелек үстел талқыланатын мәселе ауқымында іс-тәжірибесі бар білім алушылардың қатысуымен өткізіледі, өйткені мұнда жедел шешімді талап ететін өзекті мәселелер қарастырылады. Ал мұндай жұмыс білім алушылардан өз көзқарастарын жан-жақты нақтылап, дәлелді түрде келтіре білуді қажет етеді. Өз ұстанымдарын келтіру және қорғау арқылы білім алушылар тақырып мазмұны мен оның негізгі мәселелерін игереді. Дөңгелек үстелді жүргізуші ретінде оқытушы білім алушыларға оның тақырыбы мен негізгі қарастырылатын сұрақтарын алдын-ала таратып береді. Дайындық барысында білім алушыларға келесідей теориялық және анықтамалық материалдардың тізімін ұсынған жөн:

- Конституция мен басқа заңдардың көшірмелері;
- мемлекет басшыларының сөздері мен үндеулері;
- статистикалық көрсеткіштер;
- әдебиет тізімі немесе қажетті мәлімет сақталған беттерінің ксерокөшірмелері;

- Интернет сайттарының тізімі.

Дөңгелек үстелде келесі ережелерді ұстанған жөн:

- біреудің сөзін бөлуге болмайды;
- басқаның пікірін сыйлау керек: келіспегенімізді сөз, мимика, ишарат, интонация арқылы білдіруге болмайды;
- берілген уақыт шеңберінен аспау керек;
- сұрақтар туындайтын болса, оларды дөңгелек үстел аяғында ғана қоюға болады.

Дөңгелек үстелде сөз бір білім алушыға бірнеше рет айналып келуі мүмкін. Келесі сөйлегенде білім алушылар алдындағы



ойларын қайталамай, оларды ары қарай жалғастыруы және басқалардың пікірін де ескері отыруы қажет.

**Дөңгелек үстел жазбаша да өтуі ықтимал.** Ондай жағдайда білім алушылар (мәселен семинар немесе практикалық сабақтарда) парақтарына өз ойлары мен идеяларын белгіленген уақыт аумағында (2-3 минут) жазып, уақыт аяқталған соң оң жағындағы көршілеріне парағын ысырады. Көршілері алдыңғы жолдасының жазғанымен танысып, сол ойларды ары қарай жалғастырады. Белгіленген уақыт өте парақтар тағы да оңға қарай жылжытылады да жазуды толықтыру әрі қарай жалғаса береді. Жазба жұмысы парақтың жазу иесіне қайтып оралғанша жалғаса береді. Бүкіл үстелді айналып өткен парақ қолына тигенде, парақ иесі жазғандардың бәрімен де танысып шығып, қорытынды тұжырым жазады.

Жазбаша өткізілген дөңгелек үстелде барлық білім алушылар бір мезгілде жұмыс жасайды, олар бір-бірінің жазғанына тәуелді болады, сондықтан да бір-бірінің алдындағы жауапкершілікті сезінеді: егерде ол еш нәрсе жазбайтын болса, өз көршісіне қиындық туғызатындығын біледі. Ал оқытушының әрбір топтың қалай жұмыс істегендігін бағалап, олардың ойлары мен идеялары қалай, қандай бағытта, қандай дәрежеде дамығандығын аңғаруына болады.

Білім алушылардың өз идеяларын бір параққа ғана жазуына да болады, онда топта бір парақ қана айналымда болады.

(Бұл тәсіл *S.Kagan. Cooperative learning. San Juan Capistrano, 1992.* кітабында келтірілген).

**Бестармақ** – ойды тиянақтап, өзіндік түсінікті нақты сөздермен келтіруге мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл тәсілде білім алушылар өз ойын қорытындылау үшін тек 11 сөзді қолдануы керек. Бестармақ жазбаша төменде көрсетілген схема бойынша орындалады. Ол бес жолдан тұрады, ал әрбір жол саны және сөз таптары белгіленген сөздерден құралуы керек. Бестармақты жиі *Бес жолды өлең* деп те атайды, бұл ағылшынның *Cinquin (синквин)*, яғни *Бес жолды өлең* деген сөзінің тура аудармасы.

#### **Бестармақтың құрамы**

1. *Бірінші тармақ (жол) 1 зат есімнен тұрады.* Бұл сөз, білім алушы пікірі бойынша, тақырыптың (проблеманың, мәтіннің, т.с.с.) негізгі мазмұнын (идеясын, ойын) айқындайды (атау, термин, т.б.).

2. *Екінші тармақ 2 сын есімнен тұруы керек.* Бұл сөздер бірінші жолдағы негізгі сөзді анықтауы керек, соған сын-сипат береді.

3. *Үшінші тармақта 3 етістіктің болуы шарт.* Етістіктер негізгі сөзді әрекет пен іс-қимыл тұрғысынан сипаттауы қажет.

4. *Төртінші жол білім алушының негізгі сөзді бағалайтын кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөздеден тұрады.* Бұл сөздер білім алушылардың негізгі сөзге деген көңілін, сезімін (*жақтыру/жақтырмау, қабылдау/ қабылдамау, ұнату/ ұнатпау, жақтау/жақтамау* сияқты) білдіруі керек.

5. *Бесінші жол тағы да бір сөзден тұрады.* Бұл сөз негізгі атаудың басқаша баламасы, оның синонимі болуы керек (әдетте зат есім).

Мәселен, сабақ тақырыбы «Жанартаулар» болды делік. Өз ойларын қорытындылау мақсатымен білім алушылар алдымен жеке-жеке берілген уақыт ауқымында (әдетте 2-4 минут) Бестармақ құрастыруы керек. Олардың Бестармағы келесідей болуы ықтимал:

*Везувий*

*Жалынды, күркіреген,*

*Атқылайды, арқырайды, шашады,*

*Помпеяны құртқан сұмдық тау...*

*Тажал.*

Бірінші көзге қарағанда Бестармақ кішкене білім алушылардың ойыны іспеттес қарапайым, жұпыны, орындалуы оп-оңай тәсіл ретінде көрінуі мүмкін. Алайда тәсілді қолдану барысында білім алушылар аз да болса қиыншылықтарды бастан өткеріп, терең толғаныста болатындығы ақиқат.

Өйткені әдетте біз өз ойымызды жеткізуде еш шектелмейміз: қандай және қанша сөздер, қай сөз таптарын қолданатынымызды өзіміз білеміз, сол себепті де көсіліп сөйлеуімізге болады. Ал Бестармақта барлық ойды тек 11 сөз шеңберіне сидыру керек – бұл оңай шаруа емес. Бұл тәсілдің негізінде әр сөзді таңдау мен өз пікірінді білдіру, яғни бағалау жатыр.

**Шығу парағы** – сабақ аяғында білім алушылар бірнеше сұраққа (2-3 сұрақ) жазбаша жауап береді. Ол сұрақтар (немесе



тапсырмалар) сабақты қорытындылап, білім алушының алған білімін, сабақтың қалай өткендігін бағалайды:

- Бүгін не үйрендіңіздер?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге аса назар аудару керек?
- Сабақ қызық өтті ме?
- Сіз үшін сабақтың құнды жәйттері қандай болды?
- Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?
- Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді?
- Осы тақырып бойынша тағы да қандай ақпарат көздерін оқисыз?
- Сабақтың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз/ұсыныстарыңыз бар?
- Келесі сабақта бүгінгі сабақпен салыстырғанда, азырақ ... (ұсыныстарыңыз).
- Келесі сабақта бүгінгі сабақпен салыстырғанда, көбірек ... (ұсыныстарыңыз).

**Үш қадамды сұхбат** – тақырып бойынша білім алушылар бір-бірінен кезектесіп интервью алу тәсілі. Бұл тәсіл Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою тәсіліне ұқсас, алайда мұнда басты назарды жауапқа аудару керек.

*Шағын топ ішінде (3-4 адам) білім алушылар тақырып бойынша бір-бірінен интервьюді келесі кезекпен алуы мүмкін:*

#### **Үш білім алушыдан тұратын топта**

1. А білім алушы В-дан интервью алады, ал С олардың сұрақ-жауабын жазып отырады;
2. В білім алушы С-дан интервью алады, ал А олардың сұрақ-жауабын жазып отырады;
3. С білім алушы А-дан интервью алады, ал В олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.

#### **Төрт білім алушыдан тұратын топта**

1. А білім алушы В-дан интервью алады, ал С білім алушы Д-дан интервью алады;
2. В білім алушы С-дан интервью алады, ал Д білім алушы А-дан интервью алады;
3. Төртеуі де жауаптарды ортақтаса талқылайды.

Үш қадамды сұхбатты жазбаша да орындауға болады.

Әрине бұл тәсілді қолданғанда да оқытушының жұмыс ретін шығармашылық тұрғыдан өзгертіп тұруы әбден орынды.

**Пікірталас** – қандай да болмасын проблема бойынша қарама-қарсы пікірлерді келтіру арқылы ақиқатқа жету тәсілі.

Пікірталас өткізудің түрлері баршылық. Жалпылама олардың негізгі әрекеттері төмендегідей.

1) Екі жақты шешімі бар проблеманы келтіргеннен кейін, оқытушы білім алушылардың осы мәселе төңірегіндегі өз ойларын қағазға түсіріп алып, өз көзқарасын айқындауын сұрауы керек.

2) Осыдан кейін білім алушылар үш үлкен топтарға бөлінеді: бірінші пікірді, екінші пікірді жақтағандар және «мүмкін» деген көзқарасты ұстанғандар.

3) Білім алушылар бір пікірді ұстанғандар тобында өз көзқарастарын дәлелдейтін тұжырымдарды талқылап, олардың тізімін жасайды.

4) Әрбір топ бүкіл топ атынан сөйлейтін спикерді тандайды.

5) Осыдан соң топ спикерлері кезекпен өз дәлелдерін аудиторияға белгіленген уақыт ішінде (мәселен, 2 минут) жеткізеді.

6) Спикер сөйлеп болған соң, қарсы жақтардың сұрақ қоюына болады, оларға жауапты тек спикер ғана бермей, топтың басқа да мүшелері де қайыруына болады.

7) Осылайша үш топ та өз дәлелдері мен уәждерін келтіргеннен кейін қарсыластар бір-біріне қол соғып, орындарына отырып, пікірталасан кейін бағанағы проблема жөнінде өз ойларын эссе түрінде жазбаша келтіреді.

#### **Пікірталастың ережелері:**

- спикер сөйлегенде, оның сөзін бөлмеу керек;
- қарсы жақтың көзқарасына жағымсыз тұрғыдан сын және пікір айтпау керек («дұрыс емес!», «келіспейміз!», «жалған!», «біздің ойымыз ғана дұрыс!» деген сияқты);
- егер келіспесеңіз, тек қарсы жақтың көзқарасын айқындайтын сұрақ қана қоюға болады.

Пікірталас соңында білім алушылардан «Қай жақ жеңді?» деп сұрауға болады. Егер білім алушылар жеңісті біреуге беретін болса, онда оларды келесідей ұғымға сұрақ қою арқылы алып келу керек секілді:



- пікірталас ақиқатқа жетудің тиімді тәсілі;
- пікірталас әркімнің өз көзқарасын айқындауға зор мүмкіншілік береді;

- пікірталаста жеңілгендер болмайды: бәрі де ұтыста болады.

**Топтық зерттеу (Бірлескен жұмыс)** – семинар немесе практикалық сабақтарда білім алушылардың бірлесе отырып белгілі бір проблеманы графикалы түрде шешу тәсілі.

Оқытушы тақырып бойынша шешуді талап ететін проблеманы білім алушыларға ұсынады. Білім алушылар шағын топтарға бөлініп, аталмыш проблеманы шешу жолдарын талқылап, өздерінің шешімін маркерлермен плакатқа түсіреді (15-30 минут ішінде). Білім алушылар өздігімен мазмұн мен тапсырма орындаудың форматын таңдайды, ақпарат жинастырады, оларды талдап, бағалайды. Содан кейін плакат қабырғаға ілінеді де, топ атынан спикер шығып жұмысты қорғайды. Қорғау соңында топ мүшелері басқалардың сұрақтарына жауап береді, олардың өз шешіміне түзету енгізуі де мүмкін.

Бірлескен жұмысты қорғау кезінде келесі ережелерді ұстанған орынды:

- спикер сөйлегенде, оның сөзін бөлмеу керек;
- басқа топтың көзқарасына сын айтпай, тек жағымды және позитивті тұрғыдан пікір келтіруге болады;
- тек сұрақ қана қоюға болады.

Оқытушы әр топқа жеке де тапсырма беріп, немесе топтар тапсырмаларды өздері де таңдап алуы мүмкін.

**Пирамида құру** – жаңа мәліметпен жұмыс жасалғаннан кейін, түрлі деңгейлерде түсінік құрастыру тәсілі. Бұл тәсіл жүзеге «жеке – жұп – топ – аудитория» схемасы арқылы асырылады:

1. Білім алушылар берілген материалмен (мәтін, дәріс, оқулық) жекелей танысып болғаннан кейін, ол бойынша өзіндік түсінік және пікір қалыптастырады.

2. Білім алушылар жұптарға бірігіп, өздерінің идеялары, ойлары мен пайымдауларымен серіктерімен бөліседі.

3. Білім алушылар төрт адамдық шағын топтарға бірігіп, туындаған проблемалар мен мәселелердің шешімдерін талқылайды, қорытындылайды, бір шешімге келеді.

4. Соңында білім алушылар бүкіл аудитория болып, проблеманың шешімдерін келтіреді, олардың ең тиімділері тақтаға (плакатқа) жазылады.

#### **Жеңілдетілген анықтама (немесе түсіндірме).**

Сабақтың соңында білім алушыларға қарастырылған тақырып бойынша қандай да бір атау (ұғым, түсінік, т.б.) таңдап алып, оны 1-сынып білім алушысына түсінікті болатындай етіп анықтама немесе түсіндірме беруді сұрау керек.

Бұл тапсырманы алдымен жұп/топ ішінде ауызша, сонан кейін жекелей жазбаша орындаған орынды.

Тәсілдің негізінде жазушы Курт Воннегуттың «Өзі зерттеп жатқан ғылыми тақырыбын он жастағы балаға түсіндіріп бере алмаған ғалым – алаяқ» деген сөздері жатыр.

#### **Салыстырмалы кестелер.**

Білім алушылардың алған білімдерін жинақтау мен тиянақтаудың тиімді тәсілдеріне түрлі кестелерді құрастыру жатады.

Сабақ аяғында (немесе басында да болады) шағын топ ішінде орындалады. Кестелердің негізінде салыстыру жатыр. Мәселен, кестелерде бүгіннің құрамдас бөліктерін немесе жеке объектілерді нышандары, ерекшеліктері мен қасиеттері тұрғысынан салғастыруға болады.

**Үлкен шеңбер** – топ ішінде бірлесе жұмыс жасаудың тиімді үлгісі.

Бұл тәсіл бойынша білім алушылардың жұмысы үш кезеңде өтеді.

1) Топ аудитория ішінде үлкен шеңбер құрып отырады. Оқытушы талқыланатын тақырып бойынша қандай да бір проблеманы айқындайды.

2) Белгілі бір уақыт ішінде (2-7 минут) әрбір білім алушы жеке жұмыс жасайды: берілген проблема төңірегінде ойланып, дәптеріне аталмыш проблеманы шешудің өзі ұсынған шараларын жазады.

3) Шеңбер бойынша әрбір білім алушы кезекпен өз ұсыныстарын оқиды. Топ әр білім алушыны оның сөзін бөлмей, сын айтпай мұқият тыңдайды. Содан кейін айтылған әрбір ұсыныс талқыланады (бұл жерде сын емей, пікір айтылады: білім алушылар



бір-бірінің көзқарасын сыйлау керектігін әрқашанда ескеріп отырады) және олар дауысқа салынады. Маңыздылығы тұрғысынан таңдалып алынған ұсыныстар бүкіл топтың ортақ пікірін білдіретін тізім қатарына енгізіледі. Бұл тізімді тақтаға оқытушы немесе білім алушылардың біреуі жазып тұрады.

«Үлкен шеңбер» тәсілін мәселені шешудің жолдарын тез анықтау керек кезде қолдануға тиімді.

**Аквариум** – білім алушылардың қандай да болмасын проблеманы «көрермендер» немесе «жұртшылық» алдында диалог үдерісінде талдау мүмкіншілігін беретін тәсіл.

Шағын топ ішінде (4-6 адам) білім алушылар проблеманы шешу жолдарын талқылайды. Талқылауды топ ішіндегі бір білім алушы (немесе екі білім алушы те болады) жүргізеді: ол басқаларға сөз беріп, олардың пікір алмасуын ұйымдастырады, топты ортақ мәмлеге келуге бағыттайды. Аудиториядағы басқа білім алушылар көрермендер сияқты жаңағы топты қаумалай қоршап тұрады: олар топ ішіндегі білім алушылардың проблеманы қалайша шешетіндігіне, олардың диалог құруына көңіл қояды. Алайда олар диалогқа араласа алмайды, олар тек топ ішіндегі атқарылып жатқан жұмысты өздерінің осындай шағын топ ішіндегі әрекеттерімен салыстырады.

Шағын топтағы білім алушылар осылайша сырт назарында болады: олар құдды аквариум ішінде отырған сияқты.

Бұл тәсіл білім алушыларға өз жолдастарының қалайша қарым-қатынас құратындығын, басқаның пікірін қалайша қабылдайтындығын, өз ойларын қалайша дәлелдейтіндігін, пайда бола бастаған кикілжіндерді қалайша болдырмай тастайтындығын көріп, оларды талдап, белгілі бір қорытындыға келтіру мүмкіндігін береді.

**Қос шеңбер** – білім алушылар екі шеңбер құрап отыруы керек: ішкі және сыртқы. Мұнда ішкі шеңбер тұрақты болады да, сыртқы шеңбер құрамы оқытушының айтуымен ауысып отырады (мәселен, әрбір 1-2 минут өткен соң сағат тілі бойынша бір орынға). Шеңберлердегі білім алушылар саны бірдей болған орынды. Осылайша білім алушылар талқыланатын мәселе бойынша бірнеше жолдасымен әңгіме құрып, пікірлесіп, тіпті басқаларды өзінің көзқарасына иландыру мүмкіндігіне ие болады.

Сыртқы шеңбердегі білім алушылардың қолында сұрақтар жазылған қағаздары бар, олар орын ауыстыру кезінде бұл мәселелер бойынша ақпарат, пікір, дәлел жинаумен айналысады. Жұмыс соңында білім алушылар талқылаудың қорытындысын аудиторияға жария қылады.

**Галереяны шарлау** – білім алушылардың жазба немесе графикалық жұмыстарын қабырғаға іліп, барлық қатысушылардың олармен танысып, өз пікірлерін ауызша немесе жазбаша келтіруі. Жазбаша пікірлер жұмыстардың өзіне (парақ, плакаттарға) немесе бөлек қағаздарға (стикерлерге) жазылып, жапсырылады.

**Броундық қозғалыс** – білім алушылар аудиторияны шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда білім алушыларға партаға отыру болмайтындығы ескертіледі.

**Позиция таңдау** – қандай да бір тұжырым оқылып, білім алушылар «ИӘ» және «ЖОҚ» деп жазылған плакаттарда өздерінің қай көзқарасты таңдағанын көрсетеді. Олар өз ұстанымдарын ауызша дәлелдеп беруі керек.

**Нөмірленіп ауысу** - топ құрамдарын ауыстыра отырып, білім алушылардың көбірек мағлұмат, пікір, түсінік, дәлелдер жинауына мүмкіншілік береді.

Мәселен, егер топтар төрт білім алушыдан тұратын болса (олар рет сандары бойынша нөмірленіп алуы керек), олар проблеманы талқылап алғаннан кейін, олардың құрамын келесідей ауыстыруға болады:

- №1 білім алушы өз орнында қалады, №2 білім алушы келесі партаға көшеді, №3 білім алушы үшінші партаға отырады, ал №4 білім алушы одан келесі партаға көшеді;

- осы құрамда білім алушылар проблеманы талқылап алғаннан кейін (2-3 минут), олардың орнын тағы да ауыстыруға болады;

- талқылау аяғында білім алушылар өз орындарына қайтып келіп, жиған-тергендерімен топтың басқа мүшелерімен бөлісуі керек.



13 – кесте. Интербелсенді тәсілдердің сабақ кезеңдерінде қолдануы

Кезеңдер	Қолдануға тиімді тәсілдер
<p><b>I – кезең.</b></p> <p>Мотивация немесе Қызығушылықты ояту</p>	<p><i>Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдынала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Венн диаграммасы, Бестармақ</i></p>
<p><b>II – кезең.</b></p> <p>Білім құрастыру немесе Мағынаны ажырату</p>	<p><i>Ой қозғау, Графикалық органайзерлер, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Кең ауқымды дәріс, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Бірін-бірі оқыту, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, INSERT, Жигсо, Жигсо-2, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу</i></p>
<p><b>III – кезең.</b></p> <p>Түсінікті дамыту немесе Ой-толғаныс</p>	<p><i>Ой қозғау, Т-кестесі, Болжау, Кластерлер, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Пікірталастар (Торлы талқылау, Академиялық дау-дамай, Бұрыштар), Топтық зерттеу, Эссе, Үлкен шеңбер, Аквариум, Бестармақ, Жеңілдетілген анықтама/ түсіндірме, Галереяны шарлау, Қос шеңбер.</i></p>

### Интербелсенді әдістердің түрлері

Бүгінде интербелсенді оқу/оқыту әдістерін жіктеудің көптеген варианттары бар. Бұл жіктеулер интербелсенді әдістерді әртүрлі тұрғыдан түрлендіреді: мазмұндық, қолдану тұрғысынан, технологиялық сипаттары бойынша, т.б. Біз интербелсенді әдістерді түрге бөлудің негізіне М.Новиктің жіктеуін жатқыздық.

14 – кесте. Оқытудың интербелсенді әдістерінің жіктелуі (М.Новик бойынша)

Тектері	Түрлері
Имитациялық емес	Проблемалық дәрістер
	Проблемалық семинарлар
	Тақырыптық топтық пікірталастар
	Ой қозғау (brainstorming)
	Дөңгелек үстел
	Педагогикалық ойын жаттығулары
Имитациялық а) Ойын түрінде емес	Нақты ситуацияларды талдау (кейс-стади)
	Имитациялық жаттығулар
	Тренингтер
ә) Ойын түрінде	Рөлдік ойындар
	Іскерлік ойындар
	1) Оқу ойындары
	- блиц-ойындар
	- мини-ойындар
	- компьютерде өткізілетін ойын сабақтары
	2) Өндірістік ойындар
- проблемалық-іскерлік ойындар	
3) Зерттеу ойындары	
- проблемалық-іскерлік ойындар	
Ойын түрінде жобалау	

Сонымен интербелсенді оқудың/оқытудың келесідей әдістеріне тоқталуды жөн көрдік: жоғарыда көрсетілген интербелсенді дәрістер мен семинар сабақтары (практикалық сабақтар), пікірталастар, рөлдік және іскерлік ойындар, case-study, тренингтер, компьютерлік оқу/оқыту.



### Пікірталас

**Пікірталас** – білім алушылардың аудиторияда немесе шағын топ ішінде нақты бір өміршенді проблема бойынша өзіндік көзқарастары мен пікірлерімен алмасып, оларды дәлелдеп, өзге позициялармен толықтыру әрекеттері.

Қандай да болмасын дамудың негізінде пікірлердің тоғысуы мен олардың қарама-қайшылықтары, олар туғызатын қақтығыс пен даудамай жатады – бұл диалектика заңдылығы. Бұл заңдылық әсіресе қоғамның әлеуметтік, саяси дамуы мен жеке адамның рухани және кәсіби өсуіне жан-жақты ықпал жасайды.

Пікірталас - оқу/оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі, өйткені білім алушылар қандай да бір өміршенді мәселе немесе проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға үйренеді.

Білім алушылар пікірталаста еркін қарым-қатынаста болып, өз позицияларын қалыптастыру және қорғау, оларды өзге пікірлермен салыстыру әрекеттерімен айналысады. Сол арқылы олар демократиялық қоғамның басты ерекшелігі болып табылатын *идеологиялардың қақтығысуына* белсенді түрде араласады. Пікірталас білім алушының аудиторияға өмірдің шынайы проблемаларын әкеліп, оларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады, ең тиімді шешімдерін табуға бағыттайды.

#### *Лирикалық шегініс*

*Баяғыда Үргеніш ханы Сырым батырды мұқату мақсатында кенеттен оған мынандай сауал қойған екен: «Дау мұраты не? Сауда мұраты не? Қыз мұраты не?»*

*Сонда Сырым жұлып алғандай: «Дау мұраты – біту, сауда мұраты – ұту, қыз мұраты – кету!» деп жауап қатқан екен.*

Пікірталастың мақсаты жеңу емей, ортақ бір мәмілеге келу, қарастырылған проблеманы шешу. Пікірталаста қатысушылар жаңалық ашуға ұмтылмайды, олар өздері үшін маңызды бір пікір қабылдайды. Ал бұл пікір басқа пікірлер мен көзқарастардың тоғысуы мен қақтығысынан пайда болады. Алғашында қандай да болмасын сипатта болған білім алушылардың пікірі талас пен сайыста келтірілген өзге тұжырымдардың ықпалымен өзгереді, яғни

олардың қасиеттерін белгілі бір дәрежеде қабылдайды, өзіне сіңіреді.

*Пікірталастың басты мақсаты - әр білім алушының қарастырылған проблема бойынша, өзіндік пікір, көзқарасты қабылдауы, бір байлам мен шешімге тоқтауы. Мұндай проблеманың ғылымда, теория мен практикада нақты шешімі бар болғандықтан, оны білім алушылар аудиторияда тек өздері үшін ғана қабылдайды.*

Әрине, оқытушы үшін бұл проблеманың шешімі әу бастан белгілі, алайда ұстаз білім алушыларды шешім қабылдауға әкелетін ізденіс үдерісімен таныстыруды мақсат тұтады, оларды аяққы нәтижеге бағыттап, сол мәреге жетуге бағыттайды. Пікірталастың ету барысы оқытушы тарапынан алдын-ала жоспарлануы ықтимал, алайда оның нәтижесі алдын-ала белгіленуі міндетті емес, өйткені пікір алмасу үдерісінде әр білім алушының қандай тоқтамға келетіндігі беймәлім, уақытынан бұрын жоспарлануы мүмкін емес нәрсе.

Пікірталас білім алушыға бұрнағы тәжірибесін тиімді пайдалану мен қарастырылатын тақырыпты толық игеру мүмкіншілігін береді. Оқытушы пікірталаста ақиқатты дайын күйде бермейді. Мәселенің дұрыс-бұрыстығы жөнінде білім алушылардың өздері дәлелдер жинау мен келтіру, оларды жақтау арқылы, қарсы пікірлерді сараптау мен талдау арқылы, оларға қарсы уәж айту арқылы өзіндік дербес пікір қалыптастырады. Білім алушылар мұнда басқа пікірлермен санасып, өздерінің икемділігі мен бейімшілдігін көрсетеді. Топтық пікірталастар кері байланыс жасауға жақсы мүмкіндік беріп, білім алушылардың мотивациясы мен қызығушылығын арттырады.

Оқытушы пікірталастың келесідей ережелерін қадағалауды талап етуі керек:

1. Пікірталаста тұлғаның жеке қасиеттері сыналмай, тек пікірлер, көзқарастар мен пайымдаулар ғана сыналуды тиіс.
2. Пікірталаста басты мақсат жеңу емес – ақиқатқа жету.
3. Басты этикалық ереже: басқа пікірлермен келіспеуге болады, алайда оларды сыйлау керек.
4. Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлуге болмайды.
5. Басқа пікірлермен келіспеушілік болған жағдайда, оларға жалаң түрде баға бергеннен гөрі («Бұл дұрыс емес!», «Бұл қате



ұстаным!», «Мен мұнымен келісе алмаймын!», «Біздің пікір ғана дұрыс!» деген тәрізді), олардың мағынасы мен мазмұнын айқындайтын сұрақтар қойған орынды.

6. Пікірталаста икемділік пен бейімшілдіктің жоғарғы дәрежесін көрсеткендер (яғни өз пікірлерін басқалардың позитивті де жағымды ықпалы арқасында өзгерте алатындар) жеңіске жетеді.

7. Ақиқатқа жету жолы біреу емес және олардың барлығы да тең дәрежелі.

Пікірталасқа 15-тен 30-ға дейін білім алушылардың қатысқаны тиімді. Оқытушының пікірталаста қатысушы емес, ұйымдастырушы рөлін орындайды: төреші болмайды, білім алушылар пікіріне «дұрыс» немесе «бұрыс» деп баға бермейді. Оқытушы білім алушыларды белгілі бір көзқарасқа үйрету үшін оларды сол пікірге бейімдеп, соған қарай бағыттайды.

Сонымен қатар оқытушының «Пікірталас ойын емес, ол - өмірдің өзекті проблемалары бойынша даудамай» деген ұғымды ескере отырып, өз позициясын жасырмауы орынды. Алайда бұл жерде ол пікірталасқа тікелей қатынаспай, оның сәтті өтуі үшін өзін ерікті түрде дауласудан шектеген жүргізуші рөлін атқарады. Ал жүргізуші өзінің позициясын ашық жарияламаса да, өзіне қандай көзқарастың жақын екендігін білдіре алады.

Білім алушылар оқытушыдан кез келген көзқарасты (позицияны, идеологияны) ұстамдылық, төзімділік және сыйластық тұрғысынан қалайша қабылдауға болатындығын үйрену керек. Олар пікірталастың демократиялық сипатта болуы тек сондай ұстаныммен байланысты екендігін ұғуы қажет.

Кейде теледидарда біз өзі жақтаған позицияға қарсы айтылған ұтымды дәлелді сабырлы түрде қабылдай алмаған жүргізушілердің күйіп-пісіп, пікір білдірушінің сөзін бөлетіндігін көріп жатамыз. Бұл - пікірталасты сәтсіз тұрғыдан жүргізу үлгісі.

Ұстаз пікірталаста шәкірттерін өз позицияларын нақты айқындап, оларды тыңдаушыларға жеткізіп, дәлелдей білуіне үйренуге шақырады. Ол білім алушыларға ақиқатты дайын күйінде ұсынбай, оны қалайша іздеп тауып, қорғауға болатындығын көрсетеді.

*Лирикалық шегініс*

### **Ақиқат немесе жеңіс**

- Молдеке, тезірек жүріңіз! Шайханада еліміздің барлық данышпандары пікірталас өткізу үшін жиналығты. Сізге шынымен-ақ бұл жарыста кімнің жеңіп, кімнің ақиқат сөзін сөйлейтіндігі қызық емес пе?!

- Жарыстарға келетін болсақ, маған олардың ішінен бөдене төбелесі мен аламан бәйге ұнайды. Ал ессіз пікірталаста ақиқаттың тууы екіталай. Бұл үшін барлық пікірсайысты доғару керек, өйткені ақиқат еш дәлелдеуді қажет етпейді. Ал пікірсайысшылар ақиқатты іздеп жүрген жоқ - оларға тек жеңіс қана керек. Олардың таласы барған сайын өрби түседі, бұл «данышпандардың» барлығы да басқаларды жеңбей тыншымайды, - деген екен Қожжекең.

### **Пікірталастың ережелері**

Пікірталас басында білім алушылармен бірлесіп ұстанатын ережелерді анықтап алған дұрыс. Бұл ережелер өзара сыйласымдық, төзімділік, жанжалдардың алдын алу, тыңдай білу, ортақ шешім қабылдау идеялары тұрғысынан құрастырылуы керек. Сондай ережелер үлгі ретінде төменде келтіріледі:

1. Әрбір қатысушыда өз пікірін айту мүмкіншілігі болуы керек.

Білім алушылар әрқашан да (топ ішінде, пікірсайыс кезінде) өз ойларын ортаға салып отыруы керек, өйткені пікірталастың нәтижесі сан-алуан, сан қилы пікірлердің тоғысуынан пайда болады.

2. Тыңдай білу керек.

Топ ішінде жақтастардың да, басқа топтардағы қарсыластардың да пікірлерін мұқият тыңдай білу керек.

3. Біреудің сөзін бөлуге болмайды.

Жақтастардың да, қарсыластардың да сөздерін бөлмеу керек. Бұл мәселеге пікірталасты жүргізуші асыра ден қоюы керек.

4. Білім алушыларға ой шақыру немесе дәлелдерді жинақтау үшін уақыт беріп отыру керек.

Мәселен, әрбір 10-15 минуттан кейін пікірталасты тоқтатып (2-5 минутке), білім алушыларға өз ойларын немесе дәлелдерін пысықтау, толықтыру мүмкіндігін беру керек.

5. Пікірталас кезінде бастапқы пікірді өзгерту мүмкіндігі беріледі.



Білім алушылардың өз пікірін пікірталастың аяғына дейін ұстануы міндетті емес. Керісінше, пікірлерін өзгерту арқылы олар өздерінің икемділігін, ойларының ұшқыр екендігін аңғартады. Мұндай әрекеттерді «сатқындық» деп санаудың қажеті жоқ, өйткені пікірталастың басты мақсаттарының бірі - өзгеру мен бейімделу екендігін ұмытпау керек.

Пікірталас білім алушыларда келесідей біліктерді дамытады:

- өзіндік пікір қалыптастыру;
- өз пікірін қуаттайтын нақты дәлелдер келтіре білу, олардың өміршенді, нанымды және ұтымды болуын қадағалау;
- пікірлердің айырмашылығын аңғару;
- басқалардың пікірімен санасу, оны сыйлау;
- басқалардың өзінмен келіспейтіндікті көріп, олармен келісім және мәмілеге келу керектігін түсіну;
- өз пікірін өзгерте білу, басқа пікірлерді ұстанудан «ұялмау», қаймықпау, басқаларға бейімделе білу;
- таңдау жасап, шешім қабылдау.

Білім алушылардың топтары арасындағы пікірталастарды межелік немесе аралық бақылауды (емтиханды) алмастыратын бақылау нысаны ретінде де қолдануға тұрарлық.

### **Пікірталаста назар аударатын маңызды мәселелер**

#### **1. Тақырып**

Пікірталаста қарастырылатын тақырып (мәселе) әлеуметтік маңызы бар өзекті проблема болуы тиіс. Бұл мәселе қатысушыларға белгілі бір дәрежеде таныс болып, олардың қызығушылығын тудырып, мүдделеріне сәйкес келуі керек. Бұдан басқа жағдайда білім алушылардың бұл мәселе бойынша қызу талқы мен талас жүргізуі екіталай.

Тақырып бинарлы сұрақ түрінде келтірілуі керек. «Бинарлы сұрақ» дегеніміз бір-біріне қарама-қарсы екі жауап беруге болатындай сұрақ.

#### **2. Сұрақтар**

Пікірталаста талқылау үшін алдын-ала сұрақтарды дайындап алған дұрыс, өйткені пікірталастың қалайша өрбитіндігі көп жағдайда осыған байланысты болады. Сұрақтар пікірталасты дамытуға бағытталуы керек, сол себепті де оларда даулы

тұжырымдар, кеңінен тараған түсініктерге сәйкес келмейтін ұйғарымдар болуы керек. Сол арқылы пікірталас жанданады, қатысушылар сыни тұрғыдан ойлауды үдете түседі, пікірталасқа қатысушылар санын да осылайша өсіруге болады.

#### **3. Пікірталастың жоспары**

Пікірталас жоспары (сценарийі) алдын-ала дайындалады. Онда талқылауға ұсынылған сұрақтар келтіріліп, пікірталасқа қатысушылардың мақсаттары, қандай техникалық (слайдтар, диафильмдер) және көрнекі құралдар (плакаттар, диаграммалар) қолданатындығы көрсетіледі.

Сценарийде пікірталасты үш кезеңде жоспарлаған орынды:

1) Берілген сұрақты талқылау, өзіндік позицияны таңдап алу және айқындау.

Сценарий әдетте жүргізушінің (оқытушы немесе білім алушы) алғы сөзімен басталады.

Мұнда ол тақырыптың таңдалуын негіздеп, оның өзектілігіне, пікірталаста қатысушылардың мақсаттарына тоқталады, пікірталас ережелерін қатысушылардың есіне салады. Осыдан кейін пікірталастың сұрағы тақтаға жазылады да, қатысушылар алдымен жеке, содан кейін жұппен немесе шағын топ ішінде ой қозғап, өз пікірлерін ортаға салады. Бұл кезеңде қатысушылар позиция таңдап, оны негіздеп алуы керек.

2) Пікір таластыру.

Қатысушылар көзқарастары бойынша екі немесе одан да көп топтарға бөлінеді.

Топтар өз дәлелдерін айқындап, спикерлерді таңдап, қарсы жаққа қойылатын сұрақтарды қарастырады. Пікірталас келесідей тәртіппен жүргізіледі:

- Әр топтан спикер сөз сөйлейді.

- Оған басқа топтардан сұрақтар қойылады.

- Жауап берілгенде, пікірталасқа топтың басқа да мүшелері қатысады.

3) Ой-толғанғыс.

Пікірталас аяқталғаннан кейін білім алушылар өз ойларын ортаға салып, талқылауы керек. Содан кейін оларды жазбаша келтіріп, оқытушыға өткізеді.



#### 4. Пікірталасқа дайындық.

Қатысушылар пікірталастың тақырыбын алдын-ала біліп, оған жан-жақты дайындалуы қажет. Ол үшін келесі әрекеттерді атқарған орынды:

- пікірталас жүргізу мәдениетімен және оның ережелерімен танысу;
- проблеманы зерттеу, оның терминологиясымен танысу;
- қажетті әдебиетті зерттеу;
- мамандармен сұхбаттасу;
- әртүрлі көзқарастарды сараптау, оларды салыстыру;
- өз позициясын айқындау, оның ұтымды жақтарын анықтау, дәлелдер жинақтау.

#### 5. Жүргізуші

Пікірталасты оқытушы немесе білім алушылар жүргізеді. Жүргізуші пікірталастың тақырыбын жақсы меңгеруі қажет, өйткені ол даулы мәселелер туындаған мезеттерде барлығы да келісетіндей беделді үкім айтуы керек.

Жүргізуші пікірталасты талқыланатын сұрақпен бастап, оған қысқаша комментарий береді, сол арқылы қатысушыларды пікірталасқа шақырады. Пікірталас барысында ол қатысушыларға сұрақ қойып, талқылауды қажетті бағытта қалдырып отырады: қатысушылар тақырыптан немесе регламенттен ауытқып бара жатқанда оларды пікірталас аумағында қалдыруға ұмтылады.

Алайда жүргізуші қарсы жақтардың пікірлеріне баға беретін төреші болмауы және пікірталастың басты тұлғасына айналып кетпеуі керек. Оның басты міндеті – барлық білім алушыларды пікірталасқа қатыстыру. Сол себепті де жүргізуші сұрақ қойып, қатысушыларды қуаттап, олардың назарын тақырыптың ең қызықты әрі өнімді жақтарына аударып, қарама-қарсы пікірлерді ұштап, аудиторияның белсенділігін жоғарғы деңгейде ұстап отыруы керек.

Пікірталасты тақырып ауқымында қалдыру үшін жүргізушінің келесідей ережелерді қадағалағаны орынды:

- Айтылған пікірді айқындау, нақтылау («Қандай мағынада айтып тұрсыз? Мысал келтіре аласыз ба?»).
- Бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету (Бұл қалайша болған еді? Неліктен олай деп ойлайсыз?»).
- Басқа пікірлерге жүгіну (Сіздің айтқаныңыз алдыңғы пікірмен қалайша ұштасады? Сіз алдыңғы көзқараспен келісесіз бе?).

- Белсенділендіру (Сіз бұл туралы не ойлайсыз? Сіздің айтайын деп тұрғаныңыз қандай мәселе? Бұл мәселе Сіздің пікіріңізге қайшы емес пе?).

- Қиындық тудыру (Мына мысал туралы не айтасыздар? Ал егер Сіздің бұл пікіріңізбен келіспейтін болсақ қайтесіз?).

#### 6. Сөйлеушілер

Сөйлеушілердің пікірталастың ережелерін қатаң түрде ұстанып, өз ұстанымдарын жақтап, қарсы жаққа дәлелді түрде сын айтуы үшін оларға келесідей біліктерді меңгеру керек:

- қарсыластарының көзқарасын жақсы түсініп, оны дұрыс баяндай білу;
- өз позицияларының ұтымды жақтарын нақты білу;
- өз пікірлерін басқаларға нанымды әрі сенімді түрде жеткізе білу;
- қатысушылардың қандай мәселелер бойынша келісімді екендігін нақтылап, дау туғызатын жәйттерді айқындай білу.

#### 7. Пікірталасты қорытындылау және бағалау.

Пікірталасты қорытындылау - оның тиімділігінің айғағы. Сол себепті де пікірталас соңында қатысушылардың қорытынды пікірлеріне тоқталып, проблема шешудің ең тиімді жолдары қысқаша сарапталады. Бұл жерде жүргізушіге кейбір пікірлердің осал жақтарына (кемшіліктеріне) тоқталуына болады.

Талқылау барысында жиі келтірілген және ұтымды пікірлерге де талдау жасалады. Мұнда ұстанымдардың мазмұны, тереңдігі мен ғылымилығы, дербестігі, дәлелдердің ұтқырлығы, терминдер мен түсініктердің қолданысы сарапталады, қатысушылар өз әрекеттері мен көзқарастары жайлы әңгіме қозғайды. Білім алушылар пікірталаста келтірілген дәлелдер мен оларға қарсы айтылған уәждерге қайта оралып, оларды толықтыру мүмкіншілігін алады. Бұған қоса олар тақырыптан ауытқып, пікірталас барысында туындаған басқа да мәселелерді талқылауға ұсынады.

Талқылау соңында білім алушылар өз ойларын эссе немесе басқа да жазбаша түрде жеткізуі керек. Олардың идеялары мен ұсыныстары пікірталас әдістемесін жақсарту үшін қолданады.



## Пікірталас тәсілдері

### «Торлы талқылау» немесе Қайшыланған пікірталас

1) Екі жақты шешімі бар проблеманы келтіргеннен кейін, оқытушы білім алушылардың осы мәселе төңірегіндегі өз ойларын қағазға түсіріп алып, өз көзқарасын айқындауын сұрауы керек.

Бұл жерде білім алушылар «Т-кестесін» қолданғаны орынды. Олар оқытушы ұсынған проблема (немесе сұрақты) жазып алғаннан кейін дәптерін екіге бөліп, сол жақ бағанға бірінші көзқарасты жақтайтын, ал оң жақтағы бағанға екінші көзқарасты негіздейтін дәлелдерді келтіреді. Осыдан кейін олар өздерінің қай позицияны жақтайтынын кестенің астына жазып қояды.

Әлемдік дағдарыстың салдары Қазақстан экономикасының дамуын бәсеңдетеді ме?

Бәсеңдетеді	Бәсеңдетпейді
- Қазақстан экономикасы шикізат әлемдік нарықтың толыққанды мүшесі емес	- Қазақстан экономикасы шығаруға бағытталған
- Қазақстан экономикасы 80%-ке қағаздар нарығы қалыптаспаған	- Қазақстанда бағалы Ресеймен байланысты
- Қазақстанда алтын қоры жеткілікті әлі де мөлшерде	- Қазақстан экономикасында нарықтың өзін-өзі регуляциялау механизмі қалыптаспаған
- Өкіметтің шаралары экономиканы тығыздықтан алып шығады	

**Ұстанған позициям:** Әлемдік дағдарыстың салдарынан Қазақстан экономикасы өз дамуын бәсеңдетпейді.

2) Осыдан кейін білім алушылар үш үлкен топқа бөлінеді: бірінші пікірді ұстанғандар, екінші ұстанымды жақтағандар және «Екеуі де мүмкін» деген көзқарастағылар.

3) Пікірлестер тобында білім алушылар өз көзқарастарын дәлелдейтін тұжырымдарды талқылап, дәлелдердің тізімін жасайды.

4) Әрбір топ бүкіл топ атынан сөйлейтін спикерді тандайды.

5) Осыдан соң топ спикерлері кезекпен өз дәлелдерін аудиторияға белгіленген уақыт ішінде (мәселен, 2 минут) жеткізеді.

6) Спикер сөйлеп болған соң, қарсы жақтардың сұрақ қоюына болады, оларға жауапты барлық топ мүшелері береді.

7) Осылайша үш топ та өз дәлелдері мен уәждерін келтіргеннен кейін қарсыластар проблема жөнінде өз ойларын жазбаша келтіреді (мәселен, эссе түрінде).

### Пікірталастың ережелері:

- біреу (мысалы, спикер) сөйлегенде, оның сөзін бөлмеу керек;

- қарсы жақтың көзқарасына жағымсыз тұрғыдан сын және пікір айтпау керек («дұрыс емес!», «келіспейміз!», «жалған!», «біздің ойымыз ғана дұрыс!» деген сияқты);

- егер келіспейтін жағдай болса, қарсы жақтың көзқарасын айқындайтын сұрақ қою керек.

Пікірталас соңында білім алушылардан «Қай жақ жеңді?» деп сұрауға болады. Егер білім алушылар жеңісті біреуге беретін болса, онда оларды келесідей түсініктерге алып келу керек (мысалы, сұрақ қою арқылы):

- пікірталас - ақиқатқа жетудің тиімді тәсілі;

- пікірталас әркімнің өз көзқарасын айқындауға зор мүмкіншілік береді;

- пікірталас та жеңілгендер болмайды: бәрі де ұтыста болады.

(Бұл тәсіл «Темпл Ч., Стилл Дж., Мереди К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V- құрал. - Алматы, 1998» кітабы бойынша келтірілді).

### Диспут формасындағы пікірталас

#### Пікірталасқа дайындық

Пікірталасқа дайындықты бірнеше күн бұрын бастаған жөн. Білім алушылар оқытушы ұсынған проблема (тақырып) бойынша келесі әрекеттерді атқарады:

1. Көзқарастары бойынша бөлінеді.

Білім алушылар пікірталас тақырыбы белгіленген сабақта өз көзқарастары бойынша қарама-қарсы позиция ұстанатын екі топқа қолдарын көтеру арқылы бөлінеді. Топтар үшеу де болуы ықтимал: мұндайда үшінші көзқарас «мүмкін» немесе «дербес пікір» деген позиция ұстанады.



Оқытушы пікірталас тақырыбы бойынша әр топты бірнеше сұраққа жауап беруге міндеттейді. Бұл үшін ұстаз білім алушыларға алдын-ала сауалдар тізімін береді.

2. Топтар жиналыс өткізіп, онда команда капитанын сайлап, жұмыс жоспарын айқындайды.

3. Топтар өз көзқарастарын айқындайтын қысқаша тезистер дайындап, олармен қарсы топты таныстырады.

4. Білім алушылар пікірталасқа жекелей дайындалады: ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, оқытушы ұсынған сұрақтарға жауап іздейді, дәлелдер жинақтайды, өз көзқарастарын негіздеп, ұштайды.

5. Білім алушылар бір пікір ұстанған топтар құрамында өз көзқарастарын жан-жақты пысықтайды.

### **Диспутты өткізу**

#### **1. Кіріспе**

- Жүргізуші пікірталасты ашып, оның тақырыбы мен мақсаттарын хабарлап, оларға түсініктеме береді.

- Пікірталаста сарапшылар (немесе төрешілер) алқасын да сайлауға болады. Олардың қатарына оқытушылар, мамандар, пікірталасқа қатынаспайтын білім алушылар кіреді. Сарапшылар пікірталастың жеңімпазын анықтаумен айналыспай, пікірсайыста туындауы мүмкін мәселелерді шешіп, ережелердің қадағалануын бақылайды.

- Жүргізуші пікірталасқа қатысушы жақтарды көрермендерге таныстырып, пікірталас ережелері мен регламентін жариялайды. Осыдан кейін ол сөз сөйлеу ретін анықтайды (жеребе тастап, немесе алдымен сөзді қандай да болмасын көзқарасты жақтаушыларға береді: мұндайда қарсы шығушылар сөз кезегін екінші болып алады).

#### **2. Бірінші позицияны жақтаушылардың сөзі**

- Алдымен бірінші позицияны жақтаушы (шешен, спикер) сөйлеп, топ пікірін белгіленген уақыт аумағында (мәселен, 3 минут) келтіреді, оны түсіндіреді, дәлелдейді.

- Оның сөзінен кейін екінші пікірді жақтаушылар сұрақтар қояды да, спикер берілген сұрақтарға жауап береді.

- Келесі кезек қарсы көзқарас ұстанған жаққа беріліп, оның өкілі бірінші жақтың позициясының кемшіліктері мен

олқылықтарына тоқталып, олардың көтерген проблемасы бойынша басқа шешім ұсынып, қарсыластарына тағы да сұрақтар қояды (бұл әрекетке уақыт азырақ беріледі, мәселен, 2 минут).

- Бірінші көзқарасты ұстанушылар өз позициясын нақтылай түсіп, сұрақтарға жауап береді (2 минут).

#### **3. Екінші позицияны жақтаушылардың сөзі**

- Енді тура сол ретпен екінші позицияны жақтаушы (шешен, спикер) сөйлеп, өз пікірін белгіленген уақыт аумағында (3 минут) түсіндіреді және дәлелдейді.

- Оның сөзінен кейін бірінші пікірді жақтаушылар спикерге сұрақтар қояды да, спикер берілген сұрақтарға жауап береді.

- Кезек бірінші көзқарас ұстанған жаққа беріліп, оның өкілі қарсы жақтың позициясына тоқталып, солардың көтерген проблемасы бойынша басқа шешім ұсынып, қарсыластарына тағы да сұрақтар қояды (2 минут).

- Екінші көзқарасты ұстанушылар өз позициясын нақтылай түсіп, сұрақтарға жауап береді (2 минут).

#### **4. Екі позицияны айқындайтын сұрақтар**

- Пікірталасқа қатысушы екі жақ бір-біріне ұстанымдарын нақтылайтын сұрақтар қойып, оларға жауап береді.

- Бұл әрекетке 3-5 минут берген орынды. Әр команда сұрақтарға дайындалуға мұрсат алғандығы да дұрыс болады. Олар бірлесе отырып, өз жауаптарын талқылап, өз араларынан кімнің сөйлейтіндігін белгілейді.

#### **5. Позицияларды қорытындылау**

- Қарсы жақтарға соңғы сөз беріледі. Берілген уақыт ішінде (мәселен, 3 минут) әрбір жақ кезекпен өз позициясы бойынша соңғы дәлелдер мен уәждерін келтіреді.

- Пікірталас барысында топтардың ұстанымдары қарсы жақтың ықпалымен өзгерістерге ұшырауы ықтимал (мүмкін мұндай өзгерістерді міндетті түрде талап ету керек те болар, өйткені бейімделу мен өзгеру - пікірталастың басты мақсаттарының бірі).



## 6. Пікірталасты қорытындылау

- Жүргізуші сарапшылар алқасына сөз береді. Сарапшылар даудың қалай өткендігі жайлы өз пікірлерін келтіріп, әр жақтың позициясына тоқтап, оларға баға береді.

- Жүргізуші пікірталастың қалай өткендігін қорытындылайды. Ол жеңімпазды анықтау ісімен айналыспай, пікірталастың өз мақсатына жеткен-жетпегендігі туралы сөз қозғайды.

## 7. Пікірталасты бағалау

- Білім алушылар ауызша пікірталастың қалай өткендігі туралы өз ойларымен бөлісіп, пікірталасқа және өз әрекеттеріне баға береді. Осыдан кейін олар өз пікірлерінің дискуссия барысында қаншалықты өзгергендігі туралы жазады. Диспутты бағалау бойынша білім алушыларға келесідей тапсырмалар беруге болады:

- Пікірталас қалай өтті? Ол Сізге ұнады ма?

- Пікірталаста не нәрсеге үйрендіңіз?

- Өз әрекеттеріңізді қалайша бағалайсыз?

- Пікірталаста қай көзқарас ұстанғандар жеңіске жетті деп ойлайсыз?

- Пікірталастың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз немесе ұсыныстарыңыз бар?

- Келесі пікірталаста қандай мәселелерге назар аудару керек деп ойлайсыз?

*Интернет материалдары бойынша*

## «Бұрыштар» пікірталасы

1. Оқытушы тақырып бойынша екі немесе одан да көп баламалы шешімдері бар проблеманы анықтап, оларды жариялағаннан кейін білім алушыларды шағын топ құрамында осы мәселені «Ой қозғау» тәсілін қолдана отырып талқылауды ұсынады.

2. Оқытушы білім алушыларға көзқарастардың бірін тандап, үш минут ішінде ұстанған позицияларды дәлелдейтін аргументтерді жазуды тапсырады.

3. Бірінші көзқарасты ұстанған білім алушылар аудиторияның бір бұрышына, басқа пікірді жақтағандар екінші бұрышына, ал енді үшінші немесе төртінші позицияны тандағандар бөлменің басқа бұрыштарына барып тұрады.

4. Оқытушы талқыланып жатқан проблема бойынша алдын-ала дайындаған мәтінді (мақала, дәріс, ғылыми монография, т.б.) білім алушыларға таратып береді. Білім алушылар шағын топ ішінде мәтінді өзара бөліп, өздерінің позициясын қуаттайтын дәлелдер іздейді. Әр топтан 1-2 білім алушы осыдан кейінгі пікірталаста топ пікірін білдіретін спикер (шешен, сөйлеуші) болып таңдалады.

5. Топтарға кезекпен сөз беріледі. Спикерлер 1-2 минут аралықта өз топтарының позицияларын айқындайды.

6. Енді сөз топтардың басқа да мүшелеріне беріліп, олар да пікірталасқа араласады. Топтарды пікірталасқа ынталандыру үшін оқытушы тарапынан білім алушыларға келесідей сұрақтар қойған орынды: «Неліктен бірінші топтың мүшелері үшінші топтың көзқарасын қабылдамады?», «Сіздер екінші топтың қандай пікірімен келіспейсіздер?», «Неліктен бірінші топтың білім алушылары сіздерді өз көзқарасына иландыра алмады?», «Неліктен сіздер өз позицияларыңызға өзгеріс енгізбедіңіздер (енгіздіңіздер)?».

7. Пікірталас кезінде білім алушыларға олардың өз көзқарастарын өзгертіп, басқа топтарға ауыса алатындығын ескерту керек. Оқытушы тіпті білім алушыларды өз пікірлерін өзгертуге ынталандыру керек. Бұл жәйт олардың ойлану жұмысына қызу түрде қатысқандығын және ойлау икемділігінің жоғары деңгейін көрсетіп, топтың басқа мүшелерінің жауапкершілігін көтереді: олар жақтастарынан айрылып қалмау үшін пікірталаста дәлелді болуға тырысады.

8. Пікірталас соңында әрбір топқа өз позициясын қысқа түрде (1 минут) басқалардың алдында ауызша тұжырымдау мүмкіндігі беріледі (спикерлер сөйлеп болғаннан соң оларға сұрақтар қойылмайды).

9. Пікірталас аяқталғаннан кейін оқытушы білім алушыларға өз ұстанымдарын эссе түрінде жазбаша келтіруді тапсырады.

(Бұл тәсіл «Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V- құрал. - Алматы, 1998» кітабы бойынша келтірілді).

## «Академиялық даудамай» пікірталасы

1. Оқытушы сабақта қарастырылып жатқан тақырып бойынша кемінде екі шешімі бар проблеманы білім алушыларға жария қылады.



2. Білім алушылар төрт адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді.

3. Топ ішінде білім алушылар қарама-қарсы көзқарастар бойынша екі-екіден бөлініп, жұптаса отырып, өз позициясын қорғауға дайындалады (бұл жерде білім алушылар жұптарға өз қалауы бойынша немесе тіпті оқытушы нұсқауымен бөлінуіне болады).

4. Жұптар уақытша бұзылып, білім алушылар аудитория ішінде өз жақтастарын тауып, басқа жұптар құрып, өз дәлелдерімен бөліседі, оларды толықтырады.

5. Білім алушылар алғашқы жұптарына қайта оралып, басқа білім алушылардан естіген дәлелдерін ортаға салып талқылайды, алдағы пікірталасқа дайындалады.

6. Жұптар топ ішінде кезекпен екінші жұпқа өз позициясын жеткізеді. Қарсы жақ мұқият тыңдап, туындаған ойларын қағазға түртіп отырады.

7. Екі жұп бір-біріне сұрақтар қойып, жауап беріп, өз ұстанымдарын жақтап, пікірталасқа кіріседі.

8. Пікірталас тоқтатылып, екі жақ келісім мен мәмілеге келетіндей ортақ шешімді іздестіреді. Мұнда әр жақтан ұтымды дәлелдер ескеріледі.

9. Бағалау. Білім алушылар пікірталаста туындаған өз ойлары, позициялары мен ұстанымдарын қағазға түсіріп, әрекеттері бойынша есеп береді.

(Бұл тәсіл «Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V- құрал. - Алматы, 1998» кітабы бойынша келтірілді).

## 2. ОЙЫНДАР

Жоғары мектептің оқу үдерісінде қолдануға тиімді ойындардың ішінен келесідей түрлерін қарастырып кетуді ұйғардық:

### 1. Рөлдік ойындар

#### 2. Іскерлік ойындар

##### а) Іскерлік оқу ойындары

- саяхат ойындары

- блиц-ойындар

##### ә) Өндірістік ойындар

### 3. Имитациялық ойындар

## Рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар - тиімді интербелсенді әдістердің бірі.

Педагогика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқу/оқытудың ойын әдістерін кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді. Өйткені **іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі** екендігі баршаға аян: адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар білім алушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді.

«Ойын» сөзі сабақта инсценировканың орын алып, әрекеттердің спектакль түрінде көрсетілетіндігін меңзейді. Ал «рөлдік» сөзі әр қатысушының белгілі бір рөл орындайтынын және де бұл рөлдің басқа рөлдердің қатарында болып, олармен тығыз қарым-қатынаста болатындығын білдіреді. Бұл қарым-қатынас өмірде орын алған қарым-қатынастарды қайталайды, сол себепті де **рөлдік ойындар қоғамда кең етек алған проблемалар мен оларды шешудегі тиімді әрекеттерді меңгеруді мақсат тұтады**. Мұнда білім алушылар пікірталастағыдай өз түсініктері мен көзқарастарынан туындаған позицияларды ұстанбай, өздерін басқалардың орнына қояды.

Бұл әдіс білім алушыларда жинақталған теориялық білім, практикалық тәжірибе, өмірде ұстанатын құндылықтарды еркін түрде меңгеру және қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Рөлдік ойындарда білім алушы өзінің теориялық білімдерін өмірде (практикада) кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады. Ол мұндай ойындарда проблемалардың мазмұны мен мән-жайын дұрыс түсінетіндігін көрсетеді, олардың шешу жолдарын қарастыру арқылы өзінің шығармашылық (креативтік) деңгейін дамытады.

Рөлдік ойындарды жүргізу алдында оқытушының әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт, ол әсіресе келесі мәселелерді алдын-ала мұқият талдап алуы керек:

- ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезендері, қатысушылар, т.б.);
- ойынның мүмкін нәтижелерін болжау;
- ойынның нәтижелерін қорытындылау.



Рөлдік ойындардың екі түрін ажыратуға болады:

1. Әрбір білім алушы рөл ойнайды.

2. Білім алушылардың шағын топтары рөл ойнайды.

Рөлдік ойынның бірінші түрі білім алушылардың қандай да бір берілген тапсырмаларды орындау барысында топ ішінде рөлдерге бөлініп, сол рөлдердің ерекшеліктеріне сәйкес әрекеттер атқаруды меңзейді.

Мұндай ойындарда келесідей рөлдерді қолдануға болады:

**Автор** - өз көзқарасы мен пікірін келтіруші, ұсынушы.

**Түрлендіруші** - автордың ұсынысын толық қабылдамай, өз түсінігін құрастыратын, содан туындаған ойларымен басқалармен бөліседі.

**Сыншы (немесе Пессимист)** - талқылау барысында қабылданған шешімдерге күмән келтіріп, өзгеше ұсыныс жасап, басқа шешімдер мен көзқарастар келтіреді.

**Ұйымдастырушы (немесе капитан)** - жасалған жұмыстың барлығын да үйлестіріп, қатысушылардың жеке пікірлерін жинақтауға, біріктіруге ұмтылып, оларды автордың көзқарасын дамытуға бағыттайды.

**Қуаттаушы (немесе Оптимист)** - қандай да болмасын келтірілген ұсыныс пен әрекетті демеп, қолпаштап отырады. Оның жұмысы сыншы рөліне қарама-қарсы. Ол өз жұмысында мақтау мен мадақтауды, арқадан қағу мен қол шапалақтауды қолданады да, солар арқылы топ ішінде көтеріңкі көңіл-күй орнатуға бар күшін салады.

**Суретші** - топ жұмысының нәтижелерін плакатқа маркермен түсіруші.

Бұлардан басқа да рөлдерді қолдануға тұрарлық, оларды қолдану («ойнау») ойынның мақсаттары мен жоспарланған нәтижелеріне байланысты болады:

- **идея келтіруші** («идеялар генераторы») - үнемі өз ойларын келтіріп, топтың әрекеттерін соларды жүзеге асыруға бағыттаушы;

- **ақын** - бірлескен жұмысты жандандыру мақсатында топ жұмысына немесе мүшелеріне арнап өлең мен ұйқастар шығарушы;

- **күмәнданушы (немесе скептик)** - сыншы секілді әр идея, ой мен әрекетті күмәнданып қабылдаушы, қарсы пікір айтушы;

- **барлаушы** - басқа топтарда жұмыстың қалайша жүріп жатқандығын анықтаушы;

- **жылнамашы** - топ жұмысының барысы мен қатысушылардың әрекеттерін қағазға түсіруші;

- **бақылаушы** - ойын ережелері мен рөлдерді орындау үшін қабылданған тәртіптерді, қатысушылар әрекеттерінің аяққы нәтижеге бағытталуын қадағалаушы.

Мұндай рөлдік ойындарда келесідей **ережелер** қабылдаған орынды:

- Рөлдер ерікті түрде таңдалады.

- Әр қатысушы рөлдерге тиеселі міндеттер мен қызметтерді (функцияларды) барынша орындап, қадағалауы керек.

- Ойын барысында қатысушылардың рөлдермен алмасуына болады.

- Ойын барысында қатысушылар басқа да рөлдерді ойлап тауып, оларды орындауларына болады.

- Ойын аяғында әр қатысушы өзінің әрекеттері мен топ жұмысына жазбаша түрде есеп беруі керек.

Осындай рөлдерді қолданатын ойынның мысалы ретінде халықаралық «Street Law» бағдарламасы ұсынған бір ойынды келтірейік.

#### **«Көшбасшылық» ойыны**

(«Ерлер мен әйелдердің теңдігі» тақырыбы бойынша)

*Білім алушыларды жеті адамнан тұратын шағын топтарға бөліп, олардың мүдделерін ескеретін тапсырмалар беріңіз: мәселен, «Білім алушының топ екі күнгі демалуға 600 доллар жинады. Бұл ақшаны қалайша ұстауға болады?»*

*Топтардың әр мүшесіне келесідей карточкаларды үлестіріңіз:*

1. Сіз нағыз көшбасшысыз. Сіз әрқашан да дұрыс шешім таба аласыз.

2. Сіз көпті көрген, өте тәжірибелі адамсыз. Өзіңіздің өмірлік тәжірибеңізге сүйене отырып, Сіз әрқашан жақсы шешім ұсынасыз.

3. Сіз ылғи да күмәнданып, бәріне де сенімсіздікпен қарайтын адамсыз.

4. Сіз қандай да болмасын идеяны жоққа шығара білетін сыншысыз.

5. Сіз еш келісімге келе алмай жүргендерді татуластыра білетін бітімгерсіз.



6. Сіз қорытындылауды жақсы білетін аналитиксіз.

7. Сіз өзіңіздің жұмысқа деген жеңілтектігіңізбен қандай да болмасын ұмтылысты жоққа шығарасыз.

Топтар ішінде көшбасшы рөлдері қыздарға тиетін болсын. Барлық қатысушылардың өз рөлдерін тиянақты түрде ойнауын қадағалаңыз.

Әрбір білім алушы өз карточкасын басқаларға көрсетпей оқып, сол бойынша өз рөлін орындайды. Топтардың шешім қабылдауы үшін жеткілікті уақыт беріңіз. Әдетте бұл ойында топтардың біреуі де дұрыс шешім қабылдай алмайды, өйткені әр топта өзін көшбасшы санайтындар аз емес. Топтардағы жұмыс ылғи да қызу және тартысты өтеді.

Ойынды қорытындылағанда білім алушыларға келесідей сұрақтар қойыңыздар:

- Неліктен сіздер ортақ шешімге келе алмадыңыздар?

- Жұмыстарыңызда қандай қиыншылықтар туындады?

- Бұл қиыншылықтарды қалайша жеңуге болар еді?

- Кім өзін көшбасшы деп санады?

Қорытынды. Бұл ойын нормативтік актілерде әйелдердің басшылыққа қатысу құқығы бекітілсе де, олардың көшбасшылық тәжірибесінің әлі де жетіспеушілігін дәлелдейді. Әйелдердің өздері саяси жігер көрсетуі керек, өйткені қоғамның оларға көмек көрсете алмауы да мүмкін.

Көшбасшылық тәжірибесін қалайша иеленуге болады?

Мұнда көшбасшының туа біткен қасиеттерін, жақсы сөйлей білуін, мектепте қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуын, «Пікірталас», «Сыни ойлау», «XXI ғасыр көшбасшысы» сияқты бағдарламаларға қатысуын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту секілді біліктерді атауға тұрарлық...

(«Методическое пособие для тренера. Программа «Street Law».

Сост. Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О., Калинина А.А., Асанбекова Г.С. – Алматы: Фонд «XXI век», 2001», 137 с.)

Екінші аталған рөлдік ойында білім алушылардың тобы бүкіл қоғамның кішірейтілген моделі немесе қоғамдық үдерістің бір көрінісі ретінде қарастырылып, оларға ойын түрінде қоғамдық қатынастарды (проблемаларды, ситуацияларды, т.б.) қайталау, модельдеу, имитациялау, «ойнап шығу» тапсырмасы беріледі. Сол себепті де мұндай рөлдік ойындардың басты тақырыбы –

«қоғамды» ойнау, қоғам проблемаларын қарастыру және талқылау. Рөлдік ойындардың бұл түрі бірінші вариантқа қарағанда жоғары мектеп практикасында көбірек пайдаланатындығын ескертіп өту керек.

Рөлдік ойындардың мұндай түрінде қатысушылардың топтары әртүрлі қоғамдық топтардың рөлдерін орындайды, мәселен: мемлекет, өкімет, парламент, партиялар, бизнес өкілдері немесе субъектілері (компаниялар, фирмалар, кәсіпорындар, банктар, жинақтаушы қорлар), жалдамалы жұмысшылар немесе әлеуметтік топтар (білім алушылар, білім алушылар, зейнеткерлер, мемлекеттік бюджет тарапынан қызмет жасаушылар).

Мұндай ойындардың тақырыбы ретінде әлеуметтік сипаттағы келесідей ситуацияларды тандап алуға болады:

- парламентте заң қабылдау немесе заңға өзгертулер енгізу,

- парламентте өкімет әрекеттерін партиялар мен әлеуметтік топтар тұрғысынан талдау және баға беру (мысалы, экономикалық дағдарыстан шығу саясаты),

- парламентте немесе өкімет отырысында әлеуметтік топтардың ахуалын қарастыру (немесе болжау),

- келісім шарт жасау (мемлекетаралық, мемлекет пен жекеменшік компаниялар, компания мен қызметкерлер арасында),

- қызметкерлерді тандау (кастинг) және жұмысқа қабылдау,

- компанияның бір жылдық (тоқсандық) жұмысын талдау және бағалау,

- компанияның дағдарыстан шығу жолдарын талқылау,

- компанияның рынокқа шығу мақсатында өз өнімдерін презентациялау,

- компанияның даму мәселелерін талқылау және т.б.

Рөлдік ойынды келесідей ұйымдастыруға болады

1. Проблема (тақырып) айқындау.

Оқытушы білім алушыларға алдан-ала талқылауды, пікір таластыруды қажет ететін тақырып немесе шешімі қажет проблеманы ұсынады. Білім алушылар жекелей тақырып немесе проблеманы қарастырып, ұсынылған әдебиетпен танысып, сабаққа дайындалып келеді.

2. Рөлдік топтарға бөліну.



Бұл әрекет сабақтан тыс уақытта өтеді: білім алушылар әртүрлі көзқарастар мен позицияларды ұстанған топтарға бөлінеді (әр топта білім алушылардың саны 10-нан аспағаны дұрыс). Білім алушылардың командалары пікірталастағыдай ұстанған көзқарастар бойынша жасақталмай, басқа тұрғыдан жасалуы керек, өйткені ойында білім алушылар басқа біреудің позициясын ұстанып, проблема шешудің жолдарын қарастырады.

Егерде рөлдік ойында ауқымды мәселелер талқыланатын болса, онда білім алушылар қоғамның негізгі саяси және әлеуметтік топтары немесе олардың мүдделерін жақтайтын саяси партиялар, кәсіпорындар, компаниялардың рөлдерін «ойнайды». Ал егер ойын қандай да бір әлеуметтік маңызы бар проблеманы көпшілік тұрғысынан шешуге бағытталса, онда білім алушылар пікірлер мен көзқарастар тұрғысынан бөлінеді: «жақтаушылар» немесе «қарсы шығушылар», «жаңашылдар» немесе «консерваторлар».

Мұндай топтардың кемінде екеу болғаны дұрыс. Алайда қоғамда сан алуан пікірлерді туғызатын мәселелерді қарастырғанда (мәселен, ұлт мәселесі, экономикалық дағдарыс, рухани ахуал), топтар санын ұлғайтып жіберуге де болады. Бірақ олардың жалпы саны 4-5-тен аспағаны дұрыс, өйткені рөлдердің көптігі талқылауды бөлшектеп жіберіп, сабақты ұйымдастыруды қиындатуы ықтимал.

Топ ішінде де білім алушылар жеке рөлдерге бөлінуі мүмкін. Мұндай бөліну екі тұрғыдан жүзеге асырылады:

1) Лауазымдық тұрғыдан, яғни әлеуметтік топ ішіндегі қызметтеріне сәйкес бөліну.

Мысалы, егер білім алушылар тобы өкімет рөлін ойнайтын болса, онда білім алушылар премьер-министр, министрлер рөлдерін өзара бөліп алуы керек.

2) Қызмет (функция) тұрғысынан, яғни топ ішінде ұстанатын позиция мен атқаратын әрекеттерге сәйкес бөліну.

Мәселен, білім алушылар жоғарыда келтірілген көшбасшы, ынталандырушы, күмәнданушы, сынаушы, т.б. рөлдерді өзара бөліске салуы мүмкін.

### 3. Рөлдерді талқылау.

Рөлдер таңдалғаннан кейін, білім алушылар топ ішінде олардың басты ерекшеліктерін айқындап, қандай позиция ұстанып, рөлдерді қалай ойнау керектігін талқылайды.

### 4. Өз ұстанымын дәйектеу.

Топтар өз ұстанымын құрастыру үшін бірнеше беттік баяндама жасайды. Баяндаманы дайындау кезінде білім алушылар өз әрекеттерін таңдап алған рөлдері бойынша атқарады.

### 5. Жариялау.

Әрбір рөлдік топ берілген тақырып (проблема) бойынша өз позициясын жариялауы керек. Бұл үшін топ атынан спикер берілген уақыт ішінде (5-8 минут) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, оларға топ ұстанымын жеткізеді.

### 6. Пікірталас.

Білім алушылар өз позицияларын негіздейді, дәлелдейді. Олар мұнда басқалардың пікірімен санасу, бітімгершілікке келу, мағыналы сөздерді демагогиядан ажырата білу секілді дағдыларды меңгереді.

### 7. Қорытындылау.

Оқытушы рөлдік ойынның берілген тақырыпты (проблеманы) қандай деңгейде ашқандығы, бұл жұмыстағы білім алушылардың кәсіби деңгейі туралы ой қозғап, өзінің де позициясын келтіреді. Білім алушылар өз ұстанымдары мен рөлдері жайлы, ойынның қандай деңгейде өткендігі туралы пікірлерін алдымен ауызша келтіріп, соңынан жазбаша есеп береді. Егерде олар өзінің қателерін анықтап, оларды түзету үшін қандай білім мен дағды керектігін түсінсе немесе өз әрекеттерінің дұрыстығына көздерін жеткізсе, бұл жәйттер ойынның өз мақсатына жеткендігін меңзейді.

Қорытындылауда басты назарды практика үшін маңызды әрі қолайлы ойын нәтижелерін талдауға аударған дұрыс. Сонымен бірге қорытындылауда бүкіл ойын барысын талдап, оны ой елегінен өткізгенде, келесі әрекеттерді талқылаған орынды:

- жеке, топтық, топ аралық ойлау әрекеттерінің өзгерістері;
- тұлға аралық қатынастардың өзгеруі нәтижесінде туындаған ұжымдық пікірлердің қалыптасуы;
- білім алушылардың пікірлері мен рөлдерінің өзгеруі, олардың қарым-қатынас динамикасы.



**Рөлдік ойындар білім алушыларда келесідей біліктерді қалыптастыруға септігін тигізеді:**

- қарым-қатынастық (коммуникативтік) дағдылар;
- шағын топтарда жұмыс жасау дағдылары;
- толеранттылық (басқаның пікірі мен көзқарасын қабылдау, оларды сыйлау, олармен санасу, төзімділік пен шыдамдылық);
- өзіндік тұрғыдан ойлау, пікір және көзқарас қалыптастыру, позиция (сенім, құндылықтар) таңдау, т.б.
- үйренгенді (білім, білік, дағды, түсініктер, т.б.) практикалық тұрғыдан қолдану;
- өздерінің үйрену деңгейін анықтап, оны әрі қарай дамыту.

### **Іскерлік оқу ойындары**

Іскерлік оқу ойындарында білім алушылар қандай да бір сценарий ауқымында рөлдерді өзара бөлісіп, зерттеу жұмыстарын жүргізу және деректерді талдау арқылы нақты практикалық мәселелерді бірлесе отырып шешеді. Оқу ойындарының сценарийлері тақырып ауқымында болып, күрделі мәселелерді ойын тұрғысынан, «ойнап» шешуге бағытталады.

Оқу ойындарының екі түрін ажыратуға болады:

1. Сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлер бойынша (оқытушылар мен білім алушылардың өздері жазған) қысқа ситуацияларды ойнау.

2. Компьютерді қолданатын ойындар

- мультимедиалық ойындар,
- Интернетте ақпарат табу әрекеттеріне негізделген іздеу ойындары.

Компьютерлік ойындарда білім алушылар бірнеше топқа (командаларға) бөлініп, бөлек аудиторияларда отырып, бір-бірімен Интернет арқылы байланысуына болады.

Оқу ойындары сценарийлерінің негізінде қандай да болмасын мәлімет (оқулықта немесе басқа да ақпарат көздерінде берілген құжат, оқиға, мәтін, деректер) жатады. Мәлімет сценарийде өзінің деректік формасынан айрылып, білім алушылардың рөлдерге бөлініп, ойнауына мүмкіншілік туғызатын қызықты оқиғаға айналуы керек.

Оқу ойындарында бірінші кезекте білім алушылардың қиял мен фантазиясына жол ашу керек. Бұл әсіресе **саяхат ойындарында**

сәтті түрде жүзеге асырылады. Білім алушылар саяхат ойындарында көркем шығармалар мен кітаптар, тарихи оқиғалар, аңыздар, карталар, құжаттар бойынша тарихи, географиялық, өлкетанушылық, ғылыми «экспедицияларды» ұйымдастырып, өз қиялдарынан туындаған оқиғалар мен ситуацияларды құрастырады. Мәселен, «Отырар, 1219 жыл», «Түркістанға саяхат», «Кенесары әскерінің ізімен», «Майкрософт фирмасына экскурсия», «Нюрнберг үдерісінде», «Желтоқсан, 1986 жыл», т.б. тақырыптар бойынша «экспедиция» ұйымдастыруға болады.

Білім алушылар мұндай саяхат кезінде өзара бөліп алған ойын рөлдеріне сәйкес әрекеттер атқарып, шығармашылықтарына кеңінен жол береді. Мұндай рөлдер қатарына тарихи тұлғаларды, ғылыми немесе кәсіби мамандарды (тарихшы, мұражай қызметкері, палеонтолог, археолог, геолог, экономист, ғарышкер, ұшқыш, топограф, т.б.) жатқызуға болады.

Саяхат ойындары барысында білім алушылар күнделік жазып, оқиға болған жерлерден репортаждар беріп, өз жұмысы немесе ашқан «жаңалықтары» бойынша есеп дайындап, достары мен туыстарына хат жазып, әртүрлі мағлұмат жинау ісімен айналысуы мүмкін. Әрине мұндай «құжаттардың» қиял мен фантазия негізінде жазылатындығы сөзсіз.

### **Оқу ойынын қалайша құрастыруға болады?**

Оқу ойындарын құрастыруды Роберта Л.Росс-Фишердің «Игра, моделирующая реальность, как средство повышения эффективности обучения» (Р.Фишер, 18-22) атты мақаласында келтірілген реттілік бойынша қарастырайық.

Оқу ойынын оқытушы жеке өзі немесе басқа әріптестерімен (білім алушылармен) бірігіп құрастырады. Ойынды құрастыруда келесідей ережелерді ұстанған жөн:

1. Ойын арқылы білім алушылардың қандай білік пен дағдыларға үйренетіндігін анықтаңыздар. Бұл мәселе тақырып пен ойынның сюжетін таңдап, ойынға қатысушы білім алушылардың әрекеттерін бағалау критерийлерін белгілеуге көмектеседі.

2. Ойын білім алушылардың семестр аяғында қорытынды жұмысты сәтті жазуына көмектесуі керек.

3. Сценарий жазғанда, білім алушылардың қызығушылығын арттыратын келесі мәселелерге назар аудару керек:



- Қызықты кейіпкерлер.

Олардың саны топтағы білім алушылардың санымен бірдей болғаны дұрыс; әр кейіпкердің есімін, жасын, кәсібін, отбасы жағдайын нақтылау керек; мұның бәрі қатысушылардың ойынын жеңілдету үшін жасалады; мәселен: «Қуандықұлы Бақытжан, 42 жаста, үш баласы бар, Отансүйгіш ақын, елінің азаттығын көксейді»;

- Оқиғаның өрбитін уақыты мен мекен-жайы.

Ойында келтірілетін оқиғалар қандай кезеңге жатады? Қайда болған? Мысалы, жоғарыда есімі аталған Бақытжан XIX-ғасырда, XX-ғасырдың 70-ші жылдары немесе қазіргі уақытта өмір сүруі мүмкін.

- Сюжет.

Сценарий жалпы түрде жазылады, алайда оның сюжеттік жолдары қатысушыларды қызықтыруы керек.

- Жалпы проблемалар.

Қатысушылардың шешімін қажет ететін ең кемінде бір проблеманы айқындау керек.

- Нақты проблемалар.

Сюжеттің даму кезеңдерінде шым-шытырық оқиғаларды келтіру керек: олар қатысушылардың өздігімен таңдау жасап, өз шешімі мен оның салдарына деген жауапкершілікті мойындарына жүктеуі қажет. Қатысушылар «Әрі қарай не істеу керек? Қалайша таңдау жасаймыз? Оның салдары қандай болуы мүмкін?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, өз әрекеттерін жоспарлайды.

- Оқиғалардың шешімі.

Бұл жерде де қатысушылар өздігімен таңдау жасап, шешім қабылдайды.

- Ойынды аяқтау.

Ойын аяқталғаннан кейін оның логикалық қорытындысы қандай болуы керек? Мәселен, білім алушылар өз ойындары бойынша жаңа сценарий жазып, қажет болған жағдайда оны басқа білім алушылардың алдында ойнап беруі де мүмкін; немесе олар сценарийлерді жинақ түрінде басып шығарады.

4. Ойыннан кейін. Қатысушыларға ойын туралы өз ойларын білдіру мүмкіндігін ойын аяқталысымен берген орынды. Ол үшін білім алушыларды шағын топтарға бөліп, келесідей сұрақтарды талқылауды тапсыруға болады:

- Бұл ойында өздеріңіз үйренген және білгендеріңіздің ішінде ең маңыздысы қандай жәйт болды?

- Бұл тақырып бойынша тағы да не білгілеріңіз келеді?

- Бұл ойынның шынайы өмірден қандай айырмашылығы бар?

Талқылауға жеткілікті уақыт берген дұрыс (15 минуттан 30 минутқа дейін). Әр топ өз ойларын плакатқа түсіріп, содан кейін жариялайды: қабырғаға іліп, қорғайды, сұрақтарға жауап береді.

Ауызша талқылаудан соң білім алушылар өздерінің ойында қандай тәжірибе иеленгендігі туралы жазуы қажет.

5. Ойынның білім алушыларды қандай білік пен дағдыларға үйрететіндігіне байланысты нәтижені бағалайтын жүйе жасау керек. Бұл жүйе әр білім алушының жетістіктері мен оқытушы жұмысының тиімділігін бағалау мүмкіншілігін береді.

**Блиц оқу ойындары.** Блиц оқу ойындары - қысқа мерзімді шағын ойындар, олар білім алушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.

Блиц ойындарда білім алушыларға ойынның жалпы нобайы мен тапсырмалары ғана беріліп, білім алушылар оларды өздігімен ойнап шығуы керек. Мұнда да «Ойыннан кейін» кезеңі ерекше маңызды рөл атқарады, өйткені осы уақытта білім алушылар ойыннан алған әсерлерімен бөлісіп, ой-толғаныстарын жазбаша түрде келтіреді.

#### **Блиц оқу ойындарының мысалдары**

*(сценарийлердің қысқаша нұсқалары)*

**Шындық детекторы.** Бір білім алушыға 8-10 сұрақ қойылады. Білім алушы сұрақтардың барлығына да шынайы түрде жауап беріп, тек біреуіне ғана жалған жауап қатады. Қалған білім алушылар шағын топтарға бөлініп, жауаптардың қайсысы өтірік болғанын анықтап, өз ұстанымдарына дәлелдер келтіруі керек.

**Фотолар.** Әр білім алушыға (немесе білім алушы тобына) бір адамның фотосын беріп, оның өмірін (немесе ол адамның мінез-құлқын) қысқаша түрде сипаттап беру тапсырылады. Жұмыс аяқталғаннан кейін фотолар тақтаға (қабырғаға) ілінеді. Білім алушылар кезекпен өз мәтіндерін оқығанда, басқалар әңгіменің қай адам туралы болғандығын анықтауы керек. Мұнда да өз көзқарасын дәлелдейтін тұжырымдар келтіріледі.

**Алиби.** Екі білім алушыға белгілі бір қылмыс жасауда күдіктілердің рөлі беріледі. Оларды аудиториядан аластатып, алиби



ойлап табуды тапсырады. Бұл білім алушылар қайтып оралғанда топтар екіге бөлініп, екі күдіктіден кезектесіп жауап алады. Егер күдіктілердің алибилері аз да болса сәйкес келмесе, олар жалған деп есептеледі.

**Таңдау.** Білім алушылар басқарма отырысында директорлардың рөлдерін ойнайды. Олардың мақсаты – атышулы премияны (жұлдені) ең үздік адамға тапсыру. Білім алушылар өз кандидаттары туралы жан-жақты ақпарат келтіріп, нақты дәлелдерді айғақтауы керек.

**Интервью.** Кәсіпорын (мекеме) басшылары жұмысқа жаңа маман қабылдап, онымен әңгіме жүргізуде. Басшылардың бір бөлігі маманды жұмысқа алуға ниет білдірсе, қалғандары оның кандидатурасына қарсы. Жаңа маман жұмысқа қабылдануы үшін барлық күшін салып, сұрақтарға толық әрі ұтымды жауап беруге тырысады.

*Келтірілген блиц-ойындар Марина Каранетяның «Пусть играют!» мақаласынан алынды (Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 5, №4, октябрь, 2004. - С. 25-29). Оқу ойындары туралы қызықты мәліметтерді келесідей сайттардан білуге болады: <http://memory.loc.gov/ammem/ndlpedu/index.html> [www.spa3.k12.sc.us/WebQuests.html](http://www.spa3.k12.sc.us/WebQuests.html)*

### **Өндірістік ойындар**

Оқу/үйрену үдерісінде қолдануға тиімді ойындардың тағы да бір түрі - **өндірістік ойындар**. Бұл әдіс ойынға қатысушылардың сан қилы (кейде тіпті бір-біріне қарама-қарсы) мүдделерін тоғыстырып, ойын аяқталғаннан кейін қатысушылардың барлығын қанағаттандыратын шешім қабылдауды қажет етеді. Өндірістік ойындар әлеуметтік немесе экономикалық сипаттағы нақты бір жағдайды (ситуацияны) шешуде білім алушылардың өзара әрекеттесуін қалыптастырады (имитациялайды, модельдейді).

Егер рөлдік ойындарда қатысушылар әдетте әртүрлі әлеуметтік мүдделері бар қоғамдық топтар (немесе субъектілер) рөлдерін орындаса (өкімет, оппозиция, орта бизнес, зейнеткерлер, білім алушылар, т.б.), өндірістік ойындарда олар *бір әлеуметтік топ* немесе *бір мүдде* аумағында қалып отырады. Қатысушылардың мұндағы басты мақсаты – қойылған кәсіби мәселені

**(проблеманы) шешу**, сол себепті де олар тиімді әрі нәтижелі шешім келтіру тұрғысынан бәсекеге түседі, жарысады. Демек, **өндірістік ойын дегеніміз сабақ аумағындағы кәсіпқойлардың (кәсіпкерлердің) жарысы.**

Өндірістік ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар келесідей күрделі проблемаларды шешуге болады:

- Өкіметтің білім алушыларға несие беру саясатын өздері оқитын жоғарғы оқу орнында қалайша жүзеге асыруға болатындығын жоспарлау.

- Экономикалық дағдарыста ауыл тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындарын ашу туралы өз ұсыныстарын келтіру.

- Экономикалық дағдарыс жағдайында кәсіпорында жаңаша жалақы жүйесін жасау.

- Кәсіпорында (мекемеде) жұмыскерлерді ынталандыру жүйесін құру.

- Несие берудің жаңа шарттарын талқылап, оларға өзгертулер енгізу.

- Кәсіпорын (мекеме) жұмысында немесе оның қызметкерлері арасында туындаған проблемаларды шешу: жанжал, ортақ мәмілеге келу, келіссөз жүргізу, проблеманы бірлесе шешу.

Іскерлік топтардың мақсаты - теориялық білімдердің қандай деңгейде игерілгендігін және оларды қолдана білуді көрсету, проблемаларды жеке және бірлесе отырып шешу дағдыларын қалыптастыру.

Өндірістік ойындар көп тұрғыдан кейс-стади әдісіне ұқсас: олар да кейс-стади секілді практикалық проблемаларды өмірлік ситуацияларға жақындастырып шешуге, кәсіби тұрғыдан нақты әрекеттерді орындау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Өндірістік ойындар әдетте білім алушының топтың өзара келісімге келіп, бірлескен ізденіс әрекеттері (ой-толғаныс, талқылау, пікірлесу, идея жинау арқылы) түрінде өтеді. Ал мұндай әрекет топ мүшелерінің барлығын да жұмысқа, қарым-қатынас үдерісіне жұмылдырады. Бұл әдіс коммуникацияның ерекше түріне жатады.

Өндірістік ойындар келесідей нәтижелерге жеткізеді:

- білім алушылар кәсіби (қоғам өмірінде орын алған) проблемаларды өздігінше қарастырып, оларды шешуде теориялық білімдері мен кәсіби тәжірибелерін қолданады;



- білім алушылар өздеріне керекті ақпарат жинақтап, оны талдауды үйренеді;

- білім алушылар кәсіби проблема шешудің әртүрлі балама ұсыныстарын келтіріп, ішінен ең тиімдісін таңдай біледі, оларды жекелей және бірлесе отырып өзіндік тұрғыдан шешеді;

- білім алушылар кәсіпкерлер командасында бірлесе жұмыс жасау дағдыларына үйренеді;

- білім алушылар бірлесе отырып проблема шешу – жұмыс жасаудың ең тиімді әрекет екендігін аңғарады.

### **Өндірістік ойындарды келесідей құрастыруға болады:**

#### **1. Қатысушыларды проблемамен таныстыру.**

Мұнда білім алушылар ойынның шарттары және ережелерімен танысып, ойында қажетті материалдарды иеленеді (зандар, нормативтік құжаттар мен ережелер, нұсқаулықтар мен өкімдер).

#### **2. Командаларды (топтарды) құрамдау.**

Топтарға бөліну кез келген тәсіл бойынша жасалуы мүмкін.

#### **3. Командалық жұмыс.**

Әр команда мәселе шешуде өз идеялары мен әдістерін ұсыну үшін бірлесе отырып, 5-8 минуттық ауызша баяндама дайындап, оны басқаларға қалайша жеткізетіндігін талқылайды.

#### **4. Жариялау және талқылау.**

Командалар баяндамаларын кезекпен жариялайды, мұнда да олар өз рөлдеріне тиеселі әрекеттер атқарады. Баяндамалар жарияланғаннан соң олардың мазмұны салыстырылып, талқылау мен пікірталастар ұйымдастырылады, сұрақтар қойылады, сын пікірлері келтіріледі, ұсыныстар жасалады.

#### **5. Қорытынды.**

Оқытушы ойынның өту барысына талдау жасап, командалардың және жеке білім алушылардың әрекеттерін сараптайды. Әдетте ол ойынның жағымды нәтижелеріне тоқталып, білім алушылардан өз әсерлері мен пікірлерін білдіріп, көңіл-күйлерін келтіруді сұрайды. Білім алушылар бұл сауалға алдымен ауызша, содан кейін жазбаша жауап береді.

Егер ойын жарыс түрінде ұйымдастырылса, қазылар алқасы өз үкімін шығарып, орындарды бөліске салады.

Өндірістік ойындар басқаша да ұйымдастырылуы мүмкін. Төменде берілген өндірістік ойындарды өткізудің сценарийлерінде басқа тәртіптерді көруге болады.

### **Келіссөз жүргізу ойыны**

**Кіріспе.** Білім алушыларды үш топқа бөліңіз. Олар ферма құрушы жолдастардың келіссөз жүргізуін ойнауы керек. Топтарға ойын шарттары мен тапсырмаларын түсіндіріп, нұсқаулықтарды үлестіріп беріңіз.

### **Нұсқаулық:**

*Сейітжан, Абыл және Әбдірахман есімді үш жолдас күніне 1000 \$ таза пайда беретін сүт өнімдерін шығаратын ферма құруды жоспарлап, бұл фермада кімнің қандай қызмет атқаратындығы және пайданы қалайша бөлетіндігі жайлы келісін алады. Бұл келіссөзге олардың әйелдері де қатынасады.*

*Келіссөзде келесідей жәйттер ерекше ескерілді: Сейітжанның 60 гектар жері бар, Абылда жүк машинасы және дәнді дақылдар тұқымы бар, ал Әбдірахманда трактор және сүт сауатын агрегаты бар. Сүт өнімдерін 44 шақырым жердегі қалаға әр күні апарып, сату керек. Күнделікті фермада екі адам жұмыс істеуі қажет, бірақ Абылдың ауыл шаруашылығымен айналысу тәжірибесі мүлдем жоқ, демек ол фермада тек біреуге көмекші ғана бола алады. Бұған қоса Сейітжанның жерінің жартысы ғана суармалы, ал Әбдірахманның тракторы ескі. Алайда үш жолдас та араларында бұрыннан қалыптасқан жылы қарым-қатынасты бұзғысы келмейді.*

**Тапсырма:** Жолдастардың фермада атқаратын қызмет пен пайданы қалайша бөлісуі мүмкін? Әр топ 8 минуттық дайындықтан кейін келіссөз жүргізу версиясын 10 минут ішінде көрсетуі тиіс.

Топ версияларын талқылау барысында оларға келесідей сұрақ қоюға болады:

- Сіздер келісімге қалайша келдіңіздер?

- Барлық қатысушылар келіссөз нәтижесіне риза болды ма?

- Келіссөзде кім ұтты? Кім ұтылды? Неліктен?

- Келіссөз жүргізгенде қандай маңызды жәйттерге назар аудару қажет?



**Жарнама құрастыру ойыны**  
Білім алушылар шағын топтарға 5 адамнан бөлініп, ойында тауар жарнамалау ісімен айналысады.

Кішкене қобди ішіне білім алушылардың парталарынан алынған әртүрлі заттар (көзілдірік, ерін бояйтын помада, қаламсап, дәптер, қарындаш, ұялы телефон, т.с.с.) салынған. Әр топ өкілі қобди ішінен бұл заттардың біреуін суырып алғаннан кейін, берілген уақыт ішінде (8-10 минут) топ мүшелері сол затқа жарнама (мәтін, ұран немесе слоган, плакат, т.б.) құрастырып, оны қалайша қолдануға болатындықты жиналғандарға көрсетуі («ойнап шығуы») керек.

Жарнаманы келесі тәртіппен келтіру керек:

1. Тауардың сипаттары.
2. Тауардың артықшылықтары.
3. Тауарды тұтынудың пайдасы.

Әр топ өз жарнамасын көрсеткеннен кейін (5-6 минут), топ ішінде әр білім алушының қандай әрекеттер атқарғанын айтып беруі керек. Жазба жұмысы алдында білім алушыларға келесідей сұрақтар қойған орынды:

- Ойыннан кейін өздеріңізді қалайша сезініп отырсыздар?
- Ең сәтті ойнаған топ қандай? Олардың ойыны неліктен сәтті болды деп ойлайсыздар?
- Сіздер қалай жұмыс жасадыңыздар? Топ жұмысының ең ұтымды мезеттері қандай болды?
- Тауарды жарнамалау қалайша жүргізілуі тиіс деп ойлайсыз?

### Имитациялық ойындар

Имитациялық ойын дегеніміз адамдардың қалыптан тыс (экстремалды) жағдайлардағы әрекеттерін анықтайтын өмір сүру ортасының үлгісін (моделін) құру. Мұндай жағдайлар қатарына «Жанжал», «Әуе апаты», «Жер сілкінісі», «Кеме апаты», «Робинзон», «Жау тылында», «Тұтқында» секілді оқиғаларды жатқызуға болады.

Имитациялық ойындарда білім алушылар өмірде тууы мүмкін оқыс жағдайларды қайталап (имитациялап), шаруашылық, басқару, әлеуметтік, психологиялық шешімдерді қабылдауды үйренеді. Бұл ойындар қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері арқылы жүзеге

асырылады: пікірталас, келіссөз жүргізу, презентациялау, бірлесе әрекеттесу.

Имитациялық ойындар жаңа ортаға бейімделу дағдыларын қалыптастыруға өз септігін тигізеді. Мұндай ойындарда білім алушылар үйреншікті қалыптан өзгеше жағдайларда (ситуацияларда) өздерінің күнделікті құлықтары мен әрекеттеріне өзгерістер енгізіп, проблеманың шешімін табады.

### Case-study

Бүгінде экономикалық және әлеуметтік мамандықтар бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне айналған **case-study** әдісі теориялық білім алған білім алушыларды болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды. **Case-study** - тандау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Сол себепті де кейс-стадиді кейде «*нақты оқу ситуациялар әдісі*» деп те атайды.

Ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жаздай», «оқиға» дегенді білдіреді (бұл жерде оны «қапшық», «сөмке», «шабадан» деп аударудың қисыны жоқ). Сонда «кейс» деген сөз біздің ұғымымызда жағдаятты (ситуацияны) сипаттауды, суреттеуді білдіреді. Ол қандай да бір субъектің (мәселен, фирма, кәсіпорын, ұйым, аймақ, т.б.) тарихын (пайда болуы мен өсуі) және даму нәтижелерін сипаттайды. Ал кейс-стади дегеніміз – кейстерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын сабақтың нысаны (**формасы**).

Кейс-стади мақсаты - білім алушыларды келесідей әрекеттерге жұмылдыру:

- кез келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдау,
- негізгі проблемаларды айқындау,
- проблемаларды шешудің әртүрлі балама жолдарын табу (ситуация - көп шешімі және баламасы бар оқиға екендігін ұмытпайық),
- сараптау арқылы олардың ішінен ең тиімдісін тандау,
- өз іс-әрекеттерін жоспарлау.

Кейс-стади практикалық мәселелерді жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. Кейс-стади әдісі



комегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы білім алушылар ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады.

Кейстерді қолдану әдісі алғаш рет ХХ-ғасырдың бас кезінде Еуропа университеттерінде құқықтану және медицина пәндері бойынша білім алушыларды үйретуде қолдана бастаған. Бұл кезде кейс-стади құқықтық немесе медициналық практикада орын алған оқиғаларды (прецеденттерді) зерттеу тәсілі ретінде танылып, оның негізін білім алушылардың өздік жұмыстары құрады: практикалық оқиғаны зерттеу үшін білім алушылар көптеген теориялық мағлұматтарды қарастыруға мәжбүр болды.

1910 жылы америкалық профессор Копленд (Copeland) нақты ситуацияларды талдауда пікірталасты бизнеске оқыту әдісі ретінде қолдана бастайды. Ал бизнес пәндері бойынша оқудың негізгі әдісіне кейс-стади тек 1920-шы жылдарда Гарвард университетінің (АҚШ) Бизнес мектебінде ғана айналған. Кейстердің бірінші жинағы 1921 жылы «The Case Method at the Harvard Business School» деген атпен осы университетте жарыққа шыққан.

Бүгінгі күні кейс-стадидің екі негізгі мектебі қалыптасқан: америкалық (Гарвардтық мектеп) және батыс еуропалық (Манчестер мектебі). Олардың айырмашылығы көлемі мен дұрыс шешім келтіру тұрғысында ғана:

1) америкалық кейстер (20-25 бет және 8-10 беттен тұратын қосымша мен иллюстрациялар) еуропалықтардан 1,5-2 еседей көлемдірек болып келеді;

2) гарвардтық кейстер білім алушылардан бір ғана дұрыс шешім іздеуді талап етеді, ал еуропалық кейстердің шешімдері біреу емей, сан қилы болып келеді: мұндағы ең басты мәселе - білім алушылардың өз шешімдері мен көзқарастарын теориялық тұрғыдан негіздеп, оларды дәлелдеп және қорғап шығуы; еуропалық кейстерде оқытушы көзқарастардың сан алуандығын және пікірталастардың әрбуін қолдап отырады, алайда ол білім алушыларды кейстердің дұрыс шешіміне қарай жетелемейді.

Кейстің жан-жақты анықтамасы 1954 жылы шыққан Гарвард бизнес мектебінің басылымында келтірілген: «Білім алушылар мен оқытушылардың бизнес проблемалары немесе ситуациялары бойынша пікірталастарға қатынасатын оқу/оқыту әдісі. Бизнесің өзекті проблемаларының мысалы ретінде ситуациялар

жазба түрде келтіріледі. Білім алушылар оларды өзіндік тұрғыдан зерттеп, қарастырады. Білім алушылардың бұл жұмысы болашақта оқытушының басқаруымен аудиторияда бірлесе талқыланып, пікір таластырудың негізі болады. Сонымен *Case-study* әдісі арнайы дайындалған оқу материалдары мен бұл материалдарды оқу үдерісінде қолданудың арнайы технологиясынан тұрады».

Кейс-стадидің басты қағидасы «**Ақиқатты іздену - ақиқаттың өзінен де маңызды**» деп тұжырымдауға болады, өйткені бұл әдіс оқу/үйренуді *іздену үдерісі* ретінде қарастырады: оның негізін *проблема шешу* деп танып, талқылау мен пікірталасты, *шешім қабылдауды* оның басты құралдары қатарына жатқызады.

Кейс-стади әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біртұтас күрделі жүйеге біріктіреді. Олардың қатарына келесідей бірлескен жұмыс тәсілдерін жатқызуға болады:

- ой қозғау,
- модельдеу,
- пікірталас,
- талқылау мен жүйелі талдау,
- іскерлік және рөлдік ойындар,
- тәжірибе жасау,
- проблемалық әдіс,
- жазу тәсілдері.

Бұнымен қатар кейс-стадидің басқа да артықшылықтарын келтіруге тұрарлық:

1. Білім алушылар білім алу үдерісінде таңдау еркіндігіне ие болып, оқытушыны, пәндерді, оқу тәсілдерін, тапсырмаларды және оларды орындау жолдарын таңдай алады.

2. Оқытушы білім алушыларға теориялық мәліметті толығымен «бермей», тек негізгі ұғымдарға тоқталып, білім алушылардың теорияны практикалық тұрғыдан қолдануын қадағалайды.

3. Білім алушыларда өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады, олар ақпаратпен тиімді түрде жұмыс жасауды үйреніп, оның орасан зор көлемінен өзіне қажеттісін тандап, шешім қабылдауға, сол арқылы жауапкершілікке, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға үйренеді.

4. Оқытушы мен білім алушылар арасында тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық нығаяды, оқытушы әрбір білім



алушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескереді, білім алушының жағымды қасиеттеріне көңіл аударады.

5. Білім алушылар абстракциялы біліммен айналыспай, нақты нәтижеге әкелетін мәселелерді қарастыру арқылы өмірде (кәсіби практикада) кездесетін ситуацияларды зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастырады.

6. Білім алушылар өз шешімдерін дәлелдеуге машықтанады, шешімдердің барлық баламаларын дұрыс бағалап, басқа пікірлерді ескеріп, олармен санасуды үйренеді.

7. Білім алушылар проблемаларды шешуде қажетті көрнекі материалдармен қамтамасыздандырылады (ғылыми әдебиет, мақалалар, видео- және аудиокассеталар, CD дискілері, кейсте қызметі қарастырылатын компаниялардың өнімдері).

#### **Кейстерді сабақтарда келесідей тәртіпте қолдануға болады**

1. **Дайындық.** Оқытушы сабаққа дейін кейс таңдап, оның негізгі және қосалқы материалдарын анықтайды, жұмыс жоспарын құрастырады. Кейс білім алушыларға сабақ алдында (бір-екі күн бұрын) таратылып беріледі: олар кейстің мазмұны мен ұсынылған әдебиет тізімімен жеке-жеке танысады, кейс бойынша өзіндік пікір қалыптастырады.

2. **Топтық жұмыс.** Сабақта білім алушылар аудиториясы 4-5 адамнан құрылған шағын топтарға бөлініп, 1,5-2 сағат ішінде кейсті талқылайды, онда қойылған мәселелердің шешімдерін бірлесе іздестіреді. Бұл кезеңде білім алушылардың шағын топтары бір-біріне бөгет жасамау үшін әртүрлі бөлмелерде жұмыс жасағаны дұрыс.

3. **Пікірталас.** Білім алушылар толық құрамда бір аудиторияға жиналып, кейс бойынша пікірталас басталады. Мұнда әр топтан сөйлеушілер (спикерлер) шығып, топтың пікірі мен көзқарастырын дәлелдейді. Дәлелдеуде алдын-ала әзірлеген кестелер, схемалар, таблицаларды пайдалану керек. Басқа топтардың білім алушылары әр пікірді талқылауға қатысады, бір-біріне сұрақ қойып, проблеманы шешудің басқа да варианттарын ұсынады. Білім алушылар өздерін белсенді ұстап, талқылау мен пікірталас қалы қалмауы керек.

4. **Қорытындылау.** Пікірталас аяқталған соң оқытушы сабақты сараптап, білім алушылардың көзқарастары мен әрекеттеріне баға береді.

5. **Бағалау.** Білім алушылар өздерінің жасаған жұмысы (пікірі, көзқарасы, шешімі) бойынша жазбаша есеп береді. Жазу уақыты мен форматын (көлемі және басқа да талаптар) оқытушы сабақтың мақсаттарына сай белгілейді.

Кейс-стадиде оқытушы талқылауды ұйымдастырушы және жүргізуші рөлдерін атқарады. Ол білім алушыларды өз көзқарастарын қабылдауға күштемей, талқылау барысын сабақ мақсаттарында көрсетілген нәтижелеріне бағыттап отырады, барлық білім алушылардың пікірталасқа тыс қалмай, жұмысқа белсене қатысуын қадағалайды.

#### **Кейс-стадиді оқу үдерісінде қолданғанда келесі ережелерді ескерген орынды:**

- Проблемалық ситуация бір тақырып немесе бір пәннің мазмұнымен шектелмейді, әдетте ол басқа пәндердің проблемалары мен мәселелерімен тығыз байланыста болады. Кейс-стадиде білім алушылар пәнаралық байланыстарды табу дағдыларын көрсете білуі қажет.

- Білім алушылар курс (пән) бағдарламасында сипатталған тұжырымдар, идеялар мен тәсілдерді түсінетіндігін, оларды нақты ситуацияны талдау мен ұсыныстар жасау үшін қолдана білетіндігін көрсете білуі қажет. Білім алушылар проблемалық ситуацияны интерпретациялаудың (өзіндік тұрғыдан түсінудің) бірнеше жолы болатындығына дайын болуы керек.

- Ситуацияда бірнеше шешілмеген проблема болуы мүмкін, сол себепті де білім алушылар бір проблеманың шешімін тапқан соң, басқа да проблемаларды іздестіріп, оларды талдаудың бағыттарын анықтауы керек.

- Білім алушылар өз шешімдері мен ұсыныстарының дұрыстығын дәлелдеу үшін өздерінің жеке тәжірибесінен мысалдар келтіруі керек.

#### **Кейстің форматы қандай болады?**

(<http://www.elitarium.ru> сайтының материалдары бойынша)



Ситуацияларды жан-жақты жазбаша сипаттайтын кейстердің шет елдерде кеңінен тараған форматы келесідей:

1. Мұқаб.

Мұнда кейстің атауы, авторы, жазылған жылы келтіріледі.

2. Кіріспе.

Компания немесе фирманың даму тарихы сипатталып, басты кейіпкерлер суреттеледі, оқиғаның басталу уақыты көрсетіледі.

3. Негізгі бөлім.

Ақпараттың негізгі бөлігі беріледі. Мұнда шешімі қажет проблема нақтыланып, оның қиындық туғызатын жерлері келтіріледі, білім алушыларға сұрақтар қойылып, тапсырмалар ұсынылады.

Негізгі бөлімнің кең тараған құрылымы келесідей:

- Субъектің жұмысына өзгертулер енгізу (техникалық тұрғыдан, жұмыс күші, жұмыс үдерісі, өнім тұрғысынан) қажеттілігі сипатталады.

- Өзгертулер негізделеді (дәлелдеу, ақпарат көздері мен тұжырымдарды келтіру).

- Өзгертулерді практикаға енгізу әдістері мен тәсілдері ұсынылады.

- Өзгертулер қандай тиімді нәтижелерге қол жеткізетіндігі келтіріледі.

- Кейс бойынша негізгі сұрақтар (мәселелер) беріледі.

4. Қорытынды бөлім.

Ұсынған проблеманы шешудің талаптары келтіріліп, білім алушыларға тапсырмалар беріледі.

5. Қосымша.

Проблеманы шешу үшін қажетті ақпарат: компанияның қаржылық ахуалы (есебі) немесе активтері, құжаттардың көшірмелері, фотолар, компания өнімдерінің тізімдері немесе сипаттамасы, компанияның инфрақұрылымы, т.б.

Кейстің оқытушыларға арналған толық нұсқасына бұлардан басқа келесі мәліметтер де кіреді (олар алайда білім алушыларға арналған нұсқаларда жарияланбайды):

- проблемаларды шешудің мүмкін жолдары - кейстің негізінде жатқан оқиға нақты өмірден алынғандықтан, мұнда келтірілген ситуацияның жалғасы өмірде (практикада, өндірісте) қандай болғандығы сипатталады;

- оқытушыға арналған нұсқаулық (teaching note) - мұнда кейс авторының талдауы келтіріліп, білім алушылардың талқылау жұмысын қалайша ұйымдастыруға болатындығы туралы оқытушыға арналған кеңестер беріледі.

**Кейсте қарастырылатын нақты жағдаяттар (ситуациялар) қандай болу керек?**

1. Ситуация практикадан (өмірден) алынуы керек.

Практикалық маңызы бар бұл ситуация (мәселен, бизнес тарихынан немесе практикасынан алынған оқиға) білім алушының аудиторияда талқылау барысында шығармашылық атмосфера тудыруы керек, яғни ол барлық білім алушыларға қызық болып, пікір алмасу мен таластарға әкелуі керек.

Практикада кездесетін ситуацияларды екі түрде келтіруге болады:

а) Өмірде болған оқиғалар мен әрекеттердің негізінде (кейде мұндай кейстерді «далалық» деп те атайды).

ә) Жасанды ситуациялардың негізінде («кабинеттік»).

2. Ситуация бір нәрсеге үйрету керек.

Ситуацияны талқылау арқылы пән немесе тақырып бойынша белгілі бір прагматикалық нәтижелерге жетуді мақсат тұту керек. «Білім алушылар қандай білік, дағды, машықтарды игереді?» деген сұраққа жауап беру.

3. Ситуацияда шешім қабылдауды қажет ететін ішкі шиеленіс немесе жұмбақ болуы керек.

Кейсте келтірілген оқиға аудиторияда талқыланып, ол жөнінде пікірталас ұйымдастырумен бірге бұл ситуация қандай да бір шешім қабылдаумен аяқталуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, ситуация өзекті бір проблеманы шешуді талап етуі керек. Сол арқылы білім алушылар өздерінің практикалық біліктері мен дағдыларын ұштай түседі.

4. Ситуацияда ақпарат мөлшері көп болуы керек.

Ақпараттың көптігі, біріншіден, тандауды қажет ететін болса, екіншіден, білім алушылардан де басқа ақпарат көздерін тауып, қолдануды талап етуі керек.

**Case-study әдісі білім алушыларда келесідей кәсіби, әдістемелік және коммуникативтік құзырлылықтарды қалыптастырады:**



- Пән аралық байланыстарды айқындау.
- Көшбасшылыққа ұмтылу.
- Қысқа уақыт ішінде жүйеленбеген, ретке келтірілмеген ақпаратты талдау.
- Сыни, конструктивтік, аналитикалық және жүйелі тұрғыдан ойлау.
- Сәттілікке бағытталу, жеңімпаз психологиясын дамыту.
- Балама (альтернативтік) шешімдерді бағалау.
- Нақты кәсіби біліктерді (мәселен, кәсіпорын жұмысы) игеру.
- Өздері атқарған жұмыстың (талқылау, талдау, жоба, т.б.) нәтижелерін жариялау (презентациялау).
- Белгіленген уақыт ішінде ақпараттың жетіспеушілігі (немесе, керісінше, оның көлемінің тым көп болуы) мен уақыт тапшылығы жағдайында шешім қабылдау және оның салдарын бағалау.
- Қарым-қатынас дағдылары мен бірлесе (команда құрамында) жұмыс жасау машықтарын игеру.

#### **Кейстің үлгісі**

##### **«Қарғалы» компаниясындағы нақты ситуацияны талдау (ықшамдалған нұсқасы)**

Бұл ситуация білім алушылардың «Еңбек экономикасы», «Ұйымды басқару» пәндері бойынша теориялық білімдерді қандай деңгейде игергендігін практикалық әрекеттерді қолдану арқылы көрсету мүмкіндігін береді.

#### **Кіріспе.**

«Қарғалы» компаниясы 2003 жылы құрылып, сүт өнімдері саласында 5 жылдан бері жұмыс жасауда. Бұл компанияның инфрақұрылымдары мен активтері жылдан-жылға қарқынды түрде дамып, компанияны үдемелі дамып келе жатқан кәсіпорындардың қатарына жатқызу мүмкіндігін береді. Компания ұлттық сүт тағамдарын (айран, қатық, ірімшік, шалап, құрт) шығаратын өңірдегі жалғыз өндіруші. Бұл компанияда бір ауылдың тұрғындары жұмыс жасайды, олардың көбісі бір-бірімен бұрыннан істесіп келе жатқан тамыр-жолдастар немесе туысқандар. Сол себепті де компаниядағы психологиялық ахуал жоғарғы дәрежеде деп айтуға тұрарлық.

#### **Негізгі бөлім.**

##### **Ситуацияны сипаттау**

«Қарғалы» компанияның сауда-саттық департаментінде 28 қызметкер жұмыс жасайды, олардың ішінде бөлім директоры Сейітжан Әубәкіров (жасы 51-де), көтерме сауда бөлімінің бастығы Әбілғазы Сырбаев (42 жаста) және дүкендер бөлімдерінің бөлімінің бастығы Әбдірахман Сопиев (45 жаста). Бұл қызметкерлер компанияның ең тәжірибелі жұмысшылары: олар мұнда компания құрылғанынан бастап еңбек жасайды, компанияның дамуы мен өркендеуіне көп күш пен қайрат қосқан адамдар. Олардың барлығы да кеңес дәуірінде осы өңірдегі «Прогресс» сүт совхозында еңбек жолын бастаған.

Бұлардан басқа департаменттің екі бөлімінде қызмет жасайтын екі-екіден 4 супервайзер бар. Олардың да осы саладағы еңбек өтілдері жеткілікті, олар да – тәжірибелі мамандар. Қызметкерлер қатарына тағы да 20 менеджер, жүргізуші және хатшы жатады. Олардың ішінде тәжірибелі қызметкерлер қатарына компанияда үш жылдан артық жұмыс істеп жүрген 12 менеджерді қосуға болады.

Компанияда келесідей жұмыс тәртібі қолданады: қызметкерлердің жалақысы бірінші кезекте сауда-саттық департаментінің айлық жоспарды орындауына байланысты. Ал департамент ішінде әр менеджерге бір айға сату жоспары белгіленеді және оның жалақысы да жоспарды орындауымен тығыз байланысты болады.

2008 жылы облыстық ауыл-шаруашылық департаментінің есебі бойынша өңірдегі сүт өнімдерінің тұтынуы 8%-ке өскен, алайда компанияның өз өнімдерін сату ауқымы тек 2% -ке ғана өскен. «Қарғалы» компаниясы сүт өнімдерінің өңірдегі ең үлкен өндірушісі бола тұра, өткен жылдың қорытындысы бойынша сату деңгейін қажетті мөлшерде көтере алмаған.

Мұның себептерін талдау бөлімінің мамандары тұтынушылардың соңғы кезде импорттық өнімдерді сатып алуға бейім бола бастағанымен байланыстырады. Ресейдің «Шадринское молоко» және Голландияның «Датч леди» тауарлық белгілерімен сатылатын қойыртпалы сүттерге деген сұраныстың өсуі соңғы кезде рыноктан байқалып жүр. Осы себепті және де кең етек алып келе жатқан экономикалық дағдарысты ескере отырып,



талдау бөлімі компания басшыларына қойыртпалы сүт шығаруды және жарнама мәселелерін қолға алуды ұсынды.

Өз кезегінде компания басшылығы (атқарушы директор Қыстаубаев Бақыт, оның орынбасары Талдыбаев Асан) қызметкерлердің жалпы жиналысында жұмыс орындарын қысқартпай, бірақ компанияның өз өнімдерінің базасын 5%-ке түсіруіне байланысты жалақы қорын да өсірмей, компанияның өнімдерін шығаруды 6% -ке көтеруді жоспарлады. Бұл үшін елден сүт сатып алуды қолға алып (жекеменшік шаруашылықтар көбінесе өз өнімдерін 44 шақырым жерде орналасқан қалаға апарып сатады), қолма-қол сатудың үлесін көтеру үшін халықаралық маңызы бар тас жол бойында сауда пунктерін ашу керек деп шешілді.

Осы мақсаттарға орай сауда-саттық бөлімі бастығының алдына әрбір қызметкердің сату жоспарын 2009 жылы 6% -ке дейін көтеріп, жалақы қорын сол қалыпта қалдыру жұмысы тапсырылды.

#### **Сұрақтар.**

- Жоспарланған шаралар экономикалық дағдарыс кезеңінде компанияның сүт рыногында қалуына себепкер бола ма?

- Дағдарыс уақытында басқа компаниялар жұмыс орындарын қысқартудан бастайды. Мүмкін «Қарғалы» компаниясының да осы бағытты ұстануы дұрыс болар ма еді?

- Компанияға өз өнімдерінің сауда-саттық базасын 5%-ке кемітпей, керісінше, өсіргендігі дұрыс болар ма еді?

- Өнімдердің ассортиментін өсіру (қойыртпалы сүт шығару) экономикалық дағдарыс кезеңінде дұрыс шара ма? Бұл шешімдердің салдары қандай болады деп ойлайсыздар?

- Компанияның жалақы қорын сол қалпында қалдыру туралы шешімі өміршеңді ме?

#### **Қорытынды бөлім. Тапсырма.**

Сауда-саттық бөлімінде жұмыс жасайтын компания қызметкерлерінің мотивациясын 2009 жылдың алғашқы үш айында қалайша көтеруге болатындығын жоспарлап, оны бөлім бастығына ұсыныңыз.

Бұл тапсырманы орындау үшін Сіздер шағын топтарға бөлініп (4-6 адамнан тұратын), қосымшада берілген құжаттармен алдын-ала танысып аласыздар. Сабақта ситуацияны талқылағаннан кейін бір шешім қабылдап, оны жариялауды дайындауларыңыз қажет. Берілген сұрақтарға жауап беріп, қажетті есептеулерді жасап, сауда-саттық бөлімі менеджерлерінің жұмысын қалайша ынталандыруға болатындығын нақты шаралар мен әрекеттер арқылы көрсетіңіздер. Өз ұсыныстарыңызды дәлелдеп, пікірталас барысында оларды қорғауға дайын болыңыздар.

#### **Қосымша.**

Облыстық статистика бөлімінің мәліметтері, «Қарғалы» компаниясының үш жылдағы көрсеткіштері, компанияның 2008 жылғы есебі, компания өнімдерінің толық тізімі, компания жұмыс үлгілерінің жарнамалары, компанияның жұмысы туралы БАҚ-та жарияланған басылымдар, компания қызметкерлерінің толық тізімі.

#### **Тренингтер**

**Тренингтер** – қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқу сабақтары.

**Тренингтерде** әр білім алушы кәсіби (қоғамдық) қызметі мен жүктелген міндеттерін орындауда тиімді әрі ұтымды әрекеттерді тандап, оларды бекітуге, үйреншікті дағдыға айналдыруға машықтанады. Тренингтер қатысушыларда (білім алушыларда, қызметкерлерде) арнайы практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналады, мұнда жұмыстың жалпылама әдістемесі қарастырылмайды.

**Тренингтердің басты мақсаты** - үйренудің ең тиімді жолдарын игеру. Мұнда білім алушылар өз әрекеттерін қалайша тиімді түрде ұйымдастырып, жұмыста оң нәтижеге қалайша жету керектігі мәселесімен айналысады. Сол себепті де тренингтерде оқу мазмұны (материалы) тек практикалық тұрғыдан қарастырылады. Мәселен, білім алушылар тренингтерде арнайы берілген жағдайлар мен ситуацияларды модельдейді, оларды қатысушы ретінде өздері «ойнап шығады». Осындай әрекеттер арқылы білім алушылар



қажетті практикалық білік пен дағдыларды бекітіп, өздерінің өмірлік тәжірибелері мен жұмыс тәсілдеріне өзгерістер енгізеді.

Тренингтердің соңында білім алушылар үйренген дағды және машықтары тұрғысында пікір алмасып, олардың тиімділігі мен маңызы туралы өз ойларын ортаға салып, талқылайды. Мұндай жұмыс әр білім алушының өз ойлары мен пікірлерін қағазға түсірумен аяқталады.

Әдетте тренингтерде келесідей интербелсенді тәсілдер қолданады: *іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдайлар мен ситуацияларды талдау, топтық пікірталастар, презентациялар.*

Мысалы, білім алушы топтарына практикада туындаған проблеманы шешудің, белгілі бір ситуациядан шығудың ең тиімді жолдарын табу немесе қандай да болмасын әрекетті жүзеге асыру тапсырмалары берілді делік. Мұндағы мәселе білім алушылардың нақты дағды немесе тәжірибеге үйреніп, оларды практикалық әрекеттер арқылы бекітуінде. Сол себепті де білім алушылар берілген уақыт ішінде өз әрекеттерін талқыға салып, жоспарлап алып, өз шешімдерін ситуацияны көрсету, оны рөлдерге бөліп ойнау арқылы басқаларға жеткізеді.

Мәселен, егерде білім алушыларға фандрейзинг тұрғысынан тапсырма берілсе, білім алушылар белгілі бір фирмаға қалай барып, оның басшылығын қалайша өз жобаларын қаржыландыру ісіне қызықтырып, жұмылдыратындығын көрсетіп беруі керек. Білім алушылар өздерінің позициясы мен әрекеттерін, сөйлеген сөздерін, тіпті мимика мен ишараттарын мұқият ойластырғаны абзал.

Тағы да бір мысал: топ мүшелері өздеріне берілген тапсырмаға сәйкес жоғарғы оқу орнын жаңадан бітірген жас маманның бірінші жұмыс күнінің ең маңызды мезеттерін ойнап шығуы ықтимал. Мұнда олар жас маманның мекеме (немесе бөлім) басшысымен қалайша сөйлесетіндігін, қалайша жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазатындығын, ұжыммен қалай танысатындығын келтіріп, «ойнап» шығуы керек.

Әрбір топтың осындай әрекеттері тренинг аудиториясында талқыланады, басқа топ білім алушылары өз пікірлерін келтіреді, сұрақтар қояды. Бұл жерде талқылау пікірталасқа да айналып кетуі мүмкін. Әңгіме аяғында сөз ситуацияны көрсеткен топқа екінші рет беріліп, олар өз әрекеттеріне қандай өзгертулер енгізгендігі туралы баяндайды.

## Тренингтердің түрлері

**Презентацияларды өткізу дағдыларын қалыптастыру тренингтері** қандай да болмасын ұсыныстарды баршаға тиімді таныстыру тәсілдерін қарастырады. Презентация - жариялау деген мағынаны білдіреді.

Мұндай тренингтерде білім алушылар жеке немесе топтық жұмыстардың нәтижелерін басқаларға таныстырудың әдістерін меңгереді. Мәселен, бір топ бірлесе отырып қарастырған проблеманың шешімін плакатта кесте, кластер, схема түрінде кескіндеп, өз ұстанымын топ өкілі (шешен, спикер) арқылы жария қылады.

Бұл жерде басты назар жариялаудың қандай әдістер мен тәсілдер арқылы нақтылы, ұтымды әрі баршаға анық болатындығына аударылады. Білім алушылар осындай тәсілдерді іс жүзінде игереді.

**Жаңа дағдыларға үйрену тренингі** - білім алушының топ (немесе кафедра, ұйым, мекеме, фирма, кәсіпорын ұжымдары, т.б.) мүшелерінің қандай да бір жаңа білік пен дағдыларға үйренуі үшін өткізілетін жаттығулар жиынтығы. Мұндай тренингтің мақсаты - топтың жұмыс жасау деңгейін (ұжымның бәсекеге қабілеттілігін) арттырып, білім алушылардың (қызметкерлердің) оқу мен жұмыстың жаңа тәсілдеріне үйренуі.

Мәселен, бірінші курстың (адаптациялық аптада) немесе семестрдің басында өткізілген мұндай тренингтерде білім алушылар кредиттік оқудың ерекшеліктерімен, қажетті құжаттармен танысып, интербелсенді әдістер мен тәсілдерге, жаңа компьютерлік бағдарламаларға, интербелсенді тақтамен жұмыс жасауға үйренуі мүмкін.

**Іскерлік қатынас дағдыларының тренингтері** білім алушыларда тұлға аралық қарым-қатынастың тиімді дағдыларын дамытуға бағытталады.



## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы **ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ.** — 30 қараша 2015
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері 2018 жылғы 10 қаңтар
3. "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы.
1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға алған мемлекеттік бағдарламасы-қазақстандық білімді жаңғырту негізі»
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. — Алматы, 2009
3. Аванесов В. С. Теоретические основы разработки заданий в тестовой форме: Учебное пособие. М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1995. — 96 с.
4. Бек Э.Б. Критическая грамотность на уроке. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2005, том 6, № 2.- С. 3-9.
5. Берков В.Ф., Яскевич Я.С. Культура диалога: Учебное пособие. — М.: Новое знание, 2002. — 354 с.
6. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989. - 192 с.
7. Болонский үдеріс: середина пути/Под ред. В.И.Байденко. - М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов. — Астана: Национальный аккредитационный центр Министерства образования и науки Республики Казахстан. 2007. — 400 с.
8. Бриллер В. Оценивание для совершенствования. *Слайды.* — Шымкент, 2006.
9. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: Контекстный подход: методическое пособие. — М.: Высшая школа. — 1991. — 207 с.

10. Выготский Л.С. Психология. — М.: ЭКСМО-Пресс, 2000. — 1008 с.
11. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая коммуникация: Учебник /Под ред. проф. О.Я.Гойхмана. М.:ИНФРА-М, 2001.- С. 131
12. Губин В.Д. Я познаю мир.- М., 1997. — 369 с.
13. Дьюи Дж. Демократия и образование: Пер. с англ. — М.: Педагогика-Пресс, 2000. — 384 с.
14. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы білім алушыны дамыту құралы ретінде. /Аударған Д.А.Қайшыбекова/. - Алматы, 2002. - 180 б.
15. Ирсаііев С. Внешнее оценивание в системе образования США. *Слайды.* - Алматы, 2006.
16. Йоренсен Л., Хансен С.. Оценка рефлексии с помощью портфолио. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2004, том 5, № 4.- С. 5-11.
17. Кларин М. В. Инновации в мировой педагогике. - Рига, «Эксперимент», 1998 г. - 180 с.
18. Кларин М. В. Корпоративный тренинг от А до Я: Научно-практическое пособие. - М.: Дело, 2000. - С. 151.
19. Корнеева Л. И. Современные интерактивные методы обучения в системе повышения квалификации руководящих кадров в Германии: зарубежный опыт / Л. И. Корнеева // Университетское управление: практика и анализ. - 2004. — № 4 (32). С. 78-83.
20. Коростылева Л.А., Советова О.С. Психологические барьеры и готовность к нововведениям. — СПб., 1996. — 66 с.
21. Кукушкин В.С. Общие основы педагогики. - Ростов-на-Дону, 2000. — 367 с.
22. Левитес Д.Г. Практика обучения: современные образовательные технологии. - М., 1998. — 265 с.
23. Лешкевич Т. Г. Философия науки: традиции и новаторство. Учебное пособие для білім алушыов вузов.- М.: Изд-во ПРИОР. 2001. — 428 с.
24. Лукичев Г.А. Болонский үдеріс - императив развития европейского высшего образования. / Высшее образование сегодня, М 2. - М., 2002.
25. Макдермот П. Используя автобиографическое письмо для развития критического мышления. — В сб. Письмо: От истоков к



настоящему/Сб.выступлений III Национальной конференции по чтению. – Под редакцией С.Мирсеитовой - Алматы: Фонд «XXI век», 2003. – 216 с.

26. Методическое пособие для тренера. Программа «Street Law». Сост. Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О., Калинина А.А., Асанбекова Г.С. – Алматы: Фонд «XXI век», 2001. – 153 с.

27. Мирсеитова С.С. Словарь RWCT. - Алматы: Верена, 2005. - 144 с.

28. Мирсеитова С.С. Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма. – Алматы: Верена, 2008. - 260 с.

29. Монтень М. Опыты. - М.: Правда, 1991. - 656 с.

30. Моулд Х.Л. Воспитание граждан общества будущего: формирование социально-критической ответственности. – Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 3 (3), 2002. – С.10-13.

31. Некоторые вопросы образования. Пер. с англ. - Алматы: Центр Демократического Образования, 2001. – С.63.

32. Некоторые вопросы образования-2. Пер. с англ. - Алматы: Казахстанская Ассоциация по чтению, 2003. - 60 с.

33. Нурланова К. Человек и Мир. Национальная идея казахского народа. - Алматы, 1994. – 48 с.

34. Организация, формы и методы проведения учебных занятий и самостоятельной работы: требования, условия, механизмы. Учебно-методическое пособие. /Под ред. Н.А.Волгина, Ю.Г.Одегова. – М.: Изд-во Рос.экон.акад., 2004.

35. Остренко М. Технология «Учебный портфель» в образовательном үдерісе. – <http://lib.1september.ru/2003/16/1.htm>

36. Педагогические мастерские: Франция—Россия. /Под ред. Э. С. Соколовой. - М.: Новая школа, 1997. - 128 с.

37. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка/ Пер. С фр. и англ. – М.: Педагогика-Пресс, 1999. – 528 с.

38. Равен Дж. Педагогическое тестирование: проблемы, заблуждения, перспективы /Пер. с англ. – М.: «Когито-центр», 1999. – 144 с.

39. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация /Пер. с англ. – М.: «Когито-центр», 2002. – 396 с.

40. Рован Д., Видович В.В. Обучение через общественно значимую практику: работа с детьми, испытывающими трудности в обучении. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2003, том 4, №1.

41. Росс-Фишер Р.Л. Игра, моделирующая реальность, как средство повышения эффективности обучения. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 6, №3, июль, 2005. - С. 18-22.

42. Саффкова С. Портфолио как способ научить письменной аргументации. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, осень 2001 (6). - С. 11-15.

43. Сейталиев Қ. Қазақстанда жоғарғы педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы /1920-1991/. Пед.ғыл. докт. дис. авторефераты. – Атырау, 1997. - 393 б.

44. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М.: Народное образование, 1998. – 256 с.

45. Смелкова З.С. Педагогическое общение: Теория и практика учебного диалога на уроках словесности. – М.: Флинта Наука, 1999. • 324 с.

46. Современный білім алушы в поле информации и коммуникации. Учебно-методическое пособие для слушателей семинара «Новые педагогические технологии в высшей школе». – СПб.: PETROC. - 2000. – 67 с.

47. Стилл Дж., Мередит К, Темпл Ч., Вальтер С. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарлама жобасы үшін дайындалған әдістемелік құрал. – Алматы, 1998. – 33 бет.

48. Суспицина Т. Статус и состояние экономики как учебного предмета в вузах США. – [www.ecsocman.edu.ru](http://www.ecsocman.edu.ru).

49. Тейлор Дж. Образование и жизнь: обучение через служение обществу. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2003, том 4, №1.

50. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сыны ойлауды дамыту әдістері. «Сыны ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген №2 оқу құралы. - Алматы, 1998. – 72 б.

51. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыны ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V-құрал. - Алматы, 1998. – 78 б.



52. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сабақтарды жоспарлау және бағалау. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген VI- құрал. - Алматы, 1998. – 55 б.

53. Темпл Ч. Стратегии для использования в любых предметных областях.- Алматы, Фонд XXI век, 2002. – 40 с.

54. Темпл Ч. Критическое мышление и критическая грамотность. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2005, том 6, № 2.- С. 15-20.

55. Фостер К. Вводные вопросы для активизации критического мышления. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 5, №4, октябрь, 2004. - С. 38-43.

56. Хербек Дж., Бейер К. Обучение критической грамотности: Как помочь будущим учителям осознать роль чтения и письма в раскрепощении личности. – Перемена. Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2003, том 4, № 4.

57. Цукерман Г. А. Инновации в мировой педагогике. - Рига, «Эксперимент», 1998. - 180 с.

58. Чемвей Б., Кибос Дж.К., Илиева Э.. Влияние коллективного обучения на преподавание поэзии. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, том 6, №4, октябрь, 2005. - С. 26-34.

59. Чупрасова В. И. Современные технологии в образовании. – Владивосток, 2000. – 54 с.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	3
1. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....	7
1.1. Білім беру жүйесін инновациялау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі .....	7
1.2. Білім беру жүйесін инновациялауда қолданылатын оқыту әдістерінің жіктелуі .....	23
2. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ ДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	44
2.2. Сындарлы оқыту теориясы – білім алушыларды сыни ойлауға жетелейді .....	44
2.2. Білім беру жүйесінде сындарлы оқытуды пайдаланудың педагогикалық негіздері .....	59
3. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ .....	74
3.1. Білім беру жүйесінде қолданылатын электрондық ресурстардың түрлері .....	74
3.2. Білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды қолданудың маңызы .....	84
4. ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	100
4.1. Интербелсенді оқытудың мәні .....	100
4.2. Интербелсенді оқытудың әдіс – тәсілдері .....	110
4.3. Интербелсенді оқуды ұйымдастыру ережелері .....	125
5. ЖОО БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ .....	150
5.1. ЖОО білім берудегі Интербелсенді дәріс .....	150
5.2. ЖОО білім берудегі Интербелсенді семинар сабағы .....	159
5.3. ЖОО білім берудегі Интербелсенді практикалық сабақ .....	163
5.4. ЖОО білім берудегі Интербелсенді өздік жұмыс .....	166
5.5. Жоғарғы оқу орындарында әр сабақта қолдануға тиімді интербелсенді тәсілдер .....	171
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ .....	242



**ЖАНАТБЕКОВА НАЗЫМ ЖАНАТБЕКҚЫЗЫ  
БОРИБЕКОВА ФАРЗАНА**

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Пішімі 60x100 1/16  
Тығыздығы 80 гр/м<sup>2</sup>. Қағаздың ақтығы 95%.  
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.  
Көлемі 248 бет. Шартты баспа табағы 15.



«Эверо» баспасында басылымға  
дайындалды және басып шығарылды  
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.  
тел.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,  
233 80 45, 233 80 42  
e-mail: evero08@mail.ru